

Татухан
Абылайханов

АЙТЫЛМАЙ ЖҮРГЕН ҚҰПИЯ



Татухан Төлеуғазыұлы Абылайханов



**АЙТЫЛМАЙ
ЖҮРГЕН
ҚҰПИЯ**

Алматы, 2016 ж.

ӘОЖ 94 (574)

КБК 63.3 (5 Қаз)

А 16

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жаңғырту, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісін» іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы.

«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді».

АБЫЛАЙХАНОВ Т.Т.

А16 Айтылмай жүрген құпия: / Татухан Төлеуғазыұлы Абылайханов – Алматы: «Асыл Сөз» баспасы, 2016. – 344 бет.

ISBN 978-601-80552-25

Кітап Шокан Уәлихановтың өмір жолын, азаматтық, ғұламалық тұлғасын көрсетуге арналған қысқа-қысқа әңгімелерден тұрады. Шоканның азаматтық асқақтығы, ой-толғамы, ақыл-парасаты, әйгілі Қашқар сапарында кездескен жол михнаты, әртүрлі шырғалаң, саяси-әлеуметтік жағдайдың күрделілігі бұқара халықпен қарым-қатынас жасау барысында көрініс тапқан. Шоканның достарының тағдырындағы қиын-қыстау кезеңдегі ой-сезімі арқылы Шокан бейнесі сомдала түседі. Адамгершілік парыз, мейір-махаббат сияқты адамдық мөлдір сезімге құрылған жинақта Шокан өмір сүрген ізгілік пен зұлымдық тайталасқан қоғамдық құрылыс туралы деректер, халықтар тарихы, достық-туыстық тамырлары туралы мәліметтер көп. Шоканды қалыптастырған казак тарихына қатысты Абылайхан, Төлеби, Кенесары, Наурызбай туралы әңгімелер танымдық, тағылымдық зор мәнге ие. Кітап қызықты да, тартымды оқылады.

52349


ӘОЖ 94 (574)

КБК 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-80552-3-2

© Абылайханов Т.Т., 2016

© «Асыл Сөз» Баспасы, 2016





ҚАШҚАРИЯ САПАРЫ

Тұтасқан жасыл желекті жарып шығып, көкке ұмтылған айшықты мұнарасы көп ежелгі Қашқар қаласы сауда орталықтарының бірі болғандықтан ғана емес, аса сұлу, мың бұралған биіші бикештері мен әнбиге бөленген салтанатты сауық кештері арқылы да данқты еді. Бірақ, өткен жылғы көтеріліс пен қанды қырғын қала атын естіген жанды үреймен елеңдететін болған.

Қаланың кіре берісінен орталық алаңына дейін созылған көшенің екі жағын қапталдай қаз-қатар жиі орналасқан дінгектерге жазаланғандардың басы ілініп, жан түршігерлік аллея жасалыпты.

Ұзақ тұрғандықтан семіп, сарғыш тартқан бастардың арасында сирек болса да, кара кошкыл қаны таяуда кеуіп үлгергендері де бар. Оларға оңтүстіктің күз айларында да өмір сүре беретін ірілігі сонадай, шалт кимылды көк-жасыл шыбындары үймелеуде.

Осы бір мейлінше шектен асқан қатыгез зұлымдық көрініс – шексіз қатал үстемдікті құлақтандырып қана тұрған жоқ, туған халқының саркылмас күш-қайратын, арнамысын жалау етіп ұстаушы қас батырларды іш тартар, жақын-жанашырларын да танып-біліп, торға түсірмектің айла-шарғысы болатын.

Өйткені маньчжур-қытай барлауы адамның бет ажарының болымсыз өзгеріс құбылысына ерекше мән беруші еді. Сонымен, секем тудырған немесе жақындарының денесін ұрламақшы болған адамдар ұсталмақ.

Қоянжүрек қорқақтарды ыржия күліп, жалған сөйлеуге дағдыландырып жатқан да осы – әулекі де, қатал өктемдік. Ал, орталық алаңда адамның бас сүйектерінен аумақты үйінді үйілген де, оның ұшар басына Үнді жақтан жасырын келген неміс ғалымы Адольф Шлангинтвейттің кара

қарғаның қанатындайқара түсті сакал-мұрттылардан өзгеше көзге ұрар, алтын өндес, жирен шашты басы қойылыпты.

Сонау 1757 жылы Маньчжур билеушілері құрлық арқылы сауда қатынасын жасайтын Россиядан өзге, барлық шетелдіктің Қытай жеріне аттап аяқ басуына тыйым салып, қатынасын үзгеннен кейін, 1758 жылы қанды қырғынмен Жоңғарияны басып алған-ды, содан бергі жүз жыл ішінде Қашқария әлемге жұмбақ өлкеге айналды да, жас оқымыстыны шалғай Еуропадан өзіне тартып еді. Сапар қазамен аяқталды. Оның өкінішті қайғысын жан жүреппен түсіну үшін ұлы географиялық ашулардың естен тандырап құштарлығын бастан өткерудің қажеті жоқ шығар.

Талай күннен бері айналаның күлімсі сасық исінен жиіркенбей, үйінді қалқасында Яң Ли-пин есімді елеусіз бір қайыршы әрі-бері өткендердің беттеріне сығалай қарап отыр. 1857 жылы Қашқар қаласын басып алған көтеріліс 1858 жылы күзге қарай жанышталып басылып, көтерілісшілерді жазау, қудалау шаралары саябырсыған сияқты көрінгенмен, қауіп әлі сейіле қоймаған аласапыран шақта, сөз қуып, сыр андыған түрік құлақ тыңшылар мен жансыздардың ең мықтыларының бірі осы болатын. Ол мұнда, әсіресе Адольф Шлангинтвейтке назар аударғандардың барлығын жіпке тізіп, електен өткізу үшін келген. Былай іш пыстырарлық, тып-тыныш сияқты көрінгенмен, бұл жұмыстың да қауіп-көтері көп, әрине.

Анада, түн күзетіп отырған бұған бұқпантайлап келген екеудің бірі:

- Әй, кімсің? – деп сұрады.
- Мүсәпір, жарымжан адаммын, – деді Яң Ли-пин, – елдің қайыр-садақасының арқасында күн көріп жүрмін.
- Сонда бұл қай отырысың?
- Құрбан болғандарға құран-хатым түсіріп отырмын.
- А, солай ма? – деп тосылып қалды сұрақ қоюшы адам,
- онда бір нұр жауғыр болдың ғой, хақ мұсылман екенсің.
- Алдап тұрған жоқ па? Құран-хатымды осы жер-

де түсірмек пе? – деп қарсы болды екіншісі сыбырлап. – Меніңше, бұл жансыз.

– Үй-күйім жоқ, – деп түсіндіріп жатыр Яң Ли-пин, зәресі ұшып.

– Сенің жүрегіңнің түгі бар ма еді, сонша? – Оданда шынға кел, – деп күдіктене сөйледі жаңағы адам айбалтасын көтеріп. Мінсіз қайралған балта жүзі жалт етіп қаһар шашты, тістене сөйлеген иесі тым ызбарлы.

– Токта, тұра тұр. Шын құдайға қараған бейшара, я, ди-уана шығар, – деп басу айтты біріншісі, – дегенмен сен, жан берші, оллаһи, бәллаһи деші.

– Ендеше, өзің сөйлес, – деді екіншісі жақтырмай, көтерген қолын төмен түсіріп.

Осы қас қағым сәтте, дағдылы шалт қимылмен Яң Ли-пин оны ұшырып түсірді де, не болғанын түсініп үлгермеген екіншісін тарпа бас салды.

Аяусыз ұрып-соғу арқылы өткен тексеруден соң, бастары кесіліп, таяуда жақындары ұрлап әкеткендердің орнына ілініп қойылған-ды. Оларға да ызамен көз қиығын салып қояды.

Түп атасы моңғол-түріктен тарайтын діні де, тілі де ұқсас, бірақ өз туыстары өзбек, қазақ, қырғыздан әкімшілік жағынан бөлініп қалған жүз жыл ішінде мүлдем жат жұмбақ өлкеге айналған Шығыс Түркістан жұртына ашық келу мүмкін болмағандықтан, Шокан Әлімбай деген бүркеншік атпен шекарадан өткен кезде Қашқардағы жағдай осындай күрделі еді. Ол өзінің арғы атасы Абылайханның әйелі болған Қашқар бегі Кенжесарттың қызы Бабақ ханымның төркіні – нағашы елін мұндай қанға малшынған күйінде көрем деп ойлаған жоқ.

Керуеншілер тым-тырыс. Өңдері қашып, ауыр теңдер белін қайыстырған нарлардың мойнына тағылған қоңыраулардың күнірене сокқан азалы үнін мүлги тыңдап, жан-жағына ұрлана көз тастауда.

Қарсы жолыққандардан Шоқан:

– Бұл не? – деп сұрап келеді.

Барлығының жауабы да біркелкі:

– Уай, Вай, Вай! – дейді дауыстарынан кайғы- қасірет есіп, әндете созып.

– Сұрама, сұрама...

– Атама, сұрама...

Тілмен жеткізе алмас лықсыған сезімді, ашу-ыза мен кайғы-мұңды осы Вай, Уай деген сөзбен білдіреді екен бұл жұрт.

Осы одағай сөздің ұйғыр ән-жырына араласуы – құрдымға айналған халық тағдырының өкінішті де, аянышты бір белгісі болар.

Осынау қанды қырғын жүз жылға созылып отырғанына карамай, халықтығын сақтаған, ерік-күші мұқалмаған бұл неткен батыр, қайсар да, бірлігі берік ел еді?..

Егер осы халыққа азаттық пен білім берілсе, не болмақ? Қандай гүлденер еді, шіркін. Ой жетегіндегі дарынды суретші, әрі саяхатшы, саятшы, бір қыркада тұрып қозы көш жердегі жылқылардың құла, баранын ажырата беретін кең даладағы қыран халықтың перзенті Шокан жалғыз еуропалықтың басын алыстан-ақ танып, оған таңдана қарады да, егер андаусыз бір кимыл жасап, иә, бір артық сөз айтып қалса, өз басының да, тап сол жерден орын табарын айқын түсінді. Дәл осы сәтте тіксіне, тінткілей кідірген, өткір де ойлы, қап-кара, шоктай жайнаған көздің тегін еместігін Яң Ли-пин де байқап қалған-ды.

Шиыршық атқан шымыр денелі жас жігітке сұқтана қарап тұрды ол.

Бір кездері Қытай жібегімен әлемнің ешқандай елінің жібегі теңдесе алмағаны сияқты, қытай барлауына да ешқандай мемлекеттің тыңшы-жансыздары теңесіп, сай келе алмайтын. Арнаулы оқулықтары тіпті ерте заманнан бар.

Билеушілердің қолынан түспейтін кітапқа айналған «Стратегияның шығуы – соғыс өнері» атты шпиондық өнер туралы шығармасын Қытай философы Сун Цзы біздің дәуірімізден алты жүз жыл бұрын жазды.

Сол қиын өнердің бүге-шігесін меңгерген, Яң Ли-

пин – орта бойлы, қасқа бас, қисаландап басуды әдет еткен тәжірибелі тыңшы. Ол өзіне жат көз сұқтанса, мүлде қираландап қалатын. Ал, таса, қажетті жерде сап-сау, тіп-тік.

Бет-аузын қисаландатып, мұрнынан сорасын, аузынан сілекейін шұбыртып отырған кейпіне көзі түскен адам, шыбын тайғанардай жылтыр, негізінен акқұба, бірақ кірден үнемі қара-ала болып жүретін бетіне жүрегі айнығандықтан екінші қарамауға бекінер еді. Кейде жынды, кейде қайыршы сияктанып, ретіне қарай мың құбылатын.

– Сіз өзіңізді өлімнен құтқарған адамды қалай өлімге қидыңыз? – деп сұрады бір жолы өзінің тікелей бастығы Жаң.

– Ұлы Маньчжур анам үшін. Маньчжур хандығының беріктігі үшін.

Сіздердей адал ұлдары бар Маньчжур патшасы – бакытты, – деген Жаң тебіреніп.

Бұл – неміс ғалымы Адольфтың басы алынардың алдындағы әңгіме еді.

Алаяқ жансыз Ян Ли-пин тибеттіктердің көшіне ілесіп Үнді жақта тапсырмамен жүрген кезінде, Қашқарға бет түзеген керуеннен секем алды, өйткені сонау Шыңғысхан заманынан бергі уақыттың барлығында керуен – үнемі тыншылық мақсатқа пайдаланып келе жатқаны аян-ды.

Сол керуенге жалшы болып жалданып, ұзақ жолда көрмегенді көрді... Тергеу-тексеруден қаймыққан керуен Шығыс Түркістанның орталығы Яркентке соқпай, төтелеп Қашқарға бару үшін жолдан қия кетіп, Такла-макан шөлінде адасты.

Ұшы-қиырсыз көкжиекпен астасқан сусыған құм. Біркелкі төбешіктер үстінде көз талдырар көгілдір мұнар. Ындынын құртып, тас бұлақтың шекеден өтер мөлдір суын аңсатып, арманмен тамсантар, жеткізбес алдамшы сағым.

Шөлден каталаған адамдар үміт отын өшірмей, буалдырлана мұнартқан алыс көкжиекке телміре қарайды.

Нақ төбеге тырмысқан, от бүріккендей қызуы мол күннің жалындаған шұғыласы құмды да, ауаны да өртеп тұр.

Керуеншілердің ішер суы таусылғалы қашан. Мініске жарамай, есек, қашырлар жолда қалды. Барлық үміт – әлі де сыр бермей келе жатқан шөл даланың маңғаз көмесі – түйелерде ғана. Оларды да таусылмас өркеш-өркеш сусыған құмдар діңкелетті. Суыт жүріп, төтелеп қиып өтеміз деген тәуекел ентелетіп, құмның ішіне бойлай ендіріп жіберіп, опық жегізуде. Кері қайту мүмкін емес. Тарттырар азабы беймәлім алға жылжи беруден басқа лаж қалған жоқ. Түнгі салқынды күткен керуеншілерге түйе көлеңкесінің өзі де шыдатпас аптап.

Шіркін, бір саялайтын пана болсашы. Жаратқан тәңір күнәхар пенделерін алып табаға салып, шыжғырып, қуырып жатқандай. Әу баста көліктің зәрімен де таңдайларын жібітіп еді, бірнеше күннен бері оған да зар. Денелері ауырлап, саналары бұлдырап барады, бұл – өлім тырнағына ілігу деген сөз.

Осының бәрін алтындай сары шашты, қаба сакал, көккөз жас жігіт айқын сезе бастады. 1280 жылдары шығыстың ұлы ханы Құбылайдың Парсы елінің патшасы монғол Архунь князьға қызын ұзатқанда он төрт кемеге алтын-күміс, інжу, маржан тиеп, теңіз арқылы жіберуі – сірә, жол торыған қарақшыдан бұрын, осындай шөл даладан сескенгендіктен екен-ау. О, туған жер, қадірінді кім білген... қасиетінді кім ұққан... шынымен топырағың бұйырмас па екен. Жарық дүниеден бар-жоғы отыз жыл өмір сүріп, адамзат үшін пайда келтірмей, із-түзсіз о дүниеге кету қандай бақытсыздық десенізші. Ғылыми жаңалықтар ашпақ болған бұл сапар, шынымен құм ішінде өкінішпен ел-жұртқа беймәлім күйде аяқталмақпа? Отызға шығар Адольф Шлангинтвейт шытырман ойға шырмалып аласұрды. Өзі білетін бұл өлке туралы жазылғандарды еске түсірді. Марко Полодан басқа 1603 жылы португалдық Гоэстен, 1774 жылы қазақтар қолына тұтқынға түсіп, Бұхараға құлдыққа сатылған, 1780 жылы Шығыс Түркістан арқылы Үндістанға қашып барған орыс сержанты Ф.Ефремов, 1808 жылы саудамен келген Сібір татары Мұртаза Файзутдиновтар естеліктер ғана жазып, ғылыми жағынан ашуларды бұған қалдырған сияқты еді.

Адольф қасына ерген он серігінің тағдырын ойлағанда мүлде күйгелектеніп сабыры қалмады да, тәлтіріктеп жүріп отын жинап және өздерінде бар ағаштардан қосып, өртеді. Серіктерінің ішінде аз да болса дәрмені барлар көз қиығын тастап, өлеусіреп бақылауда.

Міне, ол күлді жинап алып кенептің арасына салды да, сүт сүзетіндей етіп шелектің бетіне жауып қойды. Оның бұйрығымен, азаптың бәрін былқ етпей көтеріп келе жатқан есіл түйе бауыздалды. қаны сүзгіден өткізіліп, орта шелек сарғыш су алынды да, бірден тең бөлініп таратылып жатқанда:

– Мандайларыңа, еріндеріңе жағыңдар, таңдайларыңды жібітіңдер, үнемдендер, – деген

нұсқауы бірге беріліп тұрды.

Бұл кеңесті барлығы ықыласпен қабылдады. Тек, Стамбұлда жалданған түрік жігіті қасарыса бас тартып, түйе қанының сөлін алмады:

– Мен жастай жетім қалғанымда, ана сүтінің орнына түйе сүтін еміппін... ана қанын

ішкендей болып Алла алдында күнәхар бола алмаймын. Ажалым жетсе қарсылығым жоқ. Бұл жалғанды кимайтындай көрген рахатым да, көрерім де белгілі.

Оған қанша айтса да көнбеді. Өлім есірігі ешқандай сөзге құлақ астырған жоқ. Ақыры кешке қарай демі үзілді. Қалғандары сусындаған соң мүлде тыңайып, ширап шыға келді. Түйелердің жүктері тасталып жеңілденіп алған соң, ілгері жүрерде көп уақыт сапарлас болған түріктің денесін қиып тастап кете алмай, арулап қою үшін, қапқа салып алып жүруді ұйғарды олар. Қапқа саларда тізеден аяғын кескен еді, бір тамшы қан жоқ, құрғап, еті кеуіп кетіпті. Қақталып пісірілгендей бейне. Енді сусындамағанда барлығының басына келер құтқармас ажалды түршіге сезген олар Адольфтың тапқырлығына аса риза көңілдерін білдірді:

– Асқан ақылымен бізді о дүниеден қайтарды бұл кожайын. Жарық дүниені қайта сыйлады.

Ата-анамызға қандай борыштар болсак, дәл сондай борыштармыз, – деді бірі аса тебіреніп.

Азабы мол ұзақ сапар аякталып, арып-ашқан керуен Қашқарға да жетті-ау. Олардың қуаныштарында, тіршілікті аңсаған сағыныштарында шек жоқ еді. Бірақ бұл қуаныш баянды болмады. Азап пен қуанышты бірге бөліскен Ян Ли-пиннің опасыздығынан барлығының бастары алынып, көтерілісшілер басынан жасалған үйіндіге апарылып қосылды. Сол қанішер сүмелек тағы да сойқан тілеп ұйғыр халқының тарихын, тілін тұңғыш зерттеуші Шығыстың жарық жұлдызының ізіне түсіп еді.

Жұмыр басты пендеге қанағат тек қарын тойғызып қана қоймайды, керек болса бақыт күйін шерттіреді де. Көтерілісті қанға бояп басып, жауларының басын күнге қақтап қойғаны Қашқария (Кіші Бұхара, Алты шаһар, Шығыс Түркістан деп те аталған) Хаба-амбаны¹ Жанды насаттандырып жіберіп еді. Жеңістің қызуымен масайрап жүргенде, орталықтан шақырту келіп, жолға мұқият әзірленген ол, мол сыйлық алып, сол кездегі Цин- Цзяньның² орталығы Құлжа қаласына жүріп кетті.

Ең жоғарғы ұлық Цзянь Цзюн – осы өлкенің әмірші әкімі. Оның Хаба-амбань деп аталатын үш орынбасары бар, олардың бірі Цзянь-Цзюньнің жанында тұрады да, екіншісі Солтүстікте Тарбағатай өлкесін басқарады. Үшіншісі – Қашқарияны билеп, Яркентте тұратын осы Жаң.

Тонаудан түскен мол сыйлығы, шетелдіктің басы, көтерілісті жаныштаудағы тапқырлығы Цзянь-Цзюньнің алдында мәртебемді көтере түсер деп ойлап көңілі тасыған. Ол, жергілікті халық Ерен қабырға¹ деп атаған, кейіннен қытайлар Тянь-Шань (аспанмен тілдескен тау) деп өзгертіп ат қойып, айдар такқан таудан асқан соң, ұлықтың көңілін күні бұрын құлату үшін сыйлықтарын алға оздырып, өзі кейіндеп қалып еді.

¹ Хаба-амбань - бас қолбасшы.

² Цинь-Цзянь - Жаңа өлке.

Бұл өлкеде пара беру мен алу – әдеттегі, оғаштығы жоқ канға сіңген салт, барлықты, тірлікті, ықылас- пейілді көрсетер мақтаныш, алысты жақындастырар дәнекер.

Бірақ Цзянь-Цзюнь, ол күткендей ыстық ықылас көрсетіп, жылы кабак танытпай, бірден іске кірісті.

– Бүлікшілерден тірі қалғандары бар ма? Олар қанша? Қашқанда қандай бағытқа кетті? – деп сұрады.

– Қашып құтылғандар шамалы, олар Қоқан жакка бытырап, сініп кетті.

– «Ұшқыннан жалын лаулайды» деген, жүз жылдан бері бүліктің толастамауы – бүлікшілердің сытылып кетуінен, – деді Цзянь-Цзюнь құлжаның асығындай жұтқыншағы бүлкілдеп. Әміршінің кеңірдегіне көз сала отырып, Жаң онын: «1825-1827 жылғы бүліктің ұзаққа созылуы, 1830 жылы қайталануы, бүлікшілердің сытылып кетуіне мүмкіндік берген басшылықтың икемсіздігі», – деп өзінен бұрынғы бастықты кінәлап, Пекинге үсті-үстіне арызданғанын еске алды. Жаңның өзі де кекшіл. Бірақ тап мына бастығындай сүйегі курап қалған бақталасымен алысуды өмір бойы қоймаған, асқан кекшілді көрмеген шығар.

Сол бақталасына тағып келе жатқан айыпты көлденең тартуы жақсылық нышан бола қоймасы анық. «Суға кеткен тал қармайды» дегендей, көтерілістің қалай жаншылғанын, шетелдіктің басының қалай алынғанын түгін қалдырмай айтып берді.

– Мұның бәрі, – деді Жаң – жауды жау арқылы құрту деген сіздің қағидаңыз бойынша іске асарылды.

Шетелдіктің басы, әруағына осы күнге дейін барлық ұйғыр біткен табынатын Аппақ қожаның нәсілі Уәлихан қожаның қолымен алынды. Бұл кожа – 1848 жылғы және өткен жылғы көтерілістің басшысы актаулықтардың көсемі.

Хаба-амбань босқа арамтер болыпты. Цзянь-Цзюньнің кере қарыс маңдайынан тік қайырып өріп, бұрым етіп арқасына тастаған аппақ құдай шашына ұқсас сазарған жұқа өңінде, қытайларда сирек кезігетін қаршыға тұмсықтың үстіне орналасқан қалың көз әйнектің ар жағында шыңырауда

жатқан қысық көзінде болар-болмас өзгеріс байқалмады. Қаусаған шал деуге сену киын, денесін тік ұстап, ұстамды, жылы шырай танытпай байыппен тыңдап отыр. Бар білетін екі ауыз орысша сөзін (хорошо, плохо) қыстырып, қуақыланып отыратын бастығының бұл өзгерісіне Жаң аң-таң.

Сый-жоралғым тоқ келмей қалды ма? Бүлікшілердің сытылып кеткеніне күйініп отыр ма? Суыртпақтап сыр тартуға талпынып, сұғанақ көз бен сазарған бетті қанша тінткілесе де, ештеңе таба алмай дал. Адам бауыздағанда шапшыған қанға селт етпейтін қатыгез Жаң қалтырай бастады. Майлы маңдайын орамалмен сүртіп, бар-жоғы әрең байқалар, таңқы танауына апара беріп түшкіріп жіберді. Жалпиған үлкен ауыздан сойдиған екі тіс мен мұңдалап тұр. Сирек сакал-мұрт әр жерде қылтиып ұлықтың лебізін күтуде.

– Таулықтарың қалай? – деп сұрады ұлық.

– Ақтаулықтардың бай басшылары Қоқанға кетіп қалғандықтан шамалары деңгейлес. Жердің шалғайлығынан және жол Қоқан үстінен өткендіктен бұқаралықтар бізбен байланыс жасауға ынталы емес.

Бір кезде Қоқандық қожаны жақтайтындар ақ бөрік киіп жүргендіктен ақтаулықтар, – деп марғұландық қожаларды жақтайтындар кара бөрік кигендіктен қаратаулық, – деп аталған. Бұл екі топ бір-бірлерімен өліспей беріспейтін өш еді. Осы алауыздықты пайдаланған жоңғарлар 1750 жылы екі таулықты да тас-талқан етіп басып алған-ды. Сегіз жыл өткен соң сол жоңғарларға Маньчжур қытайлар таулықтардың кебін кигізді.

Таулықтарарасындағы атадан балаға ауысқан алауыздықты діни парыз, саяси ұждан бұл күнде әлсіреткенмен, жоя алған жоқ-ты. Бұл Маньчжур үкіметінің өмір сүруінің бір негізі болғандықтан әмірші сұрап, біліп отыратын.

– Қалайда Бұхарамен қатынасты жолға қою жағын ойластыр. Қазақ даласы уысқа түспей тұр.

Орыстарға арқа сүйеп кетті, ал, орыстар онтүстікке тез жылжуда. Біз Цинь Цзяньнан аттап шығуымыз былай тұрсын, әрең ұстап отырмыз, – деп тістенді ол. Жаңның есіне албырт

жастықтың қызуы баураған арманға толы әңгіме оралды. Онда бұлар тепсе темір үзер жас еді. Осы ұлық картаға қарап тұрып:

– Ұлы империямыз картада құйрығы жұлынған этешке ұқсайды екен. Жауынгер ұлдары әсем құйрық сыйласа қайтер еді, – деп, қазақ даласынан, батысы Қара теңіз бен Парсы шығанағына дейінгі аралықты нобайлап көрсетіп, салалы бес саусағын карта бетіне басқан. Ойнаса да ойындағысын айтып тұрғанын былайғы жұрт бірден түсінген.

– О, онда бүкіл әлем сол этештің дауысынан оянар еді, – деп, Тарбағатайдың Хаба-амбаны жауап берген.

– Несі бар, Отанымыздың бұрынғы шекарасы Ұлы Қытай қорғаны еді, қазір мыңдаған шақырым сыртқа жылжыды, – деді тағы біреу. Болмағанда жоңғарлар жеткен жерге жету керек-ақ.

– Бір кезде бізді алға жылжытпаған қазақтардың ауыз бірлігінің бұл күндері көбесі сөгілген.

Жоңғарлардың соғысы олардың басын біріктірген еді: кейіннен Абақ керейлері бөлініп, Алтайға, Байжігіттер Құлыстайға (Тарбағатайдың оңтүстігі) Албандар мен Қызайлар Іле бойына, Алатау қырғызының бір бөлігі будда дінін қабылдап, Қорымсуға қоныс тепті. Бұлар бізге алым-салық төлеп отыр. Жығу үшін жығылу немесе жеңу үшін жеңілу әдісін қолданып, келушілерге біраз еркіндік беріп отырмыз. Қазақстардың бір бөлігі орыстарға қосылған, бір бөлігі Қоқандарға қарайды. Демек қазақ даласына бет бұруға әбден болады.

– Сонда қазақ жері арқылы ма? Қоқан арқылы ма? – деп сұрады Хаба-амбань.

– Жетісу арқылы, Жетісу – Қоқандардың әлсіз аймағы, ондағы қазақтарда ауызбірлік жоқ.

Бірақ бұл тұжырым құр сөз, тәтті қиял болды. Шығыс түркістандықтардың көтерілісімен арпалысуға тура келді. Ішкі өлкеден әскери көмек ала алмаған. Бар-жоғы үш миллион ат төбеліндей маньчжур ұлтынан шыққан қатыгез билеушілердің 1634 жылдан бергі қалыптасқан жүгенсіз

үстемдігі мен шет ел отаршыларына қарсы тәуелсіздік пен азаттық, әлеуметтік теңдік көксеген жарты миллиард қытай халқының көтерілістері мүмкіндік бермеген. Шамалы зеңбірек, мылтық, садақпен қаруланған өлкедегі әскерлер ұйғыр халқының көтерілісін басып жаншуға күш-қуаты еркін жеткенмен, заманына сай қуатты армия емес-ті.

Бұдан жиырма жыл бұрынғы осы әңгіме есіне оралып, тынымсыз көтерілісшілердің жүз жыл бойы тапжылтпай етектен тартып келе жатқанын аңғарды ол. Әлдеқалай өкініш өзегін өртеді.

«Темірді қызған кезде сок» деп, жоңғарларды жаулап алған бетте, соғысты Бұхараға қарай өрістеткенде, қалаларға бағыттағанда мүлде басқаша болар ма еді, қайтер еді?.. Жаңның ойы өткен-кеткенді шарлап, қазақтармен болған қақтығысқа кеп кідірді. Бір көне жазбаны оқығаны есінде: онда былай жазылған: «...Жоңғарлардың сау тамтығын қалдырмай қоршап алып, бесіктегі баласына дейін қырып, жеңген маньчжур-қытай әскерлеріне жоңғар-қазақ соғысында бір миллионнан артық адамынан айырылып, селдіреп қалған не бәрі – бір жарым миллион қазақтар түкке тұрмайтындай көрініп еді. Бірақ ұрыс барысы мүлде басқаша болды. Себебі бұлар – нағыз жабайы, ұры халық екен. Олар біздің азық-түлік, су артқан көліктерімізді қас пен көздің арасында ұрлап әкетіп отырды. Жауынгерлерді түскі, кешкі тамаққа және ұйқыға шақырған дабылымызды құлақтарына да қыстырмай, соғысты жалғастырып зықымызды шығарды. Тамақ уағында, әсіресе түнде біздің жауынгерлердің шайқасуға құлқы жоқ.

Аттарына киіз етік кигізген жабайылар сыбдырын есіртпей қараңғы түн жамылып, қасыңызға келгенін бірақ білесіз, олардың найзалары сол кезде түйреп жатады. Ұйқысыз түндер, шөл мен аштық, үнемі төніп тұрған қауіп-қатер бит буған жауынгерлерді әбден ығыр етті, азып-тозды. Біз қанша жол жүрсек те, бірде-бір елді мекен кезікпеді. Жоңғарларды қоршап алған тәсілді қолдана алмадық. Шексіз шөл дала... Оның үстіне олар лезде қоныс аударып

кете береді екен. Неше күннен бері ауыр ойда жүрген тарихшы Зы сөз алды:

Бұл қазақтар, Ұлы қорғаны³ ұзындығы 6000 шақырым, биіктігі 10 метр, көлденеңі 5 салт атты адам еркін қатар жүреді. Салғызған хундардың ұрпақтары ғой. 451 жылы Эттил (Еділ батырды Қытайлар солай атаған) батыры Рейн өзенін, Парижді жаулаған көне дүниедегі ең алып Рим империясын тас-талқан еткен, ал, мыналар жоңғарлармен 200 жыл соғыста басын имеген, оларды әлсіретіп біздің жеңуімізге жағдай жасаған батыр халық. Бұл соғыста біздің жеңілетініміз сөзсіз.

– Не істейміз сонда?

– Ең дұрысы, жаңа жерге қоныстанып күш жинау, жауынгерлерді атқа мінуге үйрету, ол үшін кері қайту керек. Сонда ғана Қасалардың⁴ сазайын тартқызамыз.

– Жөн сөз, – деп шулады отырғандар...

Жаң тарихи жазбаны қуалай жөнелген өз ойын жинақтап алды. Бұдан жүз жыл бұрын Маньчжур жауынгерлерінің жүректері шайлыққан солтүстікті басып алу үміті Абылайдың күшті қарсылығына айлалы саясатына шырмалғанына карамай, тіпті бертінге дейін, Уәлидің үлкен ұлы Ғұбайдолланы⁵ хан сайлай алмай қалса да, үзілмей-ақ келе жатыр еді.

Демек Солтүстіктен ештеңе өнбегендіктен назар Оңтүстікке ауды деген сөз. Баяғыда-ақ солай ету керек еді, – деп өкінді Жаң. Енді Жаңның мәртебесі бұдан да жоғары болмақ.

– Мыңбасы Мәлібек өз ағасы Құдиярды құлатып Қоканның ханы болды, Мәлібек біздің көмегімізді ұмыта қоймас. Оның үстіне ішкі өлкеден қытайларды көптеп көшіріп әкеп қоныстандырсақ нығая түсер едік.

– Нығаяуды жергілікті әкімдерден бастайық. Оларыңыз қалай, сенімді ме?

³ Ұлы қорған – Хундардан (Гундерден) қорғану үшін салынған.

⁴ Қаса – қытайша қазақ деген сөз.

⁵ Ғұбайдолла Уәлиханов – Шыңғыс Уәлихановтың ағасы.

– Әрине. Көпшілігі Тұрпандық.

– Сенім деген жақсы-ау, бірақ сол құрғыр алдап та жатқан жоқ па? Бүлікшілердің ішінен аз да болса дініне карамай қытайлардың кездесуі алдау емес пе – ең үлкен катер осы білгенге. Оңтүстік пен оңтүстік батысқа асқар тау мен шөл дала қорған болады деп едік. Ана шет елдік сол қорғаннан өтіп келді ғой. Сіздің әкімдеріңіз де сенімді ақтау абыройына ие бола алмай қалмас па екен?

– Бұл сөз Жаңның жанына батты. Шешінген судан тайынбас. Күзеннің тісіндей сойдақ қос тісі сойдиган, майлы ұртты, қызғылт жүзі күреңітіп Хаба-амбань Жаң сөйлей жөнелді. Былкылдақ семіз денесі даланын сасық күзенінен аусайшы...

– Біздің әкімдер нашар жұмыс істесе, шетелдіктің басы аман қалар еді. Дүниенің түкпірі Австралия мен Америка әлемге мәлім болып отырғанда, таяқ тастам жердегі Қашқария ғылымға беймәлім күйін сақтай алмас еді. Біз қауіпсіздікті сақтаудың тұтас жүйесін жасадық. Барлық көршілес елдерде құрылған қақпанымыз өрмекшінің торын елестетеді. Ал одан өтіп келу, келе қалса, құтылып кету мүмкін емес.

Мұның бәрі әміршінің көңілін қаншалық жібіткенін кім білсін.

– Семейден барған керуен тексерілді ме? – деп сұрады. «Енең... дегенді емеуірінінен білетін» Жаң, күрең қабақтың себебі осы керуенге байланысты екенін сезе қойды.

– Ол керуен Қашқарға келуден бұрын, қырғыздардан орыс жансызы бар деп естідік те, бірнеше рет тексердік. Қоқандықтар кепіл болып, сенім білдірді. Сонда да артынан бақылаушы қойдық.

– Солардың біреуі шетелдіктің кесілген басына ұзақ қадалып аялдаған екен және сұрастырған да көрінеді. Бұл сізге күдік тудырмады ма?

– Мен оған көңіл аудардым, керуен бастығының туысы 22 жасар Әлімбай деген жігіт. Оның жастығы күдігімді сейілтті. Бірақ бақылауды екі есе күшейттік.

Хаба-амбань Әлімбайды қалай көргендігін өзінше есіне

түсірді... Ал, Әлімбай деген бүркеншік атпен беймәлім Қашқарияға ғылыми саяхатпен келген қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов ол кездесу туралы күнделігіне былай деп жазыпты:

«...3.Х. 1858 жыл... Екінші тергеулер осымен аяқталды. Ісіміздің бұлай сәтсіз басталуы, әсіресе арада үш күн өтіп, төртінші күні есік ағасы мен тағы бірнеше бектер келіп, амбаны шақыртты деп хабарлауы бізді қатты қауіптендірді. Біз жалма-жан атымызды ерттеп мініп, бектерге еріп жүріп кеттік те, қаланың қақпасынан шыға беріп, сонадай жерде тұрған бірнеше шатыр мен дар ағаштары сияқты әлденендей бір бағаналарды көрдік. Бізді шатырдың дәл есігі алдына ертіп келді, шатыр ішінде үлкен орындықтарда бөріктеріне қызыл және ақшыл көк домалақ шар қадаған төрт мандарин отыр екен, олардың біреуі Қашқардың бас амбаны еді де, екіншісі Қашқардың хакімбеті еді. Бұлар бөріктеріне қызыл домалақ шар қадапты. Қалған екеуі көк домалақ шары бар қытай присвтары екен.

Бізді шатырдың ішіне кіргізді. Біз амбанға шетелдіктерше қолымызды қусырып сәлем бердік. Амбань бізге қадала қарап отырды да:

— «...Бұлар орыс та емес, татар да емес, әндіжандықтар, — деді қытай тілінде...» Жазба әрі қарай созыла береді. Жаңағы сөзді айтқан осы Жаң еді. Әлімбайдың жастығын тілге тиек еткен амбаньның сөзін жақтырмай. Кекесінін жасырмай-ақ мырс еткен Цзянь-Цзюнь:

— Бұдан екі жыл бұрын Россия үкіметінің ресми өкілі ретінде осы Құлжаға жиырма жасар

Шоқан Уәлиханов деген қазақ келді. Ол менімен екі мемлекет арасындағы істер жайында келіссөз жүргізді. Оның білім парасаты ғұлама деңгейінде екен десем, не айтар едініз? Келіссөз кезінде одан шалағайлық көрмедік, — деді сүлесапа.

— Естен танарлық, тақсыр.

Ұйғыр, қазақты жабайы деп ұғатын Жаң үшін үлкен мемлекет жұмысын қазақтың білімді жас баласы жүргізді деу — таңғаларлық еді.

– Көшпенділер қалай білім алуы мүмкін? – деп сұрады кипалақтап.

– Орыстар казактар үшін ішінара мектептер ашып отыр. Сіз анау жігітке күдігіңізді сейілтіп кате еткенсіз, тексергеніңіз жөн еді. Біз қосымша мәліметтер алдық. Керуенде орыс бары анық, мүмкін, сол жас жігіт шығар.

Амбань шалқасынан түсе жаздап, булығып отырып қалды да, кенет атып тұрды: бір күйініш өзегін өртеп барады.

– Орыстардың, бодан еліне мектеп ашып, білім таратуын қалай түсінуге болады, тақсыр?

Жазу-сызуы бар ел, тілін, елдігін, тарихын, намысын ұмытар ма? Ұмытпаса қайтіп бодан болмақ? Түптің түбінде темір ноктаны үзіп кетпей ме? Ал, менің ұйғыр біткеннің әкесінің атын ұмыттырғым келіп, еткен еңбегім әлде ағат па?

– Жоқ, жоқ. Біз орыс бола алмаймыз. Өйткені олардай алып та, шалып та жығатын қуатты емеспіз. Бізге уақыттан ұту керек. Құпиялық лазым. Орыстар хандық жүйені түбегейлі жойып, бұрынғы хан, бектерді біржола жоғалту үшін жаңа бек, әкімдер қажеттігінен мектеп ашып отырса, ол темір нокта кигізу үшін. Олар казактарды ішінара шоқындырып та жатқан көрінеді.

– Ал, біз... Біз неге ұйғырларды шоқындырып, бұларды рухани жақтан бөлшектемейміз?

– Біз дінге тимейміз, өйткені дін кедергі жасамайды. Оның үстіне берісі Қокан, әрісі Араб дүниесін өзімізге қарсы қоюға хақымыз жоқ. Ұйғырларды билеген найман Күшілік ханның қателігін қайталауға болмайды. Туғантуысы көп, мықты, ықпалды бектерді таба да, көтере де білу керек. Оларды қожаларға қарсы қою арқылы, ықпалын, тіпті өздерін де біртіндеп жоятын уақыт жетті. Басшысыз, әрі надан, алауыз елдің ғана әкесінің атын ұмыттыра аласыз. Тек сонда ғана олар көнбіс. Біздің қайыс ноктамыз мәңгілік. Шет елден келгендерге мұқият қарағаныңыз жөн. Әлденедей үлгі-өнеге таратпасын. Құпиямыз жария болып жүрмесін. Семейден келген керуен мұқият тексерілуі тиіс.

– Дереву тұтқындауға кісі аттандырайын.

– Сабыр етіңіз. Асығыстық апатқа ұшыратады. Кісі жібермейсіз, өзіңіз барасыз. Жаман істі жақсыға айналдыруға болады. Бұл жолы жергілікті әкім емес, қоқандықтарды жұмсаңыз. Орыстар мен қоқандықтар арасында туатын кикілжің біз үшін пайдалы. Міндет жауапты болғандықтан өзіңіз басы-қасында болғаныңыз жөн.

Цзянь-Цзюнь амбаньды асқа шақырды. Ас үстінде де адамдар, халықтар тағдыры оп-оңай шешіліп жатты, аз-аздап, сыздыктата ішілген арақтың қызуы көңілдегі тонды жібіткен тәрізді.

Қоқандықтардың Қашқарда мейлінше саяси және сауда еркіндігін алып отырғанын талқылады.

Жаңа кетерінде:

– Сеніміңізді ақтау борышым болмақ. Рұқсат етсеңіз тезірек аттанайын, – деді.

Олар далаға шыққанда боз қырау басып, ақпанның аязы қақап тұр екен. Жаңның жер болған көңілі Құлжаның аязынан бетер қалшылдатты. Қап, орыс аюы, сен енді құтыла қоймассын. Егер барғанымша, кетіп үлгірсең, мың айлалы Ян Ли-пинды соңыңнан салармын», – деп ойлады ол.



КҮЙ САЗЫ

Кашқар қаласы. Биік дуалмен қоршалған қорада түрлі-түсті қағаз фонардан төгілген жарық көзді қарып, көңілге желік ұялатады. Шығыс Түркістанның өнеркәсіп орталығы Хотаннан шыққан кілем үстінде жайғасқан қырық-елу қонақ. Бір кезде Хотан-будда дінінің сопылық қағидаларын үйрену үшін Қытай, Индия, Моңғол, Тибет діндарлары ағылып келуімен әйгілі қала еді. Әдеттегідей құдайшылдар ізімен жүретін армия кешігіп қалғандықтан, исламның айы бар ақ туы Шығыс Түркістанды көктей өтіп, ішкі қытайды аралап кетті де, енді Хотанның даңқы таңғажайып әсем кілемдері арқылы ғана бүкіл Азияға мәшһүр болды. Өз маңайында өсетін сүйегі ұсақтау қойларының биязы жүнінен, хас шеберлер тоқыған кілемді машинасыз, сауатсыз қолдан шықты дегенге сырт көздің илануы қиын. Бұрыш өлшемдерінің дәлдігі, симметриялығы, жалпы қиялыңа қанат бітірер, көздің жауын алатын бөлекше әдемі айшықты ою-өрнектері, бояуының ашық алуандығы кімді болса да таңқалдырары сөзсіз.

Қашқардың Хотанға жақындығынан ба, әлде үй иесі өте бай дәулетті ме, әйтеуір, төбеден басқа жердің барлығында әр түрлі әсем кілемдер. Жайылған дастарқанда – мөлдіреген жүзім, сап-сары бал қауын, қып-қызыл шекер қарбыздар, анар, әнжір тағы басқа алуан түрлі жемістермен қатар түрлі тағамдар лық толы.

«Мал емшегін емген қазаққа, жер емшегін де емізуді» көксеген, бірақ аумалы-төкпелі заманда іске асыра алмаған Абылайдың арманы көзге ұрып тұр. Кіші бұхаралықтар жер ананың уызына қанған ба деп қалғандайсың. Ал, шынында барлық игіліктің рақатын аз адамдар көреді де, көпшілік қайыршылық халде.

Дастарқаннан алысырақ арғы шетте дутар, сыбызғы,

кобыз, шертпе, дауылпаз, аса таякта ойнап отырған музыканттар, ортада мың бұралған биші әйел. Мұнда биші әйелдер кәсібі бар. Өйткені ойын-сауық бисіз өтпейді. Келген қонақтардың барлығы да, тіпті ең жоғарғы әкім де билеге тиіс. Биші әйелдердің болуы, үй иесі әйелдің қонақтарды қарсы алып, қабылдауы басқа Орта Азиялықтарға және ислам дініне мүлде кереғар, оғаш көрінер әдет.

Кезінде Шығыстың ұлы ханы Құбылай осы өлкеде әйелдерге берілген төтенше еркіндікті жою туралы жарлық шығарған-ды. Бірақ, тарихтың өзі қалыптастырған салты хан жарлығы да, дінінің әйелдерді қор ететін қатыгез қағидалары да өзгерте алған жоқ. Сондықтан мұнда әйелдер бетін тұмшаламай жүрмейді. Биік қорғанмен қоршалған үйлерде камалып отырмайды. Ерге шығу және көңіліне жакпаса ажырасу, дүние мүлік иелігі – әйелдер билігіндегі іс. Мына бір оқиға Шоқанды қызықтырды. Таңертең әкімдері мен әскерлер тұратын жаңа қалаға Шоқандар барған болатын. Мұнда да қадам сайын сауда-саттық дүкендері, ұстаханалар мен асханалар. Тек басты ерекшелігі – тауықтар мен шошқалар еркін сайрандап жүр. Көше аралап келе жатқан бұларды көріп бір топ әйелдер тоқтай қалды. Ұзын шапандары мен сәлделеріне қарап коқандық екенін оңай ажыратып, таныса керек. Бір уақытта біреуі жұлқынып шықты да, шаңқылдай жөнелді. Аузы көпіршіп, көгеріп-сазарғанынан-ақ жылы лебіз білдіріп тұрмағанын білу оңай. Маньчжур-қытай ақсүйектерінің әйелдің аяғы қанша кіші болса, соншалық сұлу деген салты бойынша бесікте тас қып байланғандықтан бар-жоғы бір тұтамға толар толмас аяғымен жерді теуіп-теуіп:

– Ұрылар, қаракшылар, сендерге не керек?! – деп тілдеп қана қоймай, кірпіштің сынығын лақтыра бастады. Оған басқалары да қосылатын түрі бар. Шоқан таяу тұрған аулаға кіріп бойтасалай тұруды ұсынғанда Сүлеймен оған көнбей:

– Қызыл матаны көрмейсіз бе, бұл үйде жас босанған әйел бар. Мазасын алуға болмайды, – деді. Олар дүкенге

паналап жандары қалды. Ал, ұйғырларда жас босанған әйелдерді әке-шешесі камкорлыққа алып, қырық күн бағып-қағады екен. Халықты сақтап тұрған да осы зиялы дәстүр.

Қалада тұру үшін шет елдіктердің белгілі мерзімге үйленуге міндеттілігі, түп төркіні кедейлік пен мұқтаждықта жатса да, әйелдердің еркіндігін, қадірін арттырып жіберген. Сауда және дін ісі қокандықтар қолында болғандықтан неке ісін де солар шешеді, тіпті олар жергілікті елден алым-салық жинап, басқару ісіне де араласып отырады екен. Іс жүзінде Қашқарда қос үкімет бар. Қаулаған көтерілісті қокандықтардың тез басатындығына Маньчжур қытай үкіметі борышты ма, әлде айлалы саясаты ма, әйтеуір оларға мейлінше саяси және сауда еркіндігін берген.

Музыканттар да, тыңдаушылар да ән ырғағының өте бір нәзік нақышына келгенде «уэй, уэй» деп, қосылып кетеді. Бұл қазақтың «Әу, пәлі» деп көтермелеуіне ұқсағанмен, одан бөлектеу, ән ырғағына қосылып жымдасып жатыр. Тұтас музыканың бір бөлшегі сияқты.

Биші билеп жүріп ән айтады. Әндете жүріп билейді. Ән мен би біртұтас нәрсе. Музыканттар да – тек аспапта ойнаушылар ғана емес, әншілер. Осының бәрінде тамаша бір үйлесім, олпы-солпысыз жарастық бар.

Шокан не бір қиын шығармаларды нотасыз, жатқа ойнап отырған музыканттардан ұйғырлардың алғырлығын аңғарып, музыка ырғағының құлаққа жағымды да, сазды әуенділігіне қайран қалып, халықтың рухани байлығына көз жіберді. Түркістандықтар таза, ақжарқын, меймандос, қонақжай, сауық кештерін үлкен салтанат, шексіз сыпайы қошаметшілдікпен жиі өткізетін дарқан ел екен. Мына ансамбль үнінің бай бояуы жағынан да, сезімге толы құбылмалы ырғақтың мән-мағынасы жағынан да дүниедегі ең мәдениетті елдердің ансамбльдерімен иық тіресіп тұр.

Бір кездері қазақтар жорықтар жолында жүріп, шашып алып, қазіргі шақта сиреп, басы қосылмай жүрген музыкалық аспаптардың мұнда шашауы шықпапты. Тіпті

жергілікті халық қытайларды өлердей жек көрсе де, ол жек көру олардың мәдениетін үйренуге кедергі келтірмеген, мына аспаптар құрамында қытай зурнасының болуы да содан.

Көшпенділіктің аты көшпенділік. Тек жалғыз домбыраны ғана күмбірлетіп, қос ішектен шыққан үнмен тамсандыратын қазақ күйлерін шырқап салатын әндерін мына ансамбль орындаса, не болар еді, деп қиялдады Шоқан. Соғыстар адамзаттың қол жеткен мәдени табыстарын қиратып жатқанда, мына ансамбльдің аман қалуы оны қатты тебірентті.

Дегенмен осы Қашқарда соғыс пен бөгде салт-дәстүр жалмап үлгірмеген тазалық, недәуір мәдени ескерткіштер бар екен. Орта Азия барлық асыл қазынасынан айырылып болды. Кітапхана, обсерватория, түрлі ескерткіштер зұлым қолмен өртеніп бітті. Тіпті шектен шыққан үстемдік жеке адамдарды ой ойлаудан да үрейленетін халге жеткізуге ұмтылуда.

Қашқардың бұдан сырт қалуы, сірә, өктем туыс көршілерінен асқар таулардың бөліп тұрғандығынан болар.

Музыка ырғағы тұла бойды шымырлатып, жүрекке жағымды тигенмен, мың құбылған ырғағында қайғы- қасірет басым...

Шоқан бір сәт ойға шомды. Алтынемел асуынан өткен соң керуеннің алдынан қоңыр бұйра жатаған Қалқан тауы кезіккен-ді.

— Осы тау аты мен Қалқан руы атының арасында байланыс жоқ па? — деп сұраған Шоқан жергілікті елден.

Қалқан — Жартының ұрпағы, жарты деп аталуы байдың тоқалы ұл туғанда, қызғаныштан өртенген күндес бәйбішесі жаңа туған нәрестенің басын мытып жіберіпті. Күнәсіз сәбиді өлімнен алып қалу үшін қазақтың емшісі оның бас сүйегінің ойылған тұсын алып тастап, тасбақаның мүйіз сауытын қиюластырып салған. Содан аман қалып, ер жеткенде әзілқой жеңгелері бас сүйегіне қарап, «Жарты» атандырып жіберген. Сол Жартыдан тараған Қалқан олжаға түскен

қалмақ қызынан туған. Бала деген бауыр ет қой, күндердің күнінде ет жүрегі шыдамай, әке көңілі алып ұшып, қызын көруге келеді. Ол кезде қазақ, қалмақ арасы бұрынғыдай атысып, шабысып жауығып тұрмаса да, қауышып, жарасып кетпеген шак болса керек.

Қызы Қалқан, Қалқаман атты екі балалы болыпты. Жиендерін көріп ата жүрегі елжірегенмен, қызының аяғынан алынбаған кісенді көргенде, әке жаны өртеніп, көзіне жас алған көрінеді.

Қазақтардың сырттай сыпайы құрмет-қошеметін көріп, апталап жатып, қайтарында кіші жиенін сұраған:

– Үйде сағынған ана бар. Дініміз бөлек болғанмен түбіміз бір – қазақ, қалмақ бір киіз туырлықпыз. Ана зарын ұғатын шығарсыңдар. Кіші жиенімді ала кеткім келіп отыр. Ана мауқын бассын, қайта әкеп тастаймын. Маған мінгізген ат, кигізген шапандарың осы болсын! – деген.

Аталы сөзге атын түсіп беретін қазақ көнген-ді. Бірақ сол Қалқаман қайтып оралған жоқ, ағасы Қалқаннан бір тайпа ел өрбіді. Мүмкін қалмақтар ішінде Қалқаманнан да рулы ел тараған шығар.

Шоқанның көз алдына кісенін сылдыратқан ару ана елестеді.

Бұл жай – барлық орта Азия әйелдерінің тағдыры сияқты. Кісен сылдыры... Иә, өмірді бұғаулаған кісен сылдыры. Ата-ана, бала өксігі музыка тілімен айтылып жатыр. Міне, музыка кереметі.

Үй иесінің биге шыққан қызына көрсетілген қошемет пен ілтипат Шоқанды қиялынан оятты. Өң мен түстің арасында биші қыздың әсем, ашық жарқын дидамы көзге таныс қимас бейнені елестетіп тез сергітті. Бұл жақтың адамдарынан аққұбалығымен бөлектенген, талшыбықтай құмырысқа бел қыздың шаралы бота көзінен сабырлылық пен парасатты аңғарып, құлай назар аударды. Кіші бұхаралықтар қыр мұрынды, ат жақты, сұлу өңді келеді екен. Ойына құс қанаты талар алыста қалған ата-мекен, ел-жұрт, дос-жарандар оралып, сағыныштан жүрегі сыздады.

Аз күнде көрген қиыншылық, үйкелеткен тергеу-тексеру, қауіп-қатер көңілін әбден жабырқатқан-ды. «Тегі мына қыз қай-қайдағыны қозғады-ау», – деп ойлап, жымиған Шоканның жақсы әсерден алақызғанын айнытпай танып, байқаған Сүлейменкүл мұртынан күліп:

– Әлімбай әпендім, биші ұнады ма? – деп сұрады.

– Ұнағанда қандай, тамаша, – деді Шоқан, ағынан жарылып.

- Онда доппа⁶ сыйлайтын боларсыз, Өзіңіз айтқандай, бірінші болып сыйлар едіңіз. Оған иманым кәміл. Ешкімнің қолы жетпей жүрген ерке қыз бұл.

Мынбасы болған ағасы Нұрмағамбет Қоқанға қашып кетіп, түрмеден зорға босанып шыққан Сүлейменкүл, ойраны шыққан қалада табыс таба алмай тарығып, сандалып жүргенде Шоқанға кездесіп, оның көмегін алды да, есін жинап еді.

Әзілі жарасқан Шоқан Сүлейменкүлмен аз күннің ішінде шын табысып, сырласып кетті. Жоғарғы ұсынысты оның сол адал, достық пейілі айтқызып тұрғаны анық. Бұл қалаға келген адам бір аптаның ішінде сөзсіз үйленуге міндеттілігін, онсыз қалада тұруға рұқсат етілмейтінін естігенде Шоқан қатты абыржып, сасып қалған. Күтпеген жай.

Ол Қашқарға тұрақтамай Яркентке сапар шегіп еді. Қоқанда хандықтың өзгеруі, Қашқарда төтенше әскери жағдайдың қалыптасуын тудырып, осыған байланысты Шоқандар орта жолдан қайтқан болатын. Қысылтаяны көп, қауіпті шақта, Қоқан хандығының жаңа уәкілі Нұрмағамбеттің туған інісі Сүлейменкүлдың мәртебесі бір-ақ күнде артып шыға келді де, Шоканның онымен достығы кәдеге жарады.

Сүлейменкүл бұдан бұрын Шоқанға талай қыз-келіншек туралы жыр ғып айтқан. Алдымен көрсетпек болған сұлуды былай таныстырған:

– Мына сұлудың он екі доппасы бар.

– Онысы несі?

– Ол он екі рет некелі болғандықтан. Үйленген ері

⁶ Доппа – зер салып тігілген тақия.

әйеліне доппа сыйлайтын салт бар. Егер сіз ұнатсаңыз он үшінші ері боласыз.

Шоканның аза бойы қаза болды.

– Ол ерлері қайда? Осында, қалада ма?

– Жок, – деп күлді Сүлейменкұл, – қауіптенбеніз, олар әртүрлі мерзімге қалада болып, еліне қайтып кеткен саудагерлер.

– Шын сұлу болса неге тастап кеткен, өздерімен ала кетпей?

– Әйелдердің кетуіне рұқсат етілмейді, әйтпесе қалай киып тастар мұндай періштелерді.

Менің де бұл жакта тұрып калуым жұбайымды кимағандықтан. Дәміңіз жарасса, сіз де біржола қаларсыз. Көреміз бе?

– Болмайды.

– Неге болмайды? Ол сұлу болмаса, он екі рет ерге шыға алмас еді ғой. Асқан сұлу. Көрген адамның аңсары ауып, үйленуге асығары сөзсіз. Көріңіз. Үйленіңіз. Өкінсеңіз басымды кесіп берейін.

Сұлулық доппаның санымен бағаланады да, қыз таңдаушылар, ең алдымен соларға жол тартатын көрінеді. Күйеуге шығу он екі, он үш жастан басталғандықтан мұнда кейбір келіншектер жиырма жасқа дейін оннан артық ерге шығып үлгереді екен. Сүлейменкұл ертіп жүріп көрсетпекші болған Шәукендер де жиырмаға толмағандар еді. Әрі-бері бұлталақтағаннан ештеңе өнбейтіні былай тұрсын, мінсіз жоспар мен қыруар енбекті еш етіп қана қоймай, қара басына қатер төндіретінін түсініп, тағдырдың тағы заңына еріксіз көнерін ұққан Шоқан:

– Менің бірінші болып доппа сыйлағым келеді, – деп Сүлейменкұлды таң қалдырды.

– Немене, ешкім менсінбеген көріксіз біреуге қор болғыңыз келе ме? Әлде пісіп жетілмеген шикі өкпе іздеп тұрсыз ба? Аз күн аялдайтын жолаушыға қол ма екен ол? – деп еді сонда. Сүлейменкұл енді міне, үй иесінің биге шыққан Гүлім есімді сұлу қызын көрсетіп:

Бұған бірінші болып доппа сыйлар едіңіз, – деп ілгеріде айтқан өз сөзін көлденең тартып отыр.

Шоканның үйленбеу себебін сұрастыра бастаған ілік іздегіш жергілікті үкімет орнының қысымынан секемденген ол бүгінгі кешке Шоканды арнайы ертіп келген. Өйткені тәрбиелі Гүлімнің Шокан көңілінен шығарына сенген болатын. Шоканның туыстары да осы бір инабатты отбасымен құлданалы болуды мәртебе санайтынын білдіріп, Гүлімнің мақтауын жеткізген еді. Әр қимылынан сұлулық ескен бойжеткен тым сүйкімді, аса ажарлы.

Бір көрген бейтаныс адамының мінез-құлқы туралы сыртқы пішініне, дидарына қарап-ақ, колмен қойғандай айтып беретін және ол сәуегейлігі көбінде айнымай дұрыс шығып, достарын сан рет қайран қалдырған байқағыш, қырағы Шокан ибалы, инабатты Гүлімнің көркіне ақыл-парасаты сай, кіршіксіз уыз таза тұлғасын жазбай таныды.

Әр түрлі жердің, халықтың, ортаның, адамның өзіндік өзгешелігі болғанмен, ортақ нәрселер мен белгілер де аз емес. Күн мен түннің ортақтығындай, өмір мен өлім, жақсылық - жамандық, махаббат - ғадауат сияқты айта берсе көп-ақ.

Сүлейменкүл Гүлімді:

– Бұл бір ғалым қыз, – деп мақтап қояды. Мектебі жоқ сауатсыз елде ғалым атану тіпті оңай екені Шоканға мәлім. Ол үшін хат танып, өмір туралы өлеңдерден үзінділерді жатқа айтса жетіп жатыр. Бірақ осындай жұтаң мәліметтерден-ақ тәрбиелі Гүлімнің жеке басының ұнамды қасиеттері айқындалып, Шокан байламын бекемдей түсті.

Түн ортасы ауған шақ. Шокан көңілді. Жан тербеген ұйғыр музыкасының мөлдірінен сусындап қайтты.

Асуы киын асқардай құбыжық көрінген үйлену ісі де сәтті шешілейін деп тұр.

Жиырма екі жасар балғын жігітті ән, күй әсері отша жандырып, Гүлімнің сиқырлы бейнесі көз алдына елестеп тұрып алды.

Алуан ойдың құшағында ұйқысы қашып жатыр еді, терезеден салқын самал құйылды. Бұл сыртқы есіктің

ашылгандығының белгісі. Салқын болсын деп өзі жатқан бөлменің есігін ашық қалдырған болатын, сыбдырсыз басын көтеріп, тың-тындағанда ауызғы бөлмеден сипаланған дыбыс құлағына шалынды. Жүрегі бір сұмдықты сезгендей дүрсілдеп ала жөнелді. Әліптің артын бағып, дыбыстамай, не де болса анығына жету үшін төсегінен мәсісі мен пистолетін ала карама-қарсы жаққа еппен білдірмей өтіп алды да, демін ішіне тартып, қимылды қалт жібермей бақылады.

Бұл уақытта жұмбақ, жат бейне Шоқан жатқан бөлмеге кіріп үлгерді. Бір аттап, бір тындап келеді. Шоқанның қолы пистолеттің шүріппесіне бара берді.

Бұл сапарға атақ, абырой, не бір байлық үшін шыққан жоқ-ты. Атағы да, байлығы да бір басына жетерлік. Оны ғылымға деген құштарлық жетелеген. Өткен жылы Қырғыз тарихын бірнеше арна бойынша зерттеген-ді.

Аңыз-ертегі, тарихи жазбалар және батырлық дастан мен өлең-жырлардан көп дерек тауып, қызықты жұмбақтарға тап болған. Шығыс Түркістанның байырғы тұрғыны ретінде Ақсудан Хотанға дейінгі аралықта көшіп-қонып жүретін ел туралы соны мәлімет, бай материал жинайтындығы, жұмбақтардың шешімін табатындығы қауіп-қатері көп сапарға шығуға келісімін бергізген. Ғылым үшін қашанда жанкештілік керек. Орайы келгенде өз ісімен туған халқының абырой, мәртебесін көтеруді арман еткен. «Халқының тағдырын ойлауды және оның тарихын кейбір тоғышар, жалақор надандардың елді танқалдыру үшін ойдан қиыстырған арсыз өсек-аянынан қорғап қалуды сіздің мойныңызға тарихтың өзі жүктеп отыр», – деп, орыстың ұлы жазушысы, досы Ф.М.Достоевский талай рет айтқан-ды.

Сол асыл арманның барлығы қас қағым сәтте, кара түнді жамылған қайдағы бір қаскөйдің қолымен жоғалмақ па?!

Сипаланған адам Шоқан жатқан төсекке келіп, оның бос екенін біліп абдырап, кідірген кезінде, есік жақтан әлде қалай тасыр-тұсыр естілді. Тыныш қараңғы түнде кенеттен шыққан тасыр-тұсырдан шошынған қарақшы дыбыс шыққан жаққа жолбарысша атылып, талайды о дүниеге аттандырған

канжарын ғаламат күшпен сілтеді де, бірақ мүлт кеткенін тез аңғарып, сыртқа қарай ата жөнелді.

Қанішерді айнытпай таныған Шоқан оның төсекке келіп, онда ешкімнің жоқтығын біліп сасқан сәтінде, босағаға мәсісін лақтырып еді. Далада көзге түртсе көрінбес қара түн. Тыныштық. Шоқан ауыр демалып, сыртқы және өзі жатқан бөлменің есігін мықтап бекітті.

Бұл кім екен?

Маньчжур Қытай үкіметі қойған жергілікті әкімдердің аяусыз салықтарынан мұқтаждық торына шырмалған тонаушы ма? Біресе дін қағидасын білмейсің деп, біресе ашық ауыз, Қытайға сатылғаның деп, біресе алым-салық деп жазалайтын қокандықтарға кектенген жергілікті адам ба? Әй, бұл екеуі де мүмкін емес, жергілікті халық момын, олардың арасында ұрлық, кісі өлтіру сияқты қылмыс мүлдем сирек: жок деуге де болатын жуас ел. Онда кім? Көре алмас, күншіл, қызғаншақ па? Бақталас батыс мемлекеттерінің қолы ма?

Қалжырап шаршағанын сезіп, ойлануды ертенге қалдырды да, орнына келіп жатты. Бүгінгі көрген, білгенін ой елегінен өткізіп, қортындылап, ұйықтамай жатқаны төніп келген ажалдан сақтап қалды. Өзінің ұйқысын қашырып, тәтті қиялға батырған ұйғырдың таңғажайып әсем музыкасына, сұлу, сүйкімді биші қыз Гүлімге шын ықыласпен алғысын айтты Шоқан.

Иә, сол ұйғыр қызы аз күн отасса да, Шоқанды талай қауіп-қатерден сақтап қалған алғашқы адал, ізгі жары болды.

Кейін, тағдырдың қатал заңы оларды еріксіз ажыратып еді.



ҚОШ БОЛ, ҚАШҚАРИЯ!

Өзекті өртер кимас, сыйлас күндер қас қағымдай сәтте кейін сырғып, алдын ала елестетуге жүректері дауаламаған, айрылысудың тұнжыр болмысын жүйрік уақыт алға тартты. Табысу бар жерде, айрылысу да болмақ. Бірақ, ол қалай? Қашан... Екі аяқты пенде біткен кашып құтылмас іс бұл. Адал жүректер, бір-бірінің қадіріне жетер. Амал не, сенер іске көңіл шіркін көнген бе?

Пәни дүниенің кейде-кейде «Қу, жалған» деп аталуы да тегін емес-ау...

Барлық жақсылық пен жамандық атаулыны адамның қаны мен терісінің түсінен, тегінен іздейтін жалақор, өсекшіл, нәсілшіл, күншіл буржуазияшыл ғалымсымақтар мен ұлтшыл жазғыштарды естерінен тандырып, ғылымқұмар қауымның ықылас, ілтифатын өзіне аударған ғылыми еңбек, Шоқанды әлем ғалымдарының алдыңғы қатарына қосқан үлкен еңбек – сәт сайын төніп тұрған қауіп-қатердің артуына байланысты аяқталмай қалған сындарлы жоспардың бір бөлшегі ғана болатын.

Өз ісіне өзі риза болмаған көңілсіз күйіне, аяулы жары, қашқар қызы Гүлімді ала кетпек ниетін іске асыртпай тастаған жергілікті заңның қырсық қиястығы қосылды. Жол қамы, қоштасу, сұхбат, сауық кештер, мұның ауыртпалығын жеңілдетіп келген екен, екеуара, онаша соңғы түнді өткергелі қалғанда зіл салмағы қабырғасын қайыстырып барады.

Гүлім тағдырының да жүздеген жерлестерінің тағдырындай тірі жесірлікке келіп сайғанын ойлап, қолайсыз халге түскен Шоқан, аласұрып, өзі үшін қымбат жанды, кимастықпен аялай бауырына тартты. Бірақ ол жар болып қосылғалы көрсетпеген жат қылық танытып, ауға түскен сазандай тулап жатыр. Осы бұлқынысы арқылы өзінің барлық

күйініш-қайғысын, тағдырына деген наласын жанашыр, аяулы адамына мұң қып шағып жатқандай.

Тұла бойы лапылдай ысып, ол жаңағы бар қарсылығын лезде ұмытты да, Шоканға жабыса түсіп, өксіп-өксіп жылады. Шарасыз жанның егілуі. Дегбірі қашып, сай-сүйегі сырқыраған Шокан көз жасты сүйе уатуға кіріскен.

Бар жоғы 22 жасар ғұмырында, жер бетіндегі алдыңғы қатарлы ел болып есептелетін Россияны, кең байтақ қазақ даласын орта ғасырлық тағылықтың қаймағы бұзылмаған Шығыс Түркістан өлкесін аралап көрді ол. Жыртқыш аңдардан әрі, бірін-бірі қырып жатқан адамдарды, олардың есепсіз, сұраусыз аққан қаны мен көз жасын, қайғы-қасіретін көп көріп, ерте есейді. Оның түпкі себебі қоғамдық теңсіздік пен әділетсіздікте, сауатсыздық шырмауындағы надандықта екенін де танып білді. Осындай қатыгез жолдан өтсе де, жеке адамның қайғысын бөлісуге көзсіз ұмтылмай, тебіренбей тұра алмайтын еді Шокан.

Міне, Гүлім де сол бір түп-төркіні мұқтаждық пен теңсіздікте жатқан, қарғыс атқыр қатыгез заңның⁷ құрбаны болып, егіліп жатыр.

Барлық адам тең, еркін өмір сүріп, мұқтаждық атаулыны білмейтін, рухани жағынан мейлінше гүлденіп, адамдық асыл қасиеттер жарқырап көрінер, ізгі қоғам қашан, қалай орнамақ? Гүлімдердің көз жасы қашан тиылмақ? Қалың халықтың ғасырлар бойғы арманын орындауды тарих кімге жүктен екен?

Гүлімнің өтінішін орындай алмай, ыңғайсыз халде қалған Шокан осындай ауыр оймен арпалысты.

Осыдан үш күн бұрын, түскі шай үстінде Гүлім былай деген:

– Қожам, мен сізге бұл жақта біржола қалыңыз деп қанша жалбарынсам да, қалудан хабар айтпайсыз. Ата-анамның беретін енші-байлығы да сізді қызықтырып тоқтата алмады. Тағдырымды сізге тапсырғаным хақ. Я, сор, я бақ түрткен шығар, ала кетіңіз! Бірге кетуге бекіндім.

⁷ Қашқарға келген адамның уақытша үйленуі міндетті де, ал кетер болса, әйелін тастап кетуі тиіс. (Автор)

Үнемі Шоқанға біржола қалуды ұсынып келген Гүлімнің бұл тілегі соншама тосын еді. Таң қалдырды. Ол қолындағы кесесін аласа столға қоя салып, жалт қараса, уылжыған нұрлы жүзі қуқыл тартып, алқызыл ерні дірілдеп, ағы мен қарасы айқын шаралы көзінде мөлдіреген жас тұр. Қарлығаштың қанатындай жарасымды қасы, ішкі арпалыс әсерінен қиғаштала түскен.

– Баяғыда-ақ, осы ойға бекем бел буғаныңыз жөн болар еді-ау, Гүлім, туған-туысқандарыңыз келіссе, мен қандай бақытты болар едім!

– Туыстарымның келіспейтіні айдан-анық, – кеше баярып өз байлауымды айтқанымда, олардың бұлқан-талқан болғанын көрсеңіз... Адал жар болса мұнда біржола мекендеп тұрып қалмас па. Қырымнан да, Румнан да, Балқаннан да, Ауғаннан да, Үндістаннан да, Бейжіңнен де келгендерге ұнаған ата-мекеннің қай жері жақпапты? Ондай опасыз адаммен ілесіп кетем дегенің не сұмдық? Алып барып күндікке салса не боласың, сорлы-ау? Әлде жадыланып қалдың ба? Дегенмен саған дем салдыру керек, – деді. Бірақ мен сіздің адамгершілігіңізге шексіз сенемін. Көз алдыма елестетсем, сізсіз тіршіліктің мәні жоқ. Жаратушыдан кейінгі қожамсыз. Мені жер айырсын сізден. Қанша ауырлық болса да бекіндім.

Оның ұзын қара кірпігінен үзілген қос тамшы, үлбіреген ақ жүзіндегі сүйектен ойғандай әдемі қырлы мұрнының ұшына қарай домалай сырғыды.

Үнемі жаяу жүретін және биге ерекше көңіл бөлетін, жеміс-жидегі мол елдің қыздары – дене бітімі түзу, мүсінді, ажарлы, қасы-көзі қиылған, сұлу келетін-ді. Гүлім де көрген адамның жүрегін дір еткізер сымбатты, бет біткеннің көріктісі еді.

– Мен адал жар ғана емес, сырлас дос тапқанымашексіз қуанышты едім. Жүрегім алдамапты, айнымас асылым менің, сенің қадіріңе бір адам жететін болса, ол мен болармын, аяулым менің. Нұрмағамбет ақсақалға жолығып, оның көмектесуін, ата-анаңнан, үкімет орнынан рұқсат алып беруін өтінейін! – деді Шоқан.

Әлімбай әйелін өзімен ала кетпек екен деген хабар таныс-білістер арасында соңғы жаңалық болып лезде тарады да, қала әкімдері Шоқан ұсынған мол сыйлықты ризашылықпен қабылдай тұрып, оның бұл заңға томпақ пиғылына тыйым салды. Тергеу, тексерумен көлеңкедей еріп, сондарынан қалмаған аңдушылардан мезі болған жора-жолдастары да Шоканның Гүлімді алып кету ойына наразылық айтып, қарсылық білдірген-ді.

Жөн білетіндер қазақ ханы Абылайдың Азияға кең тараған әңгімесін көлденең тартты.

Абылай 1754 жылы Аягөз маңында, күйрей жеңілген жоңғарлардан бұдан былай қазаққа қол көтермеуге ант алып, дәуірлеп тұрған шағында жоңғардың қарғыс айтқышын шақырып алыпты да:

– Ал, мені қарға! – депті.

Сонда қалмақ:

– Шөбің жапырылмасын! – деп күңк ете қалған екен.

– Бұл малың болмасын дегенің ғой, мұның қарғыс болмады, – дейді хан.

– Күлің шашылмасын, – дейді қарасұр қарғыскер, отырған қалпын бұзбай сазарып. Кең байтақ, шөбі шүйгін қазақ даласынан жоңғарларды қуып тастағаны үшін ол ханға кекті еді.

– Бұл балаң болмасын дегенің ғой. Халқымның баласы менің де балам. Халқым аман болсын.

– Мұның да қисынсыз!

– Өзің білме, білгеннің тілін алма! – деді зілді дауыс.

Бұл сөзге Абылай ойланып отырып:

– Міне, бұл ауыр қарғыс! – депті.

Сонда малсыздықтан да, баласыздықтан да, өзі білмеу және білгеннің тілін алмау жаман болды ғой. Ендеше Әлімбайдың да, тіл алмай, ғасырлар бойы қатаң сақталып келе жатқан заңды бұзуға қақысы жоқ, – деп шешті серіктері.

Бұл кезде дүнген қызметкерлерден бақылаушы да тағайындалған-ды. Құранды араб тілінде оқып, өзара қытай тілінде сөйлесетін ислам дінінің сопылық қағидаларына

мейлінше беріктігіне карамай, нәзік, ару қытай қыздарына куана-куана үйленетін, балаларын қастарынан қалдырмай, оларға дін ережелерін үйретуде қатыгездіктен жалтармайтын діндәр дүнгендер поляк татарларындай мемлекет ісіне тиянақты да, ұқыпты, әрі адал еді.

Оның үстіне жол бойындағы күзет-қарауылдан басқа, шекара сызығын бойлай орналасқан Жаңа өлкенің шекарасын күзетіп, оны әкімшілік, саяси жақтан нығайту үшін, солтүстік шығыс қытайдан көшіп келген маньчжур тектес сібе, солаң, дағұр ұлттарының егіншілік кәсіппен айналыса жүріп, мемлекет қожасы ретінде⁸ кез келген көлденең көк аттыны ұстап, тексеруге және өздері қалағанша жазалауға ерікті екендігін қосыңыз.

Шокандар сауда мақсатымен әкелген темір күректің өзін, соғыс қаруы емес пе, деп күдіктенген секемшіл, сыйлық, параға бола сыныққа сылтау іздегіш үкімет орындарымен Қашқариядағы екінші үкімет тәріздес, дін, неке сауда ісін басқаратын Қокан хандығының адамдары тағы да бар.

Осындай тосқауылдар Гүлімді Қашқариядан алып кетуге мүмкіндік бермеді.

«Жаяудың шаңы, жалғыздың үні шықпас» деген осы да.

Кедергілер анықталып, шындықтың беті ашылғанда, жаны жылап тұрса да, көзі күлген Гүлім, қоштасуға келген қонақтарды күтіп шығарып салған соң, екеуара оңаша қалған кезде, көз жасына ие бола алмай, зар-мұның төгіп-төгіп жіберді. Ол ұзақ жылап, толас тапқанда:Қайтейін, кожам, тозаққа бастасаңыз да бармақ едім, мені сізден көр айырсын деп тәнірден жалбарына тілеп едім, азабыңызды аркалап, парасатты дидарыңызды көріп жүрсем, армансыз-ақ болар едім. Бұл жалғаннан тілер бакытым да, қуанышым да сол еді. Қол жетпеске ұмтылғанымды енді ұғып тұрмын.

⁸ Сібе, солаң ұлттары лексикасында түрік, моңғол сөздері көп кездесетін, моңғол әрпімен таңбаланып қытай тілімен қатар мемлекеттік тіл болып (1634 жылдан 1911жылға дейін) саналып келген Маньчжур тілінде сөйлейді.

Адамгершілік қасиетіңізге, парасатыңызға қарап маңдайыма сыймайды-ау деп күдіктенгенім бекер болмады. Сіз айтыңызшы, келесіз бе? – деді өксіп.

Шокан үнсіз, іштей қиналды. Не дерін білмей, ұзақ толғанды. Бұл Гүлім ибалы асыл жар ғана емес, сонау қосылған күннен бастап сенімді, адал серік, сырлас, дос та болып кеткен. Қашқарға келген шетелдіктің сөзсіз, уақытша болса да үйлену міндеттілігін маньчжур барлау орындары шебер пайдаланатынын осы Гүлім арқылы білген-ді.

Әсіресе 1830 жылғы көтерілістің карт жауынгерлері мен тірі куәлерінің әңгімесін естігенде бота көзіне жастолып, қаны қаша үнсіз тыңдайтын сәті Шокан үшін бөлекше қымбат. Туған халқын қалтқысыз сүйген үлкен жүректі танушы еді.

Талай қауіп-қатерден қағып, алдын-ала сақтандырып және ғылыми жазбаларын тіміскі, сұғанақ көзден сақтаған әтеусіз еңбегі қаншама.

Қауіп-қатері, қастығы көп жат өлкеде жетімсіреп жабырқаған көңілге жан жылуын сыйлаған аяулы, табиғаттың өзіндей кіршіксіз пәк жанға қалай жалған айта алар. Келмеймін деп айтуға аяушылық, қимастық сезім өлімнен де тайсалмайтын жүректі дауалатпады. Не десе екен? Ал келсе, қалай келмек? Шіркін, еркіндік!.. Адамдардың ең ыстық қимас көңіліне, іс-әрекетіне еркіндік берілсе ғой!

Тосыннан жауап тапқыш, әзіл мен күлдіргі, өнегелі мысалға, мысқылға да тапқыр жүйрік Шокан біраз іркіліп қалды. Ғұмыр жетіп, мүмкіндік болса, қайта айналып келер еді-ау... Тындыра алмаған қыруар жұмыс, ұшы-қиырсыз жұмбақ өлке қалып барады. Тіпті шығыс Түркістанның орталығы Яркентке де жете алмай, орта жолдан қайтты ғой... Адамзат тарихының басынан өткен бес мың жылдық ұзақ дәуірдің сырын қолға ұстатар, қытай тілін меңгеру арман болса, көшкенде елу түйеге артып жүретін будда кітапханасының табалдырығынан аттай алмаудың өзі - орын толмас өкініш емес пе?!

Апыр-ау, осы неге елшісі болып келуге болмайды? Неге? Болуы әбден мүмкін, онда жоғарыда айтылған арманға қол артар еді. Гүлім ғана емес, көне түрік тілін қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ, татар, азербайжан, қақас, якут, тағы басқа туыстарына қарағанда ерекшелігін сақтаған ұйғыр халқына да септігін тигізер еді-ау.

Шоқан өз ойына өзі қуанып, еркін тыныстады бір сәт.

Бірақ бұл да оп-оңай қолдағы іс емес. Сондықтан:

– Келу, келмеуімді тағдыр, бір жаратушы білер, Гүлім. Келемін сөзсіз деуім күпірлік болар.

Бірақ сенің пәк жаныңның алдында айтарым: қайта айналып келуге, қалайда барлық күш-жігерімді жұмсаймын. Бұл менің күт дегенім емес, Гүлім, – тағдыр тағдыр бізді мәңгі айырып тұрған шығар немесе қуанышпен қауышармыз, ол жағы беймәлім. Еркіндік, бостандық берем саған. Жас өміріңді қор етпей, теңіңді тапсаң, ренжімеймін, – деді Шоқан ауыр дем алып.

– Жоқ, кебенек киіп барасыз. Сіздей парасатты, асыл жардың тілеуін тілеп, жолына қарап жүрудің өзі ғанибет, ендігі бақытым сол болсын! Күтем. Алла тағала жар болса, екеу болып күтеміз. Біз пақырыңызды ұмытпағайсыз, кожам, – деп өзіне-өзі қатаң үкім айтқан Гүлімнің өңінде, білтелі шамның жарығымен бірге жұқалтаң аналық мейір нұры ойнады.

«Екеу болып күтеміз» деген жалын атқан үміт тілектен Шоканның тұла бойы шымырлап, өзегін әлде қалай от қарыды. Гүлімге құрметпен мейірлене, күлімсірей қарап:

– Қалай жасырып келгенсің? – деп сұрады.

– Қайтейін... өзіңізді қалдыру үшін айтқандай болғым келмеп еді. Қинағым да келген жоқ.

Тап қазір айтпауға болмады.

– Гүлім, мен сені мәңгі ұмытпаймын. Мен қайда болсам, сондасың. Өйткені жүрегімдесің.

Сені ой-санамнан ажыратуға ешкімнің де шамасы жетпейді. Бірақ жаңағы ойыңнан қайт, жас ғұмырыңды қор етпе. Сені ұмытпауымның белгісі мынау, – деп өзі

салған Гүлімнің суретін алып көрсетті. Сурет соншалық әдемі, айнытпай дәл салынған-ды. Ол алакөленкеде тірі бейнедей елес берді.

– Бұл – менің саған деген шексіз алғысым, ізет-құрметімнің белгісі. Болашақ ғұмырың туралы қан-шалық киналғаным бір Аллаға аян. Сондай ізгі тілектен, жоғарғы сөзді айтуға еріксізбін.

– Менің басыма еркіндік бергеніңіз рас болса, кесімім өзгермейді. Өзіңізбен өткізген аз күннің маған берген ләззаты бүкіл өміріме жетерлік. Тілеуіңізді тілеп өтемін. Қай жерде жүрсеңіз де аман бол, кожам. «Қош бол» деп айтпаймын, бұл дүниеде кездеспесек, ол дүниеде кездесейік. Ол дүниеде Аллам жолықтырғай бізді, жаным! – деді Гүлім тағы да көз жасына ерік беріп.

«Бұл қаланың тұрғындарының бір бөлігін әр елден, әр уақытта келген саудагерлер ұрпағы құрайды. Олар өздерін шетелдікпіз деп санап, шеттен келгендерді іш тартатыны – осындай опалы жардын ақ сүтінен екен-ау!» деп ойлады Шокан.

Наурыз келе Қашқар өңірі түлеп кетті. Ауа райы жұмсақ, жері құнарлы өлкенің елі бай болуға тиісті-ақ. Амал не, бәрі керісінше, өндірген өнімнің алым-салықтан қалғаны талшық етуге әзер жетеді. Ал, дикандар Қыс бойы пангі (мас) болып, көктемде ғана тіршілік Қамына қайта кірісе бастайды. Мұнда да отаршылдар халықты наша, апиын, арақ-шараппен улап тастаған.

Дикандар көктемгі егіс қамына кірісті. Шокандардың керуені қаладан аман-есен шықты.

Шокан биік жотаға шығып, алыста мұнартып, көгілдір сағымға бөленген мұнаралы қалаға карап тұр. Енді біраздан соң ананы баладан, әйелді ерінен, ерді ерінен, елінен бөлер сызықтан өтпек. Көктемнің көгілдір мұнары телегей теңіз сияқты. Қала бір сәт мөлдір судың түбіне шөккен алып кемеге ұксап кетті. Бұл кемеді әлсіз, қорғансыз, ұйқының мең-зеңі басқан туысқан халық, ет жакын Гүлім бар...

Ойпыр-ой, мына көл-көсір су, есіл халықтың ғасырлар бойы аққан көз жасына қалай ұқсас!

– Қош бол, Қашқария жуылып тазармаған... – деді ол, артына қарап. Ойына Лермонтов жазған өлең жолдары оралды.

Атасы Абылайханның үшінші әйелі әзиз ана Бабак ханымның және аз күн отасса да інкәр жары болған Гүлімнің ата-қонысымен ең соңғы және мәңгі қоштасуы еді бұл Шоканның..



СОҚТЫҚПАЛЫ СОҚПАСЫЗ ЖЕРДЕ

Хаба-амбань Жаң ұйкыдан оянса, кырау басқан терезе әйнегінің мөлдір мұзға айналған жиек жактауынан түскен күн сәулесі, ашық көгілдір пердедегі қызылды-жасылды жібек жіппен кестеленген айдаһар бейнесін құлпыртып, бөлмені жарық шұғылаға толтырған екен. Қоштасу кешінде түннің бір уағына дейін әңгіме-кеңеспен отырып, шаршағандықтан қатты ұйықтап қалыпты. Ескі, сыйлас достардың мауқы басылмай жатып, Қашқарияға кері қайту Хаба-амбаньға оңай соғып тұрған жоқ. Оның үстіне, Өрімші (Үрімші) қаласы арқылы жүретін болғандықтан, жолдың қашықтығы екі есе ұзарып тұр. Бұл сапар меһнаты да екі есе артып, уақыттан ұтылу деген сөз. Бұлай болу себебі, бір кезде бүкіл Азияны тітіреткен Ақсак Темір әмірдің де, Қашқарға бару ниетін іске асыртпай тастаған, тау асуын қар басып қалғандықтан еді. Бұл асқар биіктегі асулар жаз айларында да қиын да, тайғак, төмені бас айналар күз, шатқал. Үрімшіні айналып жүрудің қатғыз ғана пайдасы бар. Ол ауыр алым-салықтан қашып, қыс қалаға қоныс аударған қашқарлық көпестермен ашық сөйлесіп, оларды кері қайтарудың жолын қарастырмақ. Бұл - сауда ісін жаңаша жандандырып, қокандықтар алып отырған еркіндікті мәлім дәрежеде шектеумен, бақылауға қол жеткізудің алғы шарты ғана емес, болашақ кіріс көзі болмақ.

Ал, өткен жылы жиналған алым-салықтың шамасы, елден түк қалдырмай сыпырып алған күннің өзінде де көңілден шықпады. Салықтың толмаған кемтігін Уалихан қожаға елесіп, Қоканға қашып кеткен он бес мың қашқарлықтан қалған мал-мүліктер толтырды да, Бежі мен Құлжа алдында Жаңның абыройы сақталып қалды.

Далада сақылдаған сары аяз қысып тұрса да, бөлме іші жып-жылы. Кәңнің қалың төсеніш көрпеден өткен жылуы Хаба-амбаныды терлетіп жатыр екен. Қытай пештері асқан ұқыптылық пен үнемшілдіктің белгісіндей, бөлекше. Жағылған оттын қызу жалыны, қан деп аталатын биіктігі бір метрдей кірпіштен қаланған сәкіні бірнеше қайырма арқылы аралап өтіп, үй қабырғаларын шарлап барып, барлық жылуын толық жұмсағаннан кейін ғана, сұйылған түтін түрінде сыртқа шығады. Түтіннің үйдің едені мен қабырғасы арқылы өтетін бұлтас-бұлтасы көп, ұзақ жолына қарамай қайтпайтыны, әрі аз отынның үйді жылыта алатындығы, бұл пештерді салушы қытай ісмерлерін алғыс пен құрметке бөлерлік-ақ, бірақ мұны бағалап, қадіріне жетер кісілікті адам ілуде біреу. Әрі төсек қызметін де атқаратын қан сәкінін үстіне, әдеттегідей қамыстан тоқылған төсеніш төселгенде, оған аумақты кілем жайылған.

Құс жастыққа көмілген қасқаланған басын Жан көтергенде, кісі бойы шар айнадағы әлі де қарасы мол, өрілген шашына, кең маңдайындағы қиғаш қасына, ұрты салбырап, талаураған қызғылт жалпақ бетке, үйлесімсіз тәмпіш мұрнына қанталаған қысық көзі түсті де:

– Қарттық жеткен бе – деп еді өзіне-өзі күбірлеп айнадағы бейнесі басын шайқап, орақ тістері үлкен аузынан шыға жөнелердей жарк етіп көрінді де, жасырына қалды.

Айнаның бер жағында төрт бұрышты аласа стол тұр. Оның есіне өткен түнде айтылған қызу әңгіме қайта оралды.

Өз халқына жиренішпен қарап, бойларын ауаша ұстау арқылы, ұлттық бейнесінен айрыла бастағанына қарамай, Қытай мәдениетін де үйреніп жарытпаған әрі-сәрі жергілікті әкімдер алым-салықты үш есе өсіріп, одан жымқырып қалуға шеберліктерін көрсеткеннен өзге тындырғаны шамалы болатын. Өсіресе көтеріліс күндері, олар маньчжур әскерінің етегіне тығылып, қамалда бас сауғалағаннан басқа түк бітірмейді. Сондықтан ендігі жерде бүлік бола қалған күнде оны басуға қатысудан жергілікті әкімдерді сырт қалдырмай, қайта бірінші болып қару жұмсауға міндеттейтін, әрбір қала

езін-өзі қорғауға тиісті, олай болмаған күнде әкімдер тегіс жазалансын деген заң төңірегінде сөз өрбіген еді.

– Бүлік шыға қалған күнде, жергілікті әкімдер не қожалардың қытышынан, не маньчжур үкіметінің қатал сотының жазасынан құтылмақ емес. Сондықтан, бұдан былай олар бүліктің болмауы үшін мүдделі, – деп түсіндірді Хаба-амбань.

– Сіздер ата даңқымен де, байлығымен де маньчжур үкіметіне борышты құмұл тұрпандықтардан ғана жергілікті әкім тағайындау салтынан неге бас тартпайсыздар. Шыңғысханның жеңіске жетуінің бір себебі, ата-текке, туыстыққа карамай, қолынан іс келетін адамдарды іздеп тауып, шамасына лайық қызмет беруінде емес пе, біз осы нұсқаны кәдеге жаратсақ, қандай жақсы болар еді, – дегенді әлке бастығының көмекшісі желпініп.

Халықтан сауаттылығы мен білім алуына жаны қас, сондықтан тарихи-әңгімені жактырмайтын Хаба-амбань ашудан тырсия қалды. Надан, басшысыз елде ғана тежеусіз билігін жүргізіп, ұлын – құл, қызын – күң ете алатынын біледі. Оған жабайылардың ең аяғы әке- шешесінің аттарын ұмытарлықтай, меніреулігі арқылы көмбіс жұмыс көлігіне айналуы абзал, міне, сол үшін жазықсыз қудалау мен қырғын-сүргінді өмір бойы арсыздықпен ұйымдастырып келеді.

– Шыңғысханды атамаңыз.

– Неге?

– Осы алты шаһарға XIV ғасырдың аяғында ислам дінін қылыштың күшімен әкелген

Шыңғысханның ұрпағы Тұғылық – Темір, өздерін Мұхаммет пайғамбардан өрбідік дейтін Махбауми Азиям қожаны іздеп тауып, сүйеніш етпек еді, – іс керісінше болды. Тұғылық – Темірді қуып шыққан қожалар ақсүйектікке жетіп, бұл күнде бізбен үзеңгі қағыстыруда.

– Сонда өз өнегесі өзін құртты демексіз ғой.

– Оның үстіне империяны 1214 жылы жаулап алған Шыңғысхан бар-жоғы 150 жыл ғана билеп-төстесе, біз 1634 жылдан бері уысымызда ұстап келеміз, ендеше кім кімнен үйренгені жөн.

– Сіз сабыр етіңіз, біз қас дұшпанымыздан да үйренуге тиістіміз. Сорымыз үйренбеуде болып жүр, – деді Цянь-Изюнь. Ол баяу ыңырси сөйлейтін дағдысымен сөзін әрі сабақтады.

– Қар қалың жауғанда ағаштың бұтағына назар салыңызшы, бір бұтақ қардың салмағын көтере алмай сынып түссе, енді бірі майысып барып қарды өзінен сырғытып түсіріп жібереді де, қайтадан қалпына келеді. Міне, көрдіңіз бе, өмір сүру үшін икемділіктің маңызын, ол майыспаса, алғашқы бұтақ сияқты опырылып түсер еді. Уақыт сырын ұғу ләзім. Сіз сол иілгіш бұтақтан мол ғибрат алуға тиістісіз.

Иә, бұл – Жаңға бұрын да сан айтылған «Жену үшін, жеңілуге болады» деген қағида. Түндегі айырылыс қазан басында айтылған осы сөздер ширатқан Хаба-амбань тез киініп, жуынып-шайынды. Іркілдеген ауыр денесін жинақты ұстап, алуан шөппен ет қосып қуырылған жеті-сегіз түрлі бұрышы мол тағамды өткір иісті сірке суымен дәмдеп, сүйсіне жеуіне көкейінен кетпей жүрген мазасыз ой кедергі болды.

Орталықтың бұйрығы бойынша шетелдіктердің Қашқарияға келуіне қатаң тиым салынған-ды. 1851 жылы 25 шілдеде Құлжа қаласында бекітілген Россияның Батыс Қытаймен сауда байланысын жасау туралы келісім шартында Құлжа, Шәуешек қалаларын сауда орны деп нақтылап көрсетуі содан.

Кашмирден созылған ағылшын қолы қырқылып тасталып, көңіл енді жайланған тұста «Қашқарда орыстар пайда болды деген хабар ашық аспанда найзағай ойнағандай әсер етіп, өлке басшыларын қатты абыржытты. Хаба-амбаньда да күн өткен сайын семейлік керуенге ілескен орыс офицерін ұстап, жазалау құмарлығы арта түсуде, оның алды-артына карамай, асығыс қайтуы да осы еді. Шығарып салушылар жинала қалған екен. Аспан шайдай ашық. Көше бойындағы боз қырау басқан тал-теректер ақ мамық гүлге оранғандай, тиіп кетсең сау етіп төгіле кетеді. Аппақ әлемді қақ тіліп, Үрімші жолына бет түзеген жүргіншілердің қоңыраулы шоғыры Құлжа қаласының тұрғындарын елендетіп, назарын аударды. Олар түнгі аязда

қанғыбастар үсіп, өліп қалмасын деп, қақпаларының алдына жағып қойған оттарын сөндіріп жатқан-ды. Адам өліміне мұша мән бермейтін бұл елде осы бір ізгі заңды кім шығарғаны қайран қалдыларлық. Қыстың аса суық айларын «жу» деп атап, сол күндері кімнің қақпасының алдында кісі үсіп өлсе, сол үйдің иесі жауапқа тартылатын болғандықтан, күн батқан соң өлдім десе де қақпасын ашпайтын қалалықтар, сыртқа түні бойы жететіндей тас көмір жағып қояды. Осыған қарамастан, үйсіз-күйсіз, аш-арық жарлы-жақыбайлар қалың қардың астынан тұлымдары ғана қылтиып көрініп, тоң болып қатып жататын. Олар көктем шыға көл-көсір болып еріген қар суымен бірге ағып, Іле өзеніне түсетін де, Отанынан еріксіз айрылған сорлылар, тірісінде ойлап көрмеген Балқаш көлін бетке алып саяхат-сапарға шығатын. Күймелі шанада отырған Жанның құлағына ойнап жүрген балалардың жарыса шулап айтқан өлеңдері ша-тынды. Бұдан екі жыл бұрын осы қалаға Россия мемлекетінің ресми уәкілі ретінде келген жиырма жасар Шоқан Уәлиханов қытай балалары туралы былай жазып еді: «1856 жыл. 12 сен-тябрь. Бұл жолы біздің сапарымыз өте сәтті болды – көшеде ойнап жүрген әп-әдемі балалар біз жөнінде ойына келгендерін жасырмай шулап жүрді. Біздер бұл ақ көңіл сәбилерге ұнап қалғанымызға қатты қуандық. Балаларға ұнау сирек оқиға ғой...» Сол балалар қосыла әндетіп:

«Дүнген жақсы дер едік,
Қара жүрек нағыздар.
Ұйғыр жақсы дер едік,
Іштері тар жауыздар.
Қазақ жақсы дер едік,
Өңкей бейпіл ауыздар.
Қалмақ жақсы дер едік,
Жуынбайды-ау доңыздар» –

деп секеңдеп ойнап жүр. Береке емес, әрекеге шақырған өлеңді бұларға кім үйретті екен? Алалыққа жиреніп, түгелдікті тілейтіндер шошынар бұл сөз Хаба- амбаньға аса ұнап, көңіліне майдай жақты.

– Уа, пәлі! Біз ғой, тіпті бертінге дейін мұсылман

дініндегі барлық елдерді біртұтас мемлекет деп келдік. Таяу уақытқа дейін Айвухан (Бұхара) мен Аңыз-чженді (кокан) ажырата алмайтынбыз. Оған басты себеп, Орта Азиялықтарды жабайы, көңіл бөлуге тұрмайды деп санағандықтан еді. Мыналарды қарашы, бесіктен белі шықпай жатып, ұлттарды бір-бірінен айырып, тани білуде деп сүйсіне таңырқап, іштей риза болып келеді.

Айналаны зерттемеу, қараңғыда қарманғанмен бірдей екен. Батыс мемлекеттері әлемді зерттеу арқылы, тез дамып, таңғажайыптар жасады. Өткен түнде Цянь-Цзюнь ауыр да болса, өте әділ айтты. Біздің сорымыз – жаңалықты, ғылымды, көршілерімізді танып білмеуде жатыпты-ау. Әлде бір нәрсені білгіміз келсе, бұдан бірнеше мың жыл бұрын жазылған жазбаларға жүгінеміз. Мына ұрпақ бұл жөнінен бізден озатынын танытқандай ма қалай деп тебіренді. Ұйғырларды жалқау, күдікшіл, тоң мойын деп арсыз ойын сабақтаған Жаң, ертеректе шыққан бір аңызды еске түсірді. Бұл оқиға Хотанда болған екен. Қала халқын орталық алаңға иіріп жинаған ұлық халықты жаңа ақшамен таныстырып:

– Уа, халайық! Мына жаңа ақшаны біліп қойыңдар. Анықтап танып алыңдар. Мынау – бір теңге, мынаны – бес, ал үлкенін – он теңге, – дейді. Сонда көпшіліктің арасынан біреуі тұрып:

– Әміріңе құлдық, тақсыр! Қалай ғана бір тал нәрсені он тал деп айтамыз. Бір нәрсе бір емес пе?! – дейді.

Талай алданып, запы болған жұрт бұл сөзді костай жөнелген.

– Дұрыс сөз. Бірді бір дейміз. Бірді қалай он демекпіз, – деп жарыса шулап айқайлаған.

Қаһарланған әмірші алғашқы сөйлеген адамды шақырып алып:

– Мынау бір теңге ме, әлде он теңге ме? Айт! – деп ақырады.

– Қолыңыздағы бір-ақ тал нәрсе ғой. Бірді бір демей, он деп қалай жалған айтайын? – десе

керек. Әмірші оның басын шабуға бұйырады да, ұғынғысы

келмегендердің барлығы да осылай жазаланатындығы құлактандырылып, тағы да қайталап түсіндіреді. Елдің түсінігін тексеру үшін, сұрап көрсе, жауапта өзгеріс жоқ.

– Уа, таксыр! Алла алдында қалай өтірік айт дейсіз? Мұндай күнәға бата алмаймыз, – деп безеріп тұр. Оның да басы шабылған. Сонымен түсіндіру, сұрап-тексеру тоқсан тоғыз рет қайталанады.

– «Бірді бір дейміз», – деген жауаптан тандыра алмайды. Токсан тоғыз адамның басы шабылып, жүзіншісі ортаға шақырылғанда, түсіндіру мен өлтіруден қалжырап, шаршаған әмірші:

– Бірді бір дей беріндер, өңкей көрсоқыр, тоңмойындар!.. – деп жүзінші адамды қоя беріпті.

Жаң: «Мұндай өлермен, бірбеткей халық дүниеде жоқ шығар. Айтқанынан қайтпайды-ау, бұлар», – деп күбірледі. Хаба-амбань қаладан шыққан соң, сактық шараларын жасады. Өйткені, ішкі өлкеден әр түрлі қылмыс жасап, жер аударылып келген қытайлар Шамбань аталып, қыстақтарда, қала төңірегіндегі жер кепелерде тұрып, әр түрлі жұмысқа жегілетін.

Туған жер, ел жұртынан еріксіз бөлініп, жат өлкеге айдалып келген сорлылар отырса опак, тұрса сопак күн кешіп, тағдыры тәлкек еді. Таусылмас тергеу мен андып, арбау жүйкелетіп, ығыр еткеннің сыртында, қуанышсыз да, атаусыз ауыр жұмыс тіршіліктің құнын бір тиынға бағалатып, ашындыра түскендіктен, олар бірнеше рет бүлік шығарғанды. Өткен жылы да көтеріліс жасамақ болыпты. Бірақ оның боларын күні бұрын біліп қалған Маньчжурлар он мыңдаған Шамбандарды қырып салған. Ол жазаға қыл аяғы, күл талқан болған кеселерді темір шегемен шегелеп, ерінбей жамап қалпына келтіретін асқан ұқыпты ісмерліктері де, кен қопаруға жұмсап жүрген су тегін күштері де, әсем де сәулетті құрылыстар салатын шеберліктері де ара түсе алмаған. Дарға асылып, өзенге тоғытылып, суға батырып жіберуден аман қалғандары тау-тасқа сіңіп кеткен болатын. Солардан жамандық күткен Хаба-амбань алдына салт атты

шолғыншылар жүргізіп, артынан қорғаушылар ертіп отыруды жөн көрген. Қорғаушылардың, құралайды көзге ататын мергендері ғана садақ алғаны болмаса, барлығы мылтықпен қаруланып еді. Бұлардың жолдарын Шамбандар да, қасқырлар да бөгеген жоқ. Ерен қабырға тауын бөктерлеп, Күншығысты бетке ұстап суыт жүріп келеді.

Аппак қар басып, көгілдір аспанмен астасқан Ерен-қабырға тауының заңғар шыңдарының қойнауларында өскен қалың қарағай орманының қара көк түсі, тап-таза, кіршіксіз аппак әлемде бөлекше ажармен көздің жауын алып келеді. Осынау өлкеде адамдар бірін бірі өлтіреді дегенге сену қиын. Дәл табаныңнан басталып, үн сәулесімен сансыз кішкене жұлдыздардай жылтылдап жатқан қар түйіршіктерінен шашыраған шұғыла көз қариды. Ол сонау тау жоталарына көтеріле барып тұтас әйнектей жарқырап жатыр. Бекеттерге аз кідіріп, аттарды жиі ауыстырған жүргіншілердің екпіні бөлек. Хаба-амбань өзін де, өзгені де аяр емес. «Жол мұраты - жету» деп, кезіккен қалаға кідірмей өте шықты. неде болса, алдағы бекетке барып жығылмақ. Аспан күңгірт тартып, айнала қызыл түспен сәт сайын құбылып барады. Көкжиекте дөңгеленген қан-қызыл күн «көп жылап, қанталаған қайғылы ананың көзі тәрізді». Жел біртіндеп күшейе түсіп, қарды суыра көтерген бұрқасынға ұласыпты. Шана табанынан естілген сықырдың да үні өзгеріп, шыңылтыр аяздың қатая түскенін хабарлағандай. Хаба-амбань ерте жарықта желдің қай бағыттан соғып тұрғанын анықтағысы келді. Алда-жалда адаса қалса, жолды бағдарлау үшін кәдеге жарары сөзсіз.

– Жел қай бағыттан соғып тұр? – деп сұрады ат айдаушы қалмақтан.

– Үнгірден.

Қашқардағы өткен жылғы көтерілісті басуға ішкі өлкеден әскер шақыртып, көмек ала алмаған билеуші, көтерілісті басу үшін іле әскеріне қоса қалмақтарды пайдаланып еді, содан бері оларға іші жылып, сеніммен қарай бастаған.

– Ау, Үнгір қай жакта?

Сенсең, Құлапарасын алқымдай бойлап алған оның аяз-

дан, желден кара күрең тартқан жүзін одан әрі қап-кара етіп көрсетіп келе жатқан мұртына қатқан сүнгі мұзды қолымен қағып, ат айдаушы қалмақ божысын жинақтай ұстап, бір тарихты көңілдене қозғады.

– Бұл жел алыста, өте алыста бір үңгірден шығады. Бүкіл ел жиналып, тоқсан өгіз сойып, соның терісімен Жел шығатын жердің тесігін бітеп, шегелеп тастамақ ниет жасапты. Бірақ, тері шегелеп жүрген ісмер соңғы теріге келгенде ерінген көрінеді. Өгіздің етіне тойып, енді боран соқпайды деп мәз-майрам боп қуанысқан ел, алысқа көп ұзамай-ақ аспанда қалқып ұшып бара жатқан өздері шегелеген терілерді көреді. Желді бітеп тастауға бір тері кемдік қылған екен. Амал бар ма, ерінбегенде жел мүлдем соқпаған болар еді, – деп әңгімесін бітірді. Бірақ бұл аңыздан желдің қай бағыттан соғатынын біле алмаған Жаң қаңылтақ шананы тоқтатып, өзі жерге түсіп жел бағытын анықтады да, жеделдете жүруді тапсырды. Боран күшейе түсті, киімдерді жұлқылап, қанша қымтанғанмен қойын- қонышқа суық ызғар болып ене бастады. Күймелі шананың болымсыз саңылауынан кірген жел, жақсы иленген, жұмсақ, бұлғары шатырды тырситып, кере түсуде. Сәт сайын үдеп, ұйытқи түскен боран қиыршық қармен бетті оскылай ұрып, көзді аштырмауға айналды. Аттардың үсті, жал-құйрығы жел үріп тықпалаған қардан көрінбейді. Олар да жүрісінен жаңылып ықтай береді. Ақтүтек көзге түртсе көргісіз кою қараңғылыққа ұласты. Енді аялдап жарықтың түсуін күтпесе, бұдан әрі жүре берудің мәні қалмағаны анық. Олар жарқабақтың ықтасын тұсын тандап тоқтады. Күймені аударардай жан-жағынан сабалаған боранның алуан түрлі ысқыра ұлыған, кейде ышқынып азынаған қорқынышты үніне құлақ түрген Жаңға ақ түтек мәңгі соғып тұратындай көрінді. Ол өзінің асығыс жүріспен, қалаға тоқтамай кеткеніне өкініп отыр.

– Кезекшілер ара-тұра мылтық атып тұрсын. Аттарды қасқыр жеп кетіп жүрер, – деп бұйырды.

Әлдебір түсініксіз үрей оның санасын билеп алған-ды. Пистолетін оңтайлы ұстап, жылы ішікке оранды да, күймені

кымтай жапкызып, жатып қалды. Сактанып, ұйықтамауға бекінсе де, – ұзақ жол шаршатыпты. Көзіне тығылған ұйқыны қуа алмай, талыксып жатып мызғып кеткен екен. Қай уақыт болғаны белгісіз, ояна келсе басы мең-зең болып, қол-аяғы мұздап қалған. Далада боран. Тез қыймылдап күйме есігін ашуы мұң екен, есікті қолынан жұлқи тартып, ақ тентек жел кеулей жөнелді. Таң атқан сияқты. Айналаға көз салып, адамдар қарасының азайып қалғанын аңғарғанда, тұла бойы секем ойдан дір ете қалды. Шолғаншы, атшы қалмақтардан бірде бірі жоқ.

– Апырау, бұл қалай?! Қашып кеткен бе? – деп ойлады да, олардың аттарын көріп – жоқ, үсіп қалған-ау, сірә – деп топшылады. Өз жорамасына көз жеткізу үшін көлеңкесіндей ілесіп жүрген көмекшесінен:

– Қалмақтар қайда? – деп сұрады.

Ол жар астындағы оппа қарды нұсқап:

– Ана жерде жатыр, – деді.

Жып-жылмағай қарға қарап, өз болжамының дұрыстығына көзі жеткен әмірші қалған адамдар тірі тұрғанда кимылдап қалу ойымен:

– Жүруге қамданыңдар – деп бұйырды.

Жөңкілген бұлттың сетінеген саңылауынан түскен жарық төңіректі шолуға боларлықтай етіп еді. Қысқа бұйрықтар қайталанып жатқанда, қар астынан буы бұрқырап, қалмақтар атып-атып тұрды. Өз көзіне өзі сенбей таңырқаған әмірші олардың қанжығаларынан ағаш сап таяқтарын шешіп алып, құрттарын қармен араластыра мығғылап езіп, сөлін сіміре бастағанын көрді де олардың жылқының майлы қазысын жей бастағанда:

– Мына жабайыларға дауа жоқ шығар – деп, шошына есінен тана жаздады.

Жалдас, аласа жілікті аттарына қалмақтар қарғып-қарғып мінген кезде, айнала жап-жарық болып, боран да бәсеңдеген сияқтанды. Жүргіншілер түнде аялдағаны өте орынды болған екен. Жолдан шығып, бірталай жерге лағып кетіпті. Жолаушылар алдағы бекетке тез жетіп, тілсіз жаудан аман-есен

сұтылғанына барынша қуанды, жылы үйде ыстық шай ішіп қан шақырды. Бұл кезде Хаба-амбанның аяқ-қолы мұздап, ші-бауыры қалтырап, мазасы кетіп отыр еді. Адамның жаны мұрнының ұшында дейтін. Отты үсті-үстіне жақтырып, қанды барынша қыздырғанмен тұмсық жылынар түрі жоқ. О. баста безгек болғандай қалшылдаған еді. Енді денесі күйіп-жанып, қаны басына теуіп тұр. Сырқаттың беті жаман. Жаңның көмекшісі емші балгер іздеп, әбігерге түскенмен, шағын бекеттен қайдан табылсын. Көрші бекеттерде де ондай білімді адамның жоқтығы анықталды. Амалы таусылған алар, емшілігі бар – деп әлдекімнің айтуымен, ат айдаушы қалмақты шақыртты. Емшінің жүрексініп, тартынғанына қараған жоқ. Ол кетіп бара жатқанда серіктері:

– Омыртқа, омыртқа... – деп ымдап сыбырласты.

Бұл науқастың омыртқасын опыр деп тапсыруы болатын. «Омыртқа опыру» қалмақ емшілерінің көп қолданатын емінің бір түрі еді. Тән азабын тарттырмау үшін, аурудың бөлінен опырып, жұлынын үзетін де, кең дүниеге сыймай жүрген мазасыз қу жанын тәңірге табыстап, мәңгі тыныштандыратын.

Емші Хаба-амбанды шешіндіріп, жон арқасын көрді. Одан тарыдай көк бөрткендерді тауып, сол дақтардан инемен іліп алған жіңішке тамырды өткір ұстарамен қия бастады.

– Ай-я, ай! – деп қатты ыңқылдаған Жаңның арқасында кап-қара қан дақтары пайда болды.

– Таксыр, ілме болған екен, – деп емші бақылап тұрған әміршінің көмекшісіне түсіндірді. Одан кейін Жаңның жон арқасы қарайғанша мыс жармақпен ысқылап, оның үстіне езілген у сарымсақтың сөлін жақты да, қолтығына, арқасына суық су бүркіп, ұшықтап болған соң, жылы орап жатқызып тастады.

Түн ортасында Хаба-амбань ағыл-тегіл терден ішкі киімдерін ауыстырды. Ертеңінде басын көтерді. Бір күннің ішінде азып, жүдеп қалыпты. Емші құрт езіп, қарандыз қайнатып ішкізді. Суықтың беті қайтқанша, мөлшері бір ай козғалмай жатуы керектігін түсіндірді. Жіпсіз байланған

Жаң көмекшісіне Қашқарға жедел аттануға бұйрық беруден басқа амалы қалмады.

Осы кезде емші серіктеріне:

– Наукас адамға қол көтеру, емшілік сертіме сай келмейді. Бел опыру сау адамға істелер іс қой, – деп, күбірлеп түсіндіріп жатты.

Шығыс Түркістанды уыста берік ұстаудың кепілі боларлықтай басқару ісіне жаңалықтар әкелер Хабамбанның жол-жорықтары Қашқарға 1859 жылы қаңтардың аяғында келіп жетті. Бұл бұйрық-нұсқаумен тұспа-тұс, Уәлихан қожа Қоканнан қашып шығып, келе жатыр екен – деген үрейлі хабар да дүңк ете түскен болатын.

Әкімдердің қорқынышы өз алдына, қала халқының үрейі ұшқан.

– Қожа келіп, тағы да басымызды шабады деңізші – деп, камыға түсті олар.

Уәлихан қожа билікті тартып алған өткен жылы, халыққа аз да болса жаксылық әкелгені сол, нашаға елтіп, жазықты-жазықсыз, үлкен-кіші, ер-әйел деп, талғамай, көңіліне алған адамдарды өлтіріп, қан қақсатып қара түнек күн тудырғаны сонша, бүкіл ел Маньчжур - Қытай өкіметін өлердей жек керсе де, олардың әскерлері тезірек келіп, құтырған қанішерден құтқарса екен, – деп тілеген болатын. Сол қанды балақ қайтып келсе, тағы да қанды қырғын, лаң болмағы анық. Қокандық билеушілердің нұсқауымен билікке ұмтылған кожалар діндік парызды, қандас туыстықты бетке ұстап, әлеуметтік теңдік, азаттық аңсаған Қашқар халқының қисынсыз қиянатқа, езушілікке қарсы ашу-ызасын пайдаланып, талай рет көтеріліс ұйымдастырған болатын. Ал, бұған дәстүрлі достықтағы өзбек, қырғыз, қазақ т.с.с. халықтар белсене қатысып, Қашқар еңбекшілерінің күресін қолдағанды. Көтеріліс ұлт-азаттық сипат алып, қаулай бастаған тұста оның басында жүрген Қокандық билеушілер Маньчжур үкіметінің сыйлықтарына сатылып, асқан опасыздықпен тайқып кететін де, тезірек басуға қара жүректілікпен ат салысушы еді: Ал, халық қырғын тауып, қан-қақсап қалатын.

1847 жылғы көтерілісте соғыста құрбан болғандарын есептемегенде, жиырма мың қашқарлық қоканға қашып бара жатып, тау ішінде үсіп өлді. Өткен жылы он бес мың көтерілісші өз отанынан еріксіз айырылып босып кетті.

Қокан билеушілерінің халық көтерілісін тез басуда сіңірген еңбегіне борыштар Маньчжур – Қытай үкіметі 1830 жылғы келісім бойынша, олардың Қашқарияда екінші үкімет ретінде билік жүргізуін заңдастырды да, қожаларды бақылап ұстауды міндеттеген болатын.

Қокандық билеушілер бұл өлкеде өз ықпалын нығайта түскісі немесе сыйлық алғысы келгенде, Қожаларды қокандата қоятын жымысқы әдет те тапқан. Бірақ онысы Қашқар еңбекші халқының ғасырлар бойы арылмай келе жатқан сор-азабын, қайғы-қасіретін ауырлата түсетін. Халық мүддесі үшін жасалмаған көтерілістен кейін қаншама мың қашқарлықтар өмірлерінен, туған жерінен, дүние-мүліктерінен еріксіз айырылып жататын зұлмат күндердің ең ауыры өткен жылы болды. Уәлихан қожа жүгенсіз жауыздық пен қатыгездік жөнінен бұрын-соңғы қанды балақтардың бәрінен асып түсті. Халықтың зәре-құты қашуы осыдан.

Алда-жалда бүлік шыға қалған күнде бас сауғалауға жол қалдырмаған жаңа заң, жергілікті әкімдерді аяғынан тік көтеріп тұрғызды. Олар сенімді түрде, шошынған халықтың қолына қару ұстатып, жасақтар құрып жатыр. Қала қорғанының мұнарасына қарауылдар қойып, қақпаларда тұратын күзет күшейтілді, атты сақшылар көшелерді шарлап, бақылаушы отрядтар шекараны шолып, тыным таппайтын болды.

Халықтың бір жерге топталып жиналуына тыйым салынды. Яң Ли-пин бастаған бір топ сайдың тасындай іріктелген жансыздар Қоканның өзіне аттанып, қожалардың іс-әрекетін тікелей бақылауға алуға жүріп кетпек: Осы бір қарбалас күндер, Мұсабайдың керуенін тексеріп бақылауды ұмыттыра алмағанмен орыс офицерін танитын қырғызды тауып әкелу керек деген жоспардан лажсыз бас тартқызды.

Алдағы іс-қимылды үйлестіретін құпия жиналыста:

– Егер керуен мүшелерінің ішінде орыс бары рас болса, несіне бас қатырамыз. Мына дүрбелеңді пайдаланып, бөліп-жармай-ақ, біреуін де тірі жібермесек, соның ішінде іздегеніміз де бірге кетпей ме? Сыбағасын алған оның да, біздің де жанымыз жай таппай ма, – деп ашынды Яң Ли-пин. Бұған Хакімбек:

– Олай етуге әсте болмайды, онсыз да кетеуі кеткелі тұрған жағдайда, Қокандықтармен біржола кетісуге тура келеді. Өйткені сауда олардың ісі. Керуен аты Семейден келді демесе, оның иелері қокандықтар. Қокан хандығының сауда және саяси өкілі Нұрмағамбет датқа кепілдік беріп, қанатының астына алуда. Ал, Қашқардың тең жартысы керуен бастығы Мұсабай мен Әлімбайдың туған-туыс, дос-жарандары, олардың барлығы да инатты, қадірлі адамдар. Мысалы Найманбай, Сағатай, Асанжан және Қорылар. Оның үстіне Әлімбайдың қайынжұрты да осал емес, ықпалды, бай адамдар. Бұл пәлелерді шапка түртіп неміз бар, істі насырға шаптырып алармыз, – деп, қарсы ниетін дәлелдеді.

– Қокандықтар біздің дабылымызға неге құлақ асып, неге тексеру ісін жүргізбейді? Оларға былтыр күзден бері аз айтылған жоқ.

– Қарағым-ау, қокандықтар ай қарап жүр дейсің бе? Қала сыртындағы керуеннің бақташыларын кеше ғана тексеріп, жақын қыстақтарды тінтіп қайтты. Ешбір дерек таба алмаған, – деп Хакімбек Ян Ли-пинға жауап берді. Осы кезде Хаба-амбанның орнындағы көмекшісі сөйлеп кетті.

– Рас-ау, қазіргі қокандық Нұрмағамбет датқа өзінен бұрынғыларға қарағанда жұмысына ұқыптылығымен, әрі жоғары білім, мәдениеттілігімен бізге ұнады. Соның әсерінен, оның Уәлихан қожаның көтерілісіне мыңбасы болып қатысқанын ұмытуға айналдық. Түс шайысып қайтеміз. Бұл сыбыс әуел баста қырғыздардан шықты. Егер айтқандары шын болса, олардың арасынан орыс жансызын көріп-танитындар табылмақ.

Міне, қақпанды керуеннің қайтар жолына құру керек. Бұл

– жансызды кокан колымен жойындар деген нұсқауға да сай келеді. Керуен кашан кері қайтпақ екен?

– Олар саудаларын бітірді. Қайтуға рұқсат қағаз сұрап жатыр, – деді Хакімбек.

– Ендеше, рұқсат қағаз бір айға кешіктірілсін. Осы аралықта Ян Ли-пин бастаған қожаларды

бақылауға алатын топ керуеннің жүретін жолына қақпан да құратын болсын. Ал, кокандық ақсақалға амбань арнайы жолығып, тағы да тапсырғаны жөн. Мүмкін, олар сәтін түсіріп қалар, – деп Хаба-амбанның көмекшісі сөзді түйіндеді.

1858 жылы 25 қараша күні Қашқарға тағайындалған кокандық ақсақал Нұрмағамбет бұрын да осы қалада датқалық қызмет атқарған болатын. Көтеріліс кезінде мыңбасы болды. Оның хан сарайындағы шені – түрлі салтанатты мерекелер мен тойларда тәртіп пен дәстүрлік салттың ресімдерінің орындалуын бақылап, қадағалайтын Есік ағасы еді. Көпті көрген, жергілікті халықтың сыр-сипатына қанық адам.

Бұл дүниеде өздерін бәрінен жоғары деп санайтын шала сауатты надандардың көбіне тән дағдысына бағып, өз әдетінен өзгенің бәрін жақтырмай мінеп, ұялмай иянатап отыратын жерлестеріндей емес-ті. Еңбекқор, бауырмал, жарқын мінезді кашқарлықтарды дінсіз, қорқақ, азғын деп қорламайтын. Керісінше кішіпейілділік көрсетіп, арызармандарын ыждағатпен тыңдап, қамқор көңіл, жанашырлық танытатын. Өзінен бұрынғы датқалар сияқты сыныққа сылтау іздеп, жергілікті әкімдерді соққыға жығып, дау-жанжал ұйымдастырып, оларды күшпен ықтыру тәсіліне бармай Хакімбек пен жергілікті әкімдерге сый беріп, сый алып, қалыпты достық қатынас орнатты, тіпті қытайлардың жаңа жылында Амбанға сыйлықтар жіберді. Міне, осының бәрі датқаның абырой-беделін көтеріп, ықпалын арттыра түскен-ді.

Сыйластықтың нәзік пердесін жыртқысы келмеген кашқар амбаны бүгін датқаның өзі іздеп келді. Хаба-амбанның дұғай сәлемін жеткізіп, амандық-саулық біліскен соң;

– Семейден келген керуеншілердің арасында орыс тыңшысы бар екен деген хабарды күзден

бері естіп келеміз, соның анық-қанығына жеттіңіздер ме? – деп сұрады.

– Сірә, бұл әңгіме еріккеннің ойынан шыққан өсек пе, әлде орыс жансызының белгісін білмегендіктен бе, әйтеуір анықтай алмай қойдық, – деп жауап берді датқа.

– «Жел соқпаса, шөптің басы қимылдамайды» депті білетіндер, қапы қалып жүрмелік. Ал, белгісіне келсек, қырғыздардың айтуынша, темір төсекте ұйықтайтын көрінеді деген Амбань сөзіне Нұрмағамбет датқаның іштей жымиғаны шот маңдайлы бидай өңінен білінбеді.

Сол темір төсекті керуен бастығы, ескі досы Мұсабай сыйға тартқандықтан онда датқаның өзі жатып жүрген-ді.

– Сіздер де, біз де бұл керуенді аз тексерген жоқпыз, бірақ ілік таба алмадық-ау.

– Біз тағы да хабар алып отырмыз. Мұқият тексерсеңіздер екен, – деді Амбань.

Бастықтың өтінгені – бұйырғаны. Бұйырып отыр. Іштей шамырқанған датқаның қою қара қасы керіліп:

– Бұл зәрлі сөз бұқаралықтардың қастандықпен әдейі шығарып жүрген өсегі емес пе екен?

Осыған көңіл бөлдіңіздер ме? Олар бізге бағынғысы келмей, қарсы топ құрғаны сізге мәлім. Сол топтың басшыларын тұтқындап әкеп беріңіздер деген өтінішімізді сөзбұйдаға салып орындамай келулеріңіздің себебін түсінбедік, – деді сәл сүйірлеу, қыр мұрынды, ат жақты, жалпы парсыларға келетін бет әлпетін ажарлап тұрған, ағы мен қарасы айқын шаралы көзі шоқтай жайнаған датқа амбаньға тесіле қарады.

Уәлихан қожа бастаған көтерілісті басуға қатысып, сол арқылы Маньчжур өкіметінің ықыласын түсірген Яркенттегі бұқаралық саудагерлер өз бетінше датқасайлап алып, Қашқар датқасына бағынғысы келмейтіндігі Нұрмағамбет ақсақалдың намысына тиіп, ызаландырып жүрген-ді. Мұндай оқиға бұрын да болған. Алтыншаһар жеріндегі шетелдіктердің барлығы 1830 жылғы келісім бойынша

қокандық ақсақалға бағынатын болған еді. Осы шартқа мойынсұнғысы келмегендер қашқарлық датканың қатал талап етуімен, жаяу айдалып, қокандықтар қолына табысталатын. Ал, бұл жолы жергілікті үкімет әр түрлі сылтауды көлденең тартып, сөзбұйдаға салып келеді. Осы құпияның бетін ашар Нұрмағамбет ақсақалдың сұрауына амбань:

– Айтқаныңыз жөн. Біз қашанда келісім шарттың әрбір тармақтарына адалмыз. Уәлихан қожаның Қоканнан қашып шығуы дүрбелең тудырып, әбігерге түсіргенін көріп отырмыз. Әйтпесе, баяғыда орындалатын іс қой. Сөзсіз орындаймыз, – деді.

Келісім шарт бойынша қожаларды тапжылтпай ұстап, бақылауға алу қокандықтардың міндеті болатын. Осы міндеттерді адал орындамай, келісім шартын бұзып, қаншама әуреге түсірдіндер деген наразылығын жанамалай білдірген амбань шын жүректен шықпаған көңіл жықпас жауабын ұсынды. Осыны анық ұққан датқа салалы саусақтарымен сакалын жұлардай тарап, істің басын біржола ашып алғысы келді де:

– Сіздердің уәделеріңіз көңілге медеу екені рас, дегенмен, нақты іске қашан кірісетіндіктеріңізді білуге болар ма екен? – деп тақымдай түсті.

– Нақты жауабын Хакімбекпен ақылдасып берейін. Бірақ орыс тыңшысы туралы хабар бұқаралықтардан емес, әу баста қырғыздардан келді. Кейіннен басқа керуендер бұл сыбыстың растығын қуаттады. Бұған ендігі жерде шүбәлануға орын жоқ.

Амбанның бұқаралықтарды қорғаштай сөйлеген сырғытпа жауабы датканын ашу-ызасын келтірсе де, білім мен мәдениеттіліктің сыртқы белгісі болып саналатын сыпайыгершіліктен аттамай:

– Адамдар аяқпен емес, ауызбен жүретін болды ғой. Екі дүниеде: жазықсыз жандарға жала жапқаннан ауыр күнә жоқ. Алла тағала ондай жүзіқаралықты кешірмейді. Біз аныққанығына жетеміз. Сіздер де ақылдасқан жауаптарыңызды кешіктірмессіздер деп сенемін, – деді.

Нұрмағамбет датқа көтеріліске шын берілген, небір боздақты, жазықсыз адамдарды Уәлихан қожа орынсыз күдіктеніп зұлымдықпен өлтіргенін, кесілген бастардан төбе тұрғызғанын көзімен көрген-ді. Мыңбасы болып жүрген бейкүнә өзін де, інісі Сүлейменқұлды да қапасқа қамап өлтірмекші еді, ағайын-туыстары, қожаға мол сыйлық ұсынып, зорға құтқарып алған болатын. Сол бір тозақ күндер оның көңілінде мәңгі шегеленіп қалған. Сондықтан жазықсыз жалаға, орынсыз күдікке жаны қас. Дегенмен, бұл оның қырағылығын кемітсе де, сақтығын ұмыттырған жоқ. Керуен бастығы Мұсабаймен арадағы ертеден келе жатқан таныстығы, достық қатынасы, қала сыртындағы бакташыларды тексеріп, таяу қыстақтарды тінтуге кедергі келтірмеді. Сөйтсе де, қас жаулық танытқан бұқаралық саудагерлердің осы керуен арқылы мұның абыройын төгіп, өз мақсаттарына жетпекші құйтырқы амалы шығар деген секем ой оны шырмап алған болатын.

Амбань датқаның ауласынан шыға бере, Әлімбаймен кездесіп қалды. Ресми тәртіпті сақтаған қысқа салқын сәлемдесу ғана болды. Қоқандық билеушілер Маньчжур өкіметінің сыйлықтарын қуана алып, әдептен аттап, жасырмай-ақ «капур» деп, кемсітіп отыратын болғандықтан, соңғы кезде келіссөзді жергілікті әкімдер жүргізетін еді. Осы әдетті бұзып, Амбанның өзі келуі Әлімбайдың назарын аударды. Амбанның бітіктеу сұғанак көзі Әлімбайды тез шолып өтті. Маньчжур - қытайда кездесіп, дидарласқан таныс, сыйлас адамдардың ең бірінші сәлемі «Тамақ іштіңіз бе?» деп сұраудан басталады. Бұл, сірә, ашаршылықтың зардабы өткендіктен бе, әлде «ас - адамның арқауы» деген қамқорлықтан ба немесе «аштан ақыл сұрама» деген ұғымынан ба, әйтеуір асқазанды тексеру. бізше сәлем беріп, аман-саулықты сұраудың орнына жүреді. Содан болар, адамның қарны ақыл қоймасы саналып, құрсағы неғұрлым қомақты жуан болып келсе, соғұрлым ақылды деп есептеледі. Осы ұғымға бағып, кейбір бақылаушы-андушылар іші қабысқан, жадау Әлімбайды көзге ілгісі кел-

мей, «Біз қауіптенерліктей мұнда қанша ми бар ғой дейсін», – деп сайқымазақ етіп күлісетін. Осы күлкіні естіген Амбань жас саудагер баланың қаладағы ең жоғары инабатты топтардан бастап, жанкешті құмарпаздарына дейінгі төмен қауымдармен еркін араласып жүре беретін талғамсыздығын біліп, андушылар болжамының дұрыстығына іштей иланып еді.

Шокан Шығыс Түркістандағы барлық әлеуметтік топтармен жиі араласуы аркасында ғана бар-жоғы бес ай қысқа уақыттың ішінде теңдесі жоқ бағалы ғылыми еңбекке материал жинап үлгерді. Ертедегі мәдениетті ел болған, Орта Азиядағы көптеген мемлекеттер сияқты, бір кездері гүл жайнаған Қашқарияның күйреу себебі неде? Құлазыған дала сияқты болып қалуы қалай? Өздерінің қандас туыстары кыргыз, өзбек, казактарға қарағанда, бет-бейнесі жағынан үнді-парсылық түр, өзгеріске күшті ұшырағанына карамай, түркі тілінің бір бұтағы – ұйғыр тілінде сөйлейтін, бұл елдің лингвисти- қасы, тарихы, этнографиясы, географиясы, музыкасы, әдебиеті, өнері қандай деген сан-салалы зерттеумен шектеліп қалмай, өлкенің саяси күресіне көбірек көңіл бөлді. Ислам дінінің қалай тарап, орныққанын діннің жалпы рөлін, кожалар билеп-төстеген ұйғыр қоғамын, маньчжурлар орнатқан кандыбалақ тәртіп, еңбекшілердің мүсәпірлік жағдайы, не керек, барлығы қырандай шолған қырағы көзден таса қалмады. Музыкасы бүкіл Орта Азияға қадірлі ұйғырлар өздерінің ұлттық намысын, елдігін қорғап ұлттық дәстүрін, көне мәдениетін, тілін сақтап келе жатқан отаншылдығы сүйсіндірді. Әрине, мұның барлығын айтып жеткізу мүмкін емес. Осынау ұлан-ғайыр материалды жағдайының қауіптілігіне байланысты жадында сақтап келіп, қағазға түсіргенде, шашау шығармағаны таң қаларлық. Қолжазба күйінде даңқы тарап, оны оқуға ынтыққан Россия оқырмандарын кезекке тұрғызған бұл еңбек, әлемдік ғылымға қосылған теңдесі жоқ үлес деп бағаланып, көп ұзамай-ақ неміс, ағылшын, француз тіліне аударылды. Сәт сайын ажал аңдыған киын жағдайда жүріп, 22 жасар

жас өрім Шоқанның қайталанбас ғажайып ғылыми және азаматтық ерлігінің жемісі адамзат игілігіне айналды. Ол айтса нанғысыз аз уақытта, тек Шығыс Түркістанды ғана емес, Азиялық мемлекеттер халқының тарихын, өмірін, саяси құрылымын, әлеуметтік жағдайын зерттеп, ерекше құбылыс болып қалды. Мұның сыры неде? Оны төрт жасында хат танып, алты жасында қыпшақ ақыны Жұмағұлдан «Едіге» жырын жазып алған Шоқанның жеке басының ерен қасиетіне ғана байланыстыру қиянат болар еді. Мұның негізгі себебі теориялық білімінің молдығы мен ауқымдылығында болатын.

Білім оған айналаны қырандай тез шолуына көмектесті. Халықтың аңыз, ертектерін шоқиып отырып, жалықпай тыңдап, Шоқан атанған Мұхаметқанафия халықтың өлең-жырларын, сазды күйлерін ыждағатпен көңіл қойып тыңдап, алғашқы білімді, өнегені, халықты сүюді, мейір, махаббаты ана сүтімен бойына сіңірді. Халықты шексіз сүю, оның мәртебесін көтеріп, пайда келтірсем деген перзенттік борыш сезімі – орыс жылнамасын, қытай тарихын, араб, шағатай жазбаларын талмай оқуына және ерінбей зерделеп тоқуына берік тұғыр болды. Ал, орыс мәдениеті мен ғылымы Шоқанды әлемдік ғылымның аспанына жарқыратып шығарды да болашақпен мәңгі жалғастырды. Нұрмағамбет ақсақалға сәлем берген Әлімбай түскі асқа шақыра келгенін хабарлады. Қашқардағы қалыптасқан әскери жағдайға байланысты күн батып, қараңғы түсісімен көшеде жүріп-тұруға тиым салынғандықтан жақын, сыйлас адамдар пәледен қашып, күндіз жиналатын болып еді.

Көбінде өз міндетін інісі Сүлейменқұлға тапсырып, тойдуман, салиқалы маслихаттан қалмайтын, еліткіш сусындарды жаны сүйетін, сауықшыл датқа Әлімбайдың қонаққа шақырғанын естігенде жабырқау қалпын тез ұмытып, жайнап кетті де:

- Мұсабай әпенді бола ма? – деп сұрады.
- Әрине, – деді Әлімбай. – Жан досыңызды сізден бөлуге болмайды ғой.

– Алла риза болсын. Сауда-саттықтарын қалай жүріп жатыр?

– Біз алатын заттарымызды толық алып болдық. Қайтуға дайынбыз. Қалай екені түсініксіз, жергілікті үкімет рұқсат қағаз бермей кешіктіруде, сылтаулары таусылмай-ақ қойды.

– Бұл доңыздардың сауда керуенін бөгеуге қакылары жоқ. Неге маған айтпағансыздар, бергіземін. Бірақ өзіңнің қайын атаң келіп, бір тілек айтып кетті. Күйеу балам біржола қалсын, айтып көндіріңіз, барлық байлығым соныкі-ақ болсын. Хакімбекпен де келісіп, уәдесін алдым, бектік қызмет бермек. Шанырағын шайқалтып қайда барады дейді. Сіз бұған не дейсіз? Қалсаң, досың Сүлейменқұлдан кем көрмеймін, – деді ақсақал.

Өткен күзде Шокан Қашқарға келгенде, түрмеден босанған Сүлейменқұлдың халі ауыр болатын. Әңгіме құмар Шокан онымен тез тіл табысып, достасып қолұшын бергенді. Көп өтпей-ақ ағасы Нұрмағамбет Қоканнан датқалық қызметке тағайындалып келгенде, оның мәртебесі бір-ақ күнде аспанға көтеріліп шыға келген еді. Шоканның онымен достығы кәдеге жарап, датқа інісіндей көріп кеткені рас.

– Атамның көңіліне ашқалла¹. Бауыр басып қалған ел-жұрттан, туған-туыстан кету маған да оңай емес. Бірақ барлық қаражатыма заттар сатып алып қойдым, оны саудаламасам күйіп кетеді ғой, «күлшелі бала сүйкімді» деген сөз де бар. Келген жағымда да көп байлығым қалды, ие болар ешкім жоқ. Ең бастысы: апа-қарындастарыма қайтып келемін деп Алла атымен ант етіп едім. Олар зарығып күтуде. Дәм тартса, Алла тағала көрісуді жазса қайтып оралармын. Бізге жасаған бір шапағатыңыз болсын, Гүлімді ала кетсем деген ойда жүрмін, ата-анасынан, үкімет орнынан рұқсат алып берсеңіз, өмір бойы борыштар болар едік, – деді Әлімбай. Ол Нұрмағамбет датқаға адамның анасының жалғыздығындай Отаны да тек біреу екендігін, анасындай ардақты да, қасиетті оның жолына байлығын да, мансабын да, тіпті өмірін де құрбан етуге әзірлігін айта алмады.

Нұрмағамбет ақсақал ұзақ ойланып:

– Үйленген шет елдікке Қашқардан әйелін алып кетуге заң жүзінде тиым салынған. Оның үстіне Гүлім – атанның көз нұрындай көретін жалғыз сүйікті қызы. Өзінді кетпес деп сеніп, беріп қалды ғой. Жібере қоймас, сыйлыққа сатып ала алмаймыз. Олар малға емес, басқа зар. Өте қиынға жұмсап отырсың, жас досым, – деді.

Көтерілістерде көрсеткен ерліктері ментабандылықтарына қарамай, данғой, батырлық, мақтаншақтық пен әсілі көзге түспейтін жұмсақ мінезді қашқарлықтарда көп әйел алушылық атымен жоқ, сондай-ақ діндік фанатизмнен де ада даралығымен қатар, қандас туыстарынан көптеген өзгешелігі бар еді. Ғасырлар бойы бастарынан арылмай келе жатқан құлдық азабы мен зорлық-зомбылық, әділетсіздікті өткерсе де, мұқалмай, әйелдерге еркіндік беріп, сыйлап қадірлейтін және аяулы қыздарының атын ардақтап тарихта қалдырып отырған ел көлденең көк аттыға аруларын ілестіре қоймасын Шоқан білсе де, Гүлімнің қалтқысыз адал жүрегіне сенгендіктен, алып кетуден үмітті болатын. Әлімбай үйіне қайтып келе жатып, бір топ қарулы жасақтарға кездесті де, олардың арасында жүрген жүзтаныстармен шүйіркелесе кетті.

– Ау, отыз ұл, жүрістеріне жол болсын.

– Уай, вай, Қожам келе жатыр, – деп, бектер қуалап шығарды ғой. Не ойлайды екен? Қожам келе қалса, біз оған қарсы қару жұмсаймыз ба? Алла сақтасын, кім қожаға қол көтермек, – деп есіп жатыр. Осындай ағынан жарылған әңгімелерді түйіндей келіп, талай сорлап қалғанына қарамай, қашқарлықтар болашақта да қожалардың артынан еруге әзір деп білді. Маньчжур Үкімет басшыларынан бастап, жәй әскеріне дейін, жергілікті үкіметтің сансыз бектері мен қашқар және қоқан дін басылары молла ахундардың тегін азық-түлікпен қамтамасыз етіп, ақысыз жұмыстарын істейтін меншікті адамдары, дихандары бар.

Осы басыбайлық, ауыр алым-салық, «зекет», зорлық-зомбылық тұралатқан халықтың ашынуы болашақ көтерілістің басты себебі екенін анықтаған Шоқан оның

басында Бұзырықхан кожа болатынын асқан көрегендікпен болжап айтты. Бұл болжамның дұрыстығын 1864 жылғы көтеріліс көрсетті де.

Ағылшын бастаған батыс мемлекеттерінің қолдап, қуаттауымен Қырым соғысында жеңіске жеткен Түркия, Россия үшін ауыр да, тиімсіз Париж бітімін (1856 жыл, наурыз) жасатқан болатын. Сол күйініштен император Николай мерт болды. Осыдан аузы күйген патша үкіметі оңтүстікте ағылшындар пайда болуынан қауіптеніп, Шығыс Түркістандағы көтерілісті олар ұйымдастырып, пайдаланып кетпей ме? Россия мүддесіне төнер қауіптің шамасы қаншалық деген күдікті сұрақтардың жауабын анықтауды Шоқанға жүктеп, сеніп тапсырған еді. Мұны да Шоқан толық, дәлдікпен анықтады. Россия дүрлігерліктей ештеңе жоқ. Оңтүстіктен ағылшындар қауіп төндірмейді. Ал, Россия Шығыс Түркістанмен сауда қатынасын жолға қойса, екі жақтың халқына да пайдалы болмақ деп бейбіт, ынтымақты өмірге шақырды.

Немістің талантты ғалымы Адольф Шлагинтвейттің Уәлихан кожаның қолынан қайғылы қазаға ұшырағанын анықтап, біліп, оны марқұмның туған-туыстарына, жолдас-жораларына, ғылым сүйер қауымға естірткен де Шоқан болды.

Өз халқын, Россияны және бүкіл адамзатты сүйген, мейірге толы жүрегі қуат берген Шоқан, әркүні бір жылға пара-пар ми мен жүрекке, ақыл мен парасатқа, ой мен қиялға түсетін теңдесі жоқ салмаққа төтеп беріп, тарихи ерен ерлік жасады. Қауіп-қатердің артуына байланысты ғылыми жұмысын одан әрі жалғастыру мүмкіндігі болмаған ол, туған жерге деген ынтызар сағынышпен 1859 жылы 11-наурыз күні Қашқардан аттанды.

1859 жылы 7 наурыз күні Семей керуені Қашқар қаласынан аттанып кеткен еді. Қалада бөгеліп қалған Мұсабай мен Шоқан керуенді қуып жету үшін Нұрмағамбет датканың үйінен шыққанда, қоштасуға жиналған халық көп болды. Дәм-тұздас, мәслихаттас болған олар, кимас

көңілмен сәт сапар тілеп, әйелдер жағы көз жасына ие бола алмай, көңілді босатты. Шоқан балалық шағын еске алып, тебіреніп кетті. Жыл сайын жазғы демалыстан Омбыға оқуға аттанғанда ауылдағы ер-әйел, дос-жарандар осылай шығарып салушы еді.

Құла жорғасына мінген Нұрмағамбет ақсақал қала сыртына дейін шығарып салып, сәт сапар тілеп, қош айтысты.

Аспанда шөкім бұлт жоқ. Күн шуағымен жайнап, қаулап өскен көк шөптер төңіректі құлпыртып жіберіпті: «Ләйлі қазақ» деп аталатын қызғалдақ гүлдер қыр төсін қызыл бояумен ажарлай түскен.

– Теректі асуы арқылы қайтамыз – деген Мұсабайға жергілікті үкімет шекаралық Ислық бекеті арқылы өтетін рұқсат қағаз берген еді. Керуен бастығы талай рет айтып келе жатқан шешімін дәл жүрерде, аяқ астынан өзгертіп Құртқа бекінісі арқылы жүретін болғанда, рұқсат қағазды өзгерту кеш болды. Соның кесірінен керуеннің жолы біраз ұзарып тұр.

Керуен бағытының тұткиыл өзгеруін ешкім де көз алдау деп түсінген жоқ. Өйткені, тілге тиек еткен себеп өте орынды.

– Теректі асуын әлі қар басып жатыр, – десті. Ал, Мұсабай мен Шоқан жолдың айналып жүрер ұзақтығына карамай, тікелей қоканға бет алу арқылы, сондарынан калмай койған күдікті сейілтіп, Теректі жақтан тосып жатуы мүмкін тосқауылдарды айналып өтеміз, – деп ойлады. Оның үстіне жаңа жерлерді көре жүрген де жаксы; Ең бастысы – Құртқа бекінісінің бегі Нұрмағамбет ақсақалдың ескі досы болғандыктан, жол қауіпсіз болады, – деп ұйғарды. Нұрмағамбет датқа осы керуенді Құртқа бекінісіне дейін шығарып салуды түбі сібірлік қазақ Токтарға жүктеп, ал ол арқылы Құртқа бегі ескі досы Мамыразаққа сыйлық және хат беріп жіберді. Бұл хатта керуенге үлкен сенім көрсетіліп, достары ретінде қабылдауын және қауіпсіздігіне бас-көз болуын өтінген екен.

Токтар – Жәңгір кожадан (1825 жыл) бастап, одан бергі

барлық қожалар бастаған көтерілістерге қатысқан қарт жауынгер. Өткен жылы Уәлихан қожа Қашқарды билеп тұрған тұста сарай күзетшілерінің бастығы болыпты. Шабуыл кездерінде шыбын жанын шүберекке түйіп, қол басқарғаны да бар. Ол қожаларға берілген фанатиктің нақ өзі болып шықты.

Осы сияқты, құс қанаты талар Сібірден бұл шалғай өлкеге қашып келіп, паналап жүрген қазақ-орыс та, Шоқанды таңтамаша қалдырды. Ол адамның басы Алланың добы деп білетін отандастарының ұғымына бағып бұл доптардың қайдан, қайтіп домалап келгенін қанша білгісі келіп қызықса да, өзін-өзі тежеп қалды. Саяси тұрақсыздық пен әлеуметтік теңсіздік қаншама тұралатса да, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан құлдық азабына қарамай, ғажайып төзімді де әміршең Қашқар халқы, кім болса, ол болсын, қасірет шеккендерге асқан сезімтал мейірбандықпен бауырмалдық көрсететін. Соны білетін Шокан шет жерде көзіне оттай басылған отандастарының халы елден өзгеше емес екенін аңғарды да, үндемеді. Ұстамдылық жөнінен ол өз бабасы Абылайханды өнеге ететін. Оның өмірі мен іс-қимылы көкейінен кеткен емес. Шокан асқан ұстамдылығын тергеутексеруде де, Гүліммен қоштасу сәтінде де көрсете алды. Жаны жарасқан жарын, ұрпағын жат, соқтықпалы, соқпақсыз жерде қалдыру мейірімді жүрекке қаншалық ауыр екенін түсінудің қиындығы жоқ шығар.

Пайдалы ақыл-кеңестері мен стратегиялық айдалары да-нышпан атандырған Абылайханның бала жандылығы жайында өнегелі әңгіме аз емес.

...Бір жорықта шырылдап жұртта қалған жалғыз балаға жолығып, оны артына мінгестіріп алып қайтқан Абылай:

– Бұл да менің балам болсын, алаламандар, – деп табыстап, жауының баласын өз ұлдарының қатарына қосқанда, бір тілмар:

– Түйенің өзі түйе болғанда, құмалағы да түйе бола ма? – деген екен. Атам қазақ – балажан халық қой.

Жағалауында теректер өскен Тойын өзенінен өрлеп ке-

руен жүріп келеді. Табиғат ұйқысынан оянып, жасыл желек жамылып, айнала құлпыра жайнап тұр, күн мейірлене шуақ төгіп, қыр төсінде сағым ойнайды. Бұлтсыз аспанда құстар ұшып, олардың әндері өмірге құштар көңілмен жарасым табуда: көктемде жан-жануар ынтызар көзбен, айналасына мейірлене қарамақ. Шокан айналасындағы биік тауларға көз салып:

– Қашқарды үш жағынан қоршаған таудың адам қашына (қасына) ұқсауынан өлке аты шыкпадаы ма екен, – деп ойға батып келеді. Ад, ұйғыр тілінде ор, шұңқыр – деген мағынаны білдіретін «ғар» сөзі барлық түркі тілдерінде бар. тіпті ертедегі көне сөз деуге бола- ды. Қазақ тілінде «ғар» сөзі аңғар, заңғар, құзғар (кейіннен құзар) сияқты сөздердің құрамында сақталып қалған.

Шығысы Алтай – сауыр, солтүстігі Тарбағатай, оңтүстігі Еренхабырға, батысы Барлық Алатау қоршаған Жоңғарды ертеде Шоңғар (Үлкен ор немесе Үлкен шұңқыр) деп атауы әбден мүмкін-ау.

Қашқар, Ғышғар (керішті ор немесе керішті жар) сөзінен шығуы да ғажап емес – деген сияқты ой соңына ілескен Шокан, 17-наурыз күні Тарғат тоғайына түнеуге тоқтағанда, суыт жүрісті екі қокандық жауынгердің керуенге келіп қосылғанын көрді. Оның бірі Құртқа бегінің туысы да, екіншісі қырғыздың Чирик руындағы Қокан үкіметінің уәкілі – елбегі Асанбай екен. Олардыңінтікілей қараған сұғанақ көздері мен қисынсыз сөздері азиялық құмарлықтан асып түсіп, тегін адам емес екендіктерін тез-ақ аңғартты.

Керуен ертенінде өз сапарын әрі қарай жалғастырды. Жоғары көтерілген сайын тау іші салқын тартып, әлі ерімеген ойдым-ойдым қарлар кездесті. Өзеннің мұзы қаз-қалпында жатыр: Керуен биікке көтерілгенде, ауа күрт суытты. Мұнын үстіне қар басып жатқан жолдың қия, құлама тұстарын аршып отырудың михнат азабы қосылды; жаратылысынан қағылез, басқанын ауыртпалығын бөлісіп, қолұшын беруге қашанда дайын жүретін, еңбекті, еңбекші халықты ардақ тұтқан аяулы Шокан бұл жұмыстан қалыс қалған жоқ.

Жасөспірім шағын жалшылықта өткізген Абылай ханның еңбекқорлығы туралы өнегелі әңгімелер аз емес. Патша үкіметінен егін салуды үйрететін мамандар сұратқаны жұртқа мәлім. Егер аңыз рас болса жауынды күні ерте тұрған Абылайдың бір баласы қойға ере алмай калып, дірілдеп тонып тұрған қозыны көтеріп үйге әкеле жатады. Мұны көріп тұрған Шал ақын:

Өлеңге тоқтамайды шал дегенің,
Қойға пана болмайды тал дегенің.
Жалаң аяқ, жалаңбас тоқты арқалап,
Хан ата, қалай екен мал дегенің? –

деп, езу тарттырар өлеңге қосса осы өленді баласына қимай Абылайханға теліген жұрт өздеріне етене жақын тартып сол бейнесінің бір сәтін асқан шыншыл дәлдікпен көрсету арқылы еңбектің оған жат болмағанын алға тартпай ма, Шоканның ғылымдағы және өмірдегі ғажайып ерлігінің бастау көзі еңбек сүйгіштік қасиетінде екені анық. Сол қасиеттерінің қалыптасуына халқымыздың еңбекшілдігі мен еңбекті азат ету жолындағы арман, тілегі шапағатын тигізбеді деп айта алмаймыз.

Көп азап көрген керуен жан-жағын тау қоршаған биіктегі «шатыр көл» деп аталатын қар жамылған көлдің аңғарына шықты. Мұнда аяз кәріне мінгені соншалық – мұндай суық тіпті қаңтар айында да Қашқарда болып көрмеген еді. Үскірік сай сүйектен өтеді: көтерілісте жеңіліс тауып, босқан он мыңдаған адамдардың аязға үсіп, сүйектері шашылған тұсы осы болса керек. Керуен көл бетімен және өзенді жапқан мұз үстімен жүріп отырып, Тасрабат тауына жетіп түнеді. Бұл таудың аты шатқалдан шыға берістегі Тасрабат дейтін ғимараттың атымен байланысты екен. Құлап, құлазып қалған осы құрылыс, ертеден шығысқа сапар шеккен керуендерге пана болсын деп, сауап үшін салынды. Бұл күнде қырғыздардың тәңірге табынып, құдай жолына құрбан шалатын қасиетті орнына айналған...

Бұл да болса, көңіл жұбатарлық. Ал, қазақтар болса ислам дінін қабылдамай тұрғанда салынған құрылыстар мен

ескерткіштерін тіпті туыстарын да, тарихын да дүмшенің азғырумен қалмақтарға еншілеп беріп, бәрінен безіп тынған. Керуеннің алдынан жол үшке айырылды.

– Атбасы алқабы арқылы жүретін жол Құртқа бекінісіне төте барады. Әрі жолы жақсы, – деді жолсерік болып келе жатқан жолаушы қырғыз, – жол-жөнекей Чирик руында боласыздар. Олар сіздерден Алматыға өтініш айтып жібермек.

– Не өтініш?

– Біздер орыстардың қол астына қарағымыз келеді, араларыңызда орыс адамы бар екенін

білеміз. Оны танитындар да бар. Қоқандар көрсетіп беріндер деп сонша жалынды. Біз ондайды білмейміз дестік. Сіздер біздің тілегімізді жеткізсін деп солай еттік. Егер уәде етсеңіздер керуендеріңізді сырттай қорғасамыз, – деп бар сырды ақтара салды.

Шокан Чирик руының жағдайын білді және күнделігіне былай деп жазды. «Чириктер өздерінің мекен-қоныстарына қарай екі бөлімге бөлінеді. Бірінші бөлімі – Атбасы мен Арпа және Аксай өзендерінің бойында, екінші бөлімі – Көкшал өзенінің бойында көшіп- қонып жүреді. Бірінші бөлімдегі әрбір рудың өз алдына бөлек көсемдері бар: Орыс би, сасық орыс, кенжес және Сарыжак дегендері солардың ішіндегі ең беделді көсемдері деп саналады. Екінші бөлімі Түрдеке деген бір ғана жоғары биге бағынады».

Чирик билерінің аттары Шоканды қызықтырды. Олардың Орыс аталуы қалай? Торғауыт ноянының қызы Абылайдың сегізінші әйелінің есімі Орыс еді. Орыс ханым – Абылайдың кенже ұлы Шаманың анасы.

Абылай ендігі шамам осы шығар, – деп айтыпты да, балаға Шама аты беріліпті. Шокан Шыңғыстау бөктеріндегі Шаған өзені бойында мекендейтін немере туыстары Арык (Досәлі) Тоқ, Қосым және Шама ұрпақтарының аулында болған кезінде, орыс есімінің жөнін сұрап білген-ді. Орыс – торғауытша көркем, сұлу деген сөз екен.

Чириктер де басқа қырғыздар сияқты Қоқан хандығына жылына екі рет салық төлейді. Бірінші жолы қырық бас мал-

дан бір бас, екінші рет елу бастан бір бас беруге міндетті. Бұдан басқа осы екі салықтың аралығында атаусыз жиналатыны қаншама. Оның үстіне Құртқа бекінісінде тұратын Қокан әскерлерін астықпен қамдап тұруға тиіс. Осы алым-салық тұралатқан Чириктер мен басқа туыстары бұдан құтылудың әр алуан жолын қарастырған көрінеді. Әуелі Іле бойына барып қазақтарды паналаған, бірақ, онда да Қокан хандығының құрығынан құтыла алмай және барымташы қазақтардан қысым көріп, ата-қоныстарына қайта оралыпты. Өз туыстары Әлімбек биік мансапқа жетіп, Қокан хандығында уәзір болғанда, алдағы жақсылықтан үмітті Чириктердің қуаныштарында шек болмаған. Барлық пәле Құртқа бекінісінде деп білген олар, Атбасы өзеніндегі өз қоныстарына Құртқаға тәуелсіз бекініс орнатуын ханнан сұратып, билерін жіберіпті.

Бірақ хан билердің басына әңгір-таяқ ойнатып, тілектерін қабылдамай тастаған. Енді, Чириктер адамша, ел болып өмір сүру үшін Россияның қол астына қараудан басқа жол қалмағанына көздері жетіп отыр. Тек діндік парызды бетке ұстап, әр алуан «зекет» деп аталатын таусылмас алым-салық талап етіп қылқылдамайтын, уәдесіне берік, әрі әділ орыстардың жақсылығын олардың қол астына қарайтын Сарбағыш, Бұғы рулары жеткізе дәріптеген екен. Ал, бұл рулардың тұрмыстары оңалып, байи бастаған тірлігінің өзі-ақ орыстардың абырой, атағын аспандатып тұр еді.

Керуен атбасы жолына түсе бергені сол еді, Асанбай елбегі шапқылап келіп:

– Бұл жолмен жүруге болмайды. Керуеннің басын былай бұр! – деп дауыстап, қаһарлана

бұйрық берді. Қара бұжыр өңінде қан қалмапты. Сұрланып кеткен, түп-түзу ғып сыза салған томпайып шыққан көздері танымастай ежірейе түсіпті. Түріктерге таңсық тәмпіш мұрны қусырылып, сирек мұрты қымтаған, қашанда ыржиып күлуге дайын ернінен тістері ақсия көрініп тұр. Ол жолсерік болып келе жатқан жолаушы қырғыздарды да ауылдарына жібермей:

– Құртқаға дейін бірге барасыздар, – деп әмір етті.

Жол-жөнекей жолаушы қырғыздарға кездескен керуен тонаудан қорқып, оларды ауылдарына жібермейтін және баратын жеріне дейін еріксіз ертіп апаратын әдет бұрыннан бар.

Қокан билеушілерінің май құюы мен өршіп отырған алауыздықтан қысқа күнде қырық рет қырқысатын, барым-таласып, қан төгісіп жататын қырғыздар керуен тонауды күнә санамайтын.

Керуен жиырма екінші наурыз күні Осман аулының жанына тоқтап шатыр тігерде ғана, еріксіз еріп келе жатқан қырғыз жолаушыларын қайтуға босатты. Олар кетерінде тағы да өтініштерін пысықтап, керуенді сырттай қорғап отыруға уәде беріп, қоштасты. Ертеңінде Мұсабай серіктерімен Нарынның оң жағында тұрған Құртқа бекінісіне барды. Бұл сапар туралы Шоқан күнделігінде былай жазыпты.

«...Саз балшықтан салынған аласалау сәкінің үстінде мақтадан тоқылған көнелеу шапан киген, аяғында қырғыздардың қызыл былғары етігі бар, ақ сақалды бір қара сарт отыр екен. Бізге Мамыразақ датқа деген комендант дәл осы кісі болады деді. Сәлемдесіп, амандасқаннан кейін Қошқар ақсақалының әдейі жіберген адамы Мамыразаққа соның хаты мен сыйлығын табыс етті. Хатты оқып болған соң, Мамыразақ өзінің ескі жолдасының қашқар ақсақалының хал-ахуалын сұрап, біліп алды да, содан кейін біздің қанша зекет бергенімізді сұрады және өзінің бұл кезге дейін бізді тартар екен деп келгендігін, оның үстіне қырғыздардан бізді бір жер көру мақсатымен жүрген барлаушылар деп естігендігін айтты».

– Мамыразақ көтеріңкі көңіл күйде екен. Чириктердің Құртқа бекінісінен құтқаруды сұрап Қокан хандығына барған сәтсіз сапарын, еш болған еңбегін келемеждеп, қайта-қайта айта берді. Қашқар ақсақалының хаты мен сыйлығы, керуеннен алар зекеті көңілін одан әрі тасытқан ол, хан алдында абырой, беделі барын да аңғартты. Көк шаймен Мұсабайларды сыйлап отырып: Ханнан мархаббатты хат

алдым, құрметті зер шапан жіберіпті. Осы бекіністе отызыншы жылдың аяғынан бері комендант болып істеп келемін. Еңбегім аз емес, бірақ соңғы жылдары Чириктер пәле тілен бүлінді, бір Алланы ұмытып, зекет беруді қойды, шақыртсам да келмейді. Сазайын тартқызу үшін ханнан 700 әскер сұраған едім, келмей жатыр, – деп, тіпті ағынан жарылды.

Мұндайда тілмәр Мұсабайдан сөз қалған ба. Жер-көктегі сыпайы, әрі мадақ сөздермен Мамыразакты қолпаштап, даңқын жүрген жерлерде жая жүретінін айта келіп:

– Чириктердің тәубесін түсіретін өз әскеріңіз жоқ па, – деп сұрады.

– Қырғыздардан жасақталған әскерімнің бар-жоғы екі жүздей-ақ. Олар не бітірер. Әйтеуір, әзірге маған сүйеу болып тұрған құдам, саяқ руының биі – Осман. Оның қолында сакадай сай отырған 500 жігіті бар. Мұның бәрі аз ғой, – деп, карт адамның сөзуарлық әдетіне бағып, комендант мәнжайдың түгін қалдырмай, тәптіштеп түсіндіріп, шын достық ықыласын көрсетті. Шоқан жазбасында мынадай жолдар бар:

«...Комендант өзінің билігін жүргізіп отыру үшін қырғыздардан ақ үй аманат алып және ру басыларының арасындағы араздықты қостап, қоздырып отырады. Мамыразак Османның мәртебесін көтеріп, басқа қырғыздарды сол арқылы жазалап отыру үшін онымен сүйек жақын болып, туыскандық қарым-қатынас жасап отырған көрінеді. Османның жігерін қоздырып, рухтандырып отыру үшін Мамыразак оны пансад (полковник) және датқа деп атайды, ал енді атакқұмар қырғыздың өзі бұған мақтанып, мәз болатын көрінеді...»

Комендант Мұсабай мен Шоканды достарындай ізгі ниетпен қабылдап, өзінің қол астына қарайтын ұлыс-тардан шығарып салу үшін Асанбай елбегін қосып беріп қана қоймай, аулына қайтып бара жатқан Найман биге де тапсырды. Наурыздың жиырма төрт күні Құртқадан аттанған керуен жеделдетіп жүріп кетті. Тергеу-тексеруден, ұры-қарыдан әбден запы болған керуен мүшелері Алматыға тезірек жетіп,

армансыз бір ұйықтауға зар болатын. Күн де, жып-жылы. Жер дегдіген, жұпар иісті жусан мен гүл бәйшешектер даланың жүзін жайнатып, көздің жауын алады. Жанға рахат самал есіп тұр. Дикан кырғыздар жер жыртып, дән сеуіп жатыр. Керуеншілердің көңіл-күйлері көтеріңкі. Әзіл-қалжың, жарқын күлкілер естіле бастады.

Құрткадан он шақырым ұзай бергенде Осман жұмсаған кісі келіп:

– Би сіздерді ауылға соғып, қонақ болып кетсін деді – деп шақырды.

Бұл сыпайылап тонау екенін барлық керуеншілер білетін, осы оқиға туралы Шоқанның өз жазбасынан үзінділер келтірейік: «...Керуен басы сыпайылықтың бүкіл Орта Азиялық түрлерін түгел сақтай отырып, Османның тілегін қабылдай алмайтындығын білдірді. Онын үстіне біз небәрі он шақырымдай ғана жер жүрдік және уақыттың өзі де әлі ерте болатын. Басқа бір жағдайда болсақ, біздің бүйтіп бас тартуымызға батылымыз бармас еді, бірақ Мамыразақтың өкілі қасымызда болған соң және өзіміз бекіністен ұзап кетпей, одан не бәрі он шақырымдай ғана жерде бара жатқанымызда кырғыздар бізге бір жамандық істеуге бата алмас деген оймен, каннен-қаперсіз ілгері қарай жүре бердік. Сол кезде Османнан тағы бір кырғыз келіп, бізге қожасының сол бұрынғы қонақасы жеп аттансын деген тілегін тағы да айтты, содан кейін ол өздерінің бұл ру басы сонау ерте заманнан бері меймандостығымен даңқы шыққан атаның ұрпағы екендігін және сол қасиетті даңқын аса қадірлейтіндігін айтты. Біздің керуен басымыз не бір сыпайы әдепті сөздерімен Османға тағы да алғыс айтып, қазір бізге әрбір сағаттың өзі қымбат және мұндай тым ерте кезде тоқтап, дамылдаудың ешбір қажеті жоқ қой, дей келіп, ақырында Османның ата-бабаларының даңқын және оның өз басының ерлігі мен адамгершілік қасиеті жөнінде бір-екі ауыз сөз айтып, асыра мақтап та қойды. Керуен басы өзінің сөзге шеберлігіне сеніп, Осман енді біздің мазамызды алмас деп еді, бірақ ол кырғыздарды жақсы білмейді екен. Арада бірнеше минут

өтпей жатып, бозаға елтіп алған бір топ мас қырғыз сол мандағы ауылдың бірінен шыға шауып, дүрсе қоя берді де бізді балағаттап, корқытып, керуенімізді ауылдарына қарай бұрып әкетті. Осман қатты зәбірленген көрінеді, ол өзінің ата-бабаларының ежелгі дәстүрін сыйламағанымыздың айыбы ретінде шатыр басы бір-бір жамбы күміс берсін деп талап етті. Қасымыздағы қокандығымыз Османға өзі барғанмен де еш нәрсе бітіре алмай қайтты. Біздің бір адамымыз, Асанбай елбегі Османға болысып, сонымен сыбайлас боп жүр дегенді қырғыздардың өзара сөйлесіп тұрған сөздерінен байқап қалыпты. Онысы бізге рас сияқты болып көрінді. Содан кейін біз қырғыздарды былай қойып, қасымыздағы Қокан жауынгерлерінің өзіне тиісе бастадық.

...Біздің бағымызға кешкісін бір әскер келіп, Османды бекініске шақырып кетті. Сонымен бұл шатақтың бәрі де ақыр аяғында Османның бізден күмістей 25 сом сыйлық алуымен бітті».

Келесі күні күн шыға қозғалған керуен екі күн ұдайымен өндіре жүріп, Османмен араз саяқ руларының қоныстарына жетті. Олардың басшылары да Чириктер сияқты орыстардың қол астына қарау үшін қалай байланыс жасауды білмей жүр екен. Бір қартаң би:

– Әз Жәнібек тұсында казак, қырғыз бір едік, Еңсегей бойлы Ер Есім (1630 жыл) біздің Көкім бидің көмегімен шанышқылының Тұрсынын құлатып талқандаған болатын. Есімханның немересі Жәңгірдің баласы Тәуке казак, қалмақтың ғана ханы емес, қырғыздарды Тиес би арқылы биледі. Тәуке-Тиес нұскасы күні бүгінге дейін ұмытылған жоқ, – деп ғасырлар қойнауынан тартылған достық, туыскандық қатынастарды жыр етті.

– Қазак бауырлармен бір боламыз, – дейді.

Алтын орда тайпаларынан шыққан казактар менқырғыздар араласа көшіп-қонып жүріп, шыққан тегі мен тілі бір, туысқан халық болғандықтан Жоңғар шабуылына дейін іргесі ажырамағаны рас. Казактардың басына туған Актабан шұбырынды кезінде қырғыздар Болордың

адам аяғы баспаған шатқалдарына дейін барып, үрке-үрке Гиссар төңірегіне дейін жеткен-ді. Осылай іргесі бөлінген тағдырлас, тарихтас туысқан екі елдің қайта табысып, одактасуы жоңғарларды кері қуып ата-қоныстарына оралу кезінде болды. Солтүстіктен казактар, оңтүстіктен кыргыздар Ілеге баса-көктеп кірді де, қалмактарды Шелек, Шарын өзендерінің арғы бетіне түре қуды. Абылай заманы бірлік, ерлік заманы болды. Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған батырларының ерен ерліктері – талай дастандар мен әңгімелердің, ән мен күйдің желісі. Абылай да Тәуке сияқты казак, кыргыз, қалмақтың ханы болып, ұлы хандық құрмақшы еді. Жоңғардың белді-белді руынан сегіз әйел алуы – оның айлалы саясатының бір бөлігі болатын. Жоңғар билеушілері өзара кырқысқан кезге титықтаған оларды Қандыжап бітіміне сай казакқа біржола қосып алуға аз қалған еді, Цян-Лун императорының тоқсан мың жеңімпаз әскері келіп Абылайдың үмітін біржола үзіп тастады. Олар тарихта болмаған оңайлықпен Жоңғарияны жаулап алған соң жауынгерлік рухы көтеріліп, жаулап алу құмарлығы асқынды да, 1758 жылы Шығыс Түркістанды басып алды. Күшейе түскен олар 1755-56 жылдары казак жасақтарының Қайсар, ерлігінің ауыр соққыласып тойтарыс алғанын ұмытып 1760 жылы казак жеріне баса-көктеп енді. Казак жасақтарының ата-мекенін қорғауда көрсеткен тегеурінді қарсылығы мен Абылайдың парасатты саясаты, шетел басқыншыларын қысқа уақыт ішінде тез тойтарып, бейбіт келісім жасалды.

Шәуешек, Құлжа қалалары екі жақтың айырбас сауда орны болып белгіленді.

Қазактар мен жоңғарлардың 1755 жылы Аягөз маңында өткен келісімінде өткен кекіті қуыспау, ортақ жауға бірге қарсы тұру, Абылайханды Ежен хан деп тану туралы серттескен болатын. Соған орай Абылайханның Жоңғар хандығының билігіне таласуға сылтауы бар еді. Бірақ, казак халқына бейбіт өмірдің аса қымбаттылығын терең түсінген ол, Жоңғарды қосып алу ниетінен бас тартып, халықты кыргын соғысқа ұрындырмады.

Тағы да бірде патша үкіметінің отарлау саясатының қысымына күйініп, патша үкіметіне қарсы (1768 жыл) соғыспақ болғанда:

– Қалатұғын сай үшін, өлетұғын тай үшін басына мұнша көтерген халқына жаулық сағынба,

халықтардың бірлік, достығын бұзба, тіпті болмаса Жиделібай сынға көш, – деген ақылгөй Бұхар жыраудың кеңесін тыңдап, ашуды ақылға жеңдірген ұстамдылығы көпке аян, – қазақ халқын қырғын соғысқа киліктірмей, бірлігін, тәуелсіздігін сақтап келген Абылайханның қырғыздар мен Ташкентке қарсы соғыс қимылдарын жүргізуін қалай түсінуге болады?

Алатау қырғыздары тегінен тәуелсіз ел еді. Қазақтар сияқты олар да көшіп-қонып, тірлік ететін. Олар бір елге бағына қалса, онысы жай сырттай ғана сұраған алым-салықтарын береді де, қоя береді. Онан кейінгі өз билігі өзінде.

Үйсін Төле бидің бұл фәни дүниеден кетерінде айтқан арманының бірі қазақ, қырғыз тарихына қатысты еді.

Би:

– Менің бала кезімде қазақ, қырғыз бір ел еді. Өлерімде бөлініп кеткенін көрдім, – депті.

Жетім кезінде «Телөбидің түйесін жайған құл» кейіннен тонды баласы болған Абылай осы сөзді тілге тиек етіп, ел-десуге қырғыздарға келеді. Оған басты себеп – ортақ жаудан құтылған қырғыз, қазақ жайылым жер мен мал үшін барымталасып, қысқа күнде қырық рет қырқысып, кикілжіңі асқынып кеткен-ді: Бұл оқиға туралы өте ертеде шыққан жырда былай баяндалады:

Қырғыздың Садыр батырына барған Абылайдың елшісі Жауғашты:

– Садыр батыр, тұра тұр,
Арқадағы Абылай
Ханым мені жіберді:
– Бар Садырға, бара тұр,
Мінгенде аты кері еді

Есенкүл мен ер Садыр
Қырғызда даңқы шыққан ер еді.
Жауласпаймын Садырмен,
Елдесемін Садырмен.
Таластың бойы тар жайлау,
Таласа барып жайлайық.
Күнестің бойы кең жайлау,
Кенесе барып жайлайық.
Қазы менен қартаны
Қия кесіп шайнайық, – депті.
Оған Садыр:
Қоки! Елдеспеймін онымен,
Жауласамын ол құлмен.
Таластың бойы тар жайлау
Таласа барып жайламан.
Күнестің бойы кең жайлау,
Кенесе барып жайламан.
Қазы менен қартаны
Қия кесіп шайнаман! –

деп, жауап береді. Алатау қырғыздарының тағдырын шешкен 1770 жылы Абылай жорығы осылай басталады. Бүкіл қырғыздың оң мен солы түгел катысқан қанды қырғын соғыста қырғыздың Жайыл, Атеке - жырық сынды батырлары мерт болып, қырғыз қолы ойсырай жеңілгені осы күнге дейін «Жайыл қырғыны» аталып, ұмытылған жоқ. Қазір де жыршылар айтатын Атеке қызының жоқтауы мынадай:

Садыр кірді қамысқа,
Қызыл шекпен жамылып.
Қыз ба еді бұл Садыр,
Қара шекпен жамылып,
Қатын ба еді бұл Садыр,
Абылайханның найзасы,
Қола болып қайысты.
Әтекемнің найзасы
Қарағай болып майысты.
Құрым тоқым Абылай

Құрдасың ба еді, Әтекем?

Тері токым Абылай

Тендесің бе еді, Әтеке-ау! –

деп келеді. Бұдан біз соншама қайғы, зарды ұғып, Садырдың опасыздығына деген ашу-ызаны, өкініш, күйінішті аңғарамыз. Сарыбел мен қарабалтада Солты мен Саяктарды, Шелек өзенінің бас жағында Алатауда Сарыбағыштарды, Ыстықкөлде Бұғы руын бағындырып, көптеген қырғыздарды тұтқындап, айдап апарып Көкшетау, Шыңғыстау, Шұбартауға қоныстандырады. Қырғыздардың барша руларын уәкілдер жиналып, бітім сұрап Көкшетаудағы Абылайға барады. Бұдан былай бір-бірімізді өлтірмейміз, – деп тұңғыш рет ант-тасып, уәделеседі де, ақ үй аманат қалдырып, Абылайханды Қырғыздың да ханы деп таниды. Бітім бойынша көлден Шу өзеніне дейін қырғыздар жайлайын болып, Алатаудан Ілеге қарай қазақтар қоныстанатын болады.

Шекараны нақты белгілеу, қазақ, қырғыз халықтарын бұдан кейінгі уақытта үлкен жанжалға қиліктірмегенін айта кеткен жөн. Оның үстіне Патша үкіметінің қазақтың шұрайлы жерлерін жеделдете тартып ала бастаған озбыр саясатына, Маньчжур әскерлерінің қазақ жеріне ішкерілеп жылжуына, Қоқан хандығының тонауына тосқауыл болғаны анық.

Қазақ жерінің оңтүстік батысы әлі де басқаның қолында болатын. Абылай ата қонысты қайтарып алу үшін Ташкент пен Хажкентке қарсы соғыс ашып, ұрысты Жизаққа дейін өрістетті де, Азрет, Сайрам, Шымкент сияқты жеті қаланы қаратып алды. Ташкент алым-салық төлеп тұруға міндеттенді. Сонымен қазақ жерінің барлық шекарасын нақтылап, белгілеп, 1771 жылы Түркістан қаласында халық сүйіспеншілігіне бөленген Абылай үш жүздің және қырғыздың ханы болып сайланады. Мұны бүкіл қазақ халқы мойындайды. Ол, жасының алпыстан асып, егде тартқанына қарамастан, ірі хандығын құру арманына кіріссе де Екатерина II шен мен шекпен бере тұрып, әлде бір қызғаныш есеппен оның хандығын бекітпей тастаған-ды. Соның салдарынан

Абылайхан қайтыс болған соң, Ұлы жүз бен Қырғыздарды Қокан ханы жаулап, бағындырып алды да, олардың бірігу дәуірі бір ғасыр мерзімге созылып кетті.

Жігерлі жауынгерлігіне қарамай, надандық пен тағылық жағынан өз көршілерінен асып түсетін қырғыздар да, қазақтар сияқты Россияға, Қоканға, Қытайға бағынып, бөлініп-бөлініп қалған болатын. Бұл олардың өзара қырқысып, кісі өлімі мен барымтасын арттырып, аскындыра түспесе, кеміткен жоқ.

Мұның таусылмас азабын, қайғы-қасіретін тартқан бұқара халықтың мүшкіл халін көріп келе жатқан Шоқан қырғыздың да, қазақтың да тоз-тоз болмай, дамудың данғыл жолына түсіп, прогресске жетуі үшін қабырғалы ел болып бірігуі керек екенін асқан көрегенділікпен көре білді.

Керуен Бұғылардың ұлысына жеткенде оның биі Найман Құртқадан бері бірге келе жатса да, жақын інісі Табылдының аулына соқпай-ақ өте беріндер деп айта алмады. Ал, меймандостық дәстүрді бұзуға керуен бастығының батылы қайдан жетсін. Сонымен 26-наурыз күні Табылдың ауылына керуен келіп тоқтады. Әр түрлі оспақтаған сұрақтар талай қоқайды көрген керуеншілердің жүйкесін жұқарта түсті. Бірақ, қараңғы түсе бүкіл ауыл дүрлігіп, аттандаған үрейлі дауыстар түнгі аспанды қалтыратып жіберді. Үрпиіскен адамдарда зәре қалмады. Табылды жігіттерін тез жинап аттанып кетті. Сөйтсе, Чириктер барлық жылқыны барымталап кеткен екен. Сөздерінде тұрған Чириктер әдейі осылай істеді ме, кім білсін.

Кедергісіз, ертемен аттанған керуен, жолдан сегіз шақырымдай бір бүйірде бұрыс тұратынына қарамай, Найман бидің көңілі үшін оның аулына келіп тоқтады. Бүкіл жол бойы өзін елеуміз, кішіпейіл ұстаған Найман би өз аулына келген соң танымастай өзгеріп шыға келді де, маңғазданып:

– Жұлдыздың 27 мен 28 күндері жол жүруге болмайды. Сәтсіз күндер деп, жібермейтінін білдірді.

Ал, 29 күні керуенді ұстауға сылтау таба алмады. Жорыққа

кеткен Табылдылар әлі оралмағандықтан керуенді күшпен ұстауға шамасы жетпейтіні белгілі.

Керуен соңынан қуғыншылар бола ма деп қауіптенген Мұсабай Найманға:

- Ыстықкөлге дейін шығарып салыңыз, – деп өтінді.
- Жарайды, бірақ 120 сом ақы төлейсіңдер, – деп келісімін берген Найман өте көп ақша сұраудан шіміріккен жок. Өйткені керуеннің лажсыздығын білетін.

Ал, Асанбай бір күндік жерге дейін тегін шығарып салуға өздігінен келісті. Артына көп қарайлап келе жатқан Асанбай елбегі. Найман аулынан тоғыз шақырымдай жүрген соң, жоқ болды. Үлкен Нарын мен Кіші Нарынның қосылар жерінен бастап жердің түр-түсі өзгере бастағаны байқалды. Нарынның оң жағынан да, сол жағынан да шатқал-шатқалды қуалап, жағасын бұталар мен терек, үйеңкі, шілік қаптаған кішігірім өзендер құйылып жатыр.

Керуен Торғай үстіртіне шыққанда, күн салқын тартып, қар жауды, ызғарлы жел соғып тұр. Керуен өткен жылы Қашқарға барарда тоқтаған жетім асудағы ескі жұртына келіп түнеуге тоқтады. Мұнда қар қалың екен. Қарсы жолыққан керуеннен, көшіп-қонып жүрген сарыбағаштар Ыстықкөлде екенін білген Найман олардан қорқып, келісімге қарамай, кері қайтып кетті.

Келесі күні жолға шыққан керуен ауыр күндерге тап болды. Бұл туралы Шоқан күнделігінде былай жазыпты:

«...Керуеніміз Заукі шатқалынан шыққан кезде алдымыздан Төрегелдінің баласы мен інісі келіп, қарсы алды. Бұл қырғыздар менің осы керуенмен келе жатқанымды біледі екен, сондықтан олардың бірден сұрағаны мен болдым. Бұл жағдай мені қатты таңқалдырды. Біздің адамдарымыз оларға керуенімізде ондай кісі жоқ деп жауап берді. Бірақ мені Алматыда көрген бір сарыбағыш тани кетті де, сөйтіп, мені көруге ынтық болған қырғыздарды құмарынан шығарды. Төрегелді ең бір ояр қырғыз еді және керуенге қатты қысым жасауға келгенде бүкіл ағайындарының ішінде одан асқан ешкім де жоқ болатын. Төрегелді бізден 300

сомдық сыйлық алды және оны барып тұрған арсыздықпен алды: егер ол біреудің шапанына қызықса: «Әй, ана үстіндегі шапанды маған шешіп бер, – деуден шімірікпеді. Ол біздің керуенімізді тонап аламын деп, мені Қоканға айдатып жіберемін деп әлсін-әлі қорқытып, мазамызды алды. Сөйтіп, ол бізді жібергісі келмей, бірнеше күн кідіртеп, аулынан шығармай ұстап отырды...»

Төрекелді жерден алтын тапкандай қуанышты болатын. Өйткені Қоканнан қуғыншы келіп жетсе Шоқанды ұстап береді де, керуеннің байлығына ие болып қана қоймай, датқа атағын алмақ. Келісім солай еді. Ол бірде:

Қазы менен қартаны

Қия кесіп шайнаман, Коки!

Абылай деген кәрі құл

Үш шапты менің үйімді,

Онымен де тұрмады,

Абылай деген кәрі құл

Арағын ішіп есірді, – деп, Садырдың жауап сөзін айтып, ізінше мырс-мырс күледі:

Тірі мен тіріні атыстырып-шабыстыруда қымсынбайтын арсыздар, тірі мен өліні атыстырудан қайдан тартынсын. Өйткені, өлілер олардың жүзіқаралықтарын бетіне баса алмайды. Өзгесі өзге шығар, ал, Абылайдың арақты татып көрмегені анық.

1739 жылы Әбілмамбет ханмен бірге Россиямен келіссөз жүргізуге Орынбор қаласына барғанда губернатор Неплюев қонақ асы үстінде өзінің сый-құрметін көрсетіп арақ та ұсынған. Бірақ Әбілмамбет пен Абылай:

– Бұл біздің татып көрмеген асымыз, – деп, тіпті қолдарына да алмаған. Мұны сол салтанатты қонақта бірге болып, көзімен көргендердің жазған естеліктері растайды. Туған халқының бірлігі үшін елу жыл аттан түспей, қар жастанып, мұз төсенген Абылайды «маскүнем» деп қиянаттаған соң не дауа. «Ерікті ауызға берікті бас сияды» деген осы шығар.

Түн қап-қараңғы. Ауылды айнала торып, қаруланған салт

аттылар жүр. Бірнеше күннен бері керуеншілердің бастарына әңгіртаяқ ойнатқан Төрекелдінің аяқ астынан сыпайы, жайма-шуақ бола қалғанынан секем алған Шоқан, бұның себебі не? – деп ойлады. Төрекелдінің істемегені, айтпаған боқтығы жоқ. Шапанын шеше қоймаған керуеншілерді қамшының астына алды. Оның ойыны мен шынын ажырату қиын. Әр жерде топ-топ қаруланған жігіттері әмірін күтіп дайын тұр. Қазір ауылды айналып, күзетіп жүрген де солар.

Керуен Заукіден өткен соң, енді қауіп жоқ деп Чириктер ойлаған ғой.

«Апыр-ау, Алматыдан бізді қарсы алуға шынымен ешкімнің шықпағаны ма?», – деген ойдың шырмауында, кірпігі айқаспай Шоқан ойланып жатыр. Төрегелдінің Қоқанға жіберген хабаршысы оралғанша Алматыдан қайтсе де әскер келіп үлгеруге тиіс.

Ал, Төрегелдінің түстен кейін кенет өзгеруі, оның Қоқандықтарды күтпей-ақ іске кіріспек байламынан болар. Онда оның ендігі жасауы мүмкін содырлығы – Шоқанды ұрлап әкетпек, осылай жорамалдаған Шоқан жатар орнын білдірмей өзгертіп, басқа қосқа барып жатты. Қалайда бүгін ұйықтамағаны жөн. Шатыркөл мен Зәукіде суық тигізіп алғандықтан науқастанып келіп еді, денесі біресе қызып, біресе қалтырап, күн өткен сайын ауру меңдетіп, әлсіреп барады. Оған ем қолдануға мұрша да, жағдай да жоқ.

Денесі ауырлап, басы мең-зең болып көзіне ұйқы тығылса да, ұйықтамау үшін арпалысты. Ұйқы – дұшпан. Кезінде ұйқы Абылайды да Жоңғарлар қолына тұтқынға түсірген болатын. Жоңғар қонтайшысы Қалдан-Цереннің сүйікті ұлы Чарчаны жекпе-жекте өлтірген Абылайдың соңына талмай түскен қонтайшы жұмсаған аңдушылар Абылай ұйықтап жатқанда, қапыда тұтқындап еді. Мұны естіген аса мәртебелі орыс патшасы Елизавета Петровна К.Миллерді елшілікке жұмсап, қонтайшыдан Абылайды босатуды талап етпей болғанмен қонтайшы елшіні қабылдамайды. Бұл кезде үш жүзден іріктелген тоқсан жақсы да Қалдан-Церенге барып Абылайды босатуды сұрайды. Осының бәрі Абылай

тағдырын шешкен шығар, ал, халық аңызы бұған Абылай тапқырлығын қосады.

Қалдан-Церен жиналған қалмақ, қазақтың көзінше зын-даннан кісендеулі Абылайды алдырады да, отыратын орын нұсқайды. Абылай отыра бергенде қазақтың екі батыры оған тізесін төсеп, жерге отырғызбапты.

Мұны көрген Қалдан-Церен:

– Бұл менің баламды өлтірген қанды мойын құнкерді тізелеріне отырғызудың мәні қалай? – деп сұрайды.

– Елсіз хан – тұл, хансыз ел – тұл. Көзіміздің тірісінде ханымызды жерге отырғыза алмаймыз, – деп жауап беріпті батырлар.

Қалдан-Церен ойланып қалған. «Өзіңді өзің сыйласаң, жат жанынан түңілер» деген мәтел осындайдан қалған-ау, сірә.

Осы сыйластық, ауызбірлік Абылайханның көзі тірісінде іргесін сөккен жоқ.

Абылай патша өкіметінің озбырлығына өкпелеп жыл сайын алып тұратын ақшасы мен ұнын алудан бас тартқанда, абыржып қалған әкімдер белді-белді қазақ батырларына оны алуды ұсынған. Сонда батырлардың бәрі де уәделескендей:

– Абылайға жат дүние бізге керек емес, – деп бір де бір батыр ақша мен ұнды, сыйлықты алмапты.

Қалдан-Церен Абылайға:

– Ұлымды өлтірген сен бе? – деп сұрақ қойғанда, Абылай:

– Жоқ. Өлтірген мен емес, халық. Менің қолым халықтың әмірін орындаушы ғана, – деп жауап береді.

Одан әрі Қалдан-Церен Абылайды тергеп-тексермеді. Өйткені кінә өзіне ауары белгілі. Қазақ халқын ақтабан шұбырынды етіп бір миллион қазақтың сүйегін кеңбайтақ далаға тарыдай шашқан қанды балақ құнкер алдымен өзі еді. Сондықтан бірден қысқа қайырып:

– Не арманың бар, айт! – деді.

Сонда өзін өлім жазасына кесілдім деп білген Абылай:

– Бірінші арманым – ұйықтап жатқанда, қапыда қолға түстім. Хан майданда жекпе-жекте өлсем арманым болмас еді.

Екінші арманым – үш жүздің басын қосып, мал емшегін емген қазаққа жер емшегін емізейін деп едім, – орындай алмадым.

Үшінші арманым төрт атадан бері жалғыздап келе жатыр едік. Артымда тұяқ қалмай, ұрпақ үзілетін болды, – дегенде, Қонтайшы қасындағыларға былайғы жұрт түсінбейтін тілде:

– Менің Әмурсәнәм сияқты жалғыз екен-ау, – дейді.

Монғол тілін жетік білетін Абылай батырлардың тізесінен ұшып тұрып:

– Мен енді өлім жазасынан құтылдым, – деген екен дауыстап.

Қайран қалған Қалдан-Церен:

– Қалай, қайтіп? – деп сұрайды зілденіп.

– Жаңа ғана, сіз өзіңіздің ұлыңызға теңедіңіз ғой. Хан екі айтпайды, – дейді.

Сөзден тосылған Қонтайшы Абылайды бұғаудан босатқан екен.

Қонтайшы сөзден жеңіліп Абылайды босатты деп халық сүйікті батырын, данышпан көсемін ақыл-ой жекпе-жегінде де жеңіс тұғырынан көріп, мадақтағысы келсе, сол арқылы сөз қадірін өнеге етсе, оны біз теріс көрмейміз. Әйтеуір, Абылайдың тұтқыннан босанғаны тарихи шындық. Шоқан сақтық шараларын қолданып, басқа қосқа барып жатқаны жөн болыпты. Оны таңға жуық шыққан айғай-шудан анық білді. Сөйтсе, Шоканның орнында жатқан балуан керуенші жігіттің аузын таңып, көтеріп кетпекші болып екі жігіт келген екен, керуеншілер ол екеуін тарпа бас салып, байлап тастамақ болғанда, алыс-жұлысты естіп, күтіп тұрғандарда жетіп келіп, бастапқы екеуді күшпен құтқарып алып кетіпті. Айғай-шу содан екен. Ертеңінде Төрекелді:

– Түндегі қостарыңа шабуыл жасаған біздің жігіттер емес, сөзді қойыңдар, – деп жатып келіп танды. Тым ашулы, менің адамдарыма жала жаптыңдар, – деп содыр, тентек қалпына ауысып, аузына келгенін көкіп:

– Керуен орнынан қозғалып көрсін, көрейін, – деп сес

көрсетті. Мұсабайдың жан-жүректі елжіретер сөздері желге ұшып жатыр.

Өз жігіттерін жан-жаққа әртүрлі тапсырмамен жұмсағанынан-ақ қауырт іске, кесек қимылға кіріскенін аңғару қиын емес. Сойқан күткен керуеншілер де бас қосып кеңес құрды. Олар үшін екі жол қалды. Бірі – түн жамылып, бас сауғалап қашу. Одан Алматыдан әскер әкеліп жүктерін алу, екіншісі – қан төгісіп соғысып, жолға шығу.

Керуеншілер екіге жарылды. Мұсабай мен басқалар Шоқанға қарап, оның лебізін тыңдағысы келетінін аңғартты. Ұйқысыздық пен жанға батқан ауру әбден әлсіреткен Шоқан сөйлеуге дәрмені зорға жетіп:

– Әскер келіп қалуға тиіс, түске дейін шыдаңдар. Келмесе тағы ақылдасармыз, керегі – мен екенмін ғой. Мүмкін, мен қалармын, – деді.

Айтқандай-ақ түске таман аттарын қансорпа қылған, құрамында жетпістей қазақ-орысы бар әскер сау ете қалды. Мұны көріп, тұщы етіне ащы қамшы тиген, шапанынан айрылып, енді бастарынан айрылуға сәл қалған керуеншілер арқаланып шыға келді.

– Жайыл қырғынын жасаймыз, – десті олар.

– Неше күннен бері Төрекелдінің істегені етімізден өтіп, сүйегімізге жетті.

– Әскерге бұйрық бер, Шоқан, – деп тақымдады.

Қазақ-орыстар да болған оқиғаны естіп, қандары қайнап, шаш ал десе, бас алғалы тұр. «Жайыл қырғыны» – деген сөзден тұрғындардың үрейі ұшты. Керуеншілердің ашу-ызасын орынды деп білген үлкен-кіші Төрекелдіні ашық та, сырттай да қарғап, сөгумен жүр. Қайта-қайта бір-бірінен «Алдияр не деді?» – деп сұрасады.

– Алдияр көнбей жатыр, – деп үміттендірген жауап береді.

Кеше ғана ала көзімен атып, сайқы-мазақ еткендер алдиярлап сызыла қалған. Ой-өрісі тар, мақсаты – қара басының қамы, өзімшіл жандар құбылмалы келетіні белгілі. Ондай адамдар жаман дос – көлеңке сияқты. Күн шыкса, одан

кашып құтыла алмайсың, бұлт үйірілсе, іздеп таба алмайсың. Шоқан өз кесімін айтты:

– «Битке өкпелеп тонынды итке тастама» деген, бір тентектің сотқарлығын көтере алмасақ туысқандығымыз қайсы.

– Онда асауға тұсау, телі мен тентекке тиым болсын, Төрегелдінің өзін ат көтіне мінгізіп алып кетейік, – деп қиылды керуеншілер. Әскер келгелі жынын алдырған бақсыға ұксаған Төрегелді күл беттеніп тіл-аузынан айрылып қалды. Оның батырлығы әлсіздердің алдында ғана екен. Кетеуі кеткен оны көріп, уытты мысқыл тіліне оралған Шоқан өзін тежеп:

– Төрегелдіге тимейміз, егер ол бізге көрсеткен әдепсіздігін қалған өмірінде қайталамауға ант берсе, – деді.

Шоқан үшін бір сотқарды жазалаудан гөрі, халықтың бірлікке, достыққа, жарқын болашаққа ұмтылған құлшынысы қымбат. Шоқан Төрегелдінің тартып алған 20 шапаны мен ақшаларын да қайтарып алғызбады. Осының бәрін естіп таңғалып, өзінің бишаралығына опық жеген ол жылқыдан таңдаулы екі ат алғызып Мұсабай мен Шоқанға мінгізді.

Ақ шашты кәрі ана келіп:

– Алдияр балам, өмірлі бол, көптің, халықтың баласы екенінді көрсеттің, бағың жансын!– деп бата қылды. Бұл аналық сезімталдықпен Шоқанды бірінші түсінген қырғыз еді. Шоқанның жаны жадырады.

Шоқан тек қазақ, орыс, ұйғыр, дүнген халқының ғана емес, қырғыз халқының да аяулы да, ардақты перзенті екенін іс-қимылымен, ғажайып, ауқымды еңбегімен көрсетіп кетті. Оны қандай жасында жасады десеңізші! Егер әділдіктен таймаса, қырғыз туысқандар да жиырма екі жасында Орыс география қоғамының толық мүшесі болған, өзінің көп еңбегін қырғыз халқына арнаған Шоқанды тұңғыш ғалымымыз деп атауға қақысы бар.

12-сәуір күні арып-шаршап Алматыға зорға жеткен наукас Шоқанды ескі досы, Алатау округі мен ұлы жүз

қазақтарының жаңа бастығы Герасим Алексеевич Колпаковский қуанышпен тебіреніп құшақтап тұрды.

Ашық-жарқын, кішіпейіл, сезімтал бейнесімен сағындырар, ойнақы әзілі арқылы сұхбаттас адамның жанын жадыратар жас досының сөйлеуге шамасы келмей, әбден қалжыраған түріне қарап Герасим Алексеевичтің көзіне жас іркілді.

Шашын тақырлап алғызып тастағанда, кере қарыс мандайы онсыз да жүдеу, қуқыл тартқан жағын қуштытып көрсеткендіктен, бала кезінде кеңсірік тұсын көтеруді жартушыдан тілеген Шоқанның қоңқайып мұрны ғана қалыпты. Шұғылалы сәуле төгіп тұратын көзі тартылып, қабағы кірбең тартқан. Сырт көз Шоқанды көріп кербез жігіт еді дегенге қалай сенбесе, оның жасы жиырма үште дегенге де солай сенбес еді. Ол даңқын әлемге жайған осы сапар үшін тек денсаулығын, оралмас жастық шағын ғана құрбан еткен жоқ...

Бұл кезде қоқандық әскери киімді Яң Ли-пин бір топ қарулы топпен суыт жүріп Төрегелдінің аулына келіп жеткенде, керуеннің жұрты жатыр еді.

Олар Төрегелдінің керуеннен алып қалған шапандарын тартып киіп, Алматыға жүріп кетті. Керуеннің Семейге аттанар күнін асыға күтіп, бақылап жүрді. Алынемел, не Аягөз тұсында хан жарлығын орындап, Әлімбайдың көзін жоймақ.

Олар сарыла күткен керуен Алматыдан Семейге қарай аттанды. Бірақ, керуеншілер арасында Шоқан жоқ болатын. Ол науқастанғанына қарамай, керуеннен көп күн бұрын күймемен Семейге кетіп қалған еді.



ЖАЛҒЫЗ ЖЕЛКЕН ҚЫЛАНДАП

«А са қауіпті қылмыскер» деп тауып, он бес жыл түрмеге отыруға шығарылған үкім соңынан қайта қаралды да, он жылға түсірілген соң, оның үш жылын Омбы абақтысында, үш жылын Финляндиядағы Свеаборг қорғанының қапасында өткерген Григорий Николаевич Потанин 1871 жылы жарияланған манифестке орай Вологда губерниясына жер аударылды.

Ұзын саны екі жүз тұтқын үш-үштен кісенделген және сондай үш топ өзара бір-бірімен матастыра байланып, жаяу айдалып келе жатыр. Қараша айының қақаған аязы солтүстіктің суы мол өзендерінің ағысын бөгегендіктен, арнасынан асып аққан қызыл су жолды жалтыр мұзға айналдырыпты. Тұтас алқап әйнектен қапталғандай, бұдырсыз, жап-жалтыр, шіркін, балалықтың базары өтер жер-ак екен, Амал қанша, буыны кеткен, аш-арық тұтқындарға сор азап болды. Олар тайғанақтап жүре алмай, бірі жығылса, екіншісі коса сүріне құлап, бірін-біріне байлағандықтан, қадам сайын үйме-жүйме болып қала берді де, жүріс мандымады. Онсыз да күйзелген жандар ашына түскен. Бір-бірін сүйрелей түрегеле, бейбақтар өзді-өзін аяусыз тілдей жүріп, таусылмастай ұшы-қиырсыз көрінген 25 шақырым көкпенбек жолдың михнат, қорлығынан зорға құтылды-ау, ақыры.

Жол-жөнекей, жер-жерге бөліне-бөліне үш адам ғана Никольск қаласына таяп қалды. Қалың орман арқылы өтетін даңғыл жол, оның үстіне бөтен адам жоқ жерде кісендерін шешіп жүруге жасаған рақымшылық жол азабын кеміткенмен, сақылдағын сары аяз шыдатар емес. Никольскіге жакындағанда орман таусылды да, ысықра гулеген бет қаратпас ызғарлы жел, қойын-қонышты тінткілей кеулеп, киімнің өзін де темірге айландырып жіберді. Мұртына сүңгі мұз қатып, кірпігіне қырау тұрған Григорий

Николаевич үсіп қалмас үшін тыпырши арпалысып, сұмдық қиналды. Сібірде шынығып өскен жас жігітке мұндай суық таңсық емес-ау, бірақ жылуы кеткен ескі, келте тон мен жазғы етік алты жылға созылған түрме жапасынан әлсіреген денеге қайдан пана болсын.

Аспан күнгірт. Қаланы қалың қар басқан. Қыбырлаған ешкім көрінбейді: тіршілік-тірліктің аязға үсіп, қарға көміліп қалмағанын аңғартатын «жыландай ирелендеген екі соқпақ қана. Оның бірі шіркеуге, екіншісі қабаққанаға бастап барар-ды екен».

Қалалық жандарм бастығы мән-жайды сұрап білген соң ойлана келіп, қауіпті адамды көз алдында ұстап, әрі жамбасақы алып тұру үшін және үй шаруасына пайдаланғысы келгендіктен Г.Николаевичті өз үйіне орналастыруды жөн көрді.

Қала шағын. Шіркеу мен жандарм басқармасынан басқа үйлер бәрі де бір үлгіде, біркелкі, аумақты, кілең кішкене терезелі ағаштан қиып салынған қос қабат. Ол үйлердің бірінші қабаты мал мен шөпке арналған қора да, оның үстіне үй-жай, қоймалар орналасқан мал мен шөп үймен қабаттас тұрғандықтан, оның үстіне жатар кезде астарына сағдар төсейтіндіктен тұтас қаланың ластығын аңғару оңай.

Жандарм бастығының жұбайы Демиденкова Г.Н. Потанинді шаптыға қарсы алды:

– Сикыңа қарамай патша ағзамға қарсы келгендей не-ткен миғұла ақымақ едің, – деп сөгіп, бірталай жерге апарып тастады да, пеш жағылатын кішкене бөлмеге бастап апарды. Онда бір төсек, бір стол тұр, кіріп шығатын жол осы бөлме арқылы өтетінін және өте тарлығын ескермей-ақ Г.Н.Потанин қуана жайғасты. Ең бастысы жып-жылы. Күнде ерте тұрып, пеш жағу міндетін мойнына алған Потанинге үй қожасы әйел, тәжірибелі адам болса керек, әрбір ұсак-түйектің барлығын тәптіштеп ұғындыруда:

– Жамбасақынды уағында беріп тұрасын. Шайды бір күн сен, бір күн мен шығарамын.

Шайдан басқаның барлығы бөлек. Егер алда-жал-

да нанымызды жей қалсаң, тиісті ақшасын төлейсің. Өз тамағыңды өзің бөлек істе, –деп, ыдыс-аяқтан енші бөліп берді. Потанинның есіне алыс жерден арып-шаршап келетін адамдарға ерулік беретін қазақ халқының тамаша салты оралды. 1852 жылы Омбы кадет корпусын бітірген соң ол орналасқан әскери бөлім 1853 жылдың жазында Алатау бөктеріндегі Есік аңғарына келіп тоқтаған. М.Ю.Лермонтовтың Кавказ туралы жазған өлеңдері мен дастандарын еріксіз еске түсіретін асқар Алатаудың таңғажайып көрікті табиғатын қызықтай тамашалаған оларға қазақтар түйеге артып, саба-саба қымыз әкелген болатын. Қымыздың молдығы сонша, әркім еркінше шаралап ішкенге жетіп, артылып еді. Басқа халықтар сияқты қызық өмірге, жақсы тіршілікке құштар қазақтар көр соқыр надандығына, өздеріне не керегін түсіне бермейтін бейғамдығына қарамай, жолдың мехнат-азабын асқан сезімталдықпен сезіне білетін. Кең даланың перзенттерінде жамбасақы деген ұғым жоқ, сәбидей ақ көңіл халық, өз табысының көбін келер қонағына арнайтынын қайтерсің. Дүниеде мұндай дарқан ел, сірә, бар ма екен. Осынау табиғаттың аңқау да аңғал, төл перзенттерін бауырға тартып, камқорлық көрсетудің орнына, аяусыз тонау жолына кіріскен патша өкіметінің озбыр саясатын, топас паракор шенеуніктердің шектен тыс арсыз қылықтарын түршіге айыптаған Россияның саналы ұлдарынан тірі қалғандары бұл күнде бұғауланып түкпір-түкпірде жүр...

Көп күндер өтпей-ақ, соқа басынан өзге артық бір тиыны жоқ Г.Николаевичтің сібірліктер қоғамынан алған бар-жоғы 18 сом қаражаты жамбасақы мен мардымсыз тамаққа жұмсалып, саркылуға айналды. Аштан өлудің қорқынышты елесі абыржытты. Өйткені, екі мыңдай үйі бар шағын қалада істей қоятын жұмыс жоқ. Айдаудағылардың жұмыс іздеп қаладан шығуына, болмағанда бала оқытып күнелтуіне рұхсат етілмейді екен. Бірнеше күн орманшының қағаздарын көшіріп үш сом алғанда, төбесі көкке жеткендей болған қуаныш ұзаққа созылмай қалды. Қалай күн көрсе екен? Осы бір қысылтаяңда Г.Николаевичтің жан

бағуынан көрі жамбасақыны көбірек ойлаған жандарм, көшеде отырып зәру адамдардың әр түрлі қағаздарын жазып беруін мақұлдады. Мұндай рахымшылдық шешімге келуге әйелінің де ықпалы болса керек. Өзара жиі ұрысатын ерлі-зайыптылардың берекесіз тірлігіне куә болып еріксіз араласатын Г.Николаевич ауыр сокқылардан запы болған шарқая әйелді арашалап, ізгі сөздерімен татуластыратын. Бұл, көбінде жапа шегіп, жәбір көрген келіншектің өте биязы мінезді, ақ көңіл, ашқұрсак бейбаққа аяушылық сезімін оятқан болар.

Базар күндері ертемен алдына қоятын тақтайын қолтықтап, сия, қаламын алып, Григорий Николаевич ел жиналатын алаңға келеді де, «бір күркенің қалтарысында сырғауылға қонақтаған тауықтай құнжиып, жайғасады». Қорланудан өлуге шақ халде отырған адам айналасына көз сала ма. Бір шетте бүрісіп отырған оған келушілер де тым сирек. Әрбір арызды жазу жеті-сегіз сом болғандықтан, оған қолы жетпей жүрген сауатсыз шаруалар елу тиынға, кейде ақысыз, бар ықыласымен өтінішін жазып беретін мейірімді Потанинге түкпір-түкпірден топ-топ болып шұбырып келе бастамаған кез. Шаруалардың бірі үлес жерімді помещик қайта тартып алды десе, екінші біреуі әділетсіз алым-салық, зорлық-зомбылық туралы шағынады. Не керек, ұшы қиырсыз мұң-мұқтаж, алуан түрлі арыз-арман. 1861 жылғы крепостниктік құқықты жойған реформа шаруалар мұқтаждығын шешіп, помещиктерге кіріптарлықты, зорлық-зомбылықты жоймапты. Россияда әлі де сол баяғы тежеусіз монархия.

Жандармның Григорий Николаевичті қылмыскер деп біліп, өте қатал қарауы – оның ығындағы, ақ, қараны бастығының қас-қабағына қарап айыратын жандайшап итаршы жұрттың үрейін ұшырды. Сондықтан олар, онымен тіл қатысып кездесіп қалудан сақтанып, күні бұрын аттонын ала қашатын. Ал, патшаны екінші құдай деп білетін діндарлар мен алпауыттар, нан сататын саудагерлер Григорий Николаевичке сырттай зығырданы қайнап, карадай өшігіп, басқан ізін қадағалады да, реті келгенде оны аяусыз

кеlemeждеп, қорлау арқылы өздерінің патшаға шын берілген патриоттығын көрсетіп, дәлелдеп қалуға асықты.

– Мына түрімен құдіреті күшті ақ патшаға қалай қарсы тұрмақ, – деп, тіпті сенгісі келмегендер де бар, оларға мүлде қисынсыз сияқты. Кезінде Шоканның әкесі Шыңғыс та сенбеген. Сүйікті ұлының қазасына назаланып жүрген полковник, өзінің екінші ұлындай көретін Шоканның құрдасы, әрі жан досы, қыз мінезді Гришаның тұтқындалғанын есіткенде бұлқан-талқан ашуланып, патша өкіметінен дереу оны босатуды талап еткен болатын. Өз басына келер қырсықты біле тұра қаймыспаған. Саяси сенімсіздер тізіміне жазылып, абырой-мәнсабынан жұрдай болудан ықпаған. Бейне балапанның қорғап қалуға ұмтылған құс сияқты аласұрған Шыңғыс ешбір сөзге нанбап еді. Қайсы- біреулер:

– Ұры-қары, тонаушы, иә, басбұзар тентек бұзақы емес, патшаға қарсы ниеттегі адам деп, бір бейбақты осынша сорлатқаны несі екен. Пенде болған соң ойласа, ойлаған шығар. Онда не тұр. Адамға басты ойлау үшін берген емес пе, – деп іштен тынса, енді бірі:

– Ілмиген мынадан қорыққан патшаңыздың да қауқары шамалы болды ғой, – қысқа күнде қырық боктайтын дәу Иванды көрсе, жүрегі жарылып кетер, – деп мысқылдап, мәз болып күліседі. Сирек болса да жанашырлықпен іш тарта қарайтындар да бар. Олардың жылыұшырай қараған көздерінен жалт етіп төгілген шуақ, өгейсіп жетімсіреген көңілді нұрға бөлеп, қажыр-қайрат береді. Мүмкін Г.Николаевичтің өздері үшін, болашақ бақытты өмір үшін осынау ар-азапқа тап болғанын түсінетін шығар. Дегенмен орыстың ең тандаулы ұлдары жер аударылып, шоғырланған Сібір өлкесіне қарағанда бұл меніреу аймаққа азаттық, теңдік сүйгіш ақыл-ойдың жарық сәулесі түсе қоймағанын аңғару оңай. Қалада жөні түзу сауатты, іштің шерін босатып, мұндасып сөйлесер, сөз ұғар, қадір-қасиетті білер, халық камын ойлар адамдардың ұшыраспауы да сондықтан болар.

Ал кітап, кітапхана атымен жоқ. Жалғызсырау мен

сағыныштан ішқұса болып таңның атуы мен күннің батуының жан азабы аштықтан кем емес. «Адамдардың бүкіл еркі мен мақсатын физикалық және әлеуметтік жағдайлардың жиынтық әсері белгілейді» деуші еді қайран Шоқан.

Шоқан ғажайып құбылыс еді, 1847 жылы Омбы кадет корпусына келгенде бір ауыз орыс тілін білмейтін 12 жасар баладан алты жылда ғалым шықты дегенге былайғы жұрт нана қояр ма екен.

Ал, ғалым болғанда қандай, «халықтың кемеліне келіп, өркендеп өсуі үшін, ең алдымен азаттық пен білім керек», – деп жар салған күрескер. Осының бәрі өз көз алдынан өтпесе және куәгері болмаса Потаниннің де көңіліне күдік ұялар ма еді, қайтер еді. Василий Дабашинскийдің үйіне не үшін шақырылғанын білмеген Г.Николаевич бейтаныс үйге имене кірді. Үй иесі оқуға түскелі келген Шоқанмен таныстырмақшы екен. Өзімен құрдас бола тұрып және қала тәрбиесін көрмеген қазақ баласының салған суреттері Гришаны таң-тамаша қалдырған: Онда ол қарсы алдында әрбір іс-қимылымен тек өзін ғана емес, тұтас елді, әлемді таң-тамаша қалдырар, ғажайып талант тұрғанын және оны өмір бойы жаксы көріп дос болып кетерін қайдан білсін. Шоқандай ғажап ұлды тәрбиелеп өсірген елдің орасан зор мүмкіндігі неде деген сұрақтың жауабын қазақтың аңыз, ертегі, дастандарынан тауып, оны өмір бойы зерттеу арқылы Шоқанның сынарындай екі халыққа ортақ перзент болып кетерін болжай алған жоқ, әрине. Шоқан Омбы кадет корпусында ірі әкімдер мен шені жоғары дәрежелі офицер балалары тәлім алатын ротаға емес, одан төмен саналатын қазақ әскерінің өкілдерінің балалары оқитын эскадронға қабылданды. Роталықтарға көрнеу көзге артықшылықтар берілген. Олар әке-шешелерінің жоғары мәнсабының буымен өздерін еуропалықпыз, жоғарымыз деп санап, соған сенетін және эскадрондықтарды азиялық жабайылар деп кемсітетін, сондықтан роталықтармен арадағы егес, бәсеке эскадрондықтардың береке-бірлігін арттырып, бір-біріне жанашырлық сезімін күшейткен-ді. Арасына тұңғыш жалғыз қазақ баласы келгенде роталықтар тіпті өршеленіп

кетті. Омбыда бұрынды-соңды қазақ көрмегендей кезек-кезек тамашалап:

– Көшім хандарың келген бе? – деп күліп, сайқы мазак етті.

Осы келеке эскадрондықтардың Шоқанға іш тартуын тудырды. Шоқан орыс тілін білмегендіктен бастапқы кезде мұны түсінген жоқ. Эскадрондықтарды да жат санап жатырқап жүрді. Соның салдарынан, ол кешігіп қалмасын деген қамқор оймен жұлқылап оятқандарды ұйқылы-ояу қалыпта кім болса да етігімен салып қалатын-ды. Сол бір ауыр сокқыны тұңғыш Григорий Николаевич те қабылдағанды. Сөйтсе, Шоқан етігін қашанда қолы жететін жерге қойып, әлде қалай болып қалар тұтқиыл шабуылды тойтаруға алдын ала дайындап жатады екен ғой. Ол өзін қазақ ертегі жырында көп айтылатын, әжесі Айғанымнан естіген тұтқындағы батыр күйінде сезінсе керек: кезекшілер әдістеніп те алды. Оның етігін ауаша апарып тастайтын, ол етігін іздеп қарбаласып жатып ұйқысын ашып алатын болды. Ал, сыбырлап сөйлеп, тербете оятса Шоканның қолы етігін іздемейді де. Қазақтар күні бойы тіршілік қамымен мал соңында жүріп, кешке ғана бастары қосылатындықтан ең тәуір асын жатарда ішіп, түннің бір уағына дейін көрген-білгендерін айтысып отырады да, жайырақ тұрады. Бұл – бір жағынан, малға да күзет, түннің бір уағына дейін әңгіме, ертегі тындап шоқиып қана отырып, сәскеде тұратын Мұхаметқанафияға елең-аланда тұру орыс тілін үйренуден қиын тиді. Бірақ орыс мәдениетінің тартымды ағысына алғыр Шоқан бірден ілесті. Бұдан екі жүз жылдай бұрын қазақ даласынан қол-аяғы бұғауланып, Москваға әкелінген Шоканның арғы бабасы, еңсегей бойлы ер Есімхан мен немерелес Оразмұхамет Онанұлы сұлтанды да орыс мәдениеті Россияның жалынды патриотына айналдырған. Ол шведтерге қарсы соғыста қолбасшылық дарынын, жеке басының қажыр-қайратын көрсетіп, жауынгерлік данққа бөленген еді. Бесікте жатқан кезінде кенет сөйлеп, көп адамды шошыта таңырқатқан Шоқан орыс тілін тез меңгеріп,

мұғалімдердің ықылас-пейілін бірден өзіне аударып алды. Ал, үшінші жылы жора-жолдастары да, ұстаздары да оған болашақ ірі тұлға, ғалым деп нық сеніммен қарай бастады.

– Гриша, біз Петербургке барып университеттік білім алуымыз керек. Мен – шығыс, сен жаратылыстану факультетіне түсесің. Болашақта бірге саяхатқа шығамыз, – дейтін сонау кезден. Ол ғажайып саяхаттар, оның жол-жобасын тамылжыта суреттегенде Потанин құштар көңілмен беріле тыңдап, тәтті қиял жетегіне еріп кете беретін де, өзінің қазақ офицері екені есіне түскенде мұңая күрсінетін. Мұның себебі – жаяу әскер офицері жылына 250 сом жалақы алып, қазақ офицері 72 сом алатын және отставкаға шыққанда пенсия берілмейтініне карамай 25 жыл өз полкінде әскери міндетін өтеуге тиісті басыбайлықта жатқанды. Батыс Сібір генерал-губернаторы Госфорттың адъютанты бола жүріп, орыстың заңғар жазушысы Федор Михайлович Достоевскийдің Семейдегі айдаудан босап шығуына атсалысқан Шокан Г.Н.Потаниннің басыбайлықтан құтылуына көмектесіп, қолұшын беріп қана қоймай, Петраевшіл Сергей Федорович Дуровпен жолықтырып, екі жақтап қоғамдық ой-санасының көзін аршып еді.

– Г.Н.Потанин 1859 жылы Петербургке келіп, университеттің жаратылыстану факультетіне түскенде, бала кезден есі-дертін алған арманға қол жететіндей көрінген. Қаражаттан тапшылық көріп, еденде жатып жүргенін білетіндер, бала оқытып, я болмаса ақша табудың басқа көздерін ұсынғанда, ашқұрсақтығына карамай Потанин бас тартатын.

– Мен мұнда білім алуға келдім. Онсыз да, шет аймақта жүріп, жеті жыл өмірімді жоғалттым, – деуші еді.

Білімге деген шексіз құштарлық, жастық қуат билеген ол, күндіз университетте болса, кешкісін сурет Академиясында жалықпай еңбектенді. Оның төзімділігіне таңырқаған, ерлікке пара-пар тынымсыз тірлігін білетін жұртшылық, Н.Г.Чернышевскийдің атақты «Не істеу керек» романының сүйікті кейіпкері Рахметовтен Григорий Николаевич

Потанинді көріп, бірден таныды. Сұрқия-сұмдығы көп өмір ізгі тілекке жеткізіп, адал еңбекті қайдан жандырсын. 1862 жылы университет белгісіз мерзімге жабылды да, Омбыға қайта оралған Г.Н.Потанин 1885 жылы тұтқындалды.

Бөлме іші күнгірт. Жалғыздықтың жан азабын тартқан Г.Николаевич өткен шақтың үкіметке толы күндерінің елесінен ғана бойына қуат алады. Бар ермегі сол. Шытырлап жанған қарағайдың гуіліне құлақ түре отырып, аты балық сорпасы дегені болмаса сылдыр су ішіп отыр.

Қарағай шайырының иісі аңқиды. Пеш аузынан түскен жарық сәуле оның бейнесін қабырғаға түсірген. Мұрты салбырап, шашы дудыраған кейпі 1864 жылы өзілқой Шоқанның салған суретінен айнымас еді, тек сақалы бөлек етіп тұр.

Г.Н.Потанин төсегіне жатып, өз көленкесіне көзі түсті де жан досын тағы да есіне алды. «Шіркін Шоқан ғажайып талант еді ғой», Россияның тандаулы ұлдары қашып құтылмас сор-азап оны да құтқармады. Қанша уақыт өткені белгісіз. Қоңырау таққан шаналы жүргіншінің катты жүріп кеп тоқтаған дабыры естілді.

– Потанин қайда екен? – деп, дабырласып сұрап жатыр. Бұл не болды екен: міне, аяқ дыбысы естілді, үй иесі әйел жол бастап келе жатқан сияқты. Ойпырай-ә, мені тағы бір жакқа әкететін болғаны ғой деген үрейлі ой тұла бойын мұздатты. Әрине, қыстың көзі қырауда жол азабы оңай емес. Міне, есік те ашылды. Таныс дауыс. Кім дейсіздер-ау? Шоқан! Кәдімгі Шоқан Уәлиханов. Бала күннен, сонау кадеттегі күннен бергі досы, сырлас-мұңдас жан досы. Көз алдына бүкіл Омбы көшіп келгендей, Г.Николаевичтың аузына сөз түспей сілейіп алды.

– Гриша!– деп, айқайлай кірді Шоқан. – Қазақтың қазақты қандас туысқан деп санайтынын көрсетейін, – деп келді де, құшақтап сүйіп жатыр.

– Шоқаным-ау, асылым менің! Аман ба едің, бар ма едің?!... – деді Потанин қуаныштан тілі

Күрмеліп.

– Әрине, Гриша, әрине, әзірше жер бетіндемін. Міне, өзінді арнайы іздеп келіп тұрмын, асығыс жұмыспен кетіп бара жатыр едім.

– Қуаныштымын, Шоқан. Керемет! Полковник болып та үлгергенбісің. Неткен ғажап!

Жолың болғыш-ақ. Бір кезде саған әскери білім беруден қауіптеніп, кадеттің соңғы курсын оқытпай, мерзімінен бір жыл бұрын Корнет атағымен бітірткізіп еді. Поручик атағын тіпті ерте, былайша тартып алдың. Көзді ашып жұмғанша Штабс ротмистр болып үлгердің, ал қазір полковниксің. Ал, білімін болса, ғұламалар деңгейіне жетті. Петербургте біз ауылбай қалпымыздан өзгере алмай жүргенімізде, тумысыңнан астанада өскендей зиялы қауыммен бірден етене араласып кетіп едің. «Қашқар сапары» туралы жазбанды жұртшылық бір ауыздан данышпандық зерттеу деп бағалады. Сенің алғырлығыңа, шапшаңдығыңа таңқаламын, әрі қызығамын, Шоқан.

– Бұл мәңгіліктің алдында түк те емес. Сен де полковник боласың, Гриша. Тек жүнжіме!

Кадетте оқып жүргенде Г.Н.Потанин ойынға алаңдамай, жалықпай ізденіп, талмай оқып, көп білетін. Бірақ оның бұйығы мінезінің кесірінен, кейде өз білімін ұстаз алдында көрсете алмай қалатыны да бар. Достарының мінін бетіне батыра айтуда қатігез Шоқанның ұстарадай өткір мысқыл-әжуасына Потанин де ілінбей қалмайтын. Беттің ұшын ду еткізетін ащы шындық жанға батса да жанашыр жүректен жарып шыққандықтан еріксіз мойындатып, көңілге жайсыз әсер қалдырмайтын. Г.Николаевич те реті келгенде Шоқанның бойынан көріп қалған лайықсыз кемшіліктерді аяқсыз қалдырған емес. Қайдағы бір астаналық офицерлерден қабылдаған карта ойыны мен шампан ішу сияқты жат әдеттен Шоқанды ерте жарықта тиып тастады. Потанин күлімдей қарап:

– Мына форман бойыңа қонымды, жарасымды екен. Мен сияқты кикы-шойкы емес, шынардай тіп-тік өзіне кез келген киім қона кетеді: құндыз жаға, сол баяғы жылтыраққа әуес, кербез, сәнқой қалпың «жазда жорға, қыста мырза өледі» болып жүрмегей.

– Сәнқой болмай қайтейін, Гриша. Өзім бұратана халықтан шықсам. Оның үстіне қалай болса солай киінсем, өркөкірек надандар не демек?! Біздің елде «жат жерде тон - сый» деген мақал бар.

– Әрине, әрине, менікі жай әзіл. Еліңнің қал-жайы қалай?

– Жүректе орынға түсірген либералдыққа алғыс жариялауға болады. Ал, елімнің жай-жапсары тым қайғылы, патша әкімдері пара бермеген, беруді білмейтін момын халықтың малын өсіріп жазып, алым-салықты артық алып жүр. Отандастарым титықтап, өз баласын бір табак ұнға сататын мүшкіл халға жетті. Герценнің «Колоколы» шырылдап ара түскенімен, одан ұялар бет жоқ. Көңілге жалғыз медеу – туған халқым азулының тісінде, тырнақтының шеңгелінде кетер, тоз-тоз болу қаупінен арылды да, тұтас қабырғалы ел ретінде дамудың жарқын болашағын күтуде.

– Асыл Шоқаным менің! Перзенттік парызыңды өтеу жолында өзіңе қойған қатал талабың мен қажырлы еңбегің бар-жоғы алты-ақ жыл оқыған өзіңді ғалымға айналдырды. Өз халқыңды түсіндіру үшін басыңды өлімге де тіктің. Халқыңның тұтастығын сақтап қалу үшін арпалыстың. Сен көрген азапты, сен жасаған теңдесі жоқ орасан ерліктерді, таңғажайып көрегендігіңді айтуға менің тілім жетпейді.

Россияны басып тұрған қара түнек серпілер әлі. Сол нұрлы келешек тағдырлас барлық халыққа ортақ.

– Нұрлы болашақты тезірек көргім келеді, Гриша бауырым. Мен дала пролетарымен қанша дос болсам да пікірлес серік таба алмадым. Патша мен құдайды тең санайды. Қайда барсам да көр соқыр надандық. Ен далада жүргендей жалғызсырағаным сонша, кезінде Омбыда, Петербургте қандай ірі-ірі тұлғалармен сұхбаттас болу бакытына ие болғанмын, – деп ойлаймын бір уақыт. Жүрегім сағыныштан сыздайды. Озық ойлы азаматтарды кезіктіруді аңсаймын.

– Оны айтсаң менің көзіме жас келеді, сүйікті Шоқан.

– Иә, білемін ғой, сенің кашанда көз жасың дайын. Ең аяғы «Таксыр император І Николай» қайтыс болғанда да

ботадай боздағансың. Россия қараң калар деп, қамыққан болатынсың.

Потанин қысыла күліп жіберді.

– Сергей Федорович Дуров неткен білімді, озық ойлы адам еді. Өзің ертіп барғаннан басқа қайтып көре алмадым. Оның бір түнгі әңгімесі менің жан дүниемнің астан-кестенін шығарып, төңкеріс жасады. Сол күннен бергі уақытта патша өлгенде жылағанымға өкініп келемін. Сорақылық, қас надандық қой, әрине. Кадетте жүргенде өзінді тыңдаған болсам, мұндай өкінішке тап болмас едім.

Сағынысып, зарығып көріскен екі достың әңгімесі таусылар емес. Әңгімеге арқау болар ортақ оқиғалар, таныс-білістер толып жатыр. Бірінен біріне тез ауысып, таңның қалай атқанын байқамапты. Шоқан жүретін болды.

– Сау бол, Гриша, саяхатқа бірге шығамыз деген сертімізді орындай алғанымыз жоқ.

Міндетті түрде шығуымыз керек.

– Кош бол, сүйікті Шоқаным, – деді Потаниннің ерні дірілдеп, көзіне іркілген жасты

Шоканға көрсеткісі келмей.

Шоканның қоңыраулы шанасы қар бетімен жеңіл сырғып жүріп кетті. Тірліктің бар асыл кимасын бірге әкеткендей бейне. Жүрегі де бірге кеткен тәрізді. Айнала мүлде қанырап бос қалып, қара түнек басқандай.

– Кош бол, жан досым, –деп қолын бұлғап, қысылатын Шоқан жоқ жерде көз жасына ерік

берді. Зар-мұң, қайғы-қасірет, ашу-ыза өксік боп тамағына кептелген. Өз өмірінде тап осылай жылап көрмеген шығар.

Ояна келсе ағыл-тегіл жылап жатыр екен.

Г.Н.Потанин 1874 жылы айдаудан босап, 1920 жылы қайтыс болды. Төрт рет саяхатқа шығып, орыс ғылымының дамуына зор үлес қосты. Шоканның ғылыми мұрасының тұңғыш кітап болып 1904 жылы жарық көруіне көп еңбек сіңірді.

Ұлы досы туралы ауық-ауық естеліктер, мақалалар жариялап, өле-өлгенше аузынан тастаған жоқ.



МӘҢГІЛІК ЖЫР

Екатерина Яковлевна қызы екеуі егіле жылаған кезде, Қарл Казимирович үйде жоқ еді. Ол үйіне келгенде жарының жұмсақ дауысы естілмеді. Қызы да папалап, жайраңдап алдынан шықпады. Тіршіліктің тауқыметін бір сәтке болса да ұмыттырар от басының жылы лебі білінбей тұр. Бұл салқындықтың себебін білгісі келген Гутковский жарының жүзіне жалт қарап, бұлаудай болып қызарып іскен көзін көрді де:

– Апыр-ау, сізге не болған, ауырып қалғаннан саусыз ба? – деп, дегбірі кете сұрады.

– Жок. Сап-саумын, Карл Казимирович, – деп тіл қатты әйелі.

– Онда өңіңіз қашып тұрғаны қалай?

– Алдымен тізе бүгіңізші, Карл Казимирович. Сабыр сақтауыңызды өтінем, құдай үшін.

Жақсылық хабар естірпейтінімді аңғарған да боларсыз. «Жазмыштан озмыш жок» деген, аяулы Шоқан досымыз қайтыс болыпты. Соны естіп жыладық. Қайран боздақ адам баласының ардақтысы еді ғой, отызға да толмай, қыршын кеткені қандай өкініш, – деп, Екатерина сөзін жұтып, солқылдап жылай бастағанда, Гутковский үнсіз сілейіп отырып қалды. Біраздан кейін аһ ұрып күрсінгені естілді. Онын уақыт айғыздаған әжімді сұсты жүзінде домалаған кос тамшы қалың жирен мұртына қарай тамып барады.

Патша үкіметі қашанда есінен бір шығармайтын тегінің поляктығына қарамай, қажыр-қайраты мен ақыл-парасатының арқасында елуге толмай генералдық шен алған байсалды әкесінің осылай босауын он тоғыз жас ғұмырында Катя бірінші көріп тұр. Өмір бойы сіңірген еңбегі бір тиынға да тұрмай, 1863 жылы жұмыстан босатылып, керітартпа жауларының мерейі тасығанда да дәл мұндай күйзелмеген

еді. Гутковскийдің қайғыдан қан жұтқан халін бір сөзбен түсіндіру қиын.

Омбының кадет корпусында геодезиядан сабақ беріп жүрген Гутковскийге оқытушы әріптестері болашақта сөзсіз ғалым болатын, ғажайып дарынды Шоқан туралы мақтауларын жеткізе айтып, өздерінің шексіз сенімі мен сүйіспеншілігіне оны да еліктіргені анық. Көрсөқыр надандықтан жергілікті халықты «жабайылар» деп кемсітетін өркөкірек менмендердің сенім-нанымын, іс-әрекет, болмысымен жокқа шығарған, үздік окитын шәкірттің әр қадамына сүйсіне жүріп, бара-бара туғанынандай артық көріп кеткен болатын. Шоқанды ұнатып дос, туыс санаған тек бұл ғана емес. Солардың бірі – озық ойдың бас қосатын ошағы Капустиндердің үй-іші еді. Олар аз уақыт көріспесе, сағынысып қалатын. Шоқанды ол үйдің туған баласындай еді десе тіпті де артық емес. Ал, Капустин Гутковскийдің қайын атасы болып келеді.

Жоғары ой-санасы, инабатты мінез-құлқы, тартымды тұртұлғасы әділ жандарға сүйкімді етіп көрсеткен Шоқан туралы орыстың заңғар жазушысы Ф.М. Достоевский өз хатында: «...Мен Сізді жақсы көргендей ешуақытта да, ешкімді де, керек десе туған аға-інімді де жақсы көрген емеспін, мұның себебін құдай білсін», – деп, тебіреніп жазғаны, әрине, тегін емес.

Қарт жауынгердің көз алдына Омбы қаласы, онда өткен қызулы, арпалысқа толы жастық шағы, қымыз ішіп, бой жазып қайтуға үй-ішімен баратын Шыңғыс ауылы, кең жазира даласындай дарқан да, ақжарқын бейғам қазақтар елестеген шығар. Әйтеуір, сәбидей бейкүнә халықтың жанашыры болғанын есіне алғаны анық. Парақор шенеуніктердің озбырлықтарына тиым салмақ ниетпен қарсылық білдіремін деп, қызметтен жазықсыз қуылған ауыр күндерде қасынан айнымас Шоқан табылып еді.

Алыста жүрсе де, көңілге медеу, мұңдас, пікірлес жас досының қазасын тұтқиыл есту есеңгіретіп кетті.

– Шындық, әділеттілік қанша қасиетті болғанмен, оны

қорғау қандай қиын, – деп, Шоқан бейнесі ап-анық елестеп кетті.

Екатерина Яковлевна Шоканның адамгершілік үлгі-өнегесі туралы айтуды парыз санаған сияқты. Батыс сибірдің генерал-губернаторы Гасфорттың адъютанты болып жүріп Ф.М.Достоевский мен петрашевшіл С.Ф.Дуровтың бұғаудан босап шығуына атсалысып қана қоймай, түрмеде бүлінген денсаулықтарының тез түзеліп, оңалуы үшін С.Ф.Дуровты Көкшетаудағы өз ауылына жіберіп, Достоевскийді Шыңғыстаудағы Шаған бойын мекендейтін туысы Сартай, Шалғынбайдікіне апарғанын тілге тиек етті.

Петербургте таныс-біліс, туыс-туғаны жоқ болса да, дәм айдап көшіп келген өздерін құшақ жая қарсы алған Шоканның достары оның өтінішін орындап жүргенін жасырмаған. Сөйтсе, сонау киырда жүрсе де, бұлардың қамын ойлап хат жазып табыстаған екен ғой қайран асыл азамат.

– Иә, Шоканның шапағаты көп адамға тигені ақиқат. «Жақсыдан шарапат, жаманнан кесепат» деу тегін емес. Ол күн сияқты мейір, махаббат шуағымен туған халқын, адамзатты нұрға бөлеп, жылытуды ғана ойлаған еді. Менің генералдық шенге жетіп, шекпен киюіме де оның себебі болды. Сол алғыр досым Қашқар сапарын сәтті аяқтамағанда бұл шекпен жоқ еді маған. Амал не, екінші жағынан біздің жауларымыздың қарасы да көбейгені рас. Керітартпа паракор зұлымдарға, күншіл, өсекші тоғышарлар барып қосылды.

– Е... ол жексұрындардың істемеген кесепаты қалды ма, «қазақ даласына Ягернаут сұмдығын орнатты» деп Шоқан бекер жазған жоқ, – деп, Екатерина көкірегінде шер болып қатқан ашу-ызаның шетін шығарды. Карл Казимирович:

– Өз халқын шексіз сүйген ұлы перзентінен айрылған халықтың соры қандай қалың еді.

Орны толмас ауыр қаза. Адамзат ақыл-ойдың үздік тұлғасынан, кеменгерінен айрылып отыр. Оның жалындап шалқитын толыққан шағында, жемісін тегіс бере алмай кеткені неткен өкініш. Шоқан шынында ұлы еді. Ажал оған қандай мүмкіндік бермесе, заманы одан кем соқпады.

Бірақ ұлы болып калуға тиіс, – деді қоңырқай шашты басын шайқап. Терезе жақтауына сүйеніп, шілтерлі перденің саңылауынан күнгірт тартқан Петербургтің тұнжыраған аспанына қарап тұрған Катерина, әр сөзін андап, әр қадамын есептеп басатын өте сақ әкесінің барлық сырын жайып салғанына қайран. Гогольді ұлы жазушы деп мадақтап, азалы сөз жазған Тургеновтың бір ай қамалған себебі, патша ағзамға ғана лайықты әрі меншікті «ұлы» сөзін Гогольге телігендіктен еді. Сол ащы сабақтан қаймықпай Шоқанды Ұлы деп шын жүректен тебірене айтып тұрған әкесінің сөзі ерлікпен пара-пар-ау.

– Катя, ертең Дмитрий Ивановичке хабарла, – деп, оның ойын бөлді Карл Казимирович.

Тобылдық мұғалімнің баласы, әлемге әйгілі химик Дмитрий Иванович Менделеев гимназияда оқып жүрген шағында жыл сайынғы жаздық каникул күндерін Омбыдағы әпкесі Екатерина Ивановна Капустинаның үйінде өткізіп жүруші еді. Міне, дәл сол шақта өзінен бір-ақ жас кіші Шоқанмен танысып, достасып кеткен болатын. Кейіннен бірнеше ғылыми еңбектің авторы болған Катерина Карловнаны Менделеев өз лабораториясына жұмысқа алып, ағалық қамқорлық көрсетуіне сол достық дәнекер болғаны сөзсіз.

– Жарайды, папа, – деген Катеринаның жауабын толық тыңдамай-ақ Карл Казимирович:

– Шоқанның жазбаларын жинап, кітап етіп шығару ләзім. Оған деген құрметіміздің белгісі ғана емес, мол мұраны халық қазынасына айналдыру – парыз. Мұндай міндетті бізден өзге кімнің қолға алуы мүмкін. Семенов - Тянь-Шанский жұмыс басты. Г.Н.Потанин де, Достоевский де әлі өзіне-өзі келе алмай жүр. Майков – ақын, Исаковтың ғылымнан хабары кем. Шоқанның жігерлі інісі Жақып – шаруашылықпен айналысып кеткен адам. Шоқанды қаражаттан тарықтырмау жағын көбірек ойлап шексіз сыйлап жүргенімен, мұндай аумақты іс қолынан келмейді. Екі інісі – Махмет Шыңғысұлы мен Махмет Қанқожаұлы әлі жас, кадетте оқып жүр. Олай болса, ерте күнді кеш қылмай

аттанайын. Омбы, Көкшетау барып, Алтынемел, Алматы айналып кайтамын, – деп, өз ұйғарымын естіртті.

Тек адалдықты қастерлеп, өз еңбекақысынан бөтен көлденең бір сабақ жіп алуды аса ауыр күнә санайтын ізгі жүректі Гутковскийдің қаражаты тым аз еді. Сондықтан Петербургте ақшасыз қалудың қандай қиямет екенін жақсы білетін білгір Шоқан өз хатында: «...Карл Казимирович, Сіздің ақша-қаражаттарыңыз туралы жағдайларыңыз есіме түскенде мен сізді қатты аяймын: енді қайтесіз?» «...Егер бір жаққа баруға киналатын болсаңыздар орналасқанға дейін жазды бізде өткізуге біздің ауылға келіңіздер. Құдай үшін, қынжыла көрмеңіздер, мүмкін сәті түсер» деп аландауы тегін емес.

Жұқалтаң калтаға оңай сокпайтын көлденең жол шығыны қаймықтырмағанымен, Омбы айналып Алматыға Петербургтен барып қайту елуден асқан адамға оңай тимейтінін білсе де:

– Барма – деп, Гутковскийге әйелі де, қызы да айта алмады. Қашанда ойын қымтап ұстауға дағдыланған Карл Казимировичтың көкейінде көмулі күдік те бар. Сонау бір жылдары Орынборға жер аударылып келген он жеті тіл білетін он бес жасар Виткеевич кейіннен Орта Азияға саяхат жасап, құнды дерек жинағаны сонша, І Николай патшаның өзі қабылдау жасайтынын хабарлаған. Бірақ патша белгілеген күннен дәл бір күн бұрын қонақ үйде атылып, қағаздары өртеніп кеткені мәлім болған-ды. Осы қайғылы оқиға шешуі табылмаған көп жұмбақтың біріне айналғаны – күйініш.

Ал, саяхатшы Кирилов болса, Петербургке де жете алмай, орта жолдағы Арзамаста белгісіз күйде қазаға ұшырады. Міне, осы оқиғалар есіне оралғалы Карл Казимировичтің ойы он бөлек. Себебі: ағылшын, неміс, мәнжур, коқан барлаушылары Омбыға дейін келіп, еркін шарлап жүр еді.

Сібірге баю мақсатымен ғана келген тонаушы әкімдерге Россия мүддесі мүлдем жат сияқты. Сол әкімдердің Шоқанға қысастығы тағы бар. Халық аға сұлтандыққа сайлаған

Шоқанды параның күші бекітпемей тастаған маскара – Петербургке дейін жетіп, саналы қауымның ашу-ызасы, жиіркенішті, зұлым бейнелерді қолайсыз жағдайға тап қылған-ды. Олар сол кектерін қайдан ұмытсын.

Міне, осындай күдік ширықтырған Карл Казимирович ыңғайлы қызметке орналасу мен жазды үй-ішімен Көкшетауда өткізу жоспарын ысырып тастап, сапарға аттанды да, жарты жылдан артық жол және жан азабын тартып, Шоканның көзі тірісінде ағылшын, неміс, француз тілдеріне аударылып басылғаны бар, қомақты қолжазбаны алып аман-есен оралды. Бірақ, Шоканның Омбыдан ең жақын достары Г.Н.Потанин, Н.М.Ядринцевтер бастаған бір топ жастардың тұтқындалып, қамауға алынған жайсыз хабарын да әкелгенді. Саяси қылмыскер деп танылған Потанинге ара түспек болған Шыңғыс Уәлихановтың ұзақ жыл жұмысты мінсіз атқарған еңбегіне, Россияға шын берілгенін сан мәртебе дәлелдегеніне қарамай-ақ, саяси сенімсіздер қатарына апарып қосып, қызметтен ретін тауып қуған екен.

Сырт көзге – абырой, атақтан жұрдай болып, дұшпандарының табасына ұшырауы, қаралы қартқа оңай соқпағанын Гутковский жан жүрегімен түсінсе де, қолынан келер қайраны болмай жігері құм болыпты. Омбы қаласы қаныпезерлерге толған. Адамдар үреймен ұйықтап, шошып оянатын күн кешуде.

Әрине, бұл жайсыз хабар үй-ішінің еңсесін түсірмесе көтермегені белгілі. Тағдырдың тарттырар қайғысы әлі алда екен. Көп ұзамай аяулы Карл Казимирович кенеттен қайтыс болды да, қызу қолға алған ісі тоқтап қалды. Ол кезде шығыс зерттеушілері мен ғалымдар Шоқан жазбаларына аса мұқтаж, зәру болатын, сондықтан оны қарап шығайын», – деп, қолқалаушылар көп еді. Алғашқы кездерде Катерина олардың тілегін жерге тастамай, сұраған жазбаларын беріп жүрген болатын. Бірақ, алған адамдардың көбінен қайтарып алу, табанды талап етудің өзінде қиынға соққаны өз алдына, көп жазбалар қолды болып, із-түссіз жоғалып кетті. Жазбалар арасында – патша отаршыларының Сібір

халкын корқытып-үркіту, айла-шарғымен шокындыруы туралы, Көшім ханның Василий Федорович Сибирский болып аталып кеткен инфантерия генералы, сенатор дәрежесіне жеткен немересі жайында және Көшімнің шөбересі Князь Александр Сибирскийдің археологиялық еңбектерінің жетістіктерін жан- жақты жазғаны болатын.

Ғалым-археолог А.Сибирский 1860 жылы үздік еңбегі үшін Демидов сыйлығын алған кезде Шоқан Петербургте жүрген-ді. Көшімнің ұрпақтары орыс фамилиясын, атын алып орыстанып кеткен болса, қазақ ішіне қашып келіп қазақ болып кеткен орыстар қаншама. Әсіресе, Петербург, Омбы, Алтынемел жазбаларының қолды болуы секем алдырды. Жылуы жоқ жанымен жалған жылмия келетін бейтаныстар патшаның тыңшы құлдары емесіне кім кепіл. Инабатсыз қылықтар шошындырған Катерина Карловна Шоканның жазбаларының аман қалған бөлігіне ие болып, шашауын шығармай сақтауға бекінді де, қиыла сұрап келушілерге ол кім болса да:Көз алдымда отырып көшіріп алуыңызға болады. Қолыңызға бере алмаймын, – дейтін болды. Тіпті бала күнінен өзіне таныс, Шоканның ең жанашыр досы Г.Н.Потанин он жыл кесілген мерзімін өтеп, айдаудан жүдеп-жадап сағынышпен оралғанда да жоғарыдағы жауаптан танбады. Ол, ол ма, Орыс география қоғамының тапсыруы бойынша Шоқан кітабының редакторы болып белгіленген Петербург университетінің проректоры, беделді ғалым Н.И.Веселовскийдің өзі де иліктіре алған жоқ. Ол Шоқан жазбаларының аз бөлігін Потанин арқылы қолхат беріп қана зорға ала алады. Профессор Н.И.Веселовский, В.В.Григорьевтің қағаздарының арасынан Шоканның үш дәптер қолжазбасын тауып алғанда барып, Катерина Карловнаның қаталдығының өте орынды екендігіне көзі жетті де бағасыз еңбегіне құрметпен қарайтын болды. Шоканның тұңғыш жалғыз кітабы ол қайтыс болғаннан соң, отыз тоғыз жыл өткеннен кейін барып 1904 жылы ғана жарық көргені мәлім.

Одан бері де сан жылдар, алуан оқиғалар өтті. Тірліктің

ауыртпалығы аз емес. Катерина қолы қалт етіп онаша қалғанда Шоқанның жазбаларын оқып, көкірегін босатып алатын болған. Сүйікті әкесі Карл Казимировичке жазған Шоқанның хаттарында: «Аса қадірлі Екатерина Яковлевнаның денсаулығы қандай? Менің сүйікті Катерина Карловнам не істеп жүр? Коляның денсаулығы қандай?..» деген жолдар бар сол бір мейір шуағы төгілген ыстық ықыласты білдіретін сөздерге көзі түссе, Омбы қаласы, асыл Шоқан елестейді. Шоқанның Ф.М.Достоевскийге жазған хатында «...Сені де, Мария Дмитриевна да оны жақсылап қарсы алар және оның үй-ішімен танысарсыздар деп сенемін. Олардың Петербургте ешқандай таныстары жоқ. Гутковскийлер өте аяулы, ... адамдар...» деп таныстырыпты.

Бұны көрсе, тамағына өксік тығылып, кіршіксіз жанындай мөлдір, ауыр тамшылар алдындағы қағазға тырс-тырс тамғанын байқамай да қалып жүр. Сөйтіп жүргенде күн сайын әл-қуаты кеміп, қартайып бара жатқанына анық көзі жетті. Жасы да жетпіс төрттен асып барады екен. Уақыттың қалай зымырап өте шыққанына сенгің келмейді. Өтіп бара жатқан жалған дүние. Ол Шоқанды соңғы рет 1860 жылы көргенде онда төрт жасар балауса еді. Тағдыр қайта көрісуге жазбапты. Тек хаттары, суреттері арқылы санамен дидарласып келе жатыр.

Бұл күнде Шоқанды білетін, көз көргендер саусақпен санарлықтай. Құрдастарынан Потанин, Жаяу Мұса ғана бар деп естиді. «Қарыс жерде қаза бар» дегендей жас ұлғайған сайын қауіп те арта түседі екен. Аз да болса дәрмен бар шағында көзінің қарашығындай аялап сақтап жүрген Шоқанның қолжазбаларын сенімді адамға тапсыруды көптен ойластырып жүр. Шоқанның жақын туыстарын іздеген еді, – қазақ даласындағы алғашқы коммунистердің бірі болған ревком председателі Нұрыш Жакыпұлы мен Махметов Рахымжанды ақгвардияшылар атып өлтіріп кетіпті де, бас көтерер ешкімі қалмағанын білді. Содан соң көп толғанып СССР Ғылым Академиясының архивіне тапсыруға келіп тоқтаған болатын.

– Шокан армандаған әділ заман орнады деп білемін. Оның баға жетпес ғылыми мұрасын елу бес жыл аялап сактап, бұл күнге, ие болар жаңа ұрпаққа жеткізгеніме қуаныштымын. «Шокан Уәлиханов фонды» деп атадыңыздар ма? Өте жақсы. Жақсының атын, ғалымның хатын өшірмеу адамдық парыз. Адамзат сонда ғана гүлденбек, балам, – деп, Катерина Карловна өз міндетін мінсіз орындап, қайтып келе жатқанда жүрек тұсы қатты шаншығанын аңғарды. Бір түрлі, көңілі құлазып қалғандай, ең кимас, сырлас досын ұзақ сапарға аттандырып, қоштасу қандай ауыр. Сірә, тілмен жеткізе алар ма адам. Сондай өзгеше тебіреністен толқып аяулы, асыл жан:

– Қош бол, сүйікті Шокан аға. Қалған өмірімде де қымбаттым, қимасым. Саналы да,

салауатты ұрпақ алдыңнан шықса екен деп тілеймін. Өмір бойы осы бір тілек менің күн сайынғы дұғам болды. Қолымнан келгені осы ғана, ардақтым! Рухың риза болғай, – деп күбірлеп, жылап бара жатыр еді.



ТЕЛҒҰМЫР

Сәті түспеген іске шара жоқ деу – рас. Шыңғысқа сәлем беріп қайтсам дегеніме отыз жыл болыпты. Дәм қарызы бар еді. Шоқан қайтыс болғалы төбе көрсете алмағаныма жер болып келемін, – деді Потанин Петербург университетінің студенті қарқаралылық Сұлтанғазыға қарап.

– Шынында аз уақыт өтпепті, апыр-ау, содан бері қалай жолыңыз түспеген? – деп Сұлтанғазы қызыға сұрады.

Өмір бойы халықтың аңыз-ертегілерін жалықпай жинап, зерттеген Потанин ертегі құмар баланың кейпін Сұлтанғазыдан көріп, мұртынан жымиды да:

– Шоқан қайтыс болған жылы маған саяси айып тағылды, содан тұтқындалдым, әуелі он бес жылға, кейіннен қайта қарап он жылға түсірді. Он жыл айдаудан оралған бетте нашарлаған халымды түзету үшін Моңғолияға, Қытайға саяхатқа шығып кеттім. Мұршам келмеді, дәм тартпай-ақ қойды, әне-міне дегенше уақыт өтіп кетіпті.

– Дұрыс-ау, «ештен, кеш жақсы» дейді бізде, ұмытатындай-ақ екенсіз. Көңіліңізде сақтауыңыз ғажап!

– Шоқанды көрмеген соң айтып отырсың-ау, көз көрген достары еш уақытта ұмытпақ емес.

Шоқан – жүз жылда бір қайталанатын құбылыс. Өз халқын сүюден айныған жоқ. Еуропалық ағартушылықпен туған халқының ұлттық қасиетін ұштастыруды армандап өтті. Сол арманның ұшқыны, міне, өзіңсің. Ал, өзінің ұлы перзентін ардақтамаған халық кемелденбек емес. Жедел жүріп келе жатқан тарантастың екпінінен соққан самал леп Потаниннің буырыл тартқан толқынды ұзын шашын кейін серпіп, шекесін әжім айғыздаған кең маңдайын ашып көрсетіп келеді. Мұнды, сабырлы қарайтын шаралы аспан түстес көзінде ой толқыны толқып тұр. Потанин

Сұлтанғазыға мән-жайды толық түсіндірген жоқ. Сол бір аты шулы алпыс бесінші жылы Потанин, Ядринцев, Усов сияқты Шоканның достары бар, бір топ Омбының жастарына саяси айып тағылып қамауға алынған болатын. Мұны естіп Шыңғыс күйзеліп ашуланған екен, оның себебі – «Әкең өлсе өлсін, әкеңді көрген өлмесін» деген қазақы ізгі ұғымға ғана байланысты емес, кимас көңілді, әрине, жокқа шығара алмайсың, ең бастысы, Шоканға жасалған қиянатты білетін Шыңғыс, оның тел өскен құрбыларының тұтқындалып, рахымсыз киын жазалауға тап болуын тек қаскөйлік, сорақы әділетсіздік деп ұққан-ды. Жаны күйген ол, өзіне келер қолайсыздықтан қаймықпай, Батыс-Сібір генерал-губернаторына ресми хат жазып, бейкүнә жастарды қор етпей қамаудан дереу босатуды, маскара былықты тиюды талап еткен болатын. Бірақ, мұны Шоканның жаулары кәдеге жаратты. Жиырма төрт жасында аға сұлтан сайланып, отыз жыл аттан түспегеннің сыртында кісілігіне қылау түсірмеген саңлақ Шыңғыстың қол-аяғын жерге тигізбей Омбыға шақыртып, түсінік алған соң тұтқындай жаздап барып, зорға босатып еді. Баю мақсатымен шет аймаққа уақытша тұрақтап, халыққа жасап жүрген қиянатын көлегейлеу үшін, онсыз да қарадан қарап «Жау шаптылап» аттан салатын шенеуніктерге көктен тілегені жерден табылғандай болды. Оларға «әділет» деген сөз шиканына тиетін патша ағзамның адал құлы екенін дәлелдеп, шен-шекпен алуға мүмкіндік туғаны қажет. Жерден жеті қоян тапқандай қуанған жендеттер Шыңғысқа, «патшаға қарсы қылмысты ой-пікірде» деген тірі жүргенде қашып құтыла алмас қоңырау тағып қана қоя бермей, туыс-жақындарын бақылауға алып, қызметтен шеттетудің жымысқы әрекетін абырой санауға дәті барды.

Іріп-шірімей қоймайтын қатал өктемдік пен әділетсіз құрылыс, паракорлардың ыңғайына көнбейтін Шыңғысты түптің түбінде қалайда сүріндірмей қоймайтынын Потанин білсе де, дәл сол қырсыққа өзінің мұрындық болғанына қысылып жүрді. Бара қалсам, жазықсыз көрген зәбірі үшін жақтыра қоймас деген күдік те алдын кескен. Осы қобалжу,

айдаудан оралған бетте аяғына тұсау болды. Мұның сыртында, бара қалсам патшаның қарғалы төбеттері жарыса үріп, шулауы мүмкін-ау деп, сескенгені де рас. Ұзақ-ұзақ саяхаттарға шығып, ғылыми еңбегі даңққа бөлеген, лебізі желге ұшпайтын дәрежеге жеткен шағында, Шоканның орнына барып қайтпауды күнә деп білді. Содан алпыс жасар шағында, жол михынаты оңай тиместігіне қарамай, нар тәуекелмен келе жатқаны осы. Бірақ мұны айтпады. Потанин Көкшетауда, Шыңғыс аулының Токты тауында, жайлауда отырғанын сұрастырып білді де, аялдамай жүріп кетті. Ол Бабық селосына келген соң Токты тауына жетуге отыз шақырым қалғанын естіп, қуанғаннан жымындап күлді, жолдың көбі артта қалғаны рас, бірақ көп ұзамай-ақ ертерек қуанғанына көзі жетті. Өйткені Бабықтан Токтыға жеткізіп салар арнаулы көлік болмайды екен. Кейде қарға адым жерге жету – осылай мұң болатыны бар. Тұрғылықты қазақ-орыстар:

– Шөп шабатын кезде серуендей алмаймыз, – десті. Сұлтанғазы мен Көкшетаудан қосылған

Найманның да таныс-білімі жоқ. Бұлардың лажсыз халын аңғарған қазақ-орыстар тіпті керігіп, көнбей көп өгіндірді. Ең соңында Потанин жолақысы үшін тиісті мөлшерден он есе артық телейтинін айтқанда барып, бастарын қасып, миғынан күлген олар келісімін білдірді.

– Е, бұларды да цивилизациялы халықтан шыққан дейді-ау. Шын мәнінде мәдениетті тонаушылар емес пе, – деп, Потанин Найманға мұңын шақты.

– Бес саусақ бірдей емес, Григорий Николаевич, – деп сыпайы тіл қатты Найман.

Арбалар кішкене болғандықтан Потанин мен Сұлтанғазы біреуіне отырып, жүктер мен Найман екіншісіне жайғасты.

Қос арба ойлы-қырлы даланы көктей өтіп, қалың ақ қайыңды орман ішін аралап Токты тауының етегіне ілінгенде, қас қарайып, ымырт үйірілді де, жолаушылар еріксіз далада түнеуге тоқтады.

Сұлтанғазы Найманға бұрылып:

– Қазаққа телеграфтың керегі жоқ. Әр ауылды елу шақырымнан қондырса, жетіп жатыр дегеніңіз қайда, отыз шақырымға хабар бере алмай зар болып жатқанымыз мынау, – дейді қалжындап.

– Жаксы хабарға келгенде қазақтың телеграфы бұзылып қалатыны бар, – дейді Найман күліп. Аттарын тұсап, келе сап жантайған қазақтар қорылға басты. Жапырлаған жұлдыздар көмескіленіп, шексіз кеңістік айдың жарық сәулесіне толғандай. Жұмақ күйге енген. Алыстан аспанмен астасқандай Токты тауын тұңғиық мұнар көлегейлеп тұр.

Потанин кадетте оқып жүрген балауса кезінде, Шоқанға ілесіп, Есіл өзенінің жоғарғы жағында Қалмаккөл, Құлаайғыр, Салқынкөл жайлауларына шыққаны есінде. Жүйрік атқа мінген бозбалалар желмен жарысатын. Қайран жастық шақ, қандай екпінді, қандай көркем едің. Адам өмірінің гүл атқан қымбат, қадірлі күндері екенсің-ау. Онда мына күнұзақ мимырт жүріспен жүрген жол ет пісірім уақытта артта қалар еді. Сол бір сайран күндердің қайта оралмайтындығы – күйініш.

Үнемі жастық жігер, ақыл-парасат есіп, жалындап тұратын Шоқанға сүйінуші де, көре алмай күйінуші де көп болғаны ақиқат. Соның айғағы ретінде, мың сегіз жүз алпыс бесінші жылдың жазында Өлкенің бастығы генерал Дюгамель берген қонакасы үстіндегі әңгімені айту керек. Салтанатты отырыста алқалы топ алдында адъютанттарымен келген генерал Кройерус Шоқан туралы қаскүнем ойпиғылын жасырмай-ақ, марқұмға арнап қолайсыз сөз айтудан іркілмеген. Сонда шыдай алмаған Гейнс:

– Сондай адал, кіршіксіз таза адамды патша ағзам қабылдап, бетінен сүйгендігі үшін ғана жек көру қиянат емес пе? Әйтпесе, ең жақсы орментастер соның ішінде Коваловский де Шоқанды тамаша ғалым, қазақ халқының ең жақын жанашыр досы, орыстардың мемлекеттік мүдделерін қорғаушы деп санады ғой, – деген қаймықпай. Бұл сөз халыққа жаны ашып көрмеген, тонаушы Дюгамель, Кройерус, Кури, Ивашкевич, Майдель, Насторов сияқты жендет-

терге атылған оқпен пара-пар еді. Шоқанның достары қай жерде болмасын айқасуда. Бұл ізгілік пен жауыздықтың махаббат пен ғадауаттың, парасат пен надандықтың мәңгі бітіспес күресіндей бейне. Жауыздар Шоқанды мерт етпеді деп айту қиын.

Шын мәнінде, Шоқанның түбіне ешкім де жете алмақ емес. Ол қысқа болса да нұсқа ғұмырын туған халқының кемелденуі үшін, адамзат бір-бірін түсініп ынтымақты өмір сүруі үшін арнады. Ендеше адам баласы, оның бақытты өмірге құштар арман-тілегі мен Шоқан мәңгі бірге жасамақ. Қайран Шоқан! Көне сөздерге толы, қағазы сарғыш тартқан ертеде шыққан қалың кітаптарды жарыса, құмарта оқып, қызу таласуымыз екеуіміздің мақсат-мұратымызды ортақ етті. Қызық, мәнді күндер екен-ау, шіркін! Шоқанның тез және көп оқитындығы, айтса нанғысыз зерделілігі, қиялының ұшқырлылығы, тапқыр айтқыштығы талайларды таң-тамаша қалдырушы еді. Омбыға келген Семенов - Тянь-Шанскийдің өзі он сегіз жасар Шоқанға қызыға таңырқай қарағаны шын. Шіркін, қазақ халқы Шоқанды оқи алатын болса, жүз жылда бір қайталанар кеменгер ұлын танып білер еді-ау. Сол ғажайып тұлғаның асыл мұрасын кітап етіп шығарудың сәті түспеуі қалай ғана жанға батпасын. Қазақта «Шала молда дін бұзар» деген жақсы мәтел бар. Сол шала сауатты шын мәнінде қас надандардың өз білгенінен өзгенің бәрін тәрік етер менмендігі мен өзімшілдігінен халық қаншама зиян тартып жатқанын айту қандай ауыр...

Ол оянғанда таң атып келеді екен, жанға рахат тау самалы есіп тұр. Жүргіншілер тез жиналып, оразасын да ашпастан жолға шықты. Үнемі өрге жүргендіктен бе, әлде қазақтар атын қинағысы келмегендіктен бе, әйтеуір жүріс маңдымай-ақ қойды. Қол созым жерде тұрған сияқты көрінген тау жеткізер емес. Жалын күн бұлармен жарысқа түскендей көкке тырмысып, шұғылалы сәулесімен жер бетін қыздырып, жалындатып барады. Күн ысып кетті. Аттарды тер басқан. Арбаның біркелкі шиқылы кешеден бері нәр татпай зарыққан

жолаушылардың жүйкесін жұқарта түсуде. Сағым ойнаған бел-белестерге қарап келе жатқан Сұлтанғазы:

– Апыр-ау, қыбырлаған бір де бір жан иесі көрінбейді, құлазып жатқан неткен өңір. Бос әуре болып жүрмесек игі, – деп түңіле тіл қатты.

– Сіздерді білмейміз, өзіміз бос жүріс жүріп келе жатқанымыз жоқ, – деп жауап берді ат айдаушы қазақ.

– Далада өскен қазақ пен егінші казактың ыстықта жан иесі саялы жерде, салқын су жағасында болатындықтан көрінбейтінін білмеулері қызық, – деп әзілдеп жатыр Найман.

– Бәрібір, анау белден асырып тастап кері қайтамыз. Біздің келісіміміз тауға жеткізіп салу болатын, – деді казак. Потанин казак қалжындап келе жатқан шығар деп ойлады да, оған көз қиығын салып еді, түсін суытып шын айтып тұрғанын аңғартты.

– Жоқ, туысқан. Біз тау емес, ауылға жеткізіп салуға келіскенбіз, – деді Потанин.

– Егер ауыл жоқ болса, көшіп кетсе, сонда сенделіп жүре береміз бе? – деп дау айтты казак. Потанин:

– Ауылдың барлығы ақиқат. Қазақтар өтірік айтпайтын, шыншыл халық екенін білмеуші ме едің, – деді кейіп.

– Ол жағы бізге күнгірт, онда, түнде атымызды жортуылшы, я барымташылардың қағып кетпегеніне қарағанда, бұл маңда ел жоқ екенін біліп келеміз, – деді екінші казак. Найман:

– Олар келе жатқан туысқандарын танып атыңызға тимеген шығар, – деді жайбарақат. Бәрі де жарыса күліп жіберді. Бұл көңілділік екі-үш жотаны асқанға дейін жетті. Казактар:

– Ренжімесендер, ағайындар, кейін қайтайық. Ауыл көшіп кеткен болды. Бәрібір қуып жете алмайсың, – деді.

– Болмағанда бұлақтың бойына апарсандаршы, обал, сауап деген болу керек қой, – деді

Найман.

Потанин де ашына сөйлеп, казактарды ілгері жүруге

көндірді-ау акыры. Келесі төбені асқанда жасыл алқапты көрді. Өзен суы айнадай жарқырап жатыр.

– Осы өзеннің бойында ауыл бар, – деді Найман сенімді.
– Өрлеп жүрейік.

Найманның болжамы тура келді. Тұмсық айнала бере үйздеген жылқылар көрінді. Көк аласы көп қасиетті жануарлар ұйлығып тұр. Ауыл да алыс емес екен, жүргіншілер қуанысып, айнала түлеп кетті. Шыңғыстың ауылы өзеннің ар жағындағы дөңгелене тігілген он шақты үй екен. Басқа үйлерге қарағанда таяу тігілген екі үйдің бірінен еуропаша киінген сымбатты жігіт шығып, Потанинді білген соң өз үйіне түсуді ұсынды. Бұл Шыңғыстың кіші баласы Қоқыш болатын.

Қымыз іше отырып, жөн сұрасып жатқан кезде Шоқанның тете інісі, балуан денелі Жақып келді. Потанин Жақыпты танитын. Орнынан тұрып қарсы жүрді. Қазақша көрісу, қолдарын ұстасқан екі адам құлашын жазып, оң иықпен сол иықты, сол иықпен оң иықты үш рет түйістіреді. Құшақтасып көрісуіңіз – осы. Көп жыл көріспеген, біріне-бірі аса сыйлы сағынысқан ағайындар ғана осылай сәлемдеспек. Бұл қазақтардың ислам дінін қабылдаудан бұрынғы сәлемдесу дәстүрі болар. Ал, дін қағидасы бойынша сәлем беруші оң қолының алақанын төсіне басып, «Ассалаумағалейкум» деп басын иуі керек. Потанин Жақыптың кезек-кезек иықты иыққа ғана түйістіріп тұрғанына шыдамы жетпей, оны кәдімгідей құшақтап, кеудесіне сақалды бетін басып үнсіз тұрып қалды. Оның бойын билеген ғаламат сезімді тілмен айтып жеткізу қиын. Өмірдің қатыгездігінен жүректің қатайғанына қарамай, мөлдір тамшы болып домаланып жатыр. Көздерін сүртісіп, беті-қолдарын жуып дастарқан басына қайта отырған соң Потанин:

– Шыңғыс әкейдің хал-ахуалы қандай, тың ба? – деп сұрады.

– Е, сексен бес дегеніңіз аз жас па? Соңғы жылдары тым қартайып барады, – деп жауап берді

Жақып. – Ұмытшақ.

Шоқанның құрдасы, досы келді деген хабар лезде тарап кеткен екен, үйдің маңы адамға толып кетті. Бұл ауылдың салтында басқалардың есіктен сығалап қарауы немесе қонақтың үстіне баса-көктеп кіруі, шулап дабырласуы атымен болмайды. Сондықтан қымбатты қонақтың дидарын көргісі келгендер сыртта күтіп, сыбырласып, тілдесіп қана қоймай, аяқтарының ұшымен басуға дағдыланған. Үйдегі мәслихаттың шырқын бұзбау әдептіліктің бірден бір белгісі. Әңгіменің негізгі желісі Шоқан туралы, оның жазған еңбектері туралы еді. Шоқанның соңғы хаты туралы сөз қозғалды да, Потанин оқығысы келетінін айтты. Шоқан былай жазыпты:

«Қажыдым, әлсіредім, қан сөлім таусылды, құр сүйегім ғана қалды. Кешікпей жарық дүниені де көрмейтін болам, оған енді ешқандай шара жоқ. Бұл – менің ең соңғы хатым. Қош болыңыздар, баршаңызды да құшып аймалаймын.

Жетісуға келіп, сорлы Айсараны елге алып қайтыңыз, оны өзіңіздің назарыңыздан, мархаббатты қамқорлығыңыздан шет қалдырмаңыз» – деп жазыпты. Сол жылы жазда арнаулы керуенді бастап Жақып барып, алты ай жаз бойы Шоқанның зиратын тұрғызғанын, Гейнстың Шоқанның басына келіп өздеріне көңіл айтқанын, Айсараны елге алып қайту сапарын әңгімелеп берді.

Айсара келе жатқан екі арбаны көріп, айна-тарақ, ине-жіп, иістімай-сабын сататын саудагер шығар деп ойлаған-ды.

– Несі бар екен, біліп келіндер, – деп, балаларды жіберіп еді, олар:

– Шоқан атамыздың досы келіпті, – деп оралды. Бұл кім болды екен, мүмкін Шоқан қайтыс болған жылы күзде Алтынемелге арнайы іздеп келіп көңіл айтқан Гейнс емес пе екен? Егер ол болса төбе көрсетпегенім ұят шығар деп, өзінен туған Шоқанның қызы – Рабиғаны ертіп отау үйге келген-ді. Үлкендердің кішілер алдындағы еркіндігін пайдаланып, алыстан алты жасар бала келсе алпыстағы шал сәлем береді» деген ұғымға сай Қоқыштың үйіне еркін кіріп оң жақ төрге таяу барып отырды да, Шоқанның досы

деген кісінің түкті бетіне, келткелеу мұрнына қарап, Гейнс еместігін білген соң абыржып қалды. Бұл кезде Жақып Айсара мен Шоқанның қызы Рабиғаны таныстырып жатқан болатын. Потанин орнынан тұрып барып, Айсараның қолын алды. Мейірімді жүзіне қарап:

– Аяулы Айсара, менің жан досымды осы қолыңмен әлпештеп күттің ғой, шөлдегенде сусын бердің ғой. Туған жерден қиырда жан, тән азабын тартып жалғызсырап жүргенде жүрек жылуын сыйлап, жайылып төсек, иіліп жастық болғаның үшін шексіз алғысымды айтамын. Рахмет саған, – деп Айсараның алақанының сыртынан сүйе бергенде көз жасы тамып кетті. Рәбиға Шоқанға ұқсайды екен. Маңдайынан өпті. Айсара да алыста қалған қыршын Шоқанды, көрген түстей өте шыққан қымбат күндерді, ата-мекен, ел-жұртын еске алып егіле жылады. Басқалардың да көңілдері босап, көкіректегі шерлерін ағытты.

Мұң-қайғысыз естияр адамды қазақ даласынан іздеп таба алмасыңыз анық. Потаниндерді Шыңғыс өз үйіне шақыртты. Қоқыштың отауына таяу тігілген үлкен ақ орда Шыңғыстың үйі екен. Жақып:

– Әкеміз қартайып кетті. Қазір айтқанын лезде ұмытады. Баланың есіндей. Қобалжуға болмайды. Мүмкін болса жылап көріспеніз, – деді Потанинге. Осы лебізді ескеріп Потанин алыстан сәлем беріп, бойын ауаша ұстамақ болғанына қарамай, өзіне шақырып алып, құшағынан босатпай ұзақ жылады. Ол бейне өзінің аяулы Шоқанын көргендей тебіренді. Потанин тым ерте ұмытып кеткен әке құшағын танып балалық сезімге бөленді де, Жақыптың сөзін жадысынан шығарып алды. Дос, аға бола білу қандай қасиетті, қандай ғанибет. Шыңғыс Потаниннің өзі тұрмақ оның әкесін де білетін. Шоқанға Капустиндер мен Гутковскийдің шаңырағы өз пәтері болғаны сияқты Потанинге Шыңғыстың ауылы өз үйіндей еді. Малдас құрып отыра алмай қиналған Потанинге жұқа, кең шалбар бергізген Шыңғыс Сұлтанғазыдан жөн сұрады. Оның Қарқаралыдан екенін білген соң, 1853 жылы облыстық басқармада кеңесші болып істеп жүрген кезінде

Омбыда қамауға алынған Құнанбайды кепілге босатып алып, Қарқаралыға дейін сапарлас дос болып бірге барғанын, одан әрі Шыңғыстаудағы Шаған бойын мекендейтін немерелес туысы Қарқаралының аға сұлтаны болған Шалғынбай, Сартайларға және нағашысы Сарғалдақ қожаның балаларының аулын қыдырып қайтқанын әңгімелейді.

– Құнанбай кейіннен Нұрханымды алып, қожаларға күйеу болған екен, – деді. Қария сөзін одан әрі сабақтап:

– Шоқанды көрген Құнанбай, менің де балаларымды орысша оқытқаның жөн екен, – деп,

Халиолла деген баласын Омбыдағы кадет корпусына жіберген еді, ол біздің Махмутпен бірге оқып бітірді. Амал не, оның да ғұмыры біздің Шоқандай қысқа болыпты, – деді.

Семейде жай солдат қызметін атқарып жүрген Достоевскийдің, А.Е.Врангель мен Хаментовскийдің көмегімен босатып алған Шоқан, оны ертіп Шыңғыстаудағы туыстарына қонаққа барып қайтқан еді. Ол кезде Потанин де Семейдегі әскери қызметте болатын. Ол туралы мақала да жазған. Мұса Шорманов, оның ұлы Сәдуақас арқылы Құнанбайдың аса дарынды екінші ұлы Абаймен танысып, өлендерін жаздырып алған жайы бар. Шоқан орыс интеллигенциясының алдыңғы қатарында орыстарға қазақтарды таныстырып, жоғын жоқтаушы, қазақ мәдениетін үгіттеуші болса, Абай қазақтар арасында орыс мәдениетін үгіттеп, орыстарды таныстырып жүр.

Ортақ таныс-білістер, өткен оқиғалар ұшы-қиырсыз. Тіпті таусылар емес. Әңгімеден әңгіме өрбіп, қоздап жатыр. Потанин:

– Шоқанның жазған қағаздарынан сіздерде сақталып қалғандары бар ма? – деп сұрады.

– Шоқан қайтыс болған жылы Гутковский келіп алып кетіп еді, тек бірнеше хаттар ғана бар, – деді Шыңғыс.

Петербургте тұратын Гутковскийдің қызы Катяның Шоқан жазбаларын көздің қарашығындай сақтап жүргені Потанинге мәлім. Ол, сондықтан алынған қағаздарды актарып отырып Достоевскийдің Шоқанға, А.Е.Врангельге

жазған хаттарын көрді. Достоевский Тверьден Врангельге былай деп жазыпты. «Уәлиханов өте сүйкімді, өте тамаша адам. Қазір ол Петербургте болар. Мен сізге ол туралы жаздым ғой деймін. Ол география қоғамының мүшесі, уақытыңыз болса Уәлиханов жайында сұрастырып, білсеңіз екен. Мен оны өте жақсы көремін және оның хал-жайын білуге өте құштармын».

Потанин хаттарды Достоевскийдің музейіне тапсырып беру керектігін айтып, өзі көшіріп алды да:

– Уақыт өткен сайын Шоқан тұлғасы биіктей бермек. Шоқан туралы істер енді қолға алына бастады. Генерал-губернатор Колпаковский Екатеринбургте жасатқан мәрмәр тасын Омбы, Семей арқылы түйеге артып Алтынемелге жеткізіп, Шоқанның басына апарып қойыпты. Шоқанның кітабын шығаруға бес жүз сом беретінін хабарлады, – деді.

– Апыр-ау, біз зират тұрғызғанда ондай тас көрмеп едік, – еді таңырқап.

– Оны қайдан көресіз, ол тасты сіз барып қайтқаннан кейін он алты жылдан соң апарып қойса.

– Шоқан Колпаковскийді қазаққа хан етіп сайласа қарсы болмас едім деуші еді. Алла разы болсын, – деді Шыңғыс, – бізден қайтпаса құдайдан қайтсын.

Сұлтанғазы сөзге араласып:

– Генерал-губернаторы Колпаковский өте мейірімді жақсы адам екен. Жетісуда қазақша мектептер ашып, Омбыдан қазақ дәрігерлерін алдырып жатыр. Қол астындағы елге жайлы көрінеді, – деді.

– «Жақсы хан - жарым бақ, жақсы сөз - жарым ырыс» деген, жақсының шарапаты тимей қоя ма, – деді Шыңғыс.

Қыстық шөп шабу қамы асықтырған ауыл жайлаудан түсетін болды. Жұрт жиналып, Потаниннің құрметіне той жасамақ болып пәтуаласты. Жерге жарық түспей үйлер жығылып, арбаларға теңдер тиелді. Таң енді бозарып келе жатқанда үлкен үйдің жүгі тиелген арбалар қосыла бастады, Көштің бас-аяғы тым ұзарып, шуатылып кетті. Адамдар ат жеккен тарантасқа мініпті. Көштің оң жағында жылқы, сол

жағында қой, сиырлар қапталдай жайылып ілесіп келе жатыр.

Осыдан қырық жыл бұрын бұл ауыл бұлай көшпеуші еді. Онда жүк түйелерге артылып қалы кілем жабылатын да, салтанатты шеруді ұлттық сәнді киім киген ел анасы бес-тайтын. Жігіт-желең, қыз-келіншектер жүйрік сәйгүліктерге мініп топ-топ болып, кең даланы ән-жырға, шат-күлкіге толтырушы еді-ау. Тай-құнандарға мінген балалар әрі-бері шапқылап, қызық-думан құратын. Шоқанға ілесіп келіп сол көшті өз көзімен көрген Потанин сығандар көшіне ұқсаған тіршілікке көңілі толмай жүдеп қалды. Оның анық байқағаны – патша үкіметінің отарлау саясаты қазақ халқын шұрайлы жерінен ығыстырып қана қоймай, алым-салықты көбейту арқылы малдан да айыра бастаған екен. Тірлігі ауырлап кедейленген қазақтар бұдан құтылудың жолын тек ислам дінінен іздейтін болған. Бұрын қазақ молдасы болмаушы еді. Қазақтар дін ережелерін білмейтін және оны сақтауды міндет санамайтын. Қазаннан келген татар, ноғай молдалар ғана ұшырасатын. Қоқан мен Бұқараның Россияға қосылуы – қазақтар даласын дін орталықтарына жіберіп оқытуына мүмкіндік жасапты. Орыс армиясын азаткер деп сенген аңғал қазақтар жақсылық, рақымшылық атаулыны енді діннен күтуде. Сондықтан болар қазақ молдалары пайда болып, көбеюде екен. Шыңғыс өзі тарантасқа отырып, ақбоз атты Потанинге берді. Жануар ат деген аты болмаса тұп-тура түйе. Жылқы баласының мұндай да зоры болады екен-ау. Потанинге оған мінудің өзі бір мұң. Аяғы үзеңгіге, қолы аттың жалына жетпей әуреге түсетін болды. Мінбейін десе, Шыңғыстың көңілін қимайды. Соншалық сыйқұрметтің белгісі ретінде өзінің тақымына басып жүрген ең тандаулы сәйгүлігін түсіп беруі бұрын-соңды болып көрмеген оқиға. Потаниннен өзге ешкім де мұндай сый-құрметке ие болмаған шығар. Сондықтан басқалардан көмек сұрап, зықысы шыққанына қарамай, қалжың сөздің нысанасына айналса да зор мәртебеден бас тарта алмады. Бір ғажабы, сексен беске келгеніне қарамай Шыңғыс осы атқа қарғып мінеді екен.

Жақыптың айтқанындай емес, қария әлі сергек, қунақ, ақыл-есі де берік болды.

Шыңғыс ауылы жаңа жұртқа келіп қонған соң бүкіл өңірді шақырып ұлан асыр той жасады. Онда бәйге, қыз қуу, айтыс сияқты ұлттық ойындардың бәрі де болды. Әсіресе «Топайкөк», «Сырымбет» сияқты бірнеше тамаша ән шығарған, өкінішке орай тым жастай қайтыс болған Шыңғыстың дарынды ұлы Сақыпкерейдің Шоқанға арнап шығарған «Көкенің аманаты» әні орындалғанда кезіне жас алмаған тірі пенде қалмады, Шыңғыстың ауылы он бір күн көшіп Сырымбетке таяу келіп қонды. Шоқанның інісі Мақының үйіне қонаққа барып келген соң Потанин қайтатынын білдіріп, рұхсат сұрауды жөн көрді. Өйткені, ауыл шөп шабуға кіріспек. Өзін күтіп тұрған жұмыс та шаш етектен.

Потанинмен қоштасу үшін ауылдың үлкен-кішісі тегіс жиналып жатыр. Қалың топты көргенде Потанинді қимас сезім беледі. Қаланың тар қыспағы кең далада еркін дем алуға қайдан жетсін. Құлағына Шоқанның дауысы келгендей, жалт қарап еді, Жақып сияқты балуан тұлғалы Кадет корпусын бітіріп, поручик шенін алған Шоқанның кіші інілерінің бірі – Махмұт екен. Дауысы мұндай ұқсар ма. Потанинге арнап жазып жинаған қазақ ертегілерін ұсынып тұр. Потанин Шоқанның қызы Рабиға және Айсара, тағы басқалармен тегіс қоштасып болып Шыңғысқа келді. Шыңғыс Потанинді бауырына басып ұзақ тұрды. Көзінен жас сорғалаған. Қош бол, Гриша. Қай жерде жүрсең де аман бол, енді көремін бе, жоқ па, бір жаратушы білер. Келіп жүр, – деп бетінен сүйгенде, Потанин де көз жасын тыя алмады. Ол тарантасқа тез мініп жүріп кетті. Шоқан сияқты екі халыққа ортақ перзент болған аяулы Потанин қалың топтан үзіліп шығып, ұзап барады. Ауылдың шетіне шығып, қимай қол бұлғап тұрған қалың ел көпке дейін тарқаған жоқ.



ШАРАПАТ

Ат жалын тартып мінгелі қара тұрмақ хан қарсы келіп көрмеген, әділ билігі үшін қалың қазақ еліне қадірлі Төле би жұбайының сөзін естігенде, абыржып қалды. Өз үйінің түтіні дұрыс шықпаған, айналасына үлгі-өнегесі жоқ кісіден халыққа не қайыр дейтін еді, елдің бірлік, тірлігін ойлап жүріп от басы, ошақ қасын ұмытыпты-ау. Осылай ширыққан би болған оқиғаны ой елегінен қайта өткізді.

Бүгін таңертеңгі асын ішуге он төрт жасар түйеші бала Сабалақ келгенде шай дайын болмағандықтан, бидің әйелі бір шара айран ұсыныпты. Тіске басар не бауырсақ, не қуырған бидай, иә талқан берілмеген соң, бірнеше күн ыстықта тұрып божып ашыған айранды Сабалақ қасықпен араластырып, быж-быж етіп, көпіршік атқан түріне қарайды да, ернін тигізбестен біраз отырып ләм-мим демей шығып кетеді. Қайтып үйге бас сұқпаған. Наумез болғаны мәлім. Бұған, ерінің айбатына арқаланып ешкімді алдына бет қаратып көрмеген адуынды зайыбы қорланып, бұлқан-талқан ашуланып, намыстанған екен.

Мына құл құтыратын шығар. Құдайын ұмытқанын қарашы. Күні кеше бұралып келіп, пана тауып еді. Берген асты ішпегені, басынғаны емес пе? Балақтағы бит басқа шықты деген осы да, – деп долданып биге шағынған.

– Е, бұтаға қорғалаған торғай да аман қалады, бұта құрлы пана болғаныңды бұлдағаның кісілік болмады, жарқыным, – деген би, сабырлы қалпымен төсін жапқан аппақ сакалын сипап. Сәл үнсіздіктен кейін зерлі тақиясын алып басын сипады.

– Не, бірдене айтты ма өзі? – деп сұрады.

– Мелшиген мылқау не деуші еді. Айранға қасықты әрі-бері бұлғап, үн-түнсіз шығып кетті.

Шарадағы шымырлап, көпіршіп тұрған, бәйбішесінің ашуындай уытты айранды көріп, аш өзекке барып түссе не боларын межелеген би мырс етті де, оқыс бұрылып:

– Е, айтарын айтып кеткен екен ғой, – деп еді. Айбарлы жүзіне таңырқай қараған жұбайының сөзін бөліп:

– Не түсінуші едің сен, бейбақ. «Шаңырағыңды ортаңа түсіремін әлі» дегенін ұқпаған екенсің, -- деді би.

– Әдірем қалсын.

– Жә, жә, жас өспей ме, жарлы байымай ма. Жетім жетілмей ме екен? Аспа, бәйбіше.

Аспа. Астамшылық адамға жараспаған. Аса берген аспакқа асылар, бәсең болған бәйгеге қосылар. Құлым демей ұлым дегенің жөн еді. Өзегі талып келгенде ықылас-мейіріңді тоспағаның мені де жүдетіп отыр, баланың өкпесі орынды екен. – Маңдайыңа біткен өз құтыңның қадіріне жетпегенің жетесіздігің шығар, – деп, кейістік білдірген би ет асуды бұйырды.

1723 жылы қазақ халқының басына түскен қара түнек – «Ақтабан шұбырынды» күндерінде Түркістанды жаулап алған жоңғарлар қала сұлтаны – көркем Уәлиді өлтіріп, халықты қанға батырды. Сол қырғыннан Уәлидің он екі жасар Әбілмансұр есімді жалғыз ұлы зорға қашып құтылып шығып еді, бұл бала – бір кездегі Түркістан мен Сауранды билеген жауынгерлік даңқы шығып, жауға қатыгездігінен қанішер деген қаһарлы ат алған Абылайдың жалқы немересі болатын. Тағдыр бір әкеден жалғыз тұяқ болып қалуды тек Әбілмансұрға ғана жазбағаны мәлім. Өз әкесі Көркем Уәли мен атасы Абылай бабасы Уәлі бахылар әкелері қан майданда жастай мерт болғандықтан төрт атадан жалғыздық үзілмей келеді. Туған ел мен ата-мекенді қорғау үшін қасиетті соғысқа қатысып жүріп қыршын кеткен есіл ерлердің артынан жалғыз да болса тұяқ қалғаны ғанибет. Атадан балаға, баладан балаға жетімдік мирас болып ауысып отырса да, сол асыл жандардың оты өшпей, тулары құламай қалуы көптің тілеуінен, елдің елдік қасиетінен болар. Әйтпесе, болашақ уақытта бас көтеріп, кек қайтарар тірі пенде бол-

масын деп, басқыншы жаудың өз дұшпанын тұқым- тұяғын қалдырмай, іздеп жүріп халқын қырып, ұрпағын жоятын зұлым салт, қағидасы кашанда ұмытылған емес. Он екі жасар Әбілмансұрдың да қашып-пысып жүруінің себебі сол рахымсыз заңда жатыр. Талай бей-күнә сәбидің қанын шашқан қанды балақ қанішерлер:

– Атадан ұл тумай ма,
Ата жолын қумай ма,
Ежелгі дұшпан ел болмас,
Етектен кескен жең болмас,
Хан батыры бар ел-жұрт,
Ешкімге де жем болмас, –

деп, ақталатын. Сол жауыздардың арам пиғылын жақсы білетін Әбілмансұр шыбын жанын сақтау үшін тәуір адам тауып жалшы болудан басқа лажы қалмаған-ды. Қанды соғыста бір жарым миллион адамнан айырылған қазақтардың басқа зар кезі болса да, шабынды көрген көшпелі елде күнелту, әрине, оңай емес-ті.

Ол Төле бидің ауылына малшы болу үшін келгенде:

– Ау, бала, әке-шешен бар ма? – деп сұрады отырған топ адамнан біреуі, дауысын кенеп.

– Жок. Қаза болған.

– Алла, байғұс-ай, аға-іні аман ба, әйтеуір?

– Әу бастан-ақ жалғызбын.

– Жалғыздың жары – құдай, құдай жар болсын, балам.

Жақын-туыстардан кім бар?

– Тұлдырмын.

– Е ... Атың кім?

Отыз тістен шыққан сөз – отыз рулы елге лезде таралатын жерде аты-жөнін, ата-тегін айтудың түбі не боларын күні бұрын анық білген ол төрт атадан бері карай, атыс-шабыстың салдарынан жалғыздап келе жатқан соқа бастылығы есіне түсіп жетімсіреді ме, болмаса сонша тергеп-тексергенге, қалада сұрағанға, өтірік айтуды өлім санайтын, жалғандыққа жаны қас әдеттен, адалдыктан аттауға қысылды ма кім білісін, сазарып үнсіз қалды. Онан кейінгі сұрақтарға да жауап берген жоқ.

Баланың есенгіреп, қайғыдан қан жұтқан халін түсінген Би:

– Апыр-ау, сонша тақымдағандарына жол болсын, есімінде тұрған не бар. Басындағы сеңсең бөркі-ақ айттып тұрған жоқ па Сабалақ – деп, атай беріңдер, қойындар енді мазасын алмай, ертеңнен бастап қой баксын, – деп, қаумалаған қауымға тиым салған-ды.

Құт-береке келіннің аяғынан, қойшының таяғынан деген рас-ау, сірә. Сабалақтың таяғы құтты болды. Қотанның ит-құс, ұры-қарыдан амандығы өз алдына, уағында өргізіп, мезгілінде жусатқандықтан, бакқан қойы семіз, қозылары егізден өрді де, малсақ жұрттың алғысына бөленіп, беделі артты. Бала бойынан қажырлы еңбеккерлікпен жарыса өрілген қағылездік әрі қайран қаларлық естілікті байқаған би, оны түйеші еткен.

Тындырымды ісі, орнықты мінезі абырой, сенім әперіп, аты-жөнін айтпаған жұмбақ күйі ескерусіз жадыдан шыға бастағанына көп өтпей-ақ, оның қолын жумай ас ішпейтіндігі, үсті-басына құнттылығы, қалай болса, солай отыра салмайтын ұстамдылығы және ұрлық-өтірікке жоктығы жұрт назарына бірден ілініп, бұл баланы қандай көргенді ата-ана тәрбиелеп өсірді екен – деген таңданыспен қызығу ұмытылып кеткен білуге құмарлықты қайтадан өршіткені сонша, тіпті бидің құлағына да шалынған-ды.

Көптің аты көп. Келе-келе бидің өзі де сол топқа қалай қосылғанын байқамай қалды. Суыртпақтап сыр тартқан бір жылдан бергі іс-әрекеттің сәтсіздігіне қарамай, үміт үзілмей келе жатыр. Сондықтан, Сабалақ туралы әңгімені қалт жібермейтін әдетіне бағып, бәйбішесінің ашулы хабарын, сырттай жайбарақат көрінгенмен, ыждағатпен тындаған би қосағының қатыгез қайырымсыздығына ұялып, қынжылды. Обал, сауапты білмесе, асыл деп жүргенім, жасық емей немене, шуак деп сенгенім, ызғар емей немене, түйсігі кем жар құшсам, сорым емей немене. О, тас жүрек, қайтейін, жұдырықтай жетімді желкелеткің келе ме деген тілінің ұшындағы сөздерін іркіп қалғанымен, жақтырмай ширыға назаланғаны түксиген қабағынан көзге анық шалынды.

Сөзін қостап, көңіл жықпас лебіз де білдірмеген бидің ет асуды бұйыруы жанына батқанына қарамай, сыралғы жұбайы өрістен тоқты алдыртып сойғызудан басқа шарасы калмап еді. «Тура биде туған жоқ» деген осы шығар. Піскен етке өзі шала мүжіген тоқтының басын қосып арнайы ыдысқа салғызған би, атқосшысын қасына ертіп үйінен аттанғанда, тал түс еді.

Далада жанға рахат қоңыр самал есіп тұр. Қалың шидің күлтеленген басы жай ғана ырғала қозғалып, сағымға оранған шексіз-шетсіз жасыл теңіз сияқты. Сол теңіз төсінде жүзіп жүрген қайық тәрізді түйелерді аралап байқап келе жатқан би, сонадай жерде құрықтан жасалған көлеңкелі күркешені көрді де, соған атының басын бұрды. Сортаң алаңқайда қалқа түбінде түйеші бала – Сабалақ аяқ-қолын төрт жаққа жіберіп, шалқа-сынан түсіп, қатты ұйықтап жатыр. Оның арыстан кеуделі, бура санды, бұлшық еті біліне бастаған балғын тұлғасына көзі түскен би атының басын іркіп, атқосшысына кейін қайтуды ымдап көрсетті. Тез бұрылып кері жүрді.

Оңаша шыға бере атқосшы жігіт биге:

– Пай, пай, төрт құбыланы түгел билейтіндей жатқаны-ай, шіркіннің! – деді. Оның үнінен кекесін анық білініп тұр. «Байдың бәйбішесі қара су берсе, май орнында қабылдайтын, қанағат қарын тойғызар, – деп жүре беретін, көнпіс малшылардан бөлек мінез көрсеткен Сабалақ, оған бас бұзар, тентек болып көрінген-ді.

Жетім баланың тамақ ішпей кеткені, кешеден бері ашығып, назаланып жүргені жанына батып келе жатқан би, атқосшысынан көп адамдарда болатын, езгенің халын ұғынғысы келмейтін керенау пендешілікті танып келеді. Мұндайлар өз басынан өткізбей басқаның жай- күйін түсінбек емес.

Би атқосшы жігіттің сөзін елеусіз қалдырып:

– Сен осында қал. Бірақ баланың ұйқысын бұзба, күт. Өзі оянғанда барып асты бер.

Менің келгенімді білдір. Не істеп, не қояды, бірін

қалдырмай маған айтып кел, – деп табыстап, қайтып кетті.

Сабалақ басын көтеріп, бидің қасында жүретін жігітті көргенде, шақыра келмеді ме екен деген оймен қадала қарады. Кейіннен бидің өзі келіп, ұйқысын бұзғысы келмей, сарқытын тастап кеткенін естігенде таң-тамаша қалды да, жетімсіреген көңіліне мейір-шапағат шуағы төгіліп, адамдық жылылық оның тұла бойын қажыр-қайратқа кенелткендей тез жадырады. Кешеден бері аштан бұралып жатқанына карамай, жолбарыстай атылып, атқа қарғып мінді. Аттың үстіне тіп-тік тұрып, шыт байлаған құрығын көтеріп, әрі-бері бұлғап тұрғанда нұрлы жүздегі отты көзге, балуанға лайық тұлғаланып келе жатқан әсем, сұлу мүсінге қызыға қарап қалған бидің атқосшысы, ту ұстап, қол бастап келе жатқан батырды елестетіп: Ау, бала, неғып тұрсың? – деп таңырқай сұрады.

- Малшы жолдастарымды шақырып жатырмын.
- Неге?
- Мына сарқытты бөліп берейін деп.
- Батыр-ау, ырым ғып алдымен өзің жесеңші, қалғаны да жетер.
- Жок, ағасеке, бірі – құлақ, бірі – көз серіктерімсіз алаңсыз ұйықтап жата алар ма едім.

Оларсыз тамағымнан қалай ас өтпек?!

Сол екі арада малшы қауым тез жиналып, ет ортаға қойылды.

Сабалақ:

- Құлағың жамандық естімесін, еліңнің оң көзі бол – деген сияқты дәстүрлі жылы сөздер айтып, бастың етін теңдей бөліп үлестіріп берді.

Ашық-жарқын әңгімелесе отырып, майлы, жас ет жеп аш өзегін жалғаған жолдас-жораларының маужырай бастағанын көрген Сабалақ орнынан атып тұрып:

- Ұйқы қашыраар жасайық, – деді де, садақ алып шықты. Олар кезек-кезек нысана атысып, мәз-мәйрам болысты.

Осының барлығын Төле би естіп, біліп ойға батты. «Аштан ақыл сұрама» дейтін, оның себебі – кейбір адамдар ба-

сына қиыншылық түскенде есінен адасып, адамдық қасиетін жоғалтып алатыны рас. Ал, мына баланың аштығына қарамай ақылын, адамдығын сақтап, алдымен өзін емес, жолдастарын ойлауы қандай биік адамгершілік, бекзаттық еді. Сабалақтың ізгі қасиетін, достарына мейірімділігін көз алдынан келтіріп риза болған би, атқосшысына:

– Қол бастайын деген ұл екен, серігі табылса қасынан. Ел бастайын деген ұл екен, олжасын аямаса досынан. Төрт құбыланы билесе билер, ертеңнен бастап жылқышы болсын, – деді.

Бұл зор сенім, үлкен мәртебе болатын. Қазақ даласында, сол бір аласапыран заманда кедей-жалшыға бұдан артық мамандық та, мәнсап та жоқ-ты. Міне, қой, сиыр, түйе баккан Сабалақ жылқышы болмақ.

Он сегізге келгенше елеусіз жүрген Сабалақтың тереңде жатқан жасырын сырын ашып, тарих сахнасында өзін елге әйгілеген оқиға – 1729 жылы, Балқаштың оңтүстігінде Ит ішпес көлінің маңында, қазақ жасақтары Жоңғар әскерінің бетін қайтаратын, бүкіл соғыс тағдырын шешкен аты шулы Аңырақай шайқасында болды. Ол кездегі соғыс ережелері бойынша алдымен жауласушы екі жақтың батырлары жекпе-жекке шығатын. Кейде шайқас тағдырын осы жекпе-жек белгілеп те кетуші еді. Алып денелі, басы төңкерілген қазандай Жоңғар батыры қазақ батырларын шыдатпай, жеті-сегізін бірінен соң бірін мерт етті де, қара күшіне сеніп, есірген ол ортадағы аланда қара қасқа атын ойнақтатып, жекпе-жекке шақырып, айқайлап тұрып алған. Ал, еңсесі түскен қазақ қолы тым-тырыс. Абыржытқан әрбір қасқағым жылдай ұзақ сезілген ауыр сәт. Саркідір тартқан Бөгенбай батыр ашуға булығып:

– Апыр-ау, шынымен казактан бір ұл тумады ма? – деп, налып атының айылын тартып, өзі жекпе-жекке шығуға дайындалып жатқан кезде, он сегіз жасар жас ұлан Сабалақ атын тебіне ұмтылып:

– Батыр аға, мен шығамын жекпе-жекке, жолыңыз бен батаңызды беріңіз, – дейді.

Сабалаққа сынай қараған Қанжығалы қарт Бөгенбай батыр:

– Апыр-ау, тым жассың-ау, қалқам. Бетіңнен қағып қайтем. Аруақ қолдасын, – деп бата беріп, аттандырған. Сабалақ киелі аруақтың атын ұрандайтын ежелгі салт бойынша қалың топ арасынан жауынгер атасының атын айқайлап атап:

– Абылай, Абылай! – деп, Жоңғар батырына қарсы шаба жөнелген-ді.

Қысылған ел демдерін ішінен алып, сілтідей тынып тұрғанда, салған ұран анық, әсерлі естілді. Делебені қоздырды.

Денесі аяздан тоңғандай қалтыраған Әбілмәмбет ханның, баяғыда ұмытып кеткен немере ағасының атын осылай кенет естуі, тіпті күтпеген тосын жай болды. Қара басын елі үшін қасиетті өлімге көрінеу тіккен жас ұлан, жанына медет етіп, немере ағасының атын ұран ғып, аруағын шақыруы ханды тебіrentкені сонша, ол көз жасын ірке алмай?

– Уа, аруақ, уа, аруақ, қолдай гөр! – деп жалбарына айтқан зар тілегін қайталай берді.

Сабалақ сол жекпе-жекте бірінші кезек алған Чарчаның ауыр найзасынан талшыбықтай майысса да, өз кезегінде көз ілеспес жылдам қимылдап, қонтайшы Қалдан-Цереннің сүйікті ұлы Чарчаны жеңіп, мерт етті. Оның қазандай басы домалап түскенде, жартастай зор дене ат үстінде құламай тұрыпты. Қонтайшыға ұлының қазасын естіртпей соғысты жалғастыра беруге жоңғарлардың жүректері дауаламады. Қонтайшы не дейді деп саналары санға бөлінді. Екінші жағынан теңдесі жоқ асқан батыры өлген соң жүректері шайлығып қалды да, жекпе-жекке ешкім шықпады. Оның үстіне көпшілік жоңғарлар соғысқа еріксіз айдалып келгендер болатын, оларға Чарчаның қазасын естіртеміз деген сыныққа сылтау табылды.

Аңырап жылаған, жоқтау басталып кетіп, оны қостаушылар көбейе түсті де, тұтас қол күңіреніп кетті. Жоңғарлар аттарының басын кері бұрып, «ой, бауырымдап», аңырап шаба жөнелді. Майдан даласын тастап барады.

Қазақ жасақтары бір ауыздан бәрі, тұтастай «Абылай, Абылай!» – деп ұран салды. Жер де, көк те Абылайлап тұрғандай, қаһарлы ұран жауынгерлік рухты көтерді, басқыншы жауға қырғидай тиген қарсы шабуылды өрістетіп әкетті. Асқан батыры, әрі хан тағының мұрагерінен айырылып, құты кеткен Жоңғар әскерлері аңырай қашқандықтан, шайқас және ол болған жер Аңырақай деген атпен тарихта қалғаны мәлім. Жау жүрек жас батырдың қимылы бөлек, Сабалақ мал бағып қана жүрмепті. Ата қонысты басқыншы жаудан тазартып, кек алар келер күн үшін өзін мінсіз дайындаған екен, ен дала оның жаттығып, шынығар орны болған.

Аңыз болып тараған Сабалақтың (Әбілмәнсұрдың) сол ерлігіне аса разы болған халық өз сүйіспеншілігі мен құрметінің белгісі ретінде, оны содан былай атасының атымен «Абылай» атандырып жіберген-ді. Оның әуелгі Әбілмансұр есімі мен кейінгі Сабалақ аты жайына қалды. Кісі есігінде жүрген алты жыл ішінде аты-жөнін тіс жарып, жан адамға айтпай, сыр ғып сақтаған беріктігі мен ұстамдылығы былайғы жұртқа ғажайып ерлігінен кем әсер етпеді. Мұны халық:

– Ақылдың сауыты – мінез, – деп түсіндіреді.

Шайқас жеңіспен аяқталып, елдің мерейі өсіп, жас батырға алғысын жаудырып, оның таңғажайып ерлігі жыр болып жатқан шақта Әбілмәмбет хан Сабалақты шақырып, көрісіп табысқан соң: – Өшкенім жанып, өлгенім тірілді бүгін, еткен қайратыңа астымдағы атымды түсіп берсем де, басыңа үй тігіп, бауырыңа қазан көтерткізсем де аздық етеді. Риза көңілмен тағымды сыйламақпын: бұдан былай менің орныма үш жүзге хан бол. Оның үстіне өзім де қартайдым. Мына аласапыран заманда өзіндей жас қайрат қана ел иесі болуы لازم, – дейді. Бірақ Сабалақ жүйелі, орынды дәлел келтіріп, хандықтан бас тартуы арқылы, мансапқұмар жан емес, парасат иесі екендігін де дүйім жұртқа әйгіледі. Халық та болашақ сайлайтын ханын жазбай танығаны ақиқат. Елі үшін қажымай елу жыл аттан түспеген, даңқы аңызға айналған батыр, әрі кеменгер ұлын Әбілмәмбет қайтыс

болған соң, яғни қырық жыл өткізіп барып хан көтерген халық оған арнап ән-жыр, дастандар мен күйлер шығарып, мәңгілік ескерткіш орнатқаны мәлім.

Ата-бабаның қасиет тұтқан қадірлісіне деген құрмет пен сүйіспеншілік, ықылас-пейіл олардың рухын ардақтап өтер, борыштар әзиз жүректер арқылы ғасырлар көшін көктей өтіп, болашаққа жол тартып барады. Ата-баба кастерлегеннің бәрі де оның абзал ұрпақтарына жат емес.

«Орнында бар оңалар» деген сөз сонда ғана мәнді болса керек.

Оқымаған, жетім, жалшы баланың ғажайып мемлекет қайраткері дәрежесіне жетуі таңғаларлық-ақ. Абылайдың перзенттік борышын өтеп, осындай тарихи тұлғаға көтерілуіне басты себептің бірі болған михнаттас малшы қауым мен халық данасы – Төлебидің жүрек жылуы еді десек артық емес. «Жақсыдан - шарапат» деген осы.



ТӨЛЕБИДІҢ ӨСИЕТІ

Аурууы мендеген Төле би:
Әнет баба
–Қасаңдау емі шаригат,

Оған ешкім таласпас,

Қазақ жолы қанағат

Ол жолдан да адаспас, – деп еді.

Қазақ жолын салған, қазақтың пайғамбарлары – Қасым мен Есім, Әз Тәукені әкеткен ажал кімді аясын. Пай, пай, дүние, Еңсегей бойлы Ер Есім қол бастаған – батыр, сөз бастаған – шешен, жұрт бастаған – көсем, хан болды. Ол да көшті пәниден. Қазақ оған да көнді. Құламайтын ту, сүрінбейтін тұяқ жоқ екен. Құдайберді, Әлібек аталарым түсімнен шықпай жүр. Мен де ата-баба жолымен кететін түрім бар.– Күтініңдер – деді. Сұңғыла Бидің қалт айтпай-тыны жұртқа аян. Тыңдамаса сөз жетім. Бірақ осы жасына дейін Би сөзі жетімсіреген емес. Алты ауылдың жеделдете көшіп, суы мол, шүйгінді кара тасқа көшіп келіп, жағалай конуы содан. Биді көріп, бақұлдасып қалуға ел шұбырды. Соның бірі – қарындасы Жаңыл болатын. Төркіндеп келген қыздың салтымен ағайын-туыстарына жағалай көрісіп, Би ағасына келіп:

Қазақтың Алатаудай пендесі-ау,

Жақсы лебіз – жарым ырыс, бұл несі-ау?!

Екі елу жасамай, екі елуден аса алмай,

Жәкетайым, көнбеші-ай!

Төле, Қазыбек, Әйтеке,

Сетінемесін қатарын.

Басынды көтер, жан көке,

Таусылмасын татарың.

Үшеуің қатар тұрғанда,

Ұқсап берік қорғанға,

Қазақ сорлы болған ба.
Қамалы болдың халқымның,
Қор қылма бізді, алтыным.
Серкесіз қой сияқты
Құны болмас парқымның, -
деп көп егілді.

Жылқының сүйегінен ою, өрнек салынған кең, биік
төсекте жатқан Төле би бір аунап, оң қарап жатты да:

- Ақыретің мамыр болсын, қалқам, - деді. Орамалды
иыққа салып, жез құман мен шылапшын ұстап су құюшы
жас өспірім келді. Жаңыл бетін жуып, Би ағасына қарады.
Төле бидің еттен сылынып арбиған сүйектері қалған екен.
Ақ жүзі сақалымен бірдей құп-қу. Кенже болып, еркелеп
өскен Жаңылдың көңілі бұзылды.

- Әз Тәукенің тұсында-ақ ел аузына іліндің,
Содан бері әділдікке жүгіндің.
Бір адамнан пара алмадың,
Атыңа дақ салмадың.
Ардақтайды қалың қазақ баласы,
Бір адамның болған емес наласы, -
деп, Жаңыл өткен-кеткеннен әңгіме өрбітті.

Төле би:

- Өзгеден сый, өзімнен зорлық көрдім ғой, - деді. Бұл
мұң Жаңылға да, басқаға да белгілі. Биге арқаланып жүретін,
мен-мен ағасы Шора Қасқару Байғазының белуардан келетін
сақалын өлшеп көруге тұтамдап ұстап, қалжындаймын
деп ойыннан от шығарып алған болатын. Өкпелей көшкен
Қасқаруға Ботпай қосылып, Алматыға барып қоныстанған
еді.

Содан Би:

Қасықтап жиған халқымды,
Шелектеп төкті-ау.
Аумалы шақта осынау,
Ағайынды жат қылды-ау, - деп налыған. Қазақ пен қырғыз
келісім жасасып:

- Өлгеніміз құнды, телі мен тентегімізге тиым болсын.

Суды шым бекітеді, дауды қыз бекітеді, – десіп, туысып, табысып тарасады. Оның ертеңінде қырғыздар қайта келіп:

– Сертіміз қайда? Батамыз бәтуәсіз бе еді? Біз өздеріңмен той тойлап жүргенде

Шанышқылы Бақтиярларың лаң салып, ауылымызды шауып, жылқымызды айдап кетіпті, – деген.

Қазақтар қатты ұялып, кірерге қара жердең тесіқтаба алмай:

– Сөзіміз – сөз. Батамыз – бата. Мұны бұзға екі елдің арасын ашпақ болған адам құнсыз болсын. Бақтияр құнсыз. Ұсталған жерде басы алынсын. Екі жүз үй шанышқылы қырғызға қосылсын, – деп келісім айтылыпты.

Содан қырғыздар Бақтиярды жүздей жасағымен тау ішінде бекініп жатқан жерінде қоршап алып, ұстайды.

– Бақтияр қайсысың? – десе, тұтқындардың біреуі де дұрыс жауап бермей: ол жоқ, – деген.

Бала кезінде Бақтиярдың қойын жайып, шашын алып жүрген қырғыз жігіті:

– Онын басында бармақтай сүйелі бар еді. Тегіс бастарын көрелік, – деген. Қазандай бастың тағдырын бармақтай сүйел шешті. Бақтияр табанда жазасын тартып, шыбын жаны шыркырап о дүниеге аттанған болатын.

– Азаматымызды өлімге қиып, туысымызды қырғызға бердіңдер, – деп, өкпелеген қаңлылар үдере көшіп, Алматыдан да әрі асып, Шілікті барып тоқтаған. Мұны естіген Би:

– Қарадан ұят кетсе, ханда қадір бола ма. Хан мен Биі болмаса, елде елдік бола ма.

Елдік, ерлік болмаса, онда тірлік бола ма. Ұлын сенің құл болар, қызың сенің күң болар.

Құрыпбіту сол болар – бас басына би болған, халық емес, тобыр боларсың, – деп күңіренген.

Кезінде Биді ойсыратқан осы оқиғаларды еске алып отырған қонақтар дастарқан басына жақындады.

Әйелді сыйласаң – адамдықтың белгісі, – дейтін Би. Сол наным тегіне бақты ма жастығын биіктетіп басына көтеріп отырды. Бұл Жаңылға деген шексіз құрметі, ықылас пейілі

екенін былайғы отырғандар тегіс түсінді және олардың жабырқау көңілдерін уатып, жадыра- тып жіберді.

Осындай көңілді шақта мерейі тасыған біреу:

– Мал мен басы пара-пар, үш жүздің алғысына бөленген Жәкемде арман жоқ қой, – деді.

Сонда Би:

– Шырағым, баласың-ау. Өзгелердің арманынан менің арманым зорырақ. Қазақ, қырғыздың шын туыс, сыйлас күнінде туылып, енді енші алып екі айырылып арасы алшақтап, шілдей бытыраған күнінде қайтып барамын, – деді жабырқап.

– Қанша бауырға тартқанмен, тегіне тартып тауға қарап ұлыса қайтеміз. Көкім биден кейін оңбады. Шілдей бытырайтын солар.

Бидің қабағына діріл жүгірді. Өлсем Ташкентке, Еңсегей бойлы Ер Есімханның қасына қойындар. Көргенсіздік танытып, қатар қойып жүрмендер. Жарықтықтың аяғы менің басыма тұспа-тұс келетін болсын. Таң қалатын түгі жоқ. Ол – Салқам Жәңгірдің әкесі. Әз Тәукенің атасы былай менің бабаммен қарайлас. Оның үстіне қазақтың көсемі, ханы болған адам. Ханнан қадір кетпесін, қарадан ұят, елден бірлік кетпесін деу парыз. Өлі аруақ дау шығармас, бірақ қатар жату маған мін. Қасиетіннен айналайын ата-бабамыз сыйлап өткен киелі аруақты сыйлау – иісі қазақ баласының борышы. Ұрпағым деп жарғақ құлағы жастыққа тимей, найза өңгеріп өткен есіл ерлерді ардақтау – кісілік, – деді Төле би. Біраз үнсіз жатты да:

– Арқадағы тонды балам Абылайханға сәлем айтындар, елді елге қоссын, – деп ұйықтап кетті.

Ташкент қаласында күні бүгінге жақсы сақталған Бидің қабыры тұр. Өткен-кеткен жолаушылар оған соқпай кетпейді. Сол қабырдың өзі-ақ:

Қазақ жолы – қанағат,

Ол жолдан да адаспас, –

деп өсиет айтып, үлгі көрсетіп тұрғандай.

Әлемге әйгілі алтын адам табылған Есіктегі және

Қазақстандағы басқа сақ қорғандарына қарасаңыз, жоғарыдан төмен қарай іркес-тіркес үлкендерін жоғары ұстаған сақ дәстүрін аңғаруға болады. Сақ – қазақтың арғы атасы. Қазақ – деген сөздің төркіні қассак (қаса сұлу, қас батыр т.т) қас деген сөз нағыз деген мағынаны білдіретіні талас тудырмайды. Ендеше нағыз Сақ яғни Қас Сақ сөзі өзгере келе қазақ болып кеткені табиғи. Сақ атауы қазақ руларында күні бүгінге дейін сақталып келеді. Мысалы, Тобықтыға жататын бір рудың аты Сақ – тоғалық.

Ал, Қыпшақ сөзі Қуар Сақ (Аққұба Сақ) мағыналы құпқудағы көне құп бөлігі алынып, Құп Сақ, одан Қыпшақ болып өзгерген. 92 баулы қыпшақ тарихы – сақ тарихының жалғасы. Сақ мәдениетін, Сақ тарихын, Сақ ғылымын ұрпақ санасына жат етіп өшіргісі келген өзге емес, сол сақтан тараған араптасқан оғыздар еді.

Демек, Қазақ тарихы бес мың жылдың ар жағынан басталары ақиқат. Дастарқан басында үлкендерін төрге оздырған жасына, жолына қарай орын алған қазіргі қазақ дәстүрінің ескерткішіндей Сақ – Қазақ қорғандары яғни қазақ пирамидалары «дәстүрлі берік халық қана жер бетінде қалады» – деп мындаған жылдың аржағынан тіл қатса, қазақтың данасы Төлебидің өсиеті осы еді.



СЫЛТЫҚ ЖОРҒА

Кара кошқыл топырақ түстес, ұсақ тастары көп, бір-бірінен айырғысыз сансыз қат-кабат төбелер, ұшы киырсыз теңіздің өркеш-өркеш толқындары сияқты, бетегесі қурап, сирей бастаған, тиіп кетсең сытырлап сынып, үгіліп жатыр. Күн төбедең ауса да, от бүріккен шұғыласының қызуы қайтар емес. Тас балкып, ауа өртеніп кетердей тастактан жалын ұрып тұр. Жекпе-жек өтіп жатқан ортадағы ойпаң алаңнан ат тұяқтары ұшырған шаң-топырактан майдан үстін сұр тозаң тұмшалауда.

Аланның екі жағындағы төбелерді қапталдай жонғар қолы мен қазақ жасақтары қарама-қарсы орналасыпты. Жонғар әскерлері аттарынан түспеген калпы, тыпыр етпей сап түзеп, сақадай сай тұр да, қазақ жасақтары ойқы-шойқы. Көбі аттарын шылбырынан ұстап жерде отыр, көз шырымын алып, сұлап жатқандары да бар. Аптаға созылған бұл шайқасқа күннің шыжыған ыстығы да, аштық пен шөл, әрі аттардың зорығып, болдырғаны да тосқауыл бола алмап еді. Көңілдің қалауынан гөрі күш атасын танымайтын сияқты, қанша қайтпас қайсар болса да, қазақтардың төзімі таусылып, бітетін сыңайы бар.

Өз тылынан ұзап кеткен олардың ат ауыстырып мінуге мүмкіндіктерінің жоқтығы, титықтаған сарбаздарға демеу боларлық тың жасақтардың келмеуі тығырықтың таянғанын білдірсе керек. «Ер арыса – аруақ, ат арыса – тулақ» дегендей оскырып шекесінен қарайтын қасиетті жануарлардың қамыс құлақтары салпыып, еңсесі түсіпті. Арса-арса. Қанатынан қайрылған қазақтарға, от басы, ошақ қасына жақын, әрі қанына қарайған жонғар қолын талқандау қол жетпес арманға айланатындай көріне бастаса да, әлі де үмітсіздік пен үрейлі қорқыныштан гөрі жеке басының үлгі-өнегесі аса қадірлі етіп, айтқан болжамы айдай келетін көсемдігінен шексіз

сүйіспеншілікке бөленгендіктен киелі атанған Абылайға деген зор сенім басым. Өлсек бір шұңқырдан табыламыз деп антына уланған сарбаздар, Абылайға деген ықыласты пейілден айнымай, мерейі үстем болып келген қазақ жасақтарының сұсты айбатын әлі де сақтауда. Егер ондай болмай, бет-бетімен шегінгендей болса, аттары тың әрі карасы мол жоңғарлар жаппай лап қояр еді де, «қашқан жауға катын би» – деп аттары болдырған бейбақтарды алысқа ұзатпай-ақ сорлатары күмәнсіз. Мұндай қақпанды жоңғар қолына кезінде Абылай да құрған болатын. Шегіне соғысып соңынан қуған, есірген қуғыншыларды ұзатып шығарып алған соң, аттары болдырған оларды тасадан тарпа бас салатын да, тас-талқанын шығаратын. Асығып, асып жүріп сол қақпанға өзі түсіп қалды. Ұстамды Абылай бұл қақпаннан соғыстың жекпе-жек түрі құтқарарын аңғарып үлгірді. Ежелгі қағида бойынша:

– Жекпе-жек! – деп ұрандап, кезек-кезек ортадағы майданға шыққан қазақ батырларына жоңғар жағы «жөк» – деп айта алмауға тиіс. Өйткені жекпе-жекке шықпау, салт бойынша жеңілумен пара-пар.

Қазақ батырларының білек күшіне, айла тәсіліне, ер жүректілігіне сенген Абылай соғысты көз байланып, қараңғы түскенше қалайда уақыттан ұтып созбақ. Жекпе-жекте жаксы, жарамды аттың маңызы зор, жылдамдыққа жылдамдық, екпінге екпін, күшке күш қосады. Сондықтан жоңғар батырларының артықшылығынан айыру үшін, оларды аттан аударып тастап, жаяулап соғысуға мәжбүр ету тәсілін қазақ батырлары жиі қолданып жатыр. Бірақ қапыда мерт болғандар да бар. Ондай кезде қаһарланған Абылай жекпе-жекке өзі ұмтылады. Сұрланған жүздегі шығыңқы шықшыты мүлде одырая шығып, түйілген қастың суық көленкесі түскен ежірейген көзі адам шошырлық. Бет қаратпас сұспен, тоқтатпақ болғандарға бой берместен шайқас алаңына қарай ұрандап бара жатады. Бүгінде бесалты рет жекпе-жекке шығып, жауын жер жастандырды да, кеткен кекті қайтарып қайтты. Оның өз батырларын жан жүрегімен сүйіп, қадірлегенін тілмен айтып жеткізу қиын.

Туған халқының мүддесі үшін сүйікті ұлдарын тірідей өлімге қиып, жат елге кепілдікке бергенде селт етпейтін қайратты жанның батырларының бірі қайтыс бола қалса, ет бауыры езіле қайғырып, көзінде мөлдір жастың іркіліп тұратынын көргендер бар. Ұзақ уақыт ұмыта алмай, күңіренген ол, сол батырларына арнап күй шығарғаны да мәлім. Сондай күйдің бірі – батыр Баянға арналған «Шанды жорық» күйі ғасырларды көктей етіп, Абылай жүрегінің халқын сүйген ерге деген мейір-шуағын дін аман жеткізіп отыр.

Балалық шағын құлдық пен жетімдік жалмаған, былайғы ғұмыры аттың жалында, түйенің комында жорықтар жолында өтіп жатқан Абылайдың күйлері сазды, нәзік сезімге бай болғаны таңқаларлық. Әйтеуір, елдің есіл ұлдарына деген мейір-махаббатты көзіне жас, көкірегінен сұрапыл күй болып төгілгені ақиқат. Батыр да шешен, кеменгер атанған қолбасшы Абылайға күйшілік өнер әкесі Уәлиден дарығанды. Сауран мен Түркістанды билеген ғаділетті әкенің даңқын шығарған күйлері аспандатып тұрды. Разы елі, әзиз көсемінің қадіріне жетіп, оның азан шақырып қойған атына аялау мен мадақтаудың белгісі ретінде көркем деген анықтама қосқан болатын. Көркем Уәлидің ісі де, түсі де, тартқан күйі де, сөзі де көркем десе көркем еді-ау.

Қазақтарды «ақтабан шұбырынды» еткен жоңғарлар Түркістанды жаулап алу ниетімен қорғауға алып, ұрыс салып жатқан шақта, сенімді сарбазы Оразды шақырып алған Керкем Уәли:

– Құмырсакадай қаптаған жаудың беті қайтар емес. Көріп те, біліп те тұрған шығарсың. Өз қаламыз өзімізге мола бола ма деп сескеніп тұрмын. Мені қинайтыны – жалғызымның тағдыры. Әрі ойлап, бері ойлап келгенде Әбілмәнсұрды саған тапсыруды жөн көрдік. Құдай алдында қолыңнан аламын. Аман сақтау борышың болсын, – деген.

– Тақсыр-ау, қашып құтылу мүмкін ғой, жан сақтау – парыз, – деді Ораз сасқалақтап. Ол көрсетілген зор сенімнен есі шыққан еді, үш ұйықтаса түсіне енбейтін мәртебе.

– Доғар! – деп ақырды Көркем Уәли, тобылғы торы өңі қуаң тартып, ашудан көзі от шашыпты.

– Мұны айтпасаң құл болармысың, халқымды тастап кету – өлгенім емей немене? Ерге – бір өлім, езге – күнде өлім. Күнде өл дегенің бе. Тірі қаламын деп тұрғаным жоқ.

– Жаным – арымның садағасы. Ақ тілеуім осы. Одан да, кешу айтысайық, арқаға тез аттан, дәл осы арадан кететін болыңдар.

– Шешем, шешем ше? – деді Әбілмәнсұр даусы дірілдеп.

– Құлыным менің, мен әкенің қасында болайын. Затым әйел дегені болмаса, садақ тартып, қылыш сермеуден ерлерден кем емеспін. Әкеңе медеу керек. Өлсек бір шұңқырда болармыз... Ана сүтім қарызсыз. Сен аман қалсаң біздің бақытымыз сол, ұлым. Ата-бабаңның атына кір келтірмей жүрсең болғаны. Қош, аман бол! – деп анасы маңдайынан сүйгенде Әбілмәнсұрдың кеңсірігі ашып, тамағына өксік түйілді, бірақ жылаған жоқ.

Құмырсакадай қаптаған жоңғарлар өліктерін көпір етіп, қала қорғанына басып кіргенде, Сарыарқаны бетке алған Ораз бен Әбілмәнсұр кетіп үлгерген болатын. Ең соңғы сарбаздарынан өлідей айрылған қылышкер Көркем Уәлиді тірідей қолға түсіру мүмкін болмаған соң садақшы мергендердің қарша бораған оғы оны жерге сұлатты. Қасында қалған жалғыз серігі Көркем Уәлиді құшақтай сүйіп, аузына иман салып, күбірлеп дұға оқи бастаған кезде ту сыртынан келген Жоңғар батыры Чарчаның жарқ еткен қайқы қылышы оның басын доптай домалатып түсірді. Берілмей, көп қарсылық көрсеткен қайсар қылышкерге Чарчаның зығырданы әбден қайнаған еді. Жерде шоршыған бастың тарқатылған бұрымы, оның заты әйел екенін әйгіленгенде, жоңғарлар естері шығып, таң қалды:

– Пай, пай, әйелден де мұндай қайрат иесі шығады екен-ау! Қанша батырды мерт етті. Бұл кім болды екен сонда? Қара жартастай биік, жалпақ жұрттан кеудесі асып тұратын Чарча таңырқағанын білдірмей, төңкерілген тай қазандай басындағы дулығасын шешіп жатып:

– Шын білгілерің келсе, бірнеше қала тұрғындарын алып келіндер, – деді қырылдай сөйлеп.

Таяу маңнан бес-алты адамды алып келу көп күттірген жоқ.

Олардан Чарча:

– Мынау қар кім? Айтыңдар тез! – деп сұрады.

– Бұл біздің Ханшамыз ғой, топырағы торқа болғыр! – деп жылады қарт ана.

– Әй, қакбас! – деп ақырды Чарча. – Дұрыстап айт, Ханшаң кім? Жерлеу үшін білу керек.

– Анау жатқан сұлтан Көркем Уәлидің Ханымы болады марқұм.

– Балалары бар ма еді?

– А, я, бар.

– Қанша?

– Жалғыз.

– Аты кім, қанша жаста?

– Әбілмәнсұр, ондар шамасында.

– Қазір қайда?

– Оны білмедім.

Чарчаның тұла бойы тітіркеніп ойланып отыр. Е, тәңір. Мынадай шешеден, анадай әкеден туған ұл бізге құл бола ма, түптің түбінде кек қайтармай қоймас, дереу іздеп тауып көзін құртқан жөн. Ол жалма-жан нөкерлеріне:

Атадан ұл тумай ма,

Ата кегін қумай ма.

Ежелгі дұшпан ел болмас,

Етектен кескен жең болмас,

Хан, батыры бар ел-жұрт

Ешкімге де жем болмас.

Хан тұқымы – Әбілмәнсұрды тауып әкеліп, менің көзімше басын алыңдар! - деп жарлық берді. Бұл жарлықты орындау үшін Чарчаның нөкерлерінің Әбілмәнсұрды сабылып іздеуі бірнеше жылға созылып кетсе де, ниеттерін іске асыра алған жоқ. Чарча бекер қауіптенбеген екен. Содан алты жыл өткен соң, он егіз жасар Әбілмәнсұр Аңырақай

шайкасында Чарчамен жекпе-жекке шығып, басын доптай қағып түсіргені елге аян. Чарчаның басы жерге түскенімен кара жартастай зор денесі аттың үстінде біраз уақыт құламай теңселіп тұрды деседі көзімен көргендер. Әйтеуір, теңдесі жоқ батыр деп дәріптеліп келген, хан тағының мұрагері Чарчаның мерт болуы қазақ жасақтарының жеңіске жетуіне мұрындық болғаны, ал, бұл жеңіс бүкіл жоңғар-қазақ соғысына бетбұрыс әкелгені мәлім. Осындай аласапыран күн тумаса, атасының атымен Абылай аталып кеткен батыр, әрі кеменгер Әбілмәңсүр даңқы асқан күйші болар ма, кім білсін. Ол сонау сәби кезінде көкірегінде оянған домбыра тартуға құштарлығын кейінгі жетімдік, құлдық өмірінде де жоғалтқан жоқ. Ата-анасының мейірге толы жарқын жүзін, бір ауыз жылы сөзін естігісі келіп сағынып, зарыққанда ен далада күй тартып, іштегі кайғы-дертін, зар-мұңын басын. Жорықтан босап дамыл ала қалғандай болса, баланың білегіндей саусақтары домбыра пернесін іздейтін. Домбыра оның жан тебіренісін ұғып, мәңгі сақтап қалған сырлас, адал досы болды.

Күн кешкіріп қалған соң ба, әлде жоңғар жағынан жекпе-жекке шығар батырларының шамасы белгілі болды ма, кім білсін, Абылай:

– Аты болдырғандар біртіндеп шегіне берсін, – деген жарлық берді. Міне, сол кезде төбе басына шауып келген жауынгер көк аттан қарғып түсті де, оң тізесін бүгіп, оң қолын кеудесіне қойып, дулығалы басын сәл еңкейтіп:

– Таксыр, барлыққан атыңызды маған беріңіз де, менің көк дөненімді мініңіз. Қашса құтылар, қуса жетер дүлдүл бұл. Сарбаздар жылыстап барады. Қуып жетіп тоқтатпасаңыз болмас. Абылай бұдан бірнеше күн бұрын бір топ жігіттерді жаудың тылына барып, жылқыларын айдап келуге жұмсаған болатын. Олардың оралу мөлшері бүгін. Ту сыртынан көрініп тұрған кою шаңды, солардың тың күш келе жатқандай болып көрініп үрей туғызу үшін жасаған айла-тәсілі шығар деп жорамалдаған. Шаңды жоңғарлар да көріп тұр. Олар шегіне қашпағанның өзінде, шабуылға жүректері дауаламайды.

Ендеше аты болдырғандардың шегінуінен келіп-кетер залал жоқ, – деп ойлап еді Қолбасшы. Ол көк дөненнің иесіне:

– Атың тың екен, өзің барып тоқтатып кел, – деді жайбарақат.

– Тақсыр, – деді бейтаныс сарбаз. – Мен сіз бола алмаймын ғой. Ақыратын айбатым, сөз айтатын салауатым жоқ.

– Онда менің атымнан бар, – деді Абылай. – Мен жекпе-жекке шығайын.

– Жоқ. Жекпе-жекке шықпайсыз, басыңызды жаудың қанжығасына қор қылғанша, өзім шауып алып кетемін, – деп, белгісіз батыр орнынан атып тұрды. Өзі қалжыраған, аты барлыққан Абылайдың жекпе-жекке шығуы – көрнеу басын қылышқа тосу деген сөз. Ал, қазақ жасақтары шоғырланып айбат көрсетпесе, Жоңғар қолы лап қояр еді де, онда да Абылайдың аман қалмасы анық, – деп ойлады белгісіз батыр.

Шын, адал сезімді, жанашырлықты тани да, ардақтай білетін Абылай арғымағын бейтаныс сарбазға берді де, оның дүлдүл деген көк дөненін мініп шегінген жасақтың артынан кетті. Бірақ, жасақты қуып жеткен соң ақырған да, сөз айтқан да жоқ. Өз қосын қондырып, от жаққызды. Тезектің қою көгілдір түтіні кешкі ауада көкке тік шаншыла өрлей жөнелді. Мұны байқаған, шегінген жасақтар кері оралып, Абылай қосын қоршай өз қостарын тігіп жатты. Күндегі әдет бойынша кеңес құрып, қолбасшының лебізін естуге батырлар жиналып келгенде Абылай жатып қалған болатын. Ұйқы дұшпан дейтін қолбасшының жаудың беті қайтпай, қан майдан жүріп жатқанда, қаннен қаперсіз ұйықтап жатуы өзгелерді таңырқатқан жоқ. Оның жеңіспен жеңілісті, жеңілістен жеңісті көре білетін көреген көсем екеніне көздері жететін. Батырлар бүгінгі жеңіс өздері жакта екендігіне кәміл сеніп тарасты. Абылай, сөз бастаған шешен бола тұра, тіл безеуден гөрі айтар ойын көбінде ишара, ыммен, жеке басының үлгі-өнегесімен ұқтыруды артық көретінді. Сөздері қысқа, әрі нұсқалы болып келетін. Бүгінде сол әдегіне бақты. Анау бір жылы жорықта келе жатқан бұларға жүргіте қалған жоңғар баласы кездесті. Бір сарбаз:

– Баладан баланың несі артық? Жоңғарлар бесіктегі баламызға дейін өлтірмеді ме – деп найзасын ыңғайлай бергенде, Абылайхан оны тоқтатып, баламен тілдескен соң, оны мінгестіріп алды да:

– Тұлдыр жетім екен. Бұл менің балам болсын. Туған балаларымнан кем көрмендер – деді.

Бауырына салып алған жауының баласы Махмет Ораздың баласы Ербол мен Абылай қосына ие болып жүр. Қыздарын қалыңдыққа, жар етуге алғаны болмаса, қазақ жасақтарының тіпті тентегі мен содыры да жоңғар балаларына тиген емес. Ондай кезде Абылай: «жақсылыққа жақсылық – әр адамның ісі, жамандыққа жақсылық – ер адамның ісі» деген мәтелді тілге тиек ететін.

Қолбасшы Абылай әдеттегідей ерте оянып, жотаға шығып төңірекке қарап тұр. Жорық қостары ауыл-ауыл болып сай-салада төбені қоршап тігіле қалыпты.

Олардың ақ түстері таңғы алакеуімде көкшіл болып көрінеді. Бейне көгілдір жұқа перденің ар жағында тұрғандай, Шығыс жақ ағараңдап қызыл сары бояу көкжиектен көтеріле бастады. Көк дөненнің иесі дүлдүлін алып, қанжығасына жоңғар батырларының басы байланған арғымағын қостың қасындағы кермеге қалдырып кетіпті. Сезімтал жүрек алдамаған. Абылайдың сенімін ақтаған қайрат иесі кім болды екен? Сонау алыстан жылқының мол қарасы көрінді. Абылай:

– Келген екен ғой, жеткен екен сұңқарларым, – деді күбірлеп, көңілін қуаныш кернеді. Бір топ жау жүрек жігіттерді жоңғарлардың тылына аттандырырда:

– Біз тойға айланғанда, сендер қойды айналдырыңдар. Жаудың бейғам тұсынан барып жылқысын қуып келіндер. Олардың еркек кіндіктісі осында. Жылқыдан басқа да жұмыстарың болмасын, кемпір-шалға, қатын-балаға, қыз-қырынға тиюші болмаңдар. Ат ауыстырсақ қана жеңеміз, тез келіндер, – деп табыстаған болатын. Сол әмірдің мүлтіксіз орындалғанын көріп тұр. Кеше көп батырынан айырылған қаралы жоңғар қолы, көп жылқысынан айырылып, былай-

ша жүген ұстап қалғандарын білсе, ойлары онға, саналары санға бөлінері анық. Бүгін күндегідей салтанатты соғыс дабырын қақпай жатқаны да, содан болар.

Абылай төңіректі шолып тұрғанда қасына Ораздың он бес жасар ұлы Ербол келді.

– Қалқам, неғып ерте тұрдың?

– Бабам айтқан: хан ием тұрғанда тұр, жатқанда жат, – деп. Оразды Абылай сыйлап баба, – деп атағандықтан, бүкіл ел тіпті, өз балалары да баба дейтін. Бұл күнде Көкшетаудан жер алып, Баба ауылы атанып отыр. Бұл соғысқа сырқаттанып қатыса алмаған ол, қоярда қоймай баласы Ерболды қосып жіберіп еді.

Ерболға караған Абылайдың есіне Түркістан түсті. Шіркін, жеміс-жидек уылжып пісіп тұрған шығар. Мына Ерболдардың орны сонда ғой. Мал емшегін емген казак, қашан жер емшегін емер екен?

– Тақсыр, сіз неге хан болмадыңыз? Әбілмәмбет ата өз тағын ертеде сізге берген екен ғой, – деген Ерболдың сұрағы оның ойын бөлді.

– Қалқам-ау, ханды халық сайлайды. Хан боламын дегеннің бәрі хан бола бермейді ғой.

– Сізді де халық сайлаймыз дейді.

– Сайлағанмен, хан таласуға түсер малым жоқ. Қалай сайламақ?

– Хан талау жасамаса болмай ма?

– Болмайды. Хан болғаннан кейін әділ болмасаң, осылай талап аламыз деген сөзді халық айту керек.

– Егер малыңыз болса, хан болар ма едіңіз?

– Онда да болмас едім.

– Неге?

– Хан болсам, жекпе-жекке шыға алмаймын ғой.

– Қалайша?

– Жекпе-жекте өлсем, қазақтың ханын өлтірдік, – деп, жоңғарлар мақтанады емес пе.

– Онда жекпе-жекке шықпаңыз.

– Қалай шыда дейсің. Ата-мекенімді ойрандап, ұлды – құл, қызды – күң етіп отырса зұлым жау.

Сәлем беріп, батырлар келе бастады. Кеше кешке айдалып келген жылқылардан әр қосқа сойыс беріліп, құлынды биелер байланғаны, сарбаздарға тың аттар үлестірілмек екені баяндалды.

Қолбасшы мұның бәрін жаны жадырап тындап:

– Кешегі көк дөненнің иесі кім? Бірің барып шақырып келіндер, – деді.

– Ол қаз дауысты Қазбектің жиені, Абақ керейдің батыры – Жәнібек екен. Көмекке асығып өз тобынан озып келіпті. Керей-уақтың сарбаздарын бастап Әбілпейіз төре түнде келді, – деп, жауап берді Махмет. Тың жасақтың, тың аттардың келуі, демек жеңістің кепілі екені даусыз. Көлденең қырсық болмаса қазақтар жеңер. Ынтымағы жарасса қазақтай батыр елді ешкім де басынып, қорлай алмас еді-ау. Сан рет әттең, дегізген.өзекті өртеген өкініштің қасіретін халық та тартпас еді. Әбілмәмбет ханның ұлы Әбілпейіздің керей- уақтың сарбаздарын бастап келуі ағайынның түгелдігін танытатын оң нышан. Олардың ішінен, кейіннен он екі абақ керейдің жауға шабардағы қасиетті ұранына айналған Жәнібектің батырлар қатарын толықтырғанының өзі қаншалық. Оның жүрегін қуаныш кернеді. Мұндай кезде құлағына күй сарыны келетін әдеті. Абылайдың өте жақсы көретін қара аты бар, үстінен су төгілмейтін жорға. Ол атқа мерекелі, салтанатты күндері мінуді ұнатушы еді. Мінсіз жаратылыстың жоқтығының белгісіндей қара жорғаның артқы аяғы сылтыйтынды шығарды. «Сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» дегендей, сылтығанның өзінде басқа жорғалардан көш ілгері жануар.

Міне, сол жорғаның тайпалған жүрісі құлағына күй болып шалынып тұр. Тіпті тайпалып келе жатқан жорға жүрісінің жарасымды, әсем ырғағын бұзып, ара кідік сылтығаны да анық естіледі. О, ғажап! Төрт аяқтың бәрінің сау еместігі төрт құбыланың тең еместігін меңзегендей ме, қалай? Қазақ қоғамына ұқсап, Абылай арманымен қабысып кеткендей бейне. Әттең, төртеу түгел болса, төбедегі түсер еді. Қашан,

түгелденер екен? – дейді домбыра ішегі дірілдеп. Аз сөзге көп мағына сыйғызатын Абылайдың әдеті күйіне де дарыпты. Кейіннен «Қара жорға» аталған күйдің алғашқы «Сылтық жорға» нұсқасының сазды әуезі жеңіс салтанатының қуаныш, шаттығының дабылындай күмбірлеп, төртеудің түгелдігіне жетуге үндеп тұрды.



ТУҒЫР

Халық кісіні дене күшіне бола сыйлап, құрметтемейді. Ал, кейбір қара күшті мақтаныш ететіндерге: «білегі күшті бірді жығар, білімі күшті мынды жығар» деп, адамдық қасиеттің басты белгісі – ақыл-парасаттың құдіретін, сыпайылап көлденең тартады да, ишараны білмес ессіздеріне әдептен аттап: «ноқай, дойыр», «аусарсоқ» деген сияқты ат қойып, айдар тағып келемеждейді. Ал, батырдың жөні бөлек. Шаршы топта, күреске түсетін балуандардың жауырыны жерге тимегеніне карамай батыр, – деп атамаған. Бұл құрметті атаққа ел үшін етігімен талай-талай су кешкен, қажыр-қайратына ақыл-айласы сай, қас ерлер ғана лайықты болыпты. Құдайдан кейін батырының аруағына сыйынатын қазақтар аяулы перзенттерінің еңбегін әділ бағалап, сыйлап, атын өшірмей ардақтаса – даналық пен парасаттылық. Бұл әңгіме де батыр жайында болмақ.

Шексіз сүйіспеншілік пен құрметтен батыр баба атанған, токсанды алқымдаған Жауқашты қария жиырма төрт жасар аға сұлтан Шыңғыстың аулына келді. Бұл ақсақал – тақтағы хан, таптағы би, топтағы бай, батыр – деп, алалап жатпай, жер бесікте теңестіретін уақыт селдіретіп әкеткен, өткен заманның саусақпен санарлық тірі куәсінің бірі болатын. Орта жүздің соңғы ханы Уәлидің ғана емес, оның әкесі заңғар Абылайды көріп, жорықтарына қатысқан көне көздің өзі.

Алып құстың үлкен жұмыртқасы тәрізді аппақ үйлер, жасыл алқапта мамырдың шуағы мол күні сәулесімен құлпыра жайнай түскен. Мамықтай ақша бұлттар қалқыған, көгілдір аспанмен астасқан шексіз дала төсін құстар үні кернепті, қыстан қысылып шыққан елдің аузы аққа тиіп, жадыраған жайлы шақта ауылға Батыр бабаның келуі үлкен-

кішіні дүрліктіріп, әбігер етті де, дидаласып сәлем беруге асыққандар тез құлақтанып, жинала қалды.

Ел алғысына бөленген, сонау ерлікке толы жылдарда өткен оралмас жас дәуреннің белгісіндей сауыт-сайманын аса қастерлеп, сыйлы жерде үстінен тастамай киіп баратын әдетін батыр бұзбапты. Былайғы біреуге қызық, тамаша болып көрінетін бұл киім – бұрынғы білеу-білеу бұлшық етсіз саудыраған денеге қонбайтындығымен де, өні түскен ескі үлгісімен де, өткен заман, ата-бабаны еске алғызатыны да жұртқа соншалық әсер етіп, көрген адамды ойға қалдырмай қоймайтын.

Қарсы алушылар қарт батырдың еркіне көнбей, төре салтын бұзып, аттан түсірмеген күйі, қаумалай қошеметтеп, ақ орданың дәл алдына дейін алып келді. Кәріліктен шөгіп кішірейгеннің өзінде әлі де ірі, сүйекті тұлғасы жұрттан тіпті бөлек көрініп тұр.

Қызыға қарап, қарсы алушылар қадірлі қонағына жарыса:

– Ассалаумағалайкүм, армысың, батыр баба? – деп сәлем беріп жатыр.

Көтеріңкі көңілмен сәлем алған қарт:

– Қоныстарың құтты болсын. Малжан аман ба? – деп, сәлем берушілерге арнайы тоқтай

қарап, аталарының аттарын жаңылмай атай отырып, ораулы бала көтерген Зейнеп ханымға таяғанда: —

– Жол алыс, күн суық болып келе алмадым. Баланың бауы берік болсын, – деді.

Сол кезде Зейнеп ханым қолындағы нәрестені әлі ат үстінде тұрған ақсақалға ізетпен ұсынды. Сәбидің бетінен иіскемек ниетпен еңкейе берген батыр дулығалы басын кенет жоғары көтеріп қалды. Жарқабақтағы көзді жапқан ақ лақтың елтірісіндей қасы түйіліп, қоңқақ танауы жыбыр етті де, сіңірлі сабаудай саусақтарымен қоңырқай өңін аппақ түспен көмкерген шалғы мұртын сипап өтті.

Кеудесін жапқан күміс сақал нәрестеге қайтадан жақындай берген кезде, сонау бір жаугершілік заманда ту сыртынан көзделген садақтың ысқырған жебесінің нысанасына дырау

камшының тобылғы сабын көлденең дәл қойғызатын сезімтал жүрек тулай жөнелді, тебірене толқыған оның санасында, ұлыстап кеткен ескі күннің көмескі елесі жаңара, жайнап сәулеленді. Ол кезде тепсе темір үзетін жас еді-ау. Қазақтың айырылып қалған қоныстарын қайтарып алу үшін жасаған Абылайханның аңызға айналған жорықтарына қатысып, жауынгерлік данққа бөленген. Сол абырой-атақ күні бүгінге дейін өшкен жоқ. Ердің де, елдің де есінен кетпес жеңістің жатауы желбіреген есіл күндерді еске түсіріп, қарт тарланды айырықша толқытқан нәресте кескін-келбетінен көзге айқын көрінген Абылай бейнесі екен. Айнымаған, аумаған, мұндай да тартар ма. О, ғажап! Шыңғыстың өзі де дәл осындай ұқсамаған-ды. Өшкені жанып, өлгені тірілгендей жанарына ыстық жас келді. Апыр-ау, ендігі асылым осы болмаса не қылсын. Жаңаның басы, елімнің қорғаны болса болар. Мынау жазық маңдай, қас-қабак, әй, тегін емес. О, жаратқан, о, аруақ, көлдей көлкіген көз жасымызды көріп, арман-тілегіміз құлағыңа шалынған соң Абылайдай ұлды қайта бердің бе шынымен. Көз алды буалдыр тартқан батыр Мұхаметқанафияны бауырына қысқан күйі атын қатты тебінгенін өзі де аңғармай:

– Абылай! Абылай! – деп ұран салғанда, онсыз да дабырдан елендеп тұрған бәйге тұлпар ала жөнелді. Осынау оқыс кимылды түсіне алмаған жұрт аңтарылып қалды да, біраздан кейін есін жиып гулеп кетті. Күле таңырқасып, қызықтаушылар да, алжығандыққа ұйғарушылар да бар.

– Ойпырмай, баланы мерт етпесе игі, – десті, – ұстамасандар тоқтамас, сірә.

Қамшы салдырмас жарау жүйрігі алып қашқан батырды көлденеңдеп тоқтатушылар болмаса қайтерін кім білсін. Ал, батыр баба аса қызып, естен тана тебіреніпті. Қолдан қолға түсірмей әлпештеуге үйренген Мұхаметқанафия бұл шапқылаудан қорқып-сескенбей, қайта мәз-мейрам, күліп оралды.

Көне заманның қарт тарланы мен жаңа заманның болашақ, Шоқан атанған жаңаша батыры осылайша қызық

жүздесіп еді.

Шыңғыс Омбыға бір шаруалармен кетіп, үйде болмаса да, арнаулы сыбаға асылып, сыйлы қонақты күтудің дәстүрлі ережелері мүлтіксіз орындалып жатты.

Батырды көріп, лебізін естіп, мауқы басылған, бір дастарқаннан дәмдес болу бақытына ие болған ауыл-үй адамдары жан-жаққа тарасып, тек сырттан келген бес-алты қонақ қана оңаша қалған-ды. Өткен қыс, көктем, көші-қон жайлы әңгімелесіп отырған кезде дастарқан қайта жайылды. Буы бұркыраған қос табақ ет көп күттірген жоқ, күтушілер әлде бір себепті жұмыстарға бола шығып кетсе керек, өзді-өзі қалған қонақтар өткір бәкілерін алып, пышағы бар сүйгенін, пышағы жоқ тигенін жейді десіп, қыстан қалған сап-сары казы мен сүр етті қиялай турай бастаған кезде:

– Ет, – деген сәбидің жіңішке даусы естілді. Бәрі де кенет шыққан дауысқа елең ете қалысты. Тәрде отырған имек мұрын, ала көз молда шошына жан-жағына қарап:

– Астапыралла, – деді.

Басқалар ең алдымен оның қарғаның қанатындай қап-қара сақал-мұртына, сүйектен ойғандай әжімсіз қара сүр өңіне сұраулы кейіппен қарады да, жан-жағын лезде шолып, дыбыстың бесіктен шыққанын аңғарды. Мырс еткен батыр қызық бір ертегіні есіне түсірген болатын. Баяғыда бір кемпір:

– Көзі соқыр құдай, тым құрыса осы қаспақты жейтін бала да бермедің-ау, – деп налиды.

Сол кезде жабықтан:

Шеше-ау мен ше, мен бар емеспін бе, – деген дауыс естілген.

– Сен болсаң жей ғой, – дейді кемпір сенер-сенбесін білмей. Шалының ашумен жұлып алған көк ешкінің құйыршығы жабықтан шығып, секіріп жерге түседі де, табакқа салған қаспақты алдына алып, жей бастайды. Осылайша құйыршық шал мен кемпірге бала болады.

– Тегі бұл ертегі «Аруақтан басқа ес жоқ, көлеңкеден басқа дос жоқ», молда, қожа дегенді білмейтін көне заман-

да шыкса керек. Сол құйыршық дәл қазір жабықтан секіріп түсіп, ет жей бастаса мыналар қайтер еді. Әй, жүрегі жарылып ақыс болар. Іштей күлген қарт үрейлі жүздерді көріп: - Ой, әңкей езшіріктер, тілге еріп азғандар-ай, бұл қорқақтардан не қайыр, – деп ойлады да, өзі түрегеліп барып бесіктегі баланы шешіп алды. Екі көзі жайнаған сәби жатырмамай, ескі танысын көргендей талпына ұмтылды.

– Аруағыңнан айналайын, кескінің келген екен. Тілден-көзден сактай көр, – деп, өз орнына барып отырған алып денелі батырдың тізесінде кіп-кішкене Мұхаметқанафия үлкен тұғырға қонақтаған сұңқардай көрінді.

Батыр қазының жұмсақ майды жерінен кесіп алып жан берген. Жаксыда жаттық жоқ дегендей сәбидің жазтырмауын жақсылыққа жорыған қарт, ел иесі болар нышандарды оның бойынан көргендей болды. Кісі болар кісі кісесінен дейді. Жүректілік пен көпшілдік, зеректік жан сүйінер белгілер-ді.

Бұдан көп жыл бұрынырақ, көктем кезі еді. Батыр үйіне қайтып келе жатқан-ды. Жол тау аңғары арқылы өтетін. Жер тобарсып қатқан. Айсыз аспанда жыпырлаған сансыз жұлдыздардың көмескі сәулесі тас қараңғыға үйренген көздің жолды бағдарлауына жарап келеді, қары кеткен тау жоталары қараңғы түнде, тіпті жұлдызды көкті тіреп тұрғандай, мүлде жат, суық, меңіреу қалыппен екі жақтан төне түскен. Тар шатқалдың тереңдеу тұсына жеткенде қасындағы серігі:

- Ойбай, отты қара, – деді атының тізгінін тартып.
- Иә, от.

Екеуі де тоқтай қалды. Қарсы алдындағы бие баудай аралық жерде лаулап от жанып тұр.

– Күндіз өткенімізде ел жоқ сияқты еді ғой, – деп сұрады батыр.

– Ел көшіп келер жер де, мезгіл де емес, болса сайтанның оты болар, бисмилла, бисмилла, – деді серігі күбірлеп.

– Неде болса бара көрелік.

– Қойыңыз, батыр, шалығы тиер, одан да кері

қайтқанымыз жөн. Талай адам жынданып ауырған, әйгілі «Шайтанды жер» екенін өзіңіз де білесіз ғой.

– Батыр жүрген жерде жын-шайтан жүруші ме еді. – деп өзі алға түсіп жетіп келсе, қайқаң дөнестің жадағай үстіне іркілген су екен.

Қараңғы түнде тік, биік, тар шатқал табанындағы су жұлдыз сәулесімен лаулап жанған от сияқты көрініпті. Бұл жардың тұсынан өткен талай адамның қорыққанынан есі ауысып қалатын сыры осылай ашылып еді: қорыққанға қос көрінер дегендей, түнде ербеңдеп алдын ораған өз көленкесінен шошығандар да бар. Ай сәулесінде жылтырап көрінген әйнектің сынығын Шайтанның оты, – деп зәре-құты қашқандарды талай көрді.

Осы оқиғаны есіне түсірген батыр:

– Кәне, алындар, маған қарайламандар, – деді.

Қазақтар үшін аруақ, құдайдан кейін дәмнен (астан) қасиетті ештеңе жоқ. Өкпелесе, дәмге тапсырдым. – дейді де, қарғаса «дәм атқыр» – дейді, жолаушы алдынан сусын алып шығу, ерулік беру тек дарқандық, қонақжайлылық қана емес, ол ұсынылған ақпейіл достық құшақ; дәмнің қасиетіне тапсыру: адам деп келген екенсің алдымен азықтанып, есінді жи, дос болсаң төріміз саған, жау болсаң, дәміміз жібермейді, – деп сенеді бейбітшіл бейғам халық. Осы салт кезінде Жуантаяқ Тоқтамыс батырға да тұсау болған.

Атақты жоңғар Қонтайшысы Қалден-Цереннің қарындасы Топч ханымнан қан уыстап туған Қасымның он жеті-он сегіз жастағы кезі болса керек. Ол жорықтан оралып келе жатқан Тоқтамыстың алдынан шығып сауға сұрайды.

Сонда Батыр:

– Қалағаныңды ал, қалкам, тек мынау бойжеткенді ғана қаламасан болды. Мен де басқалар қатарлы түтін түтетпек ниеттемін, – дейді. Жамандық ойламай шын сырын ақтарған Тоқтамыс батыр көші-қон шаруасымен алысқа кетіп қалғанын пайдаланып, тентек, ерке Қасым ақ ниет пен асыл арманды таптайды да, Тоқтамыстың қалыңдығын алып кетіпті.

Батыр қаһарланып, қатты ашуланады. Сарбаздары да батыр наласына ортақтасып, әділетті ашуды жақтайды. «Ерді қамыс, қоянды қамыс өлтірген». Қол жиылып, соғысуға беткем бел байласып, аттанады олар. Жол-жөнекей шөгеріліп сазыққа байланған жүгі бар түйені кездестіріпті. Үстіне қалы кілем жабылған екен. Қасында тай қазан ет асулы тұр. Токтамыс батыр:

– Теңді түйе – айыбымыз, Ерке ұлдың есерлігі үшін дәмнен аттап, ел бірлігін бұзба, – деген

Абылайдың ишарасын бірден ұғыпты. Арғы атасы сұттан болса да, ақтабан шұбырындыда әке-шешеден айырылып жастай жетім қалған Абылай, бес-алты жыл құлдық өмірдің дәм-тұзын татқандықтан ерекше ақыл-парасат, тапқырлығымен халыққа бір табан жақын болды да, қиыннан жол табатын еді. Міне, дәмнің қасиеті, – деп өткен-кеткеннен әңгіме өрбіді.

Үйге күтуші келіп кірді. Алып Батырдың тізесінде шокиып отырған Мұхаметқанафия оған талпынды. Бейне тұғырда дүр сілкінген қыран тәрізді. Атасын көрген Батырдың қолынан дәм татып, ықыласын түсірген оның тұғыры шынында да биік еді-ау!



ТАЛҒАР

(әңгіме)

– Талғар ең ежелгі ат: ең көне сөз, бұл есімді шамамен алғанда бұдан жеті-сегіз мың жыл бұрын бабаларымыз қойған. Ғасырлар көшіне ілесіп бұл күнге өзгермей жеткен мұндай көне есімдер жер бетінде, әй... кемді-кем болса да, сирек шығар, – деді Жантас інісі Манатқа қарап.

Манаттың томпақтау тана көзіне қуақы күлкі үйірілді де:

– Жартысын алып тастасаңыз қайтеді, – деп жымиды. Бұл асырып, бөсіп сөйлеушілерге көлденең қойылар мәтел болып кеткен сөз. Күндегі әдеттеріне бағып, кешке қарай төбе басына жиналатын топқа қосылған аңшы Ахмет:

– Ойпыр-ай, өнім бе, түсім бе, айтайын ба, әлде айтпай-ақ қояйын ба? – дейді, қызық хикаяның шетін шығарып.

– Айтыңыз, Аха, айтыңыз, – деп қолқалайды сыралғы ауылдастары.

– Жарайды. Болмай-ақ қойдыңдар-ау. Ендеше айтайын. Бүгін танертең қырмызы түлкі көрдім, жортып барады екен, міне ғажап! Құйрығының ұзындығы тап кішігірім шылбырдай, тіпті шұбатылып жатыр, – депті.

Елендеп тыңдаушылардың бірі:

– Аха, егер түсіңіз болмаса, жартысын алып тастасаңыз қайтеді. Түлкінің құйрығының ұзындығы тап шылбырдай бола қоймас, – дейді. Қаумалаған қауым-ның ықылас қойғанынан, өзінің тым асыра сілтеп жібергенін аңғарып, сасып қалған аңшы:

– Ендеше, жартысындай-ақ болсын, – дейді.

– Тағы да жартысын алып тастаңыз, – деп гулеседі тыңдаушылар.

– Ал, онда кере құлаш.

– Тағы да жартысын, – деп жабысады қыран-топан күлкіге батып отырғандар.

Сонда аңшы тұрып:

– Енді өлсем де алып тастамаймын, – депті.

Содан судыр Ахмет атанған сол аңшыға өзін теңегенге, шабыттана сөйлеп тұрған Жантастың көңілі жүдеп, ыңғайсызданып, қысылып қалды. Оның ұялы қара көзінде намыс оты жарқ етті. Маңдайына түсірген қою қара шашын сілки басын бұрып:

– Онда сен айт, білгірім. Талғар деген не сөз? – деді тесіле қарап. Даусы қатқыл. Сайқы-мазаққа көнбес ажар бар. Өзінен екі жас үлкен ағасын сөзден тосып, шамдандырғанына іштей масайраған Манат, аппақ маржандай тістерін көрсете күлімсіреп, ойнақы мінезбен:

– Ол ақын ағамыз Хасенхан Талғаровтың атасының құрметіне қойылған есім, – деді.

Жантас Манатқа таңырқай қарады да:

– Сонда Талғар ағамыз жерге ат қойылудан бұрын өмір сүргенін қалай дәлелдейсің? – деп сұрады.

– Талғар сөзінің ерте заманда шыққанын өзің дәлелдеші алдымен.

Манат мізбағар емес. Шыны ма, қыңырлығы ма, белгісіз.

– Мен дәлелдеймін.

– Ал, дәлелде.

Талас осылай ширыққан шақта, қолында газеті бар әкесі диванға келіп отыра берген-ді.

Күн жексенбі. Шілденің таңертеңгі жанға рахат мамыражай шуақты кезі, үй-ішін шұғыла-нұрға бөлеген. Үлкен терезеден Алатаудың шын-құздарының ерен бітім-болмысы алуан бояумен тіпті анық, ашық. Бұрынғыдан да жақындай түскен сияқты, жап-жасыл бау-бақты, масаты кілемдей әсем жазықтан тік шаншылып аспанға бой көтерген заңғар шыңдардың ұшар ұшын қысы-жазы кетпейтін аппақ қар көмкеріп, қарт бабаның қасиетті басына ұқсатып тұр. Қалың көк жасыл қарағайлар етектен қаптай көтеріліп, таудың ортан белінен асып барып, андыздап өрмелеп келеді де, әрі көтеріле алмай тоқтайды. Одан биігіректе арғы қабатынан қоңырқай ренді қия жартастар көтеріліп, алып батырлардың ақ қалпақтарын жартылай калкалап тұрғандай. Терезеден қарап тұрған Манат.

– Ең биігі – Талғар шыны екен, – деді.

– Сол үшін де оның аты Талғар, – деді Жантас. Бұл жаңағы таластың кіріспесі еді. Талғар атауының шығу тарихын түсіндіргісі келген ағасының ізгі ниетін, жеңілтек Манат қадіріне жетпей, балалық таяздықтан қылжаққа айналдырып әкеткенін ұққан әкесі:

– «Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар». Бірін – жеті, бірін тоғызыншы сыныпта оқисыңдар, жас та, білімсіз де деуге келмейді. Аркадий Гайдар 14 жасында полк басқарған болса, Шоқан аталарың алты жыл ғана оқыды. Оның тіл-әдебиет, тарих туралы керемет еңбектерін айтпай-ақ қояйын. Мына Есік көлінің ұзындығын, көлденеңін, тау шындарының биіктігін құралсыз жай көз мөлшерімен анықтап жазып кеткенінің дәлдігіне бүгінгі ғалымдар қайран қалуда. Ал, осы өңірдің өзендерін бейне самолетпен ұшып жүріп көрген сияқты өте нақты көрсеткен. Өсімдіктері туралы жазғандары қандай ғажап. Неткен қырағылық, қандай ұшан-теңіз білім, шіркін!

Сендердің тоқуларыңды білмеймін, оқуларың аз емес. Бақандай жеті, тоғыз жыл. Ендеше байсалды пікір айту лайықты. Көне маған жүгініндер, дұрыс-бұрысты сарапка салайын, – деді.

– «Үлкен тұрып кіші сөйлегеннен без» деген, кезек Жәкендікі, – деді Манат қуақы.

– Жөн, – деді көкесі – сөз сенде, Жантас.

Ширыққан Жантас дау-таластың төркінін қысқашашолып, іркілмей әрі сабақтап кетті.

– «Тал» – дегеніміз, тіп-тік биік деген мағынаны білдірсе, «ғар»-ымыз жар – деген сөз.

Сонда Талғар – тік биік жар болып шығады, бұған дәлел, мүсінді тіп-тік адамдарды осы күнге дейін «Тал бойында бір мін жоқ» деп дәріптесе, «талдырмаш», «талпыну» дегендегі тал тік, биіктікті білдіріп келеді. Бұл күнде ағаштың меншікті аты болып, басқа сөз тіркесінде ғана өз мағынасын сақтап қалған. «Тал» сөзі – ертедегі көне сөз.

– Ал, ғар?

– Осы күнге дейін түркі тілдес халықтардың кейбірі жарды – ғар дейді. Ежелгі ата-бабамыз көмейінен сөйлесе келек. Тіл дами келе «ғыр» «ғар» болып өзгереді де, бертін келе жұмсақ та жеңіл айтылатын «яр» – «жарға» ауысқан. Қазақ тілінде байырғы күйін сақтап, өзін жоғалтпаған көненің асыл көзі сияқты сөздер әлі де бар. Мысалы: «Аңғар». Бұл аңлар қашып шыға алмас, оларды қамап, қаумалап ұстауға қолайлы, екі жағы созылып жатқан тік жар. Демек, аңғар қауымдық дәуірдің сөзі, олай болса, ғар сөзінің шығуы сөзсіз бұдан жеті-сегіз мың жыл бұрынғы мезгілді меңзейді. Жар, әр ертедегі адамдардың өмір-тіршіліктерінде зор маңызға ие болғандықтан жер-су аттарын көбінде жер бедеріне қарап қоятын болған. Осы күнге дейін Ақжар, Қызыл жар, Сары жар дейміз ғой. Мысалы: Ғашғар (керішті жар) келе-келе Ғашғар – қашқар болса, қызылғар – қызыл жар, – Красно-яр – (Хакас АССР), сондай-ақ Яркент - Жаркент, Жонғар дегеніміз – Шонғар. Құзар сөзінің әу бастағы түрі Құзғар, Занғарымыз тағы бар.

– Айта бер, Жантас. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майкы би» дегендей, Ғарды яр, жар – деп айтуға жеңілдетіп, өзгертіп алған ұлттардың түп атасы бір болған болды ғой, – деп ойға кетті көкесі. – Жантас, талабыңа нұр жаусын. «Асыл тастан, ақыл жастан» деген, іздене бер. Біздің қапелерімізде жок нәрселерді айтып тұрсын.

– Жер-су аттары тек атау ғана емес, оқи білген адамға тұтас тарих екен. Мен осыны

Манатқа түсіндірмек едім, – деді әкесінің мақтағанына жадырап Жантас, – Ғар, – ғырдан шықты деді. Қыр, қырат, қырқа сөзінің төркіні де осы ғыр. Ал, ғар сөзін орыстың гор сөзімен үндестігі қызықты.

Мұны, әрине, зерттеу керек. «Сөз тапқанға қолқа жоқ», айтар уәжі қалмаған Манат:

– Мұның бәрін қайдан білесің? – деп сұрады.

– Шоқан Уәлихановтың шығармаларынан, – деді Жантас аққұба өңіне қызыл бояу жүгіріп.

Ол акын Дәуітәлі Стамбековтың өлеңін оқи жөнелді:

Уәлиханов Шоқанды сүйемін мен,
Болмысыммен, рухыммен, жүрегіммен.
Көрсем деумен келемін мың Шоқанды,
Бір Шоқанды тудырған ұлы елімнен.

– Болмасаң да ұқсап бақ, – деді көкесі. Бұл ақ ниет шын тілек, багадай болды.

– Талабыңа нұр жаусын, Шоқан қазақ халқының бұла күшінің бейнесі болды. Ол түркі тілінің барлық түрін, оның үстіне неміс, ағылшын, француз, араб тілдерін білді. Ал, ғылыми еңбегін орыс тілінде жазғаны белгілі. Ұлы адамдардың бәріне ортақ бір қасиет сол – көп тіл білу. Тіл – ғасырлар бойы халық жасаған асыл қазына, оны аялау, қорғау, үйрену – борышымыз. Мысалы, қазақ тілін алайық. Түркі тілінің өзгеріске аз ұшыраған ең таза; көне бұтағы қазан төңкерісінен кейін құлдырай түсті. Ендеше, қазақ тілін қорғау, ескерткішті қорғау рухани байлықты меңгеру болып табылмақ. Сондықтан тіл үйрену үшін оның сырларына үңілгенің құптарлық. «Керек тастың ауырлығы жоқ» дейді. Ойынға уақыт жібермей тіл үйренгендерің ең қасиетті іс, – деп сөзін аяқтады көкесі.

Анасының бота көзі жасаурай қалыпты, тебірене қуанғаны көрініп тұр.

Сонау бір кара түнек арпалыс азабы, күншіл қастығы көп заманда жалғыздық көріп, қасіреттен жүрегі қан жылаған есіл Шоқан Талғар шыңындай ғылым шыңына көтеріліп, бүгінгі ұрпақпен жалғасып жатса, Шоқандай ғажап ұл берген бүгінгі көсегесі көгерген жайсаң елден мындаған Шоқан шығуы сөзсіз ғой.

Мүмкін, соның бірі осы Жантас болмас па екен? Бұ да халықтарды жақсы көреді, тіл үйренуге құмар.

Манат өзінің туған қаласына, оңтүстіктегі заңғар шыңдарға ықыласпен қарап тұр. Олар өткеннен бүгінге жабайылықтан сауатты, салауаттылыққа дейінгі ұзақ та күрделі замандар мен жолдарды баяндайтын тарихи шежіре айтып тұрғандай...



КӨГЕДАЙ

Аттан! Аттан! – деген үрейлі айқайдан шырт ұйқыдағы Көгедай оянып кетті. Талтүсте шай қайнатым көз іліндіріп алатын әдеті.

Балбырап ұйықтап, түс көріп жатыр екен. Тың-тындап еді, ауылдан аулақтағы биебау жақтан ұлғая түскен дауыстарға иттердің жарыса үргені қосылып, шуды молайтып барады. Жан-жағына қарады. Уығын атты жігіттер қадайтын он екі канат үйдің түңлігі жабулы. Көлеңке жақтағы түрілген ергеден түскен әлсіз жарық көрінді. Үй ішінен жанға рахат салқын леп білінеді.

– Апыр-ау, Ақбұрым ханым қайда?

Ауылға жау тигенде:

– Қайда, қайда?! – деп шабатын өктем, өжет дауыстар неге шықпайды? Керейде еркек кіндік қалмаған ба? Абылай заманынан бері соғыс көрмеген қазақ салбөкселеніп кеткен бе? – деп ойға шомды.

Абылайхан халық қаһарын, батырларының қажыр-қайратын, өзінің айбатын тосқауыл ете жүріп, елдің бұрынғы айырылып қалған жерлерін қайтарып алды. Содан бері қазақтар жаугершілікті, соғыс өнерін ұмыта бастағанымен мал соңында жарғақ құлағы жастыққа тимейтін жігіттер сал бөксе емес-ті.

– Жәнібек! Жәнібек! – деп шабар намыскер, жаутүсіргіш жігіттерді, билерді шақыртып, жан-жаққа жұмсап жібергені есіне енді оралды Көгедайдың.

Олар кеткелі де біраз күн өтіпті. Абақ керейінің алды соны қуалап өр Алтайдағы Көктоғай, Шіңгілге, бір шеті халқа! Моңғолға жетіп, арты Көкпекті, Шұбар тауда тарыдай шашылып жатыр, хабарласу қайдан оңай болсын.

Жергілікті, Маньчжур өкіметінің елшілері сыйлықтармен қайта-қайта келіп есік тоздырды.

– Бежінге төтелей бағынғанды бұдан былай қойып,

жергілікті, біздің қол астымызға қарандар, – деді. Олардың ығыр еткені сонша, жаңа оянар алдында түсінде де солармен дауласып жатыр екен. Дәл өңіндегідей айқын, түсінде елші:

– Бежінге төтелей емес, бізге біржола бағынындар, болмаса жерімізден кетіндер, – деген, оған Көгедай:

– Жер кімдікі? Ау, өзің Шыңғысханды білемісің?

Шыңғысхан заманынан кеп бұрын бұл өңірде Керей, Найман мекен еткені анық. Шыңғысханның өзі де осы өлкені кей жылдары жайлап жүрді емес пе. Маңғыттың қай бабасы келіп еді. Сондықтан Ежен хан дербес ел бол деді емес пе? Төте бағынып келеміз.

– Оның несі сөз. – Шыңғысхан Қап тауы мен Сары тауға дейін жетті. Оның бәрі қазақтың жері ме? Біздің ұсынысымыз Ежен ханның уәдесіне қайшы келмейді. Бір қазанға екі қошқардың басы симайды.

– Жок, – деді Көгедай. – Бежінде бір заманда түрік жері еді, біз одан көш – деп жатқанымыз жоқ. Шыңғысханнан төрт жүз жыл бұрын қазақ жерін жаулап алған арабтар бір ғана Сыр әзенінің бойына 300 қала салып, екінші Ніліміз деп атады. Сыр дариясының ең жоғарғы сағасына салынған үйдің төбесінен екінші үйдің төбесіне секіріп отырған ешкі жерге түспей Арал теңізіне барып жетеді екен. Солай көптеген шаһар салып, өктемдік жүргізген, жүгенсіз араптасқан оғыздар қазақтарға көрсетпегенді көрсетеді. Осындай зұлымдық қорлыққа қаһарланған Шыңғысхан оларды қуып шығу үшін ұлы жорық жасады. Міне, мына керейдің аталары да сол жорықта өзің айтқан Қап тауы (Кавказ), одан әрі Балқан тауы, жер шетіне барғандықтан енді ата- мекеніне оралып отыр. Сол үшін көзге түрткі болуы керек пе? Әділін айтыңызшы. Шыңғысханға сіздер де қарыздарсыздар ғой.

Елшінің қара сұр өңі түтеп кетті. Қазақтың бір әзенінің бойына ғана 300 қала салған арабтарды да қуған біздерге, кеше келіп бес-алты қала салған сендер иесіндер тәйір, деген Көгедай көкейіндегі астамшылықты, кекесінді түсінді. Әңгіме түйіні осы екен. Алыстан орағытып келіп, білдірмей

айбат шегіп отыр. Елші де тартынған жоқ.

– О, Көгедай төре, елу жылда ел жана, жүз жылда қазан,
– дейді қазақ. Қазан жаңарғанда

Жер, оның иесі жаңармай қалай тұрсын. Бежінге барып,
сыйту сіздерге оңай емес, содан алым-салықты уағында
жеткізе алмайсыздар. Олар да келіп тексере алмай жүр.

Жоңғарлар, біздің адал сөзімізді қабылдамай қырғын тап-
ты. Затты, текті адамсыз, түсінеді деп сеніп келіп отырмыз.
Егер бағынсаңыздар, еліңізді бұрынғыдай өзіңіз басқарасыз,
тілінде, тілінде ісіміз жоқ. Тек мойындасаңыз болғаны.
Шыңғысханұрпағының Ваңдық⁹ атақ, құқығын сақтаймыз.
Ешқандай жамандық көрмейсіз. Болмаса судың да сұрауы
бар. жерімізге баса-көктете алмаймыз. Кезінде Абылайхан
да ата алмаған. Біздің ұлы ханымыз қаһарланса, құдай оның
бетін әрі қылсын, жаман... Әрісі бүкіл қазаққа, қала берді Ке-
рейге жаман.

Оның сөзінен «өгізге туған күн бұзауға да туады», –
көнбесең жоңғар қалмақтарының аяғын құшасын деген
әктемдік аңғарылды. Осындай сөздердің құр бопса екенін
Көгедай білмейтін де, қауіптен сескенетінін білдірмейтін.
Құр сойылмен от шашып, жез құсатын қаруы бар Маньчжур
әскеріне қарсы тұра алмайтынын аңғарушы еді.

Жоңғариядағы Маньчжур қолы да Көгедай бағалағандай
заманына сай емес-ті.

Санаулы зенбірек, мылтық, садақ, найзамен қаруланған
олар құр сойылға еркін күші жеткенмен қозғалуға икемсіздігі
мен құрамының нашарлығынан тек қалаларды ғана қорғауға
кабілетті еді. Сондықтан Маньчжур елшісі сыйлықпен сы-
лайы келіп, айбат шегумен ғана жүр. Көгедай да сырғытпа
сөзден аса алмайды. Сол өңіндегі талас-тартыс әңгімені
түсінде көріп жатқанда, аттандаған айқайдан оянып кетті,
ойланып жатыр, көрген түсінің төңірегінде соңғы билермен
болған жиынды, онда қозғалған әңгімені есіне түсірді:

Маньчжур әскерлерінің қаладан шығуға дәрменсіздігін
бақылап білген Жантекей биі:

– Бұл антты бұзу. Бұрынғы Ежемханның уәдесі қайда. Ол қай басыну. Әлде Бежінге шағым айтып бару керек пе? Өздері қорғаннан шықпайтын халық көрінеді. Оларға бағындық не? Бағынбадық не? Ен дала құдайдыкі. Одан қалса ата қонысымыз біздікі, сөзді көбейтпей, жарайды – дей салса қайтеді.

Бұл қайта-қайта бағыныңдар, – деп келе берген Маньжур елшісінен ығыр болған бидің сырттай бағынған болайық дегені еді.

– Жан бақпақ парыз. Жері шүйгін, суы бал, жазы шыбынсыз, алтын Алтай кең өріс, малға да, жанға да жайлы болып тұр. «Жер қорыған хан оңбас» демекші, ханы оңбай бара жатса, оны да көрерміз, – деп Жәдік биі қостаған.

– Маньжурдың қай бабасы келіпті мұнда. Қайта олар бізге бағынсын, басынбасын.

Жәнібектің ақ туын көтерейік. Жақсылық тілеп жүрген жоқ, – деген Жастабан биі.

Уә, Жастабан,

Көн етігің қос табан.

Сөзің сөз болмады қостаған.

Халка¹⁰ қозғалса халық қозғалар,

Болып жүрме сортабан.

Бұл – Шеруші биінің сөзі.

Шеруші биімен Көгедай құрдас еді. Көгедайдың шықшытты ақ жүзіне нұр төгіп тұрған шаралы қара көзі қауқылана мұртын сипап:

- Уә, шеруші, шеруші,

Сөзге болдың еруші.

Дүрбелең боп жүрмесін,

Үрейіңнен ел іші.

Сынар езу, болып па ең

Қайбір сөзге көнуші, – деді.

Сол кезде Жастабан биі:

Кеткен шығар жалғасып,

Әлде мүмкін жең ұшы, –

деп шеруші биіне Маньжур елшісінің сыйлықпен барғанын қағытып барып:

¹⁰ Халка деп Монголияны айтады.

Қару алсақ орыстан,
Коркамыз ба соғыстан?
Бізді қайтіп қуады
Ата-мекен қоныстан? –

деді.

Құрдастардың қактығысы әңгімеге жарқын шырай берді.

Бірақ осы сөз Көгедайға қатер боларын ешкім де ойлаған жоқ.

– Қазақ деген сонау Еділ, Жайықтан бері жатқан жалпак ел. Тәуке ханның шаңырағы бізде тұрғанда талауға бермес, иттің иесі болғанда, бөрінің тәңірісі бар емес пе.

Бұл – Ителі биінің сөзі.

Қазақ жайсаң да, жалпак та ел екені рас, бірақ ол кезде кіші жүз бен орта жүз Россияның әр ұлығына, ал ұлы жүзі қоканға бағынышты – ноқталы екенін ескермей отыр.

– «Бөлінгенді бөрі жер», бөлінбейік, ағайын, не көрсек бірге көрейік, – деді Қарақас биі.

– Бөлінбейік деп, қайта көшсек туысымыз еді-ау деп, үш бөлек үш жүз Алтайдан жер бөліп бере ме бізге? Бұл – Шимойын биінің сөзі.

– Қайдан берсін?! – деп күрсінді.

Меркіт биі – өзара жерге таласып, қысқа күнде қырық пышақ болып жатқан жоқ па? Не болса да Алтайдан айрылмайық, ағайын. Оның түйінін төреміз тапсын.

– Уа, Төрем, өзің шеш, қарада бір кісінің ақылы болса, ханда мың кісінің ақылы бар.

– Не десеңіз де біз разымыз.

– Малымыз да, жанымыз да жолына дайын, – дескен Құл сарак, Құлтайболат билері. Бұл сөзді басқа билер де құптаған.

– Уа, халқым, төрем деп хан көтеріп келесің, оларыңа аруак риза, мен риза.

Құссыз көл тұл, күнсіз жер тұл, халықсыз хан тұл, айналып келгенде өздеріңнен асып қайда барам? Кенесіп пішкен тон келте болған ба, аға баласы Арғын, Найманмен де хабарласа алмадық. Енді барған жерлеріңнен ұзамаңыздар, хабар менен болсын! – деп түйіндеген Көгедай.

Келесі бас қосқанға дейін қоштасып, билер аттанып кете салысымен Көгедай көптен көңілінде жүрген ойын іске асырды. Дөртуыл – Ақболат еліндегі Ақбұрым сұлуды алып қашып алды. Ақбұрымның бөлекше көркіне құлаған інкәр көңіліне қоса, қалың найманға сүйенбек ойы бар еді. Шешуі қабырға қайыстырар түйінді сеніп тастап кеткен Абак керейіне Ақболаттар сүйеніш болса теріс пе. Халық тағдырын шешу жалғыз Көгедайдың қолынан қалай келмек? Ал Арғын, Найман, Керей, Уақты жинаса не деп жинамақ?

Жайын жатқан орыс пен Маньжурді секем алдырып, дүрліктіріп алмас па. Ендеше Ақбұрым сұлудың тойы кәдеге жарап тұр. Барлық ел шақырылып, Үлкен той үстінде алкалы кеңес құрылмақ. Осы ойдың ұшқыны мен қос атқа мінген жігіттер сауын айтып бір шеті Көкшетау, бір шеті Алатау, Қаратау, Ұлытау, Токтабарлық, Алтай – Сауырға шашырап шапқылады. Ел ақсақалдары бас қосып жиналмағандықтан казак кәдесі кешікті де, Ақболаттардың намысына тиді. Олар тапа- тал түсте келіп, желідегі жылқының шып-шырғасын шығармай айдай жөнелді.

Аттандаған дауыс содан еді.

* * *

Мал емшегін емген казакқа, жер мен кеңістіктің өмірлік маңызы бар.

Жаңа ғасыр жаңа ұрпақ, халықтар арасында жаңа қатынас алып келгенін ескеріп, жүрер жолды жаңадан іздемей ескі сарыннан іздеп, артына көп қарап, сүйенішті халықтан емес, қайыннан таппақ болған Көгедайға Ақбұрым ханым оқиғаны хабарлады. Жүзі сынық. Береке емес, әреке әкелдім деп қысылатын халін айнытпай таныған Көгедай, соны жуып-шайғысы келгендей:

– Наймандарды үйіріп айдап келіп, қымызға мас қып жіберейін бәлем! – деп атып тұрды.

Бұдан төрт ғасыр бұрын бабасы еңсегей бойлы ер Есім осылай атып тұрған. Ол кезде де барымташылар дәл қазіргідей ауыл жігіттері жорыққа кеткен кезін қапы жібермей, тапа-тал

түсте жылқының тайлы тұяғын қалдырмай айдай жөнелген. Сонда айдауға ілесе алмай бөлініп жалғыз сылтық бие ғана қалыпты.

Есімхан соны міне сап, жалғыз өзі жылқының соңынан қуады. Ақсақ бие қыза келе, садақтың оғындай зымырап, жылқыны қуып жетуге айналған. Тізесі аттының құлағына жетіп, мойыны атының басынан асып, тыр жалаңаш құйындатып келе жатқан қуғыншыдан шошына сескенген қалмақтар үдіре қарап:

– Апырау, жерден шықты ма, көктен түсті ме? Бір тұяқ қалдырмай айдап кетіп едік қой! – деп таңырқасқан.

– Мынау адам ба, пері ме? Құйын болып келеді.

– Ойпырмай, пері болса болар, ол заманда, бұл заман тыржалаңаш жау қуған кімді көріп едің?!

– Қарашы, адамның басы атының басынан озушы ма еді. Мынау шынында жын-пері.

– Жок. Есімханның нақ өзі. Ханға қол көтере алмаймыз.

– Ойбай, құрысын онда, киесі ұрар!

– Есіміз барда, елімізді табайық! – Үрейлі дауыстар бірінен екіншісіне қорқынышты күшейте ауысып, зэрелері ұшқан қалмақтар тым-тырақай қашқан.

Еңсегей бойлы ер Есім жылқыға жеткенде шапқыншылар сағымға оранып бұлдырап кетіп бара жатыр еді.

Бірнеше үйір жылқыны кері қайырып, айдап ауылға таянғанда, Еңсегей бойлы Ер Есім, өзінің түскі ұйқыда анадан туғандай тыр жалаңаш жататын әдетін және сол қалпымен атқа міне шапқанын, енді барып, бір-ақ аңғарды.

– Е, бәсе, бағана найзамды ұсынып жатып, жеңгем бетін көлегейлеп, теріс қарай беріп еді.

Осыдан екен-ау – деп қысыла ойлаған екен.

Көгедай ақсақ биеге емес, акбоз жүйрікке, жалаңаш емес, ақ көйлек дамбақшаң мінді. Өңі де көйлегіндей аппақ. Ақ жүздегі қою қара қас пен шоктай жарқылдаған қара көз, қою қара мұрт шықшыттылау бөлекше ажарлы кесек кескінді көріктендіре түскен. Биік қыр мұрын ашудан қусырылып, Ақбұрым ханымның аттың шылбырына оралып жалбарына

айтқан сезін құлағына да қыстырмай барымташыларды қуа жөнелді.

Тізесі аттың құлағына жетпесе де жетеқабыл ат құлағы көрінбес қалың сары шиді қақ жара, ағызып келе жатып, өкпе тұстан қосылған жирен атты адамға назар аударған жоқ. Тасадаң аңдып тұрып төтеден қосылған жирен ұшқыр екен. Ақбозды аттатпай лезде қуып жетті. Бос мойын шоқпары бар жиреннің иесі дағдылы қимылмен Көгедайды тобықтан, тізеден бітіспес жаулық, ашу-ызамен аяусыз салып-салып жіберді. Құр қамшы ұстаған Көгедай аттан ауып бара жатқанда, қатарласқан сұм қара құсты көздеп, шоқпарды бастырмалата сілтеп-сілтеп қалды. Қызыл қан ақ көйлекті бояп Көгедай құлап түсті. Ақбоз иесін айналып, кісінеп, шауып жүргенде, жирен атты артына қайрылмай ұзап бара жатып:

– Ойпырмай, төңкерілген қазандай басы неткен мықты еді! Бір ұрғанда адам тұрмақ жылқының миын шашушы едім, төпелесем де былқ етпеді-ау?! – деп қайран қала ойлады.

Барымташылар ауылға жеткенде ақсақалдар дөң басына жиналып отыр екен. Болған оқиғаны қызыға, жарыса сұрады:

– Ау, қуғыншылар болды ма?
– Жоқ. Жалғыз Көгедай қуып еді, Қакбаншы аттан түсіріп кетті.

– Қалай? Аударып кеттіңдер ме?
– Аударыспақ ойнап жүреміз бе, сойылға жығып кеттік.
– Тәйт әрі, не оттап кеттіңдер? Ұрыс-соғыссыз жылқыны ғана айдап келіндер демеп пе едік?

– Қуса қайтпекпіз?
– Апырау, күйеуге қол көтерген қай қазақты көріп едіңдер. Оның бер жағында қазақ, қазақ болғалы төреге қол көтеруші ме еді?! Ой, өңкей көргенсіз, ұрда-жық әумесерлер!
– Ойыннан от шығады деген осы. Ұстай алмаған шоқпар ғой бұлар. Балдыздың ойыны болмай қалды бұларын.

Қошеметтің орнына сөгіс тыңдап үнжырғасы түскен жастар қосарлана жауап берді.

– Кінәлі өзі. Тартсын сазайын. Әпкемізді алып қашып

атып, күш көрсетіп жатып ал деген біз емес.

– Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болып па?! Біз де елміз, еркекпіз, неге басынады? – десті жастар жағы. Айналып келіп болар іс болды. Болаттай берік бол десті.

Дегенмен жеңістің желігімен өректің көңіл су сепкендей басылып, алдағы жамандықтың суық ызғары анық сезілді. Балдыз бен жезде ойынынан қызық тамашаға кенеліп, той-думан күткен жұрт, бүлік-лаңға келіп киліккеніне қынжыла түнерген. Көрікті көкала жылқыға ешкім де қызығып, қуана алмады.

Арғын ағасымен арадағы кикілжіңнен кейін өкпелей кешкен Абак Керей, біз 12 атаға толдық. Жеке дербес, тәуелсіз ел болуға құқықтымыз. Өз тізгініміз өзімізде болсын деп, ежелгі ата-мекен Алтайға, Еділ қалмақтарынан бір қыс бұрын келіп шаңырақ көтерген еді. Аяқ астынан бір елдің баса көктеп қонып жатқанына таңқалған жергілікті чанжүр үкіметі:

- Кімсіңдер? – деп сұраған.
- Қазақтың бір бұтағы Керей деген елміз.
- Келгендеріңе жол болсын.
- Ата-мекенімізге келдік.
- Онда, бізге бағынасыздар ғой. Жер біздің мемлекеттікі.
- Жок, біз өз алдымызға дербес елміз, он екі атаға толдық.

– Бөлек ел болсаң төрең кәне, оның қолында таңбасы бар ма? Төресіз ел болмайды, төбесіз жер болмайды, мүмкін ұры-қары шығарсындар, оны біз қайдан білеміз. Төрелерің жок болса, келген жақтарына жақсылықпен кетіндер, болмаса біздің қол астымызға қараңдар.

Абак Керейден елу адам үшмүздің ханы Әбілмәмбеттің ұлы Шұбартаудағы Әбілпейізден төре сұрап үш ай жатқан. Сонда Әбілпейіздің балаларынан тандап, қолқалап алғаны қырғыз манабының қызы Тұмар ханымнан туған жеті жастағы осы Көгедай еді. Ұрпағына ұрпағымыз қол тигізбейді және басқанын да қолын тигізбейді – деп, ант-су ішіп, алып қайтады. Бір жылдан кейін анасын, бауырла-

рын сағынған Көгедайдың қыңқылын үзу үшін Әбілпейіз Тұмарханымды Жабағы, Сәмен атты ұлдарына он үй қырғыз, он үй Қожаны қосып көшіріп берген, Әбілпейіз хан Жонғар ханы Қанджаттың Шаған есімді сұлу қызына әменгерлік жолмен үйленерде Шаған ханымның егер қайтыс бола қалар болсаң, хандық таңбаны менен көретін ұлына беретін боласың – деп, уәдесін алғандықтан, 1782 жылы Әбілпейіз қайтыс болған соң Көгедайдан хандық таңба қайтарып алады. Дербестікке қатер төнген соң, 18 жасар Көгедай Бежінге барып хандық таңба алып, алым-салық төлеп тұратын болып келісім шартқа отырып қайтты. Одан бері 26 жыл өтіпті. Бұл жылдар малға мал, жанға жан қосылған, өсіп өрбіген дәуір болды. Тек, соңғы жылдары алым-салықты өздері алғысы келіп еркін билеп-төстегісі келген жергілікті үкімет өз ниеттерін іске асыруға белсене кіріскен еді.

Көгедай есін жиған соң, төсек тартып жатып алды. Анда-санда қиыла өтінгенде ғана таңдайын жібітпесе, нәр татпай, ешкімге тіл қатпайды. Бір кездегі шуакты шаралы көзі мүлде суық, бір түрлі жат. Тек бір жолы ғана Ақбұрым ханым көзінің жасын көл қылып, сусын ішуін қиыла сұрағанда ғана:

– Мен бұл дүниелік емеспін. Азар-тозар елге төре не керек? Ондай ел төреге не керек?

Барлығы да талак! – деген.

Ханым егіле жылап:

– Қайт райыңнан, қайтып ал сөзінді, – деп, көп өтініп жалбарынса да, Көгедай қайтып тіл қатпаған.

Барлық үлкен, кіші Көгедай тән азабынан бұрын жан азабын тартып намыстан өртеніп жатқанын білді. Ата-бабанын етудің не боларын болжаған Көгедай:

Өзінің құрдасы шершуші биі келгенде барып:

– Азулының тісінде, тырнақтының шеңгелінде кетер халқым, кош! – деді. Содан көп ұзамай демі үзілді. Оның сүйегі аруланып, бір замандарда толқындарының шығарған үніне қарап қоңыраулы көп атанған, кейіннен жұтап шыққан елді балығымен асырап, сактап қалған мейірімділігі

үшін «Зайсан» деген ілтипаты есімге ие көлдің шығыс әңгірестігіндегі қонысына жерленді.

Нәрестесі дүниеге келерде Азиз ана түсінде зеңгір жаспандағы толған айды көреді де, перзентінің атын Көктегіай – деп қояды. Көктегіай жүре келе Көгедай болып өзгерген. Тек Шеруші құрдасы ғана шын атымен атайтын. Сол құрдасы қатты қайғырып, шын егіліп:

Байталдан болды қатерін,

Көктегіайым қайтейін.

Арадан сені әкетті,

Сілтенген шакпар әтейін.

Парызды қалай өтейін.

Мәңгіріп қалды басымыз,

Бұлақ боп көзден жасымыз.

Жәннатта болғай жаныңыз,

Тозакта күйсін қасыңыз, – деп жоқтады.

Жас қабырдың басында сай-сүйекті сырқыратар сөздер қозғалып, әруақтар шақырылды. намыстан ширыққан Абақ керейлері – Көгедайға сілтенген бұл сойыл, күллі Абақ керейге сілтенген сойыл. Қанға қан. Еркек кіндік тегіс атқа мінсін, – деп келісті.

Ел, елге қабыршылар жіберіліп, Жорықтың дабылы қағылды. Жаугерлер әр сай-саладан лек-легімен жинала келіп, қаруы болса Жоңғариядағы Маньчжур армиясын тас-талқан етерліктей қол болды. Мұны көріп Ақбұрым ханымның жүрегі сыздап, ауырды да, еріксіз төркініне сәлем жолдады.

Ақболаттар Ақбұрым сұлудың жібек орамалға түйіп жіберген – үкі, көмір, түйілген жібіне қарап отырып:

– Үкідей ұшып жүріп, тас-түйін бірікпесендер, керейлер көмірлерінді ғана қалдырады – деген үрейлі хабарды ұқты.

Төлегетайдың төрт ұлы бұдан құлактанып, Найманның сайдың тасындай жігіттері килігер жауды тосып алу үшін, аттарын жарата бастаған кезде Арғын, Уактың билері де келіп жеткен-ді.

Билер екі жаққа сәлемдерін жолдап, сұрапыл сойқанды

болдырмай, бәтуаға келтіретін болды. Керейлер кандары қарайып, құн және айып алмай тоқтайтын түрі жоқ.

Ал, ақболаттар:

– Көгедай сойылдан өлмеді. Ауырып өлгенге құнды емеспіз, – десті.

Істің анық-қанығын естіп білу үшін билер Қакпаншыны алдырды.

Ол мығым, төртбақ, дөңгелек кара сүр жүзді, қысық көз, кеңсірігі батыңқы, дүрдік ауыз жігіт екен.

Түр-тұлғасы қазаққа онша келіңкіремейді. Кісінің кескін-келбеті, бас сүйегіне қарап, қай ру екенін сұрамай-ақ білетін сұңғыла билердің қырағы көзінен бұл қағыс қалған жоқ.

- Атың кім, қай елсің?
- Атым Қакпаншы, Найманмын.
- Найман ішінде?
- Қызай.
- Оның қайсысы?

Әрі қарай ол білмейтін. Мұны сұрайды деп күтпеген. Сасқалақтап қалды. Қазақтың бесіктегі баласынан жетпіс жеті атасына дейін таратып беретін шежіре билерді алдай алмасын білді де, үнсіз құтылмақ болды.

Билер бір-біріне қарасты.

– Ау, Көгедайды ұрдың ба?

– Әуелі Көгедай түсіріп алып қалмақ оймен мені ұрды. Мен өзімді қорғадым.

– Күйеуді ұрған қай қазақты көріп ен? Өзің қазақпысың? Қакпаншының өні күлдей болып бозарып кетті. Мұнын қазақ еместігін білетіндей қуыстанды.

– Марқұм, күйеулік кәде жасаса сөз басқа ғой, – деді Ақболат биі төмен қарап. Қазақта өлген адамды жамандау әдеті жоқ. Өлгендердің барлығы да жаны жайсаң. Өткенге салауат десетін.

– Иең бар ма өзіңнің, саған кім ие?

– Мен Ақболаттың қонағымын, ендеше солар ие.

Қакпаншы қазақ қонағын жауға бермейтінін білетін.

– Жоқ, сүйегіне кім ие, еліңнің тұлғасы, басты адамы

ем?

Тағы үнсіздік. Мұны да білмейтін. Арзан бағалы шай жатып елді аралап жүрген жомарт, жас мырзаның жері шұйғын қызайларға көшіндер, – деп, айта беретін сөзін, қанашырлыққа балаған наймандарды Қақпаншының руын білуге құмарлық баурап алды.

– Бізге қонақ. Сойылымызды соқты, біз иеміз, – деді Ақболат биі.

– Дегенмен өз елінің бір басты адамын атасын, – десті билер.

Қақпаншының жаны мұрнының ұшына келіп, жон жақасынан суық тер шықты. Өзегін өкініш өртеп тұр. Қашып кетуге әбден болатын еді, амал не?

Елге сатқан қант-шайларының бес-алты қара малын қинаймын деп кідіріп қалғанын қайтерсің? Оның үстіне Ақболат жастарының шексіз құрмет, ілтипаттары да атжастырыпты-ау. Қан тартқан ғой.

Шекара сызығын мойындамай, иә орыска, иә қоқанға, иә Маньчжурға бағынбайтын, көшіп-қонып жүрген қазақтарды түпкілікті бағындыру үшін Хаба- амбань¹¹ көптен бас қатырып келе жатқан Күш қолданайын десе, көбі шал-шауқан, атқа мінуді әлі үйренбеген әскерінің қуаты қазақтарға жетпейтінін мөлшерледі. Ендеше, бұл тұста, тек айлалы саясат істің тетігін шешпек. Бөлшекте де, билей бер деген. Жылқыны жылқыға мініп қайырады. Олай болса қазақтарды сыйлықпен арбап, шырмау өмірлік мәні бар іс. Сол мақсатты іске асыру үшін бір топ таңдаулы Сібе, Солаң жігіттерін арнаулы дайындықтан өткерген-ді. 1634 жылдан бері Қытай тілімен қатар мемлекет тілі болып саналатын, Моңғол әрпімен таңбаланған Маньчжур тілінің құрамында түрік, моңғол сөздері көп болғандықтан, сол тілде сөйлейтін солтүстік қытайдан көшіріліп келген мемлекет қожасы – сібелер қазақ тілін тез-ак үйреніп алғаны Хаба-амбанды үміттендіре түскен.

Арнайы тапсырма берілген сібелердің бірі осы

Хаба-эмбан - аймақ бастығы.

Қақпаншы, оның міндеті Алтай өлкесіне тәуелсіз хандық құрып отырған Көгедайды өлтіру және наймандарды үгіттеп Құлыстайға¹² көшіріп келу еді. Ол үшін төленер акысы алдын ала беріліп те қойылған болатын.

Қақпаншы билерге не дерін білмей ойы он бөлек, санасы сан бөлек болып, екі жағына алма-кезек қарағанда, төбенің етегіне дейін қақ жарылып, бөлініп отырған халықты қоршай түрегеп тұрған найман жақ шеттегі топтың арасынан өзіне алыстан соншалық өшіге, жиіркеніп қарап тұрған жігітті көріп, таныды.

Бұл Байжігіт руының адамын Шәуешек қаласына тұтқындап әкелген, өтірік найманмын деп тұрған осы Қақпаншы болатын.

Билеушілері өз үстемдігін сақтау үшін халықты қорқытып, шошытып ұстаушы еді. Сондықтан жазаланғандардың бастарын кесіп алып, көзге көрнекті жерге іліп қою ертеден үзілмей келе жатқан салт. Бұрын қорған тұрғызғанда берік болады деген сеніммен қолға түскен қазақ, қалмақтарды ат-матымен тірідей көмеді екен, осыны білетін, жоғалған жылқысын іздеп жүріп, қапыда қолға түскен бейбақ тұтқынның қорқыныштан тізесі дірілдеген.

Ол басқа тұтқындармен бірге ұрып, соғудың азабын тартып Сібетіде егін орып жүр еді, қалай босап келді екен. Қақпаншының таңырқауын өзінің құтылмасын, мына Байжігіт құтқармасын аңғартқан күйінішті ой сырып тастады. Ол ерте күнді кеш қылмай, қинау мен қорлықты көрмеу үшін жалма-жан өзіне-өзі пышақ салды, теңселе басып, ышқына құлағанда ғана жұрт білді.

Халық не істерін білмей үнсіз аңтарылып, сілейіп қатып қалыпты. Қара қошқыл қан көкке сыздықтап шапшиды.

Жүздері сұп-сұр, өндері қашқан, шошынған жандар қозғалуға жақындауға батпай тұр.

Билер:

– Қанға қан. Салауат, – деп дауыстап, етектерін қағып орындарынан тұра бастады. Керей жағынан:

¹² Құлыстай - Тарбағатайдың оңтүстігі.

– Қара мен төре тең бе еді? – деген дауысты билер сөзінен есін жиған халықтың дабыры басып кетті.

Осы жиыннан кейін іле-шала ештеңе айтпастан ақболаттар тік көтеріліп Тарбағатай тауынан әрі асып, Құлыстайға көше жөнелді.

Ал керейлер тапжылмай отырған Көгедай ауылын әздерімен бірге көшіріп Тостыға әкетті.

Өкпелескен туыстар екі жакқа айрыла, бөліне көшулері арқылы Маньчжурдың айлалы саясатына шырмалып, қандас туған-туыстарынан мәңгі бөлініп қаламыз, тікенді сымның екі жағынан бір-бірімізге қараймыз деп тіпті де ойлаған жоқ.



КЕНЕСАРЫ-НАУЫРЫЗБАЙ КӨШІ

Казақтар көшін өкшелей қуған патша әскерлері құмға ілінгелі оларды қуып жетуг таяп, жақындай түсті. Титықтатып барып қоршап алмақ Кенесары жасақтары әудем жерден көрініп, зорға сытылып кетіп жүр. Жазалаушы әскерлер бұдан бұрын да сан рет жорыққа шыққан-ды. Бірақ, дәл мынадай кеш қарасын көріп отырмаған болатын. Көбінде Кенесарылар пәлен жерге көшіп бармақ деген дақпырт бойынша мүлде басқа жаққа лағып кетсе, кейде қап-қара болып күйіп, өртенген далаға тап келіп, қоңырсыған түтін басқан алқаптан ат-көліктеріне шөп таба алмай сандалып қалатын. Ал, ұрыс қашанда ауылдан аулақ осындай тақыр аймақта өтуші еді. Бұл жолы басқаша. Көштердің қарасы көрініп келеді. Мұның өзі болашақ жеңістің желігімен желпіндіргені сонша, көліктердің күйі кеткеніне де қаратар емес. Таусылмас құм-төбелер, ор-еніс, қаталатқан шөл діңкелетсе де, қыркына шыдаған жан қырық біріне шыдамақ. Әйтпесе, түн жамылып, кез келген бағытқа бет түзейтін аттарына сүйретпе байлаған қазақтардың ізін ажырату лажсыздығынан үнемі күндіз жүргендіктен, тозақ отындай жан шыдатпас аптап ыстықтың сор азабын тартып-ақ келе жатыр. Арнайы жабдықталған үш бірдей керуен ерсілі-қарсылы дамылсыз қатынап, ауыз су тасығанымен, жалындаған күннің бет қаратпас шұғыласы әлемді өртердей күйдіре қарыған, табаныңнан ескен от-жалын мұнартып, қолқаны қауып тұрған мынау құлазыған сап-сары өлкеде өлшемді су жұғынға жұқ болар түрі жоқ. Содан жүрістің киюы каша бастағаны да рас.

Патша әскерінің қоналқаға тоқтағаны сол:

– Қайсақтар! – деген әлдебіреулердің шошына шыққан айғайы елсң еткізді. Жорыққа шыққалы айдан аса уақыт ішінде алдарынан қарсы жақтың бір де бір ада-

мы жолықпағандықтан ба екен, бұл дауыстың соғыс дабылындай қабылданып, үрейді ұшырғаны сонша, бәрі де үйретілген дағдысына бағып, тарыдай шашылды да, жапатармағай жата-жата қалысты, өйткені Кенесары жасағында құралайды көзге ататын сұр мергендер жүздігі бар екендігі о бастан-ақ ескертілген болатын. Кенесарының өзі де мергендігімен даңқты. Бірде шулап-еңіреген бала-шағаны алдарына сап, қойша айдап бара жатқан патша жендетін киырдағы қырқада тұрып-ақ, «күлдір-мамай» деп аталатын ұзын мылтықпен қалпақтай ұшырғаны бар. Кенесары жасақтары мергендікке, қылыштасып-найзаласуға, сапқа тұруға күн сайын жаттығып-машықтанатыны баршаға мәлім.

Қолбасы есін тез жинап караса, карсы төбенің басында колында ақ шүберегі бар салт атты біреу селтиіп тұр. Ол іштей жымиған болар, даусы жарқын шықты:

– Сансанович! – деп көмекшісін шақырды, – анау ербиген немені көрдің бе?

– Иә, тақсыр!

– Менің кителімді ки де, бар! Сайрағанын тыңдап кел, мүмкін ертіп келерсің, біз де құлағымыздың құрышын кандырайық.

– Жүрмесе ше?

– Онда ма, онда бір окка сараңдық жасама, жаны жай тапсын. Елшілікке келген

Кенесарының немере туысы Сартай Арықұлы еді.

Абылайханның төртінші әйелі – Қожа қызы Зурадан (Зуһхырадан) Тоқ, Арық, Қосым есімді үш ұл сүйді. Зура ханым бәйбішелердің үлгісі болғанына ақылгөй Бұхар жыраудың мына мадақ өлеңі дәлел:

Қадиядағы жұртына

Өрнекті екен бәйбіше.

Зура менен Ботпадай

Бетті екен бәйбіше.

Бұрын шешенді – тілді, айбаттыны – бетті деп те айта-тын. «Артына өте нашар ұрпақ қалдырған адам Алланың

алдында жауапты» деген құран сүресін берік ұстанған Зура ханым балаларының тәрбиесін жеті момынның бас имамы, кейіннен қызы Айғанымды Уәдіге ұзатып, оған қайната болған інісі Сарғалдақ қожаға тапсырды.

«Үрім-бұтағына тіліміз, я қолымыз тисе, осы көк қасқа айғырдай бауыздалып өлейік», – деп қолдарын қанға малып, ант беріп, балаларын қолқалап сұраған халқына сүйікті ұлдарын таратқан Абылай хан Шыңғыстауға жіберетін үш ұлы Ток, Арық, Қосымға бас-көз болуды осы Сарғалдақ қожаға жүктеген-ді.

Жиендерімен бірге көшкен қожалардың Шыңғыстауға қоныстануы содан. Кенесары – Наурызбай хандығы құлаған соң, оның туыстары мен жақтастарының қыр соңына түскен патша үкіметінің қысым-қуғынына шыдамай, Нұрғанымға үйленген күйеу балалары Құнанбайды паналап, қоңсы қонуы кейін. Бұл кезде, 1777 жылы Петербургке қазақ елшілігін бастап барған Токтың немересі Шалғынбайдан аға сұлтандық мәнсап Құнанбай Өскенбайұлына ауысқан болатын. Уәліге ұйкастырып қойған болар, Арықтың шын аты Досәлі. Бірақ еңсегей бойлы ер Есім бабасындай тым сұңғак, ұзын бойлы болғандықтан жеңгелері Арық атандырып жіберіпті. Ғұлама Шоқан мен Шәкәрім қажы жазбаларында Арық деп көрсетілгендіктен біз де солай атауды оң көрдік. Пекин архивінде Уәлінің інісі Досәлі және уәзірі Әжібай қазақ елшілерін бастап келді делінген (100-құжат) Арықтан Сартай мен Ерәлі. Сартайдың ел арасында ықпалы, атақ-даңқы, Қадыр-қасиеті болғаны анық. Әйгілі Біржан Сара айтысында ақын Сараның:

Әй, Біржан, шыдамаймын қылығыңа,

Мақтанба Сартай, Құсбек ұлығыңа.

Үстіне Жамантайды сомдап коссан,

Барактың пар келмейді сынығына, –

легендегі Сартайымыз осы. Аға сұлтан болған Құсбек Бөкейдін, Барак Әбілмәмбет ханның ұрпақтары.

Кенесары туған інісі Наурызбайды өлімге қиып, ең қатерлі, ен ауыр іске жіберетін әдетіне бағып, немере туыстарын да

өзгеден бұрын ажалға қарсы жұмсай беретін. Міне, Сартай да дүлей мылтықтың қарауында тұр. Әйтпесе елшілік келіс сөздерді би Шоқпар Бактыбай баласы басқарған. Есенгелді, Саржан, Сайдақ кожа, Оспанов және тегі татар Әлім Жағардиндер сияқты төселген адамдар жүргізетін-ді. Кенесары өзін де, өзгені де аяп көрген жоқ. Оның наным тегі: «елді аясаң, ерді аяма». Өзгеден де өзіндегідей жанқиярлықты, ұты іске жан-тәнімен құлай берілуді талап етуші еді. Ол хан екенмін деп бойын сақтап, ауырдың үсті, жеңілдің астымен жүріп, қауіп-қатерден тайсақтап көрген емес. Талай рет он, он бес жаудың қоршауында жалғыз қалып, олармен аянбай кескілесіп, қылыштасты да. Қолма-кол айқаста жеңдеттердің тек Кенесарыға үймелеуінің негізгі себебі – басшысыз халықты тұл етуден тыс, ақпатшаның оның басына жариялаған үш мың сом сыйлық ақша еді.

Ақтауда болған арпалысқан сондай сәтте Жанайдар батыр көмекке келіп үлгермегенде қылыштасудың ақыры немен тынары, әрине, беймәлім. Қазір ақпатшамен ара-жік ажырап, екі жақ та аямасқа бекініп жауығып тұр. Мұның алдында бітімге келіп, аз да болса тыныштық орнайтын, бой жазуға мүмкіндік туатын. Оның сыры аға сұлтандық, болыстық басқару жүйесі қазақ ішіне еніп, мәнсапқа талас ел бірлігін ыдыратып бүлдірмеген, хан ықпалы әлсіремегеннің сыртында Қокан, Хиуа, Бұқара хандары өзара қырқысып қалжырамаған, Маньчжур үкіметі ақпатшаның алысты көздеген айлалы саясатына шырмалған-ды. Сондықтан соларға арқа сүйеп кетеді деп қауіптенген ақпатша қазақтармен санасып, олардың талаптарына аз да болса құлақ асатын. Даудың басы Кенесарының егін егіп, ата-мекенге табан тіремек әрекетінен басталды. Патша әкімдері шабына от түскендей тулап шамданғаны сонша, тереңде жатқан зұлым ойларын жарыққа шығарудан қымсынуға шамалары келмей қалды.

Әскери губернатор граф Сухтеде:

– Қырғыздардың мәңгілік бақташы, көшпенді болғанын, еш уақытта астық себуге, қол өнерімен айналыспауын, ғылымды білмеуін шын жүректен тілеймін,

– деді шімірікпей долданып. Генерал Б. А. Перовский де осылай сандырақтағаны мәлім. Солардың нұсқау-бұйрығымен қазақтың егінші ауылдары ойрандалып жатты. Шұрайлы жерлерге отарлау саясатының тірегі болар қара шекпенділерді ішкі өлкеден көшіріп әкеліп қоныстандыру жеделдетілді. Қорқақты қуа берсе батыр болар дегендей, бұл зорлық қанша жуас десек те, жерінен айырылған қазақ біткенді ашындырғаны ақиқат.

Екі жақты жауықтырған екінші себеп – Кенесарының атақ-абыройының артуы болды. Әз Тәукенің «жеті жарғысын» жетілдіре қолданып, рулар арасындағы дау-жан-жал, барымта-қарымта, алауыздықты тыя білген хан Кененің әділеттігі кең далаға аңыз болып тарады да, текөз иелігіндегі аймақтан ғана емес, Орыс, Қоқан, Хиуа хандарының қол астына қарайтын қазақтар да арыз, арманын айту үшін Хан Кенеге ағылып келіп, жүгінетін. Өзгеге сырттай бағынған сыңай танытқан қазақтар іштей бүкіл халықтың иесі, ханы –Кенесары деп білді. Хан жарлығы аса туралығымен, көкейкесті түйінді мәселерді шешіп жұрт көңілінен шығуымен мәнді еді. Сондай жарлықтың бірі Азнабаевтың малшысы Тілеген Кенетаевты құлдықтан босатып қана қоймай, жиырма жылдық еңбегі үшін қырық қысырақ айда-тып, қолын бір күнде байлыққа жеткізді.

Кенесарының алғыс пен сүйіспеншілікке бөленуі, аңсатып өткен – қайырусыз жылқы баққызған, қалыңсыз қатын құштырған, қайғысыз ұйқы ұйықтатқан сонау Абылай заманында айдарынан жел ескен қазақтардың бірігуіне мұрындық болды да, ел санатына ұмтылып қосылуға құлшынуы – ақпатша мен Қоқан, Хиуа хандарын барынша шошытты. Қоқан, Хиуа хандары сыныққа сылтау тауып, қазақтар құлшылық етіп тұратындай ықтырып ұстау саясат, мақсатымен ауылдарды шауып-талауын жиілетті. Кезінде жоңғар ойранынан сақтап қалған қазақтардың тарихи еңбегін бағалай білмеген олар, Кенесары хандығының өздеріне қалқан болып тұрғанын, ақпатшаның қазақ жерімен қоса Орта Азияны да жұтпақ пиғылына қарсы соғысып жатқанын

түсінбеді. Өгізге туған күн бұзауға да туарын ұқпады.

Патша әкімдері үсті-үстіне жазалаушы әскерлер шығарып қана қоймай, Қоқан, Хиуа хандары мен Қырғыз манаптарына мол алтын ұсынып, ынтымаққа көндірген соң Ортау, Ақтау, Аягөз, Қапал тәрізді маңызды жерлерге сұраусыз-ақ баса-көктеп бекіністер салып, қазақ жерінің оңтүстік шекарасына жақындай түскені аздай, қол созым жердегі көздің жауын алған Орта Азияға ынтыға қарады. Бірақ, Кенесары тұрғанда ақпатшаның зымиян ойы іске аспасы анық. Ендеше Кенесары хандығын құлату лазым. Олай болса, мұратқа сан жеткізген одақтастармен бірлікті нығайту жауды жау арқылы жою, жаудың ауыз бірлігіне іріткі салып, іштен іріту, ес жиғызбай соққының астына алу саясатын қолданып жатыр. Қазақ көшін құмға қамауы да содан.

Қолбасшының көмекшісі Сансанович пен тілмаш ноғай Сартайға жақындап келіп, амандық сұраудың сыңайын танытты. Қазақтарды шағын денелі деп білетін әміршінің көмекшісіне ерекше бітім тұлғалы, алып Сартай құдіреттің күшімен көктен түскендей таңырқатты, қамшыдан басқа қаруы жоқтығы тіпті адам айтса нанғысыз тосын көрінді, ал киіміндегі жүзбасылық әскери белгі де қызық. Сартай:

– Маған ең үлкен ұлықтың өзі керек, – деді. Сансанович бастығының оқалы киімін бекер бермегенін түсінді де:

– Сол ең үлкен әмірші мен боламын, – деп алдай салды.

«Өтіріктің түбі – ұрлық, ұрлықтың түбі – қорлық» деп, жалған айтуды өлгенге теңейтін ер Сартай адамдарды өз басымен салыстырып бағалайтын аңқау әдетімен әрі қарай қазбаламай-ақ бұйымтайына көшті.

– Ең үлкені сен болсаң, мен – елшімін. Ханымыз жіберді, қайтсын кейін, тап бүгін қайтсын, бала-шаға шөлден қырылатын болды. Шынында, осынша қара тер болып қуатындай бес бересі, алтты аласыларың бар ма? Жаратушы бәрімізге ортақ. Обал-сауап дегенді білесіндер ме өзі? Құдайдан қорықсандаршы. Сендерде де бала-шаға бар шығар, – деп, Сартай хан сөзіне өзінің ой-түйінін қосып жіберді.

– О, бізді құдайсыз деп кім айтты. Патша әмірін орын-

дау – құдайдың ісі. Сендер қорқып қашпандар, бізге тек Кенесары ғана керек, – деді көмекші.

– Хансыз халық жетім. Ханымызды алған соң, қанымызды ішпек қой көмейің. Мынау құм далада жүргені де көп көрінді ме? – Ол хан емес, қаракшы, жазалануы керек.

– Ойпырай-ә, ерікті ауызға берікті бас сияды деген осы-ау. Қашан сенің жеріңе барып ел тонап еді. Керісінше, сендер емес пе мұнда келіп ойран салып жүрген?

– Ә, қазақ, тіл мен жағыңа сүйенбе, айтқанды ұқ. Қорықпа, қашпандар.

– Біз қорыққанымыздан қашып келе жатқанымыз жоқ. Өзекті жанға бір өлім. Адам қанын арқалау – ең ауыр, кешірілмес күнә, сол күнәға батпайық деп келеміз. Қойыңдар, кейін қайтыңдар деп тұрғанымыз да содан.

Сартай арыла, актарыла сөйледі. Сөз ұғар құлақ болса, жетесіне жететіндей-ақ айтты. Бірақ, азғын алдында сөз жетім, деген рас екен.

Сансанович шімірікпей:

– Патша заңына бағыну міндет. Үй ішінен үй тігуге болмайды. Кенесары келсін. Біз сонда ғана кері қайтамыз. Әйтпесе, обалдарын соған. Аяушылық жоқ, – деді.

– Е, жөн-ақ. Сонда үй сыртынан үй тігуге келдіңдер ме, үйіңнің іргесінде ит жатып көрмеген неме. Сендерден бұрын үйіміз болмаған екен ғой. Тағы да заң дейсің. Аяуды, иманды білмейтін заңдарың өздеріңмен кетсін. Мен айтарымды айтып, парызымды орындадым. Егер бастарың аманда қайтпасандар, өз обалдарың өздеріңде. Өлсек жастығымызды ала өлеміз. Әйтпесе, тоймайтын мешкей көздеріңді бір уыс топырақ тойдырағын көресіңдер – деді де, атын бұра беріп еді, Сансанович онық шылбырына жармасты:

– Патшаның заңына шек келтіріп келеке етесің. Патшаның уәкілін тыңдағың келмейді. Жоқ, кетпейсің. Осыдан қозғалып көр, атамын! – деп, Сартайдың астындағы көк аттың шылбырын тілмашқа ұстатып, өзі жалма-жан мылтығын кезеді.

Тілмаш ноғай:

– Әй, қарағым, Батыр бір оқтық деген, босқа атып тастайды. Өрімдей жас екенсің, айтқанға көн, жүр. Қарсыласпа, – деп шыны ма, өтірігі ме жаныашыған сыңай танытты.

– Ей, елшіге тиюші ме еді, неткен көргенсіз, тексіз едіңдер. Қанқұмар болуларын да содан-ау, түге. Қоя бер! – деп Сартай қолбасының көмекшісіне ежірейе қарап еді, оның аспан түстес көзі шатынап, қасқырға ұқсап тұр екен. Арландарды қуып жетіп қақ бастан тартып жібергенде сестірмей қатыратын қамшыгер Сартай мұны күтпеген-ді. «Қамал салдырмаймыз!» – деп қиқулай шапқан Кенесары қолын патша әскерлері күркіреген зеңбірек, гүрсілдеген мылтықпен қарсы алғанда, мидай жазық далада босқа қырылып қалмаудың қамын жасап, Хан Кене барлығын аттан түсіріп, қыл шылбырмен мықтап буылған тобылғыны қалқан ғып, еңбектеп алға жылжуға бұйырған болатын. Жаудың қазған орына ең алдымен жеткен соң, «Жабыл!» деп, бар даусымен айғайлап, секіріп түсіп, қолма-қол ұрысты бастап жіберген, сол үшін «жеке батыр» атанған Әлібай ұрпағы Тілеміс болды да, жолындағыларын жапыра қорған-қамал ішіне енген Наурызбай, Ағыбай, Мәжім, Қасықбай, Шөмішбай сынды қас батырлар ұрысты өрістетіп әкетті. Сонда оларды өкшелей Сартай да жеткен-ді. Басқалар ажал сепкен мылтықтыларды наркескенмен турап жүргенде, Сартай қарсы жолыққандарды қамшымен-ақ сілейте берген. Сол қаһарлы қару бұл жолы да кәдеге жарады. Кірпік қаққанша екеуіне де сілтеніп қалды.

Әрине, наркескен мен қамшы тең емес. Бірде нардың өркешінен басып тұрған жолбарысты Наурызбай шабамын дегенше жолбарыс жалт беріп, қылыш нардың мойнын қиып түсірген-ді. Мұнда, ер үстінде тұрып, садақты шірене тартқанда, мінген аты қандай мықты болса да, шыдамай алдыңғы аяғын бүгетін Науанның сұрапыл күші барлығы рас. Қалай дегенмен, мылтықтың жөні бөлек. Ал, қамшыны да түкке тұрмайды деу қате. Сартай бір тартқанда атан өгіздің талысын қақ айырып жүр.

Сартай құмда құлап жатқан тілмашқа еңкейіп:

– Ей, арам сүт емген неме, анауыңа қамшым самайлап

тиіп кетті. Мал болуы екі талай шығар. Менің сөзімді өзін жеткіз. Тап бүгін кейін көшпесендер, соғыс күтіндер, – деген сәтте октар зуылдап өтті. Мылтық атылып жатыр. Сартай көк бестіні тебініп еді, тып-тың, ытқып тұр. Түс ауа Кенесары қойларды сойғызып, білеулеп кесілген құйрық майларын аттарға шикідей асаттырған болатын. Ал, еттерін қойдың өз қарнына салдырып, құмға көмдіріп пісіруге, болмағанда сүрлеп- кептіріп алуға тапсырған-ды. Қарында піскен еттің өзінен гөрі сорпасы үлкен-кішінің тандайына балдай татыды. Құйрық май асаған аттар да тыңайып шыға келіпті. Қойдың қоңын түсірмей жая көшудің сыры осы екен.

Сартай екінші төбеде күтіп тұрған Тайшыбекке келгенде, қуғыншылардың карасы көрінді. Тайшыбек (кейбір жазбаларда Тойшыбек) Қоқан хандығының жүгенсіз зорлық-зомбылығына шыдап-төзе алмай, Дулат жігіттерін бастап Кенесарыға арыз айта келген-ді. Абылай хан қайтыс болған соң Ұлы жүзді Қоқан хандығы қаратып алғаны мәлім. Қоқан мен Хиуа арасында болып өткен үш-төрт жылға созылған қанды соғыстың ауыртпалығы қазақтарды да титықтатып біткені аздай, Қоқан ханы кісілерді өлтіруден, әйелдерді маскаралап алып кетуден тартынбайтын әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ, ойына келгенін істеп, халықты қан қақсатқанын тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Кейіннен Кенесарыға қайын ата болған Тайшыбектің араша тілеп келуі содан. (Тайшыбектің ұлы кейіннен батыр атанған Байсейіт, онда әлі жас бала.) (Кенесары – Наурызбай 1847 жылы мерт болған соң да Тайшыбек қаруын 1854 жылға дейін тастамай, азаттық, тәуелсіздік жолында күрескенін айта кеткеніміз абзал.)

Аттары тың Сартай мен Тайшыбек қуғыншыларды адастырып кетті. Оған күн ұясына еніп, айнала ала көлеңкелене бастағаны да бір жағынан себеп болуы мүмкін.

Сол түні қазақ көші патша әскерлерін айналып өтіп, келген жағына бет түзеді. Болдырған аттарға қойдың құйрық майларын асата отырып, сәске түске дейін дамыл алған жоқ. Екіге жарылып шеңбер жасай қозғалған көштер түйісулері керек. Алдын ала аттандырылған Наурызбай мен Ағыбай

батыр бастаған мындық жаудың су әкеле жатқан керуенін шығынсыз қолға түсірген екен. Суға қарық болған ел-жұрт, ат-көлік рахатқа батып, бел жазып, демалуға кірісті. Абылайша деп аталған жорық қосын тез тігіп, жылдам жығуға машықтанған жұрт қостарының саясында жатыр. «Кезек екі, тәңір бір» деген. Енді патша әскерлері сусыз. Бүгін екіге бөлініп екі жакта қонатын олардың қалған-құтқан суларын ағызып жіберу үшін, жауынгерлер іріктеліп дайындалуда. Су таситын басқа керуендер де суларын қазақтарға әкелетіні белгілі. Оларды қолға түсіруге батырлар жүргелі жатыр. Бұл – жеңістің қазақ жағына ауғаны деген сөз. Қолға түскендердің тағдырын шешу билігі Шоқпар би, Сейілған төре, Жоламан Тіленшаев, Қыпшак Иман, Жартыбай батыр бастаған кеңеске тапсырылды. Олар тұтқындарды байлап тастап кетуді ұйғарды да:

– Қуғыншылар ертең кешке қарай, я бүрсүгүні түске таман осы жерге келіп жетеді. Солар шешіп, босатып алсын. Қолымызды былғап қайтеміз, – десті.

– «Жауды аяған – жаралы» деген. Алдағы уақытта өзімізді жаралап жүрмей ме? – деп қарсылық білдіргендерге:

– Енді бұларға мына шөл, құмнан тірі шығуы екіталай-ау. Дәм-тұзы таусылмай тірі қалса, екінші беттей қоймас. Көрсін, көресінін. Біз шақырып келмедік, өз аяғымен келді, өз аяғымен кетсін, – деген жауап берілді.

Хан кеңесі басталғанша домбыраға кезек тиді. Сартай атасы хан Абылайдың «Дүние ғапыл», «Қайран елім», «Қара жорға», «Шанды жорық» сияқты күйлерін орындай келіп, Наурызбайдың «Бес төре» күйімен аяқтады. Наурызбай хан – Кененің туған інісі, бір жағы баласындай. Жас айырмашылығы 20 жыл. Көз ашқалы, яғни тоғыз-он жасынан бастап тынымсыз соғыс тауқыметін тартып, жорықтар жолында – ат жалында өсіп келеді. Әрине, балалық, албырттық барлық пендеге ортақ. Он бес жасар ер Науан Хан ағасын сүйіндіріп, таң қалдырғысы келіп, жолбарысты қан шығармай, шоқпармен соғып әкелгенде, Кенесары таңтамаша қалғаны сол:

– Ой, дарақы неме! Бір мысықты өлтірдім деп, сонша әуліккені несі?! Күшті болсаң, жаттың табаныңда жатқан елінді құтқар! – деп сөгіп, тасыған көңілін сабасына түсірсе. бірде қыз алып қашпақшы болып рұқсат сұрағанда:

– Қатын керек пе, халық керек пе?! – деп тиып тастағанды. Қатал да әділ, ізгі мұрат жолында жүрген парасатты аға, ата жолымен баулығандықтан Наурызбай тез есейді. Табиғат оған атасының сұрапыл күш-қайратын ғана емес, зерек ақыл-ойын да, көрікті кескін-тұлғасын да, мейірімді жүрегін де асқан жомарттықпен сыйлаған екен. Ол көптеген аңыз-әңгімеге арқау сансыз ерліктер жасап, жиырмаға жетер-жетпес қол бастаған батырға және ханның ең сенімді, зерделі қалшысына айналды.

Халықтың сүйіспеншілігіне бөленгені сонша, оның атын ардақтап Хан Кенеге тіркеп «Кенесары-Наурызбай» деп қосарлап атайтын. Отырған жері өлең-жыр, ән-күй, әзіл-қалжың, тіпті қиын-қыстау кездерде де езу жиғызбайтын. Оның осы ойнақы-жарқын мінезі «Наурызбай – Қаншайым» дастанында да көрініс беріпті.

Қокан батырымен жекпе-жекке шыққанда найзасын қағып, ұшырып жіберген Наурызбай асқан жылдамдықпен батырдың басындағы сәнді бөрігін түйреп алып, оның тұмсығына көлбеңдеткен екен. өз бөрігін зорға таныған жалтыр бас бектің аттан қарғып түсіп жалынып-жалпайғаны, жалтыр таз басы басқаларды еріксіз күлкіге кенелткен.

Жылқысын алдырып еріксіз арыз айта келген елдің малын өздеріне қайтарып беруге Хан Наурызбай мен Ағыбайды жұмсайды. Суыт жүріп, түн қатып келе жатқан қос батыр қалың жылқының үстінен шығады. Тілге келместен он шақты жылқышы шоқпарларын сілтеп, екеуіне жабыла кеткен. Олардың біреуі Наурызбайды қылышпен шауып тастауға наркескенін сілтейді. Бірақ екі батыр жортуылшыларды қас қағым сәтте тегіс аттан домалатып алдарына салып айдап келсе, өздері іздеп шыққан ұрылар екен. Ертеңінде ет жеуге отырған Науан өзіне қылыш сермеген ұрының батырын шақырып алып, екі жілікті көрсетеді де,

ның біреуін өзі күтірлетіп ұсақтап шайнап, ал екіншісін ауға шайнап жұт деп бұйырған. Ол тайсактаған екен, оңжарын суырып, тізесіне алып қояды. Зәресі ұшқан ұры қалықты күтірлетіп шайнауға шамасы келмей, бітеудей апыл-апыл жұтып жіберіпті. Сонда Наурызбай:

– Түнде маған қылыш сермедің. Ал, міне мен сияқты қалықты күтірлетіп жемей-ақ бітеу жұттың, бір кісілік күшін бар екен. Басыңа азаттық. Таңдаған атыңды ал да, жөніңді тап. Ендігәрі ұрлық жасама, «ұрлықтың түбі – қорлық» әнені де көрдің, – депті. Соны естігенде Ағыбай батырдың көкірегі кеңіп, ұзақ тыныстаған көрінеді.

Наурызбай өлер алдында, дар ағашқа тартылғанда да әзілден жаңылмаған:

– Жалданған иттер-ау, сендерден найза бойы биік тұрмын ғой, – депті. Қазақ батырына тән қасиеті турашыл, шыншыл, барынша адал, уәдеге берік, сөзге тұрақты.

Абылайдың батырларын сыйлыққа қызықтырып, арбап қолға түсірмек болған, сол арқылы бірлікке іріткі салуды көздеген патша әкімдеріне батырлардың бәрі де бір ауыздан үделескендей:

– Хан иемізге жат нәрсе бізге керек емес, – деп тегін байлықтан бас тартқан болатын.

Ағыбай мен Бұқарбай да қазақтың бас батырлары еді. Кенесары – Наурызбай бастаған тәуелсіздік, азаттық жолындағы он жылға созылған қанды соғыстың басынан аяғына дейін қатысты. Сол қарт жауынгер, батыр қолбасыларының үрім-бұтақтары:

– Батыр ата, қорыққан жеріңіз болды ма? - деп сұрағанда, олар жасырып жатпай-ақ, ер

Науаннан қалай сескеніп, қорыққан тұстарын асқан сағынышпен сүйсіне қызықтап, тебіріне отырып әңгіме еткені аян. Сол батырларға тегін олжа қандай жат болса, өтірік даңқ, жалған намыс соншалықты жат еді. Адам айтса нанғысыз сұрапыл күш иесі Наурызбайдың нәзік жан дүниесін атасы Абылайға ұқсатамыз. Абылайға тарихи ерлігін он сегіз жасында жасады. Әбілмәмбет хан өз тағын

ұсынғанда одан бас тартып, сол такқа Хан ағасы қайтыс болған соң ғана қырық бір жылдан кейін, халық қалауымен барып отырды. Аға алдын кесе өтіп көрген жоқ. Ағасының тынысы болды. Наурызбай да Кене ағасының тірегі еді. Хан Кене мерт болғанда, құтылып кеткен Науан ағамды қалдырып ел бетіне қалай қараймын? – деп, жан көкесімен өлімді бірге қарсы алу үшін, қайта оралып өзі келеді. Сұңғак денелі, жауырыны қақпақтай, бура сан, сұлу мүсінді, жиырма беске толмаған балауса боз жігіттің бет ажары да аққұба, өзгеше көрікті болатын. Қыр мұрын, ұялы, шұғыла нұр төгіп тұрған бота көз, кере қарыс ақ мандай жаудың жүрегін дір еткізген екен:

– Әй, қарағым, қайтып кет. Өлімге қиятын пенде емес екенсің. Бәрібір өлгеніміз тірілмес, – дегенде ер Науан:

– Ханым өліп, менің тірі қалғаным өлімнен де ауыр, – деп көнбеген. Қос боздақты өлім де ажырата алмады. Кенесары – Наурызбай есімдерін туған елі де бөліп-жармай қосарлап атап, қастерлеп келеді. Жарық дүниеде бар-жоғы жиырма бес жыл ғұмыр сүрген, оның он бес жылын соғыста өткізгенде Наурызбай батыр атасы Абылай сияқты ғажайып күйлер шығарып қалдырды. Ол шын мәнінде екінші Абылай болуы әбден мүмкін еді. Соры қалың қазаққа қатал тағдыр ондай бақытты бұйыртпағаны өкініш. Науан жар құшып, бала сүйіп, бейбіт еңбектің бақытын көре алмай кетті. Оның артында халқына сіңірген ұшан-теңіз еңбегі қалды. Оның жасаған ерліктері аңыз-әңгіме, өлең-жырға айналды. Басқаға телінсе де, кәдеге жарап күмбірлеген күйі бізге жеткені көңілге жұбаныш. Қиянатшыл сұм заман, қанша зорлық жасаса да, халық жүрегіне ұялаған оның атын өшіре алмағаны мақтаныш. Ерліктің белгісі.

Ғұмырының соңғы жылдарын Семейдің Жалғызтөбе ауылында өткізген Ерәлінің немересі Байсұлтанұлы Кәкім бұл күйлерді тартып, алпысыншы жылға дейін жеткізген еді. Және үйреніп алыңдар деп жалынатын. Оның ықыласпейілін ұғар есті пенде жарық дүниеде қалмады ма, әлде «хан тұқымы» деген үрейлі атынан үрікті ме, кім білсін, шәкіртсіз тұл кетті.

Хан ұрпағы болғандықтан Токтың шөбересі Жакияна отыз ұлымен, Шаманың ұрпақтарын да жиырма-отыздан атып өлтіргенін, Сартайдың Ханқожа деген ұлының балалары Кәдірқожин болып, басқалары тоз-тозы шығып басып кеткенін көзімен көрген елдің жүректері шайлықпай сайтсін. Сері де, сылқым «сұлу мұрт» атанған Кәкім де ел жылын айдауда өткізіп келіп, егде тартқанда көрген қалғыз ұлы Уәліхан (Уәш) онда тым жас болғандықтан жан да үйрете алмады. Есіл күйді үйренбеушілер арасында атом сынақтарынан зардап шеккен Сартайдың мәнгүрт шөберелері де болғандығын қалай түсіндіреміз. Әрине, бұл – орны толмас халық қасіретінің айғағы. Әділетсіздерге қарсымыз деп, барынша қиянатшыл, нәсілдікке қарсымыз деп, мейлінше нәсілшіл, ұлтшылдыққа қарсымыз дей тұра ұлтшыл, отаршылдыққа қарсымыз дей тұра нағыз отаршыл, ұлттық үшін деп сол халықты қынадай қырған, әрі қанаған, сол шексіз жауыздықтарды майда тілімен шебер бүркемелей білген тілі майда, діні қатты аяр сұм, уақыттың сұмдығы. Ұрпақ жалғастығын үзу, халық дәстүрлерін құрту арқылы елдікті жою отаршылдардың түпкі мұраты болғаны бұл күнде баршаға аян.

Хан кеңесіне Кеңесарының әпкесі Бопай қатысатын. Бес баласын ертіп келген, бес мың сарбазды азық-түлікпен қамдап, қамқорлық жасайтын ел анасына айналған-ды. Оның екі бауырына деген туыстық мейірі ұрпақ қамы үшін кезсіз айқасқа итермелемейтін. Аналық сезіммен елдікті қамқорлықпен сақтауға ұмтылған ізгі мұратпен астасып кеткенді. Қолына қару алып басқыншы жандармен халықты қорғауға атқа қонған бірінші әйел, ардақты ана ретінде де мәңгілік алғысқа бөленуге тиіс. Амал не, ел анасына жабылған жала мен тағылған өтірікке, намыссыз күлкіге шек жоқ. Оны айтып таратпаса отаршылдарға жанын жалдаған, басы байлы құл, елгезек малай болар ма еді. Адамзаттың қоры ұлттық сатқындыққа дейін азғындар ма еді? Қаныпезерлердің өңештеріне айналғандарын бүркемелеуге жанталасқан пасық, жүзі қаралар мен қас надандардың сырт

көзді таңырқату үшін ойдан шығарылған шылғи өтіріктеріне өз жандары күйері даусыз.

Өркениетті, мәдениетті халықтар сияқты бейбіт өмірге құштар қазақтар да батыр ұлқыздарының аттарын кастерлеп, тарихта өшпестей етіп қалдыраы анық.

Өзінің сексенге таяп, егде тартқанына қарамай Абылайдың кенже ұлы Шама да өз батырларымен осында. – Менің бар шамам осы болар, – деген Абылайдың лебізінен Шама атанған қарт жауынгер алтынның сынығындай көненің көзі. Ол әкесінің күйі тартылғанда көзінің жасын сығып тастады. Өмірінің көбі кетіп, азы қалған, төрінен көрі жақын қарттарда болар күйректік пе, әлде бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған, бірлігі берік, ерлігі аңыз, ханында қадір, қарасында ұят бар, санатқа қосылған Абылай, заманы мен сол заманда өткен қимас, оралмас жастық шағы, жақын-туыс, дос-жараны еске түсті ме екен, кім білсін.

– Ой, жалған дүние-ай, – деді Шама, күй аяқталып біткен соң қамығып. Ілтипатты келіндерінің бірі «Ағажан» атандырған Шама қара сұр, жұқа өнді, қиық көз, селдір сақал-мұртына қылау түспеген, тарамыс денелі, сөзі де, қимылы да тез, сергек адам.

Сартай жалт қарады да:

– Ағажан, бір қолқам бар, бересіз бе? – деді еркелей күлімдеп.

– Қалқам-ау, саған шыбын жаным садақа емес пе, ала ғой.

– Онда, бір сөз сұрайын, айтасыз ба?

– Жарайды, айтайын.

– Неге босап, жылай бересіз, оның мәнісі қалай?

– Қап-эй! Бекер сұрадың-ау. Айтайын деп қалғанымды қарашы, – деген Шама зерлі тақиясын алып, басын сипап біраз отырды да:

– Жә, болмас, болмас. Мен дүниеге келгенде санаттағы ел едік, Айдын шалқар көл едік.

Басқалармен тең едік. Айбарынан жау ыққан, қайсы жұрттан кем едік. Аспаным тұрды мөлдіреп. Ту жалауым

жалбіреп. Езілмей қалай шыдайды, соны көрген бұл жүрек. Бітімі жоқ, дауы көп, досы тайсақ, жауы көп. Жау жағадан алғанда, Етекте қаптап бөрісі. Тарылтып кең өрісті, теріс баққан оң ісі мезгілді де көрдім-ау. Тау-тасты сағалап, бұтаны ланалап, атақоныстан қуылған, көз жаспен өңір жуылған. Қайғысы қапталдан, Намысы тапталған, Сенгені жансыз, Сатқыны сансыз, Көсемі кансыз, Шешені мәнсіз, Аруы арсыз, ұланы нәрсіз. Атар таң бұлдыр, ұрпағы тұлдыр, жігері құм. заманы сұм болар. Бағы тайған қазақтың келешегінен шошынам, жеткізбей ал деп, осыған. Жаратқаннан тілеп тау-сылам. Қабыл болып зар тілек. Алдарында алса екен тезірек.

– Апыр-ау, сондай заман басқа түспесін деп жүргеніміз жок па?

– Жүргенін жүрген-ау, қайтейін. Дұшпаның күш ап тұр үдеп. Өздерің қалдындар тым жүдеп. Өңкей жемтік ансаған, бөлтірік қанша самсаған.

Хан кенесі Хиуа хандығымен соғысып жүрген шекті руының батыры Жанкожа Нұрмұхамед баласының өтінішін тындап сарбаздар жіберетін болды. Хиуа ханы Рахманқұл патша үкіметімен жақындасудың сыртында, Қокан ханымен де ауыз жаласа бастаған еді. Керісінше, қазақтарды тонауды күшейте түскендігі туралы ілгеріде баяндалды. Ал, құбылмалы мінезді Қокан ханы тонау, озбырлық жағынан Хиуа ханынан асып түспесе, тіпті де кем емес. Тіпті қандас, діндес туыс деп айтудың өзі қиын. Олардың көмегі сол, Кенесары үш мың қойға екі зеңбірек әрең сатып алды. Ал, жүтенсіздіктерінде шек жоқ. Ел намысы – ер намысы. Қокан хандығының үстемдігінен ұлы жүзді, қырғыздарды құтқару қажеттігі айқындалды.

Оқ өтпейтін, қылыш кеспейтін, найза кірмейтін киім тіккізуге Бұқардан жібек алдыру да әңгімеге арқау. Ал, сарбаздардың кейбірі денесін қылшылбырмен шандып алып жүр. Ұзақ, әрі қатты жүрісте бұлшық етті ұстауға, қылышпен шапқанда мұның пайдасы бары рас. Бірақ, жанға жайсыз-ақ. Кәдімгі «Аркалық батыр» дастанында айтылатын Ажы төренің інісі Әдеке (Әділғазы) он екі ата Абак керейінін

атынан Кенесары – Наурызбайды шақыра келген болатын. Керей – Найманға төре болған Әбілпейіз – Әбілмәмбет ханның баласы. Шұбартауда қайтыс болып, ішек-қарны сонда көмілді де денесін Түркістанға апарып жерлегені мәлім. Әбілпейізден Бобы, Жошы, Ағадай, Көгедей. Ағадайдың балалары Шұбартауда қалды. Көгедей мен оның балалары – Ажы, Әдеке, Сұлтанғазы, Тәтекер, Алтайға барып қоныс тепкен болатын. Олардың да халдары оңып тұрған жоқ екен. Екі оттың ортасында қыспаққа түскені аздай-ақ Керей – Найман арасы бүлініп, береке кеткен, бірлік бұзылған екен.

Кенесары Әдекеге кесімді жауабын айтты:

– Тілек-тілеуіміз, тегіміз бір қандас, туыс екеніміз рас. Мына соңымыздан қалмай жүрген сұмдарды біздің жібермегеніміз, сендердің көрмегендерің-ақ жөн. «Жау жағадан алғанда, бөрі етектен алар», деп, Қокан, Хиуа хандары бөріге айналды. Қорлықтары еттен өтіп, сүйекке жетіп тұр. Бұл сұмдардан қасиетті ата-мекенімізді құтқарып, басымыз біріккен кезде өздерін де Абылайдың көк туының астында табылатындарыңа сенейін. Береке, бірлік қана жойылудан сақтамақ. Сол үшін етікпен су кешіп жүргеніміз мынау. Болмаса ақпатшаның шен-шекпені бізге дайын. Ал, Маньжур ханының Абылайға берген Алмағайып күн туса, ұрпағынды, елінді қырық жыл асырап, сақтаймын деген серт қағазы тағы бар. Қара басымызды күйттеп жүргеніміз жоқ. Мұны ұқпаса, ұққысы келмесе, жаудың қылышына басымды өзім-ақ тосамын. Осыны жеткіз еліне. Екі елді бітістіруге Сартайды жіберейін, – деді. Сартай Ажыға күйеу болып келеді. Хан Кене осыны ескерген сияқты. Шынында Кенесарының түбіне қазақ елінің тәуелсіздігін жоюға ынталы ақпатша мен Қокан, Хиуа хандарының және солардың шылауындағы Қырғыз манаптарының күш біріктірген одағынан бұрын казактың алауыздығы, көзсізді көсем, мылжынды шешен, есерді батыр аусарды батыл, қас ерді қатын, жылтыракты алтын, жағымпазды жакын, тантықты акын – дейтін бас басына би болған, білімдісі қор, наданы зор берекесіздігі жетті. Елім, ұрпағым деп барлық ғұмырын шайкаста өткізген, жау-

ен жасқанып көрмеген есіл ерге жат қорлықтан, өз қорлығы батып кетті. Ол сөзінде тұрды. Құдыққа түскен құланның сұлағында құрбақа ойнады. Амал не. Толысқан шағы, қырық бес жаста еді. Оның өлімі алауыздың, пасықтықтың қандай әсерет әкелетіндігін саңылауы бар жанға ұқтырып кетті. Қазактың тәуелсіз мемлекетін құрды. Халқы жер бетінен жойылып кетуге таяу қалғаны күйініш.

Ерлікке толы – оның ғұмыры. Дұшпаны қанша мықты болса да бірлігі берік халыққа, түк те істей алмайтынын, Ерлік бар жерде, тірлік барлығын көрсетіп, соған үндеп тұрғандай.

Кенесары – Наурызбай қазасы – халқымыздың жүрегіне түскен жазылмас жара. Орны толмас өкініш. Ұмытылмас тағылым.

... Хан кеңесі аяқталған соң басқыншы жендеттерге құм салтырған Кенесары – Наурызбай көші нулы, сулы жазирасы өлкені бетке алып орнынан қозғалды.

Дерек. Маньчжур үкіметінің Абылайханға берген серт сөзін Тезек төренің ұлы Құдияр 1931 жылдары Қытайға аттарып, берген сертін орындауын талап етті 1630 жылдары таққа отырған Маньчжур хандығын 1911 жылы тақтан тайдырған Қытай үкіметі, ашыққан қазақтарды қырық жыл бағып, асырау сертін орындауға қатысы жоқтығын айта келіп, ежелден келе жатқан тарихи достық, жаңа үкіметке кәт еместігін, сондықтан аштықтан азып, шұбырған қазақтарды қудаламайтындықтарын мәлімдеді.

Аштық қысқан жүз мыңдаған қазақтардың Қытайға барып паналап, аман қалғаны мәлім. Тезектің ұлы туған жерін бір көруді аңсап, оралып келгенде ұсталып, Алматыда атылды. Серт қағаз Алматы, я Құлжа архивінде болуы мүмкін.



ЖАС ЖҮРЕК ЖАЙЫП САУСАҒЫН...

Он сегіз жасар балауса Мұхтардың ұстаздық жолы Шаған бойында басталды. Россия бірінші дүниежүзілік қанды соғысқа кірісіп те кеткенмен, соғыс үскірігі бұл қиыр өңірге әлі келе қоймағандықтан, ат жалын тартып мінген көк өрім, балғын құрбылары сияқты Мұхтардың да шаттықтан жайнауға қақысы болса да, ауыр мұң еңсесін көтертпеді. Өзегін өртеген сағынышы анда-санда уһлеген демімен жалын атып, дірілдей сыртқа шыкса, кейде өксік болып тамағына тығылады. Ондай кезде қою кара кірпікке ілінген мөлдір жасты ірқу қиын.

Абайдың сүйікті ұлы Мағауияның қызы Кәмила Мұхтармен қалтқысыз ынтықтықпен шын табысып, тіршіліктің адамды түлетер махаббат деп аталатын шұғылалы сәтінде айрылмасқа, кетіспеске серттескен-ді.

Риясыз үміт, тілектен жаны жарасқан қос өрім «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Баян сұлу» дастандары жырланып, «Татьянаның» әні шырқалған ауылда мәпеленіп бірге өскендіктен асыл армандарына тірі пенде тосқауыл бола қоймас, түсінер деп сенген-ді. Бірақ, Мұхтар, Абайдың Әйгерімнен туған ұлы Тұрағұлға хат жазып, Кәмила екеуінің ынтызар тілектеріне назар аударуын, қол ұшын беруін өтінгенде, күтпеген жауап алды. Мұны естіп қос бейбақтың қамыққаны сонша, алыс-жақыннан біржола безіп кеткісі келгені анық.

Алабұртқан қызулы шақта Мұхтар Қамаштың жастай атастырылған адамы барлығын елеп-ескермегенмен, жуан, азулы құдадан кетісуге келгенде Тұрағұлдың жүрегі дауаламапты. Өйткені олар алға тартар жаулық, дау-дамайдың ауыртпалығын пайымдап көріп, ел арасын егестіреміз де, айналып келгенде Абайдың әруағына кір келтіреміз, – деп түйді. Содан кейін Мұхтарға:

– Тиылсын. Аруакты сыйласа қайтсын райынан, таңдаған қызын айттырып берейін, – деген екен.

Талай ғашықтарға еркіндік алып беріп, шексіз бақыт сыйлаған, әділет үшін мыңмен жалғыз алысқан данышпан Абайдың ұлы есімі өз ұрпақтарының бақытқа барар жолына талденең тартылар деп кім ойласын.

1903 жылы 25 сәуір күні Семей уезінің бастығы Нов-
зашский арнайы келіп, Абай үйіне тінту жүргізді де, жазба-
ларын тартып алып, ақынды қамауға ала жаздаған болатын.
Жақсы-жамандықты ұлықтың қас-қабағына қарап айыратын
қараңғы жұртты Абайдан бездірген осы маскара оқиға алуан
түрлі намысқа тиер өтірік өсектің өрбуіне түрткі болды да,
ақын дұшпандарының айызын қандырған болатын.

Бұл тергеу мен гулеген өсек Абай үшін 1897 жылғы
ал жуандарының өлтірмек сұм ниетпен соққыға жыққан
қорлауынан да ауыр болды. Күйзелтіп кетті. Өзі ермей, ерік
бермеген елі қажытқан ақын Көкшетауда тұратын бейта-
ныс мұғалімнің хаты үшін осыншама көзтүрткі көрем деп
тіпті де ойлаған жоқ. Осының бәрі махаббат пен ғадауат
майдандасқан әзиз жүрекке өлшеусіз салмақ түсіргені анық
мүмкін, сүйікті ұлы – Мағауияның ауыр қазасын көтере ал-
май, араға қырық күн салып өзінің де қайтыс болуына осы
да себеп болған болар. Әке артынан Ақылбайдың үзілуі,
қайғыдан қабырғаны қайыстырып, еңсені одан әрі түсіріп
кеткен-ді.

Кейінгі жылдары Абай есімі жақсы аталып, қадір-
қасиетін ел-жұрты біле бастағаны көңілге жұбаныш қана
емес қуаныш әкелді. Ұлы ақынның қайтыс болғанына он
жыл толуын Семей қаласы салтанатпен атап өтті де, газет-
журналдар жылы лебіздер білдіріп жатыр. Осындай игі
істер енді басталып жатқанда, қуана қолдаудың орнына,
Абай ұрпағы дау-жанжалға киіліксе ақын атына дақ салу-
мен пара-пар емес пе, – деген Тұрағұлдың сөзіне тоқтаған
Мұхтар, Абай атасының әруағы үшін алғашқы махабба-
тын – қуаныш, бақытын құрбан етуге ерлігі жеткенмен,
оның қайғысынан арылуға дәрмені жетер емес. Көбінде

өзімен өзі болып, сүле-сапа отыра беретіні де содан. Күн сайын сарғыш тартып жүдеп те барады. Көзін жұмса-ақ, тал шыбықтай тіп-тік Кәмиланың жұмыр мойнын ажарлай көмкерген қолаң шашы, құмырсқа белді қынай түскен мақпал қамзолдан ұзын, жеңді білектей қос бұрымы елестейді. Алма мойыны иіліп, қос етек ақ жібек көйлегінің судырына шолпысы сыңғырлай үн қосып, бақыт-тілегін, жалын атқан шын сырын өзінше ұқтырып, жүгіріп жетіп құшақтауға шақырғандай тұнғыыққа батып бара жатады. Бұл – екеу ара ауаша шығып арыздасып, қоштасқан күнгі Мұхтар жадында қалған мәңгілік сурет. Енді бірде бота көзі жаудыраған ай дидарлы Кәмила әлде бір өкпе-назбен, кимастықпен қиыла қарап тұра қалады да, үмітпен ұмтылған қызу, албырт шақты еске салып өзегін өртей түседі, айлы түндер, жұлдызды аспан куә болған, үнсіз жабысып демдері қосылып, еріндері табысқан қалтқысыз бақытқа мас сәттер мен бір-біріне тоймай, аялай қарасқан ынтызар шақтар қайта оралмайтындығымен күйініш.

Мұны ойласа Мұхтардың тамағына құрғақ өксік тығылып, көлеңкесі қою, шалғынды Шағын бойы күнгірт тартады да, айнала шаңыта мұнартып, жат суық күйге енеді.

Ғасырлар бойы сіресіп жатқан надандықтың көбесін жаңа заман келіп сөккенмен, сең әлі бұзылмай жатыр. Талай бейбақтарды зар еңіреткен хас надандықтың соңғы құрбаны біз-ақ болсақ екен, – деген саналы ой қамыққан көңілге сәуле түсіріп, бойға қуат беретіні де бар. Ондай кезде өзі ең қасиетті мұрат санаған бала оқытып, ұстаздық етуге кіріседі де, аз да болса тыныстап қалады.

– Аға, жүрейік, – деген дауыс ауыр ойдан оятарда, Мұхтар өзенге төне қарап отырып қалып еді. Ол суға секіріп түсті. Қамаш бір қарағанында-ақ жалынға оранып, күйіп-жанатын денесі салқын судан бір ракат тапқандай.

Қызғылт, ақсұр жартастарды, ақ керіштерді тіліп, иірім-иірім болып іркіліп ағатын Шаған өзені Шыңғыстаудың алтын алкасы тәрізді. Жағасы қалың тал, көк шалғын, құстары сайрап, үйрек-қаздары қаңқылдаған көрікті жер. Әсіресе жаз

хүндері жанға да, малға да таптырмас сая. Мұхтар мен Ақтан аттарының қос құлақтарын тіккеніне елендеп қарап еді. Машан жактан келе жатқан түйелі көшті көрді. Машан – Абай аңға шыққанда адасып келіп, Тоғжан ауылына тап болатын тау. Қойнау, сай-саласы мөлдір бұлақ, жасыл жылғалы, алуан түрлі гүлдері көздің жауын алып, жұпар иісі мұрынды жаратын бүлдіргенді, арқары да көп ғажайып, керім жер. Оның шығысында жеке-дара төренің «қара шоқысы» тұр. Әріректе кәгілдір сағымға оранып, бүлдыраған Шыңғыстау созылып жатыр.

Шыңғысқа карағанда тұла бойын жалын карығандай жүрегі дір ете қалды. Кәмиланың жанары елестеп, тағы да сол құсалық, капалық күй оралды. Қайран Қамаш, асыл жар, не күйде жүр екенсің, мұңлығым-ау, өз кайғына мен сияқты тұншығуда шығарсың, қайтейін – деп, кеудесін сағыныш кернеген Мұхтардың ақ-карасы айкын шаралы көзі жасаурап, түрдіктеу ерінін жымқыра тістеніп, бұл халін жасырғысы келген ол күйініш түтеткен өнін жақындап қалған көшке бұрып қарады да, еріксіз таңырқап:

- Ау, Ақтан, мынау кімнің көші болды екен? Ер – әйел, бала-шағаға дейін тегіс жаяулап келе жатқаны несі? – деп сұрады қадалып. Ол өз даусының басқаша шыққанын сезіп тұр, қоңыр самал оның бұйра шашын атасының жұмсақ алақанындай еппен сипап тұрған-ды.

- А... а, бұлар ма, Көксеңгір жайлауынан көшіп келе жатқан нағашымның ауылы ғой – деді.

- Кім деген кісі, жаяулап келе жатқаны несі?

- Нағашым – Серғазының, әкесі Сартайдың зираты осында. Соған жақындағанда аттарынан түсіп, қасынан жаяулап өтетін салттары бар.

- О, пәлі, бұл бір жақсы ғұрып екен. Біржан сал мен акын Сараның айтысында аты аталған

Сартай осында жерленіп пе еді? – деп, таңданып тұрған Мұхтардың ойына акын Сараның:

Ей, Біржан – шыдамаймын кылығыңа,
Мақтанба Құспек, Сартай ұлығыңа,

Үстіне Жамантайды сомдап қоссаң,
Барактың пар келмейді сынығына, –
деп айтатын өлең шумағы оралды.

1914 жылы «Айқап» журналының төртінші санында жазылған мақалада: «...Біз өзіміз істеуге тиісті болған бір істі бізге орыстар істеп берді. Атақты ақын һәм философ Ибрагим Құнанбаевтың өлгеніне биыл он жыл толды. Ілгері басқан жұрт мұндай қадірлі адамдардың атағын шығару үшін талай белгі істеген болар еді. Біздің көбімізге Абайдың кім болғаны белгісіз. Оның кім екенін бізге орыстар танытып жатыр», – деп жазған болатын. Шоканның қайтыс болғанына он алты жыл өткенмен, орыс достары ұмытпай қабырының басына мәрмәр тас апарып қоюы, Шоканның ғылыми еңбегін отыз тоғыз жыл бойы әуреке түсіп жинап, кітап етіп шығаруы қандай ғажап! Неткен опалылық! Жан тебірентер ізгіліктер.

Қазақ қоғамы көп істе әлі артта екені рас, дегенмен еске алудың жұтан да болса өзіндік түрі бар. Таңдаулы ұлдарын қадірлеп, өнеге етпеген ел, сірә, ел ме екен. Өнегесіз, көргенсіз жұрт көгеріп-көктер ме. Ұрпақтар сабақтастығы үзілмегенде ғана елдік сақталмақ-ау. Бұл жақсы ғұрып екен, – деді Мұхтар разы көңілмен күбірлеп.

Күн батыс жақтарда, бір шақырымдай жерде биіктігі екі жүз метрдей жалғыз ақ жартас тұр. Жайлауға көшерде кейбіреулер басы артық жүктерін сондағы қуыс-үңгірге қойып кететін көрінеді. Мүмкін, бұл ауылда сондағы мүліктерін алу үшін кідірген болар, күннің әлі ерте екеніне карамай жартастың шығыс жағындағы жазық алаңға келіп иіріліп тоқтады да, түйелерін шегеріп, теңдерін түсіріп, үйлерін тігуге кірісті.

Мұхтар Серғазыны сырттай білетін. 1897 жылы съезге келген Абайды ел жуандары тапа-талтүсте оның түскен үйіне баса-көктеп кіріп, өлтірмек ниетпен араша түсушілерді де коса сабап жатқан кезде, ортаға ақыра айқайлап осы Серғазы тұра қалғанды.

Төреге қол көтеруге болмайды деген ұғымға бағынды

ма, әлде Серғазының інісіндей болып жүрген Омарбектің айдынынан сескенді ме, әйтеуір жауыз топ іркіліп қалғанда, сыртта құлақтанып қалған патша үкіметінің солдаттары мылтық атып, ақын аман қалып еді. Ал, Омарбек болса, Абылай тұсындағы «Жайыл» соғысында яғни 1770 жылдары Алатаудан күшпен көшіріліп, қоныстандырған қырғыздардың ұрпағы. Түбі, тілі, тарихы бір қазақ-қырғыздың тірлік-тіршіліктерінің ұқсастығы туыстырып киыстырғанына қарамай, ата-мекенінен айрылудың шері тарамған Қазақбай Жолдыбайұлы өз өкпе-наласын ұзақ сактаған сияқты, баласының атын қоярда, бұдан былай, көкірегімізде реніш қалмасын, өткенге салауат, – деп нәрестенің атын Салауат қоюы соны аңғартса керек. Қырғыз аты болмаса заты қазақ болып кеткен Салауаттан Оспан, Оспаннан Омарбек, Рақыш. Топ баласы жетім қалып, Оспан қайтыс болған кез бүкіл Семей өңірінен оқуға бала іздеп таба алмай сергелдеңге түскен шаққа тұспа-тұс келеді. Оқуға бала беруді түрмеге беруден кем көрмейтін қазақтар балаларын оқуға жіберуге қимай, сөзді жүре тыңдап тоңмойындық етсе, жетім балалардың жайшылықта ат-тонын ала қашатын туыстары аяқ астынан бауырмал, жанашарлық танытып:

Құнын төлеп алындар, – деп әлек салатын. Абайдың осы Шағаннан зорға тапканы аз ата қырғыздың жетім баласы Омарбек болды да, оны орысша оқуға бергізді.

Омарбек Оспанов үздік оқып, көзге ерте түсті. Ойламаған жерден ел басқаруға араласып кетті. Бірде тілмәш, бірде уездің хат жүргізушісі болып істеген оның алдынан дау-жанжал, болыс сайлауы өткендіктен ықпалы аяқ астынан артып, мәртебесі көтерілген-ді. Ол өзінің туыстарына Шаған бойынан жер де алып берді. Соған байланысты шыққан:

Шағанның байы Қуандық,
Жылқыны қайдан суардық?
Қалмақ пенен қырғызға
Жаңадан бітті жуандық.

Омарбегі болмаса,

Бұл өңірден қуарлық, –

деген өлеңдегі әмір шындығы тайға таңба басқандай.

Омарбек Абайды аға санап, туған інісіндей бола білді. Ұлы Абай да еркелетіп оны жақсы көретін. Кәкітай Ысқақұлы Әлихан Бөкейхановпен құрбы дос еді. Абайдың Сенатқа жазған арызына қолқабыс етті. 1903 жылы тінту кезінде Абайды қамауға алуға жол берген жоқ. Оның іс-әрекетінен жарлы-жақыбайға жанашырлықты, тілеулестікті байқаған күдікшіл патша үкіметінің өкілдері оның білімдарлығына, ұзақ жыл істегеніне қарамай жұмыстан қуып жіберді. Ол қырық төрт жасында 1912 жылы қайтыс болғанын Мұхтар білетін. Омарбек арқылы білімнің құдіретін жақсы түсінген «қырғыздар» оқуға құлшына кірісіп жүр. Мұхтардан екі елі айрылмайтын сүйікті шәкірті мына Ақтан Омарбектің ағасы Молдабектің ұлы Серғазыға жиен. Мұхтарлар аттарын желе аяңдап, жусан бетегелі тастақ белден асқанда, он шақты киіз үй дөңгелене тігілген Молдабек ауылының дәл үстінен шықты.

Ақтанның шешесі Жамең шағын денесі тобылғы торы, сар кідір тартқан кісі еді.

– Жәме, Әйемнің ауылы ақтасқа келіп қонып жатыр, – деген Ақтанның хабарын қуана тыңдап:

– Үйлерін тігісуге неге бармадың? – деп сұрады. Мұхтарды жалғыз қалдыруға ыңғайсызданғанын айтып жатқысы келмеген ол:

– Алдымен сіздерге хабарлайын деп келдім, – деді.

Сары қымыз тынымсыз сапырылып, жиналған жұрт құмарлана іше отырып, іргеге қонып жатқан ауылға кім-кімнің баратынын белгілеп, өткені туралы әңгіме өрбітті. Бұған түрткі болған:

– Серғазының ауылының қыстауы қайда, әлде осы маңайды қыстай ма? – деген Мұхтардың сұрағы болатын. Өйткені бала оқытуға байланысты оның мұны білуі керек.

– Бұрынғы қыстауы Ақтастың ар жағында, қазіргі Мұсатай отырған жер. Мұсатайдың әкесі

Молдабай болысты нағашымыздың ауылының әйелдері танып тартып өлтіргендіктен бұл жерді Мұсатай иеленді де, нағашым Тайлан, Саржал жақты қыстап жүр, – деп, жауап қайырды Актан.

Мұхтар бұл әңгімеге барынша ықылас қоя тындап, сұрап білді. Оқиға былай болған екен.

Бірде Абай, бірде Оразбай жағында жүретін Молдабай болыс қатігездік пен жүгенсіздік жөнінен алдына жан салмайтын дәрежеге жеткен. Патша үкіметі алым-салықты бір алса, ол арсыздықпен үстемелей қосарланып, оның үстіне өзі қызыққан елдің қоныстарын озбырлықпен тартып конудың сыртында, наразылық білдіргендерді патшаға қарсы «бүлікші» деп ат қойып, айдар тағып, қара халықтан анысыз да қорқатын, секемшіл үкіметтің күдігіне май құятын да жалған жаламен Сібір айдатып, жер аудартып жіберетін. Талай ардақты азаматтың тағдырын тәлкек еткен жексұрын, алауыздықтың айқын белгісі күншіл бакталастық пен рушыл алауыздықты пайдаланып өмір сүре білді.

Осылай құдіреттеніп алған жүгенсіз пысық болыс Серғазының ауылына келіп:

– Менің іргеме баса-көктеп қонғандарын қалай, көшіндер қазір, жығындар үйлерінді, – деп, өзінің қаһарын таныту үшін аузына келгенін айтып балағаттайды.

Ер-азаматтар мал қамымен ауылда болмағандықтан әйелдер:

– Біз не білеміз, ауыл иелері келсін. Жылда қонып жүрген ата қонысымыз болған соң келіп қалғанымыз ғой, – деп жауап береді. Бірақ үйлерін жыққызбай қоймауына бекінген болыс, айтқанын орындауға қозғала қоймаған әйелдерге қадан әрі долдана тиісіп, аузынан ақ ит кіріп, көк ит шығады. Ірігеннің аузынан шыққан шіріген сөзге намысы қайнаған дәу апа:

– Әй, Молдабай! Сен тіріні қойып өліні де қатын еттің-ау. бұл неткен сұмдық! Құдай, әруақтан қорықсаңшы, үлкен-кішіден ұялсаңшы, телі мен тентекті тезге салатын ел иесі емеспісің?! – деді.

Ісі мен сөзінің қыңыр-қисықтығы көзге ұрып тұрса да, айтқанына көніп, айдағанына жүрмегендерді өкіметтің жауы санатағын, патша ағзаммен бірге түстеніп жүргендей үнемі оның атынан сөйлейтін болыс сыныққа сылтау іздеп тұр екен. Тиісерге қара табылғанына елеуреп кетті. Аузы көбіктеніп, ақырып, дәу апаны қамшымен тартып-тартып жібереді. Дәу апаң бір қолымен оның атының шаужайынан мықтап ұстап, екінші қолымен қамшысын білеп әкірендеген оны ерден жұлып жерге түсіреді де, кеудесін тізесімен басып қозғалтпай қояды. Онсыз да намыс-ызадан булығып тұрған әйелдер тисе Молдабайды, тимесе жерді ұрмаққа лап қойған кезде дәу апаң қол-аяғын мықтап ұстауды бұйырған:

– Ау, Молдабай, адамның азғыны. Сен өзінді адам деп сезінуден қалған көрінесің, өңге-өңге, әруаққа тіл тигізуге аузың қалай барды? Аузыңа қан толғыр, тіріні қойып, өліні қатын етерліктей сенің еркектігін қайсы екен, көрейін мен соны. Сені пішпесе өлілерге тыныштық бермессің, жуас түйе жүндеуге жаксы, – деп, осынша есіргенің не?! – деп долданған дәу апа, қолма-қол болыстың шалбар-дамбалын тамам жұрт көзінше сыпырып тастап, оның енін тартып жібереді.

Есінен танып қалған Молдабайға қарап бір әйел:

– Ойбай, бетім, жан тәсілім қылмасын, – дейді шошынып, Енді бірі:

– Тек, болыс басымен тоқты құрлы жоқ па, қозы екеш қозы да пішкеннен өлгенін көргем жоқ. Ат боп кетсін, сұмырай! – дейді.

Есінен танып жатқан болысты атына қылшылбырмен танып байлап, жолға салып қоя берген. Ежелден адамзаттын айнымас досы бола білген текті жануар кең далаға сыймай жүрген болыстың өлігін өз ауылына аман-есен жеткізген екен.

Молдабайдың бес баласы мен болыстықты күшпен алып беріп жүрген жакын туыстары, алыс ағайындары тез хабарланып, ашу үстінде аз үй Серғазының ауылын қырып-жоятын болып гулесіп

– Қанға қан, еркек кіндік тегіс атқа қонсын, алыс-жақын тілеулес ағайындардың бірі қалмай құлақтансын, – десіп кекпен қызуланып шырыққан топқа үлкен, сыйлы ақсақалдарының бірі ақыра айқайлап:

– Токтат! Уа, өңкей намыссыз тобыр! Не деп, қай бетіңмен қол жинамақсың?! Азаматым, арысым кіммен соғысып, кімнен өлді, ел-жұртына нендей жақсылық, ізгілік жасап еді демексің. Молдабай бәріміздің қандас туысымыз екені рас. Төбемізге көтердік, бірақ не кісілік көрдік ағайын, еру елді егер қылып, бүйідей тигенінен басқа, әділін айтындаршы? Тәнір алдында не демексіндер, өз қонысына, ата жұртына қонған жайын елді дүрліктіріп шырқын бұзған Молдабай қақак па. Ал, ұлықтарға біздің өзара қырқысканымыз керек. Шәжілі етіп итжеккенге айдатқан оларға он. Одан да бірлікке кел. Иттің иесі, болса бөрінін тәнірісі бар, оны да айлаған жөн. Молдабай асып кетті. Онына да, терісіне де тек демей бас шұғып есірткен өзіміз. Мың асқанға бір тосқан болған екен, «Итке ит өлім» деген осы. Өлген түрін, өлтірген кісісін қарандаршы. Неткен маскара, қай беттеріңмен алыс-жақынға жар салмақсындар, өңкей шірік, сүйекке түскен асы таңба да жетер, қоздатпандар. Жабулы қазан жабулы күйінде қалсын. Молдабай құнсыз, сұраусыз болсын, – деп кесім айтып, тыйым салды.

- Е, өзін де қан түрткен ғой.
- Жазу солай-ау.
- Естіген құлақтан ұят болды.
- Өз обалы өзіне, – десіп, жиналған топ Молдабай құнсыз деген сөзге тоқтап, пәтуаға келгенмен, әкесінің арынына болыс болған Мұсатай Ақтастын батысындағы Серғазының қыстауына үнсіз барып қонып алады да, Серғазының Арғынғазы, Төлеуғазы деген екі ұлын «шоқынып кетсін», – деп Семейдегі оқуға беріп жіберіпті.

Сол аласапыранда Серғазының үлкен қызы Алтын Сабалакқа тұрмысқа шығып, Жәмен қырғыз Молдабекке қашып кетуге мүмкіндік алған. Өңгіменің осы тұсына келгенде Жәмен көзіне жас алып:

– Е, бұл мотышытар бізге не істемеді. Бұғанасы қатпаған екі бауырымды көзге түрткі етіп, оқуға апарып берді емес пе, – деп шын күйінішпен күрсінді.

– Міне, қызық. Екі бауырыңыз да дәрігер болып шықты. Оған несін жылайсыз, – деп күлді үйдегілер.

Іштей жымып басын шайқаған Мұхтар:

– Бұл оқиға қай жерде болып еді? – деп сұрады.

– Мына Сарғалдақта.

– Сарғалдақ деп қалай атады екен?

Жәмең Мұхтарға таңырқай қарады.

– Апыр-ау, нағашы бала-ау, Сарғалдақ қожаны алты алаш білгенде, білмегенің қалай?

Өзіңнің арғы аталарың емес пе? Жеті момынның бас има-мы, жарықтық нағашымыз қасиетті адам болған. Сыртынан күлген адамның тіл-аузы байланып қалады екен. – Сонда қалай нағашы болып келеді?

– Абылай атамыздың әйелі – Зура ханым Сарғалдақтың әпкесі. Зура ханымнан Ток, Қосым,

Арық тарайды¹, Сарғалдақ нағашымыз жиендерімен бірге көшіп келіп осында тұрып қалған-ды. Жердің аты жарықтық атымен солай аталып жүр.

Мұхтар, Бұхар жыраудың:

Бәйбішелер келеді көш алдында;

Жалғыз-жалғыз бастырып,

Көшенің айдынына састырып,

деп келетін өлеңіндегі:

Қадиядағы жұртына

Өрнекті екен бәйбіше,

Зура менен Ботпадай

Келбетті екен бәйбіше, – деген өлең шумақтарын есіне түсірді. Сарғалдақтың қызы Айғаным – Шоқан Уәлихановтың сүйікті әжесі. Баласы Шыңғысты, немересі Шоқанды орысша оқытып қана қоймай, өз ауылында мектеп ашып, жалпақ далаға үлгі, өнеге таратқаны аян. Тіпті Құнанбайдың балаларын оқуға апарып беруін Шыңғыспен байланыстыру да жөн. Шекара басқармасында кенесші бо-

лып істейтін Шыңғыс Уәлиханов 1853 жылы Омбыда жеті ай қамауда жатқан Құнанбайды кепілдікке босатып алып, Қарқаралыға дейін бірге сапарлас болып келіп еді. Одан әрі Шыңғыс осы Шаған бойындағы немерелес туыстарына, Сарғалдақтағы нағашыларына келіп, қайтқан болатын. Шоканның өзі де Шаған өңіріндегі немере туысы Сартай Арықұлы, Шалғынбай Тоқ баласының ауылдарында бірнеше рет болған-ды. Осы бір тарихи оқиға Біржан-Сара айтысында акын Сараның өлеңінде:

Арықтыңшынаты Досәлі. Өте сұңғақ бойлы болғандықтан
жеңгелері Арық атандырып жіберген. Арық (Досәлі) мен
Уәлінің уәзірі Әжібай қазақ елшісін бастап Пекинге барған.

Құнанбай не себепті Омбы барған,
Ер еді өзі басы кылды жарған.
Ел тоқтап сасқан кезде ұйтқы болар,
Баласы жоқ-ақ дейді онды болған, –
деп көрініс табуы қызық.

«Баласы жоқ-ақ дейді онды болған» – деген сөз ұлы Абайды мұқату үшін айтылған деп, ел ішінде алыпқашпа жаңсақ пікір жүр. Шынында ол кезде Абай сегіз-тоғыз жаста еді.

Тергеудегі Құнанбай тіл білмегендіктен, білетін туыс-жаны болмағандықтан қорлық көріп, бұл салада мерейі үстем Шыңғысқа қызыға қарауы табиғи. Құнанбайдың осы күйіп-жануы, өкініш-күйініші жыр жолына түскен деп ұққан дұрыс. Омбыдан келген бетінде араға көп күн ұзатпай Құнанбай зор үміт күткен сүйікті баласы Халиоланы Шоқан арқыған кадет корпусына оқуға аттандырғаны осыны аңғартса керек. Семей өңірінде оқуға бала беру Құнанбайдан басталады да, Абай кең көлемде жалғастырып әкетіп еді. Соған қарамай халық арасында оқуды жатсыну әлі басым.

– Молдабайдың құны бір қыстау, екі баланы оқуға берумен тынды ма? – деп сұрады

Мұхтар өз ойын жинақтап.

– Бітуін бітті-ау, бірақ береке-бірліксіз елдің алаауыздығы бітпей-ақ қойды. Болыстыққа таласқан Мұсатай мен оның немерелес туысы Ике арасындағы бакталастық елді екіге

бөліп, ығыр етіп болды. Тәуке батырды ұстап берген де осы Мұсатай. Ынтымағы жарасқан ел, азаматын өз қолдарымен бұғауда ұстауға апарып берер ме, – деп, күйінішпен әңгімесін аяқтады Жәмен.

Берекесіз елдің балаларының ынтымағы да оңып тұрған жоқ. Бұл Мұхтардың бала оқытуына кедергі болып жүр. Арнаулы үй тігіліп, мектеп ашылған-ды, өштескен ауылдың балалары бірге отырып оқығанмен, ашық-жарқын достасып кетуге құлықты емес. Кейде жоқ нәрсеге кикілжіңдесіп қалады да, арты насырға шабатын кездері де болады. Жығылған үстіне жұдырық дегендей көшпелі елдің тұрмыс-тіршілігінде патша үкіметінің ұстанған экономикалық-әлеуметтік саясаты да оқу-ағартудың өркен жаюына кесекөлденең жатыр. Соның салдарынан мұғалім жетіспейді. Балаларда оқулықтар, кітаптар да жоқ. Аздап оқыған шәкірттердің ілгері окитын мектебі тағы да болмағандықтан алды – тұйық, ішінара оқығандар бола қалса, мамандығы бойынша жұмыс табылмайды. Бесігі түзелмеген елдің көші қалай түзелсін. Сол бесікті түзету арқылы туған халқының нұрлы болашаққа жетуіне қолқабыс етсем деп, адамдық парасат биігінен армандауға перзенттік борышын сезіну, «сен де, бір кірпіш, дүниеге, кетігін тап та бар қалан» деген Абай атасының өсиетіне адалдық себеп болғанын айта кету жөн болар, өйткені, махаббат қайғы-наласынан осы биік мұрат құтқарған-ды. Мұхтар Шоқандай данышпан ғажайып ғалым, Ыбырайдай ұлы ұстаз, Абайдай ойшыл философ болсам деген шәкірт күнгі аяулы арманы бүкіл ғұмырын сәулендіріп тұратынын білді ме екен. Ол ауыл сыртындағы биіктеу жотаға шықты. Төңірек барлық ажар, көркімен көрініп тұр. Шаған өзені ирек, жуан жасыл сызық сияқты тұтасқан қалың талға тасаланған. Жер ошақтардан көтерілген көгілдір түтін, еңкейген күннің шапағы сарғылт рең берген зеңгір аспанға көтеріліп жатыр. Еруліктерін алған үлкен-кіші Серғазы аулына салтанатпен кетіп барады. Қазақтың осы қара шаңырағында кезінде Шоқан, Шоқанға ілесіп келген орыстың заңғар жазушысы Ф.М.Достоевский,

поляк революционері Адольф Янушкевич, ұлы Абай болғаны мәлім. Олар да осы жотаға шығып мына керім өлкеге, заман хәшіндей бел-белестерге, катпар-катпар таулар көмкерген атыс көкжиекке көз салған шығар. Сол алыптардың табаны тиген қасиетті туған топырақтан тұла бойына жылу тарап тұрғандай. Ұлылардың ізін басу қандай ғанибет.

- Болмасаң да ұксап бақ, – деген үн келеді құлағыңа.
 - Қайран Қанаш-ай, еңсемді түсіріп кеттің-ау, қайтейін.
- «Талпыну – адамдық парыз» деп сүйген, сүйінген жүректің қалауын айтып едің, зиялы да аңғарымды асылым. Өзіндей сезімтал, парасатты жар табылмас. Бірақ мен сен аңсаған биіктен табылуға талап етермін, ғұымырым жетсе. Шоқан мен Абайдың ізін басып тұрып, олардың арманын қалай аркаламаймын... – деп толғанған Мұхтар төңірегін шолды. Көлеңке қоюлана түсті. Мұнарланған қат-қабат бұйра жолдар ұлы мұхиттың алып толқындары сияқты, шексіз, шетсіз тұңғыық көкжиекпен астасып кеткен. Мұхтар өзін сол телегей теңіз айдында жал-жал толқындар арасымен қалтылдақ үміт қайығына мініп, інкәр жүрекпен жарқын болашаққа жүзіп бара жатқан тәрізді сезінді.



ҚҰРЫҚ КИГЕН ТЫМАҚ

Ерден, тұра ғой, тұр, – деген ана даусында аялау да, бұйыру да бар еді.

– Иә, – деп жауап бергенімен, жылы тонға оранып жата түскісі келді Ерденнің. Бойын керенаулық, қорғаншақтық билеп алған, кешеден бері толастамай сіркіреген ақ жауындағы күздің сұрқай ызғары үй еңсесін баса түскендей. Босаға тұстағы итаякқа тамшылардың жарыса шолпылдап тырсылдауы тұла бойды қарадай түршіктіреді. Ерденнің жылы тоннан бұйығып шыға алмауы да сол. Анасының:

– Айнала тұман, әкең әлі келген жоқ, – деген даусы онша жағымды емес. Сөз аяғын ашып айтпаса да, күпті еткен күдікті, қауіп-қатерді меңзейді.

– Отты сөндіріп алмайын деп аздап жағып отырмын. Отын таусылып барады. Әкелмесең болмас, балам. Әкең қай жырғап келер дейсін. Тоңып келетін шығар, – деген анасының бүрісіп отырған кейпіне, жүдеу өңіне қарап, қызарып қанталаған, кіртиген көздерінен түні бойы көз шырымын алмағанын аңғарды да, аяп кетті, сөйтті де атып тұрды. Төрде өзінен кіші інілері көрпенің астында сыбырласып жатыр екен. Бір тәуірі, олар жатқан жақ тұстан тамшы су ақпаған, құрғақ қалпы.

Қой жүнінен тоқылған тезек теретін ала қапты басына жамылып, отын байлайтын арқанмен белін шарт буынды да, балағын түріп, талдырмаш ұзын денесін иіп далаға шығуға ыңғайланды.

– Етігінді кисеңші!

– Ақыр, су болады. Несін кием, – деді Ерден.

– Тартпағырдың тартқаны-ай! – деген ана сөзін жүре тындап сыртқа шықты.

Нағашы атасы Еркінбек бірбет, қажыр-қайраты мол,

сүйегі де, мінезі де ірі адам болыпты. Шөп шабуға барғанда екі-үш күндік азығын ауылдан шыға бере, «ой, осыны көтеріп жүрем бе» – деп, түгін қалдырмай ішіп-жеп алады екен де, екі-үш күн бұлақтың суын ғана корек етіп, шөбін шаба беретін көрінеді.

Сондай алып күш иесі болса да жарымай, жоқшылықты көп көрген жарықтық, ауырып қайтыс боларда, мен жатып өлмеймін, отырып өлемін деп, молданы астапыралла дегізіп, басқаларға жағаларын ұстатып, отырған күйінде жан тапсырған.

Тегі, жан шығарда адам арпалысқа түсіп, қатты қиналатын көрінеді. Ал, Еркінбек атасы қабағын да шытпай, шыдамдылық, нағыз батырлық танытқан. Әрине, ондай батыр атаға ұқсаудан артық не бар, одан қандай мадақтау сөз артық болуы мүмкін, ол іштей жымиды.

Айнала тұман, дым бүркіп тұр.

Үй айналасын морлаған¹³ арықтағы жылап акқан суға Ерден тыжырына аз-кем қарап тұрды да, сұп-суық шылыққан шөпке жып-жылы табанын қорғаншақ, жүрексінген калыппен тітіркене басты.

Сиырдың жапалары толған сары жұртта өздерінің лашығынан басқа ешнәрсе жоқ. Ең аяғы Құтпан атты иті де байды көшірісіп кеткен әкесіне ілесіп кетіпті. Бай келік сұұраған әкесіне:

– Қыстың малын қинап қайтесің, бізді көшірісіп тастап барып, үйінді көшіріп ал. Қиналған көлік қиналсын, – деген болатын. Сонымен, ен жайлауда жалғыз үй жұртта қалған.

Ерден үйінен ұзай бере ыстық сағыныш бойын билеп, көңілі мына саржайлаудай құлазып, жүдей қалды. Күн алтын алауға оранып, көк масаты жайлауға қызғылт нұрын шашып, бата бастағанда мына дөңнен козы жамыратушы еді.

Қосақтан ағытылған енесіне қарай аңдыздап атойлаған козылардың маңырап жүгірісі бір керемет. Бұл өңір қой мен козының ұлар-шу, мұнды, сағынышқа толы әуеніне

¹³ Морлау - киіз үйге су кірмеу үшін үйді айналдыра арық қазу (орысша откость).

бөленетін. Дүниеге тіл біткендей, маңғаз тау дүр сілкінгендей хал болушы еді, оған козы жарыстырған топ баланың қику сап, қызыл кеңірдек боп таласуы қосылатын. Жұмыс күнінің аяқталып, аз уақыт болса да ойнауға еркіндік алғандықтан ба, бұл сәтте тұла бойы жеңіл тартып, көкірегін белгісіз қуаныш билейтін-ді.

Қозысын тапқан қойлар рахат сезіммен шашырай жайылып, өріске беттейтін. Бұл, сірә, сүйсіне тамашалар сәт. Сол бір жаздың у-шуы мол, базарлы, қимас сағынтар күндері мына елсіз, меңіреу тыныш жайлауда өтті дегенге сенгің де келмейді. Әр жылы келер жылға отынға деп аршаларды өртей-өртей бұл күнде отын алатын жер қашықтап, оның есесіне өртеңнің саны молайып кетіп еді.

Жанған аршаның мол қызуы май топырақты да қоса жандырғандықтан өртенге шөптің өзі де ұзақ жылдар бойы шықпайды екен. Сонымен бір кездегі қысы-жазы көгілдір көйлекті тау, бұл күнде шешекпен шұбарланған әдемі бет сияқты аянышты-ақ.

Ол қамшылар тұстағы терең шатқалға көз салып бір әңгімені еске алды.

Осы сайда алдырмай жүрген жоңғардың батырын аңдыған қазақтың батыры, ол сауыт-сайманын тастап суырдың інін қазып жатқан жерінде келіп атқан екен. Қапыда қалған жоңғар батыры:

– Ей, казак! Сен мені өлтірген жоксың, мені өлтірген суыр, – депті құлап бара жатып.

Сол айтқандай оның ажалы суырдан болса, менің ажалым отыннан болар ма екен деген ой денесін мұздата түсті. Себебі аю қысқы ұйқыға кетер алдында жем іздеуге құлшына кірісіп, кезіп жүретінін біледі. Бұл жақта не көп аю көп, аю туралы аңыз көп.

Бірде өздеріндей жұртта қалған үйге түн ішінде сиыр келіп сүйкенеді.

– Қарасан келгір-ай, үйді жығатын болдың ғой, – деп, үй иесі кейіп, көсеуін ала ұмтылады.

Сөйтсе, сиыр деп ұрғаны аю екен. Ертеңіне кемпірдің

сүйегін, көсеуін тауып алыпты жұрт.

Ерден жан-жағына сактана қарап келеді. Сұрғылт тұманның ыдырай сөгілген жерінен қараң етіп аршалар мен бұжыр жартастар көрінген сайын, жүрегі аузына тығылып, буыны қалтырап кетеді.

Аюдың алдыңғы аяғы қысқа болғандықтан өрге қарай жаксы жүгіргенмен, ылдиға тоңқандап жүгіре алмайды, лейді ғой. Алда-жалда кездесе қалса еңістей қашқан жөн шығар, – деп түйді ол. Борсықтың жаны тұмсығында дейді білетіндер. Қара тұмсықтан ұрмаса, қанша тоқпақтасаңыз да былқ етпейтін көрінеді. Ал, қабанды тұмсықтан қанша ұрсаңыз да бәрібір, оның жаны аш қолтықта. Сірә, аюдың жаны кеңірдегінде шығар, бір баланы жемекші болып алысқанда, жанталасқан баланың қолы кездейсоқ аюдың аузынан көмейіне өтіп, кептеліп қалғанда, бала аман қалып, ал аю тұншығып өліп кеткен. Осындай тұманды күнде аюмен байқаусыз кездесіп, алыса түскенде оны алқымынан сығымдап өлтіргендердің көзі тірілері бар. Егер қашып құтыла алмаса, сол кеңірдектен алудан басқа шара жоқ. Мұндай қиын-қысталаң сәтте, адам абдырап сасқалақтамай, ақылынан алжаспағаны жөн, қорқақтар үрейден-ақ өлетін көрінеді. Ерте-ертеде үйде жалғыз қалған қыз от басында, жуылған шашын тарап отырғанда аю қорбаңдап, мұрнымен ауаны иіскелеп кіріп келген, ойыны тасыған одан қыз қорыққанын білдірмей жанып жатқан шаланы алып, су шашына тигізіпті. Аю да соны істемек болады, бірақ оның құрғақ майлы жүні лап ете түскенде, шошынған ол ата жөнеледі. Мұны естіген ел қыздың батыл да, тапқырлығын мадақтап аңыз етуі тегін емес.

Жүректілік керек. Қорыққанға қос көрінер.

Ол отынын алып енді арқалауға ыңғайлана бергенде, тұман арасынан қараңдаған бейнені көріп қалып еді, жүрегі ерікке көнбей тулап кеткені соншама, қарадай алқынып, буыны дірілдеп кетті. Бірақ қас қағым сәтте есін тез жиып алды да, отынын тастай қашты. Артынан тасырлаған дыбыс анық естіліп, төне таяғанда еріксіз жалт қарады. Қалт тоқтады.

Сүйтсе салт атты кісілер екен. Жүрегі қуаныштан жиі соға бастады. «Қорыққан да, қуанған да бірдей» деген рас-ау. Аю қуса еңіске қашамын деген «батырың» өрге салып, үйіне бет түзеген екен.

Елтірі тымақты ұзын құрыққа кигізіп, жалау етіп алда келе жатқан адамды көріп, таң-тамаша қалды да жақындай бергенде

– Ассалаумағалейкүм! – деп сәлем берді.

– Әликүмәссалам, молда бол, балам! Қай ауылдың баласысың? – деп сұрады ол, жар қабақтың астындағы шаралы отты көзін қадап. Көтеріңкі бүркіт тұмсықты аумақты етегін көмкерген қою қап-қара мұрт, қалың ерінді қымтай түскен.

«Ұзын тұра, қоңқақ мұрын» деп мазактайтын құрбыларына:

«Ат ерінді, ер мұрынды келеді» деп дауласушы еді. Мына кісінде мұрын да, ерін де бар екен, деп ойлады да сұрағына іле жауап берді.

– Таскара ауылының.

– Ауылың қайда?

– Ойға көшіп кеткен.

– Не істеп жүрсің онда?

– Отын алып.

Аттылар енді Ерденге тандана қарады. Оның қызарған жалаң аяғынан талдырмаш он үш жасар баланың бозғылт шықшытты өңіндегі келте қастың астындағы шоктай жайнаған қап-қара бадана көзіне дейінгі аралықты сұғанақ, сыншы көздер шолып өтті.

Қорыққанымды біліп қойды ма екен деп қысылып тұрған ол, сөзінің қиюы кеткеніне одан бетер ынғайсызданып, кідіріп қалып еді.

Тымақ ұстаған жігіт ағасымен қатарласқан сары, томпақ сығыр, шегір көзді жас жігіт ойқастаған жарау атын тебініп төне түсті де:

– Ей, бала, мына тымақты танысың ба? – деп сұрады атының жалына бетін тақап.

– Жок.

– Монтансымай жөнге кел, сен айтты деп айтпаймыз. Өтірік айту жанға қас. Танып тұрсын.

– Олла, белла танымаймын.

– Ал, ауылың көшіп кетсе отынды неге алып жүрсін? Сөзінде шикілік бар ма, жок па, өзің айтшы, кәне?

– Ойпырмай, ә, бұлардың баласына дейін қағынған. Бесіктен белі шықпай жатып, мізбақпай тұрғанын қарашы.

– Етінен ет кесіп алсаң да, жөнін айтайын деп тұрған бұл жок. Ана кебіс ауыз, тайқы, тақыр маңдай бекер бітпеген, нағыз қаныпезер ұрының өзі болайын деп тұрған жок па, – деп кейіді кексе селдір сақалды Қара шұбар үшінші біреуі.

– Ұры болайын деп тұрса, кандыбалақ ұрымыздың ұлы шығар. Жөн сұрағанға қикар тіл қатса, «аюға намаз үйрететін таяк» болар, – деп жас жігіт Ерденге таяй берді.

Тымақ ұстаған кісі Ерден жүзінде лап еткен қызыл жалынды байқады ма, әлде, мыналардың кимелегені ақылына қонбады ма, қолын көтеріп оны тоқтатты.

– Бас-басыңа көсемсімей тұра тұрыңдар. Үйің қайда, соны айтшы, бала?

– Үйім ана жақта.

– Неғып көшпей отыр?

– Көліктің ыңғайы болмай.

– Жалғыз үй ме, әлде?..

– Жалғыз үй.

– Тасқара тасқараулығын көрсеткен екен.

Жас жігіт тағы киіп әкетті:

– Е, жұртта қалған жүрінмін десеңші, елдің басын қатырмай, – деді көкбеттеніп.

Ерден көшпелі ел үшін осы намыс сөзді естімеуге кідіріп еді, ақыры естіді. Естіді де көзіне жас толды. Бүйтіп сүйектен өтер қорлау сөз естігенше аюменен айқасқаны оңды еді. Ол сілейіп тұрып қалғанда түйеге артқан жүгі бар жиырмадай салт атты адам өтті қасынан.

Ерден отынын арқалап үйіне таянғанда Құтпан атты саржалақ қара төбеті арсалаңдап алдынан жүгіріп шықты.

Жүндес құйрығын тынымсыз бұландатып, өзінің қуанышын жан досына анадайдан білдіріп-ақ келеді. Ол аздай-ақ келе шапшып құшақтай алды. Еркіне жіберсе бетін жалайтын түрі бар. Кешеден бері көрмегенге сағынып-ақ қалыпты. Суық су сорып көгерген сирақтарына жармасып тіпті айрылар емес. Ерденнің жүрегі елжіреп Құтпанның басынан сипап, жылы лебіз білдірді. Адамдар жабырқатқан көңілін құтпаны жадыратқан ол, үйіне асығып келді. Үйден жылы леп есіп, шайдың жұпар иісі мұрынды жарды. Шай шөбі бұл тауда көп. Апшалар мен итмұ рын тікендердің арасында өсетін ұсақ көкшіл гүлді бұл өсімдіктің жапырағын сыдырып алып, сол жиналған жапыраққа су сеуіп, бірер апта жылы орап қояды да, өңі өзгеріп қарая бастағанда көленкеде кептіріп алады. Жайлаудан түсерде қап-қап қып ала қайтатын ел, кейінгі кезде ол дағдысынан айнып, арзан да михнаты жоқ қызыл күрең қала шайына аңсары ауып кеткенмен, шіркіннің хош иісі тіпті бөлек. Дастарқанға шашылған, қуырылған ірілігі бармақтай, аппақ бидайды бал қаймақпен араластыра шайнаған тісте арман бар ма. Әрине, кейде байқамай тасты да бидай деп азуынды басып қалғанында, шықыр ете түсіп, тісіннің сынығын таспен бірге түкіргенің болмаса.

Дастарқан басында Ерден тымақ көтерген салт аттыларды көргенін айтты. Сөйтсе, олар бұл үйге де сокқан екен, жолда көкесі де көріп мән-жайын біліпті.

– Апақ-сапақта Тайтүгелдің кермеде тұрған бәйге атын бұқпантайлап келген ұры міне қашқан екен, тымағы түсіп қалыпты, ана көтеріп жүрген сол тымақ.

– Онда біздің шаруамыз жоқ қой.

Тымақ керей үлгісімен тігілгендіктен ұрыны бізден іздемей қайтсін. Ерден керейлер тымақтың төбесін төрт сайәрі тік, тар етіп, ал, наймандар биіктеу күмбез етіп тігетінін білетін.

– Сонда қалай? – деп сұрады Ерден.

– Тымақ керейдікі екен, ұрымыз іштерінде, алдарыңнан өтуге келдік, ел болам десең атымызды тап, тентегіңді алдымызға сал, болмаса оны да көрейік, – деп келіпті.

Қашан бір жауабын естігенше үйлеріңнен дәм татпаймыз, сондықтан жататын үйімізді алып келе жатырмыз деді. Ана әртқан жүк – сол, үйі мен азық-түліктері екен.

– Ой, тәубе. Мыналардың беті тым суық екен, ештеден тайынбас, – деп сөзге араласты шай құйып отырған ана.

– «Мал ашуы – жан ашуы», егер алыс-жұлысы бола қалса, бес саусақ мүжіліп көбесі сөгілгенше тоқтамас. Ерден басын шайқап таңырқаудан есін жия алмай отыр.

– Ұрыны айтамын-ау... Қалай қорықпай барып кермедегі атты міне қашып жүр.

– Е, балам, иесінен ұрысы мықты, ұры-қарының заманы емес пе. «Бөрінің тәңірісі болса, ұрының иесі бар» деген, ұрының иесі болыс, байлар. Заман солардікі, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс, сондай иеге арқа сүйеген ұры қорқа ма.

Өңгімеге ана араласты:

– Екі дүниеде бай, болыстар оңбас, ерулі елді ығыр етіп болды. Елді атыстырып, шабыстырып, жауластырып, артынан рулас туыстықты бетке ұстап, алым-салық жинап сыпырып алып кетеді. Бұл жолы да сол, «айыпты болайық» – деп, елге шығынын екі есе артығымен кәтертіп, өздері пайда көрмек зұлымдар. Бәйге атты көздетіп ұрдауы да сол. Ана сөзі барлық шындықты алға тартты. Ертеңінде Ердендер көшіп етектегі ауылға қосылғанда, ол оқшау тігілген екі үйге үрейлене қарады. Үй белдеуінде қыстырылған ұзын құрықта жайлауда көрген ұрының елтірі тымағы шаншулы тұр.

Дала баласы мал қадірін, әсіресе жүйрік ат қадірін жан жүрегімен бағалай біледі. Бәйге атынан айрылғандардың неден болса да тайынбас, қайтпас үлкен лаң әкелер сойқанды ашу, ызасын сезініп үрейлене түсті. Ел ағасы, ел иесі бай, болыстар ұрлыққа тиым салғаны сол, қайта өздері қоздырып, қоздатарын қайтерсің, айналып келгенде ойлайтыны ел қамы емес, өз басы. Шынында, заман ұры-қарынікі болып кеткені қалай; кете бермек пе?

«Ұрлықтың түбі – қорлық» деген бабаларымыздың сөзін ұқпағаны ғой.

Далада жүрсе ен даланың жыртқыш ит-құстарынан үрейленіп, ауылға келсе қысқа күнде қырық пышақ болатын ру тартысынан туатын қанды соғыс, жылап-сықтау сұмдықтар-ақ үрейлендіріп, зәресін алып болды. Ес білгелі үреймен ұйқтап, шошынып оянады.

Міне, жаңа сұмдық тілеп тымақ киген құрық ызғар шашып, тіп-тік шаншылып қарсы алдынан бой көрсетіп тұр.



ТОСЫН

Түскі ыстықтан ұйлыққан отарын өзен жағасына қалдырып, қарсы беттегі тегістеу алаңқайға тігілген киіз үйіне беттеген Қозыбай, өзінің төбесі көрінгенде-ақ, жайылатын дастарқан мен қош иісі анқыған қызылкүрең шай асыға күтіп тұрғанын көз алдына елестетіп еді, тіпті шөлдеп кетті. Бірақ ол сабырға жеңдіріп, шыжыған ыстықтан қажығанына қарамай, жуынып-шайынып аз бөгелді. Су себіліп, іргесі түрілген алтықанат ала келенке үйден жанға рахат салқын леп есіп тұр. Бойы сергіп, қадыранқы көңілмен дастарқан басына отыра бергені сол еді. даладан айғай шықты. Жаңа ғана. Ержан бағып жүрген бір табын тайынша биік, жарлы жотадан сары борық болып ирелендеп түсетін қасқа жолды шандатып келе жатқанын көріп еді. Айғай да Ержандікі болды. Биіктен саңқылдап шыққан дауыс ап-анық.

– Әй, Келес! Тайыншалардың алдын қайыр, алдын қайыр деймін, неғып селтиіп тұрсың!

Үй, әкеңнің... қайыр ананы! – деген былапыт аралас бұйрығын дауыстап айтып келеді. Құрттаған қойды қарап қалған, Қозыбайдың осы күзде әскерге жүретін ұлы Келес.

– Өзің қайыр, шикан бет. Қайырасам қайтесің, әкенің... – деп, еруліге қарулы бейпіл жауап беруде.

Бұл сөздер Қозыбайды бастан қамшымен тартып- тартып жібергендей әсер еткені сонша, іші мұзға толғандай қалтырап кетті.

Ержан – Қозыбайдың Ербол деген жан досынан қалған жалғыз тұяқ, әскерден көктемде оралып, жеке шаңырақ көтерді де, колхоздың бір табын тайыншасын бағып жүр: Тайыншалар қойды сүзетін болғандықтан, үйі оңаша тігілген. Жоғарырақта. Осынау кең сайда екі үй ғана; Қозыбайдың бала кезінде әкесі марқұм: «Ұлым, жақсы болсын десең, ұлы

жақсымен көрші бол» деген деп, Ерболды ұнатқандықтан көшіп келіп еді, содан бері екі шаңырақтың іргесі ажыраған емес. Айтса айтқандай-ақ, Ербол ер мінезді, адал, тамаша азамат болды, - маңдайға симады-ау! Ұлы Отан соғысынан есіл ер оралмады. Тумаса да, туғаннан артық еді. Егіздің сыңарындай болып жүруші еді – ау. Бұл пәнидің қызықшылығы ортақ болатын. Айнымас, асыл достан жақын жанашырдан айырылған Қозыбай ойсырап, ұзақ уақыт қайғыдан қан жұтты. Артында қалған жалғыз ұлын өз балаларынан бөле қарап көрген емес. Соғыс тоқтағалы он бір-он екі жылдан бері де Ержанды көзінен таса еткен жоқ. «Орнында бар оңалар». Бейбастақ жастардың киянаттасқанына құлақ түрген Қозыбайдың қалың қасы көмкерген қой көзі шарасыздықтан, отыз жыл отасқан қосағына түсіп еді, ол да елендеп отыр екен. Көңілін аулап сөзге тартқысы келген болар:

– Апыр-ау, көзіміздің тірісінде естіместі естіртті-ау, мына шіркіндер, бұлардың ойындары құрысын, – деді кейіп.

Қылаңы бар қалың, жирен мұртын сұқ қолының сыртымен сипап өткен Қозыбай, арбиған ұзын саусақтарын тақиясына созып жатып:

– Е, бәйбіше, тіріде естіген ғайбат қайтер дейсің, ол дүниелік болғанда құлағымыз шуламаса екен, – деді де, ұзын ақ дамбалының сыртынан шалбарын да киместен, жалаң аяқ далаға шықты. Жағасы ашылған кең көйлектің ішіндегі тарамыс дене әлі де ширақ, тың, балғын тәрізді.

– Батыр-ау, қайда барасың, ит пен баланың арасына кісі түсуші ме еді, – деген жұбайының сөзін жүре тыңдаған Қозыбай, қыртыс-қыртыс маңдайына жалпақ алақанын тік қойып (күн сап) қарап, тайыншалардың төмен қыстаққа беттеп бара жатқанын көрді. Етектегі ауылдың арғы шеті егін алқабы. Жаңбырсыз жаздың аптап ыстығынан шөбі күйген өрістен ашқұрсақ оралған сорлылар қайдан кідірсін. Осынау мал тұрмас аңғар Қозыбайдың бала кезінде жалғыз-жарым адам жүруден сескенетін, қалың нуағашты жыныс болды дегенге көрмеген адам сене қояр ма екен. Тастан-тасқа

соғылып, гүрілдеп ағатын өзен ағысын алма бөгеп, күзде су шырын татитын. Алма жеген сиырлардың іштері кеуіп, жарылып жатушы еді. Соғыс жылдары отынға, үй, қора салуға кесе-кесе аянышты кейіпке түскен Алатау аңғарына жанының орманы оталғандай күйзеліп қарап тұрды да, тайыншаларды кері қайтаруға асыға аттанды.

Төрт-бес жыл қатарынан қойға мініліп, өзінің жылқы мінезін, жүрісін ұмыта бастаған көнбіс «қой торысының» мимырт жүрісімен тепеңдеп бара жатып, ат тұяғы тисе болды бырт-бырт сынып жатқан қураған шөпке қарап:

– О, қасиетті қайран жер, шарқая қатындардай мына бейпіл аузыдардан не қайыр күтерсің.

Өзің де от кештің. Қорғап қалуын қалдық-ау, бірақ ие болар, өзінді күтіп, көркейтер ұрпақ өсіре алмай қор болмасак игі еді, – деп, ауыр ойға батты. Байыптап қараса, қанды соғыс еліміздің батысындағы қалаларды қиратып, қасірет шектіріп қана қоймай, ғасырлар бойы тірнектеп жинақтаған қасиетті дәстүрін де ойрандаған екен. Жаңағы ауыздар Қозыбай ұмытып жүрген, тіршіліктің мән-мағынасы ұрпақ жалғастығы туралы адамзат жаралғалы үзілмей келе жатқан өмірлік әнді есіне салды. Мұның бала кезінде шалдар кешке қарай дөң басына жиналып, үлкен-кішіні аузына қаратып, тамылжыта нұскалы әңгіме айтып отырушы еді, шіркін. Тірі кітап, сарқылмас шежіре еді ғой жарықтықтар; соларға ұксап, ізгілік рухын егер, саликалы әңгіме айтып, мәслихат құрар не бір ерен жүйрік боздақтар соғыстан селдіреп қалды да, тірілердің мойнына түскен қарбалас жұмыстан мұршасы болмапты-ау; солардың бірі өзі екен. Сыбағасын алғандай болды бүгін. Мына балалар соғыс қиыншылығымен, қара қағаз тасқыны әкелген күңіренген елден басқа не көрді. Кеңес адамдары жасаған асқан ерліктерді көзбен көрмесе де, көңіл көзімен көретіндей көкірегі ояу жаста емес еді; Одан бергіде көргені – тірі мен тіріні атыстырып-шабыстырып жүргені аздай, өлі мен тіріні шағыстырып, әруақпен жағаласып жүретін топас, қас надан Әшір, маскүнем Жүсіп. Анау бір жылы қойды қырку созылып кетіп, жайлауға

кешеуілдеп көшкен Жүсіпке отарын айдасуға Келес пен Ержан барған-ды.

...Күн ысып кеткені сонша, иттеріміздің табаны күйіп, ілесе алмай, тілі салақтап көлеңкеде жатып алды, – деп әңгімелеген Жүсіп кейіннен. Ұйлыққан кой жүрсеші, Ержан мен Келес кезек-кезек, қайта-қайта шауып келіп: «Шөлдеп кеттік, Іле дариясынан су ішіп келейікші», – деп жалынып сұрана береді. Суыт жүріп кетерміз деп ойлап, алып шыққан аз сусынымыз сарқылып, жалғыз тамшы да қалмапты. Тездеп Ілеге жетпесек шөлден ұшатын сияқтымыз. Не істегеніміз жөн деп ойланып, неде болса арақ беруге тоқтадым. Бір шиша арағым бар еді, соны алдым да:

– Шөлдерің тез қанады, – деп, зорлап ішкізіп едім, сол-ақ екен қимылымыз ширап, Ілеге айғайлап жеткенімізді өзіміз де аңғармаппыз, – деген еді ішімірікпей. Сол Жүсіп екі баланы алдап, араққа ауыздандырғанын күні бүгінге дейін қызық күлкінің саркылмас көзі ретінде мақтаныш қып айтып жүр.

Е, осылай бесіктен белі шықпай, арақ атты хараммен ауызданған бұлар бейпіл ауыз, ибасыз да, инабатсыз болмай қайтсін, ондай азған ұрпақта өліні сыйлап, тіріні ардақтай аларлық салауаттылық, бекзаттық қайдан болсын. Олардан өрбіген үрім бұтақ не болмақ?

Жаны күйзелген Қозыбай тайыншаларды жинап, Ержанның қорасына таяу айдап әкеліп тастап, үйіне кері қайтты. Тегі ұялған болар Ержан көрінген жоқ. Ұзаққырап барып артына қарап еді, келіннің ақ желегі көзіне шалынды. Қап, көйлек, дамбалшан кейпімді келін байқап қалып ұят болды ма деген секем ойдан қатты қысылып, Қозыбайдың маңдайынан суық тер шықты. Шайын ысытып қайта әкелген жұбайы:

– Біреу үшін ішкелі отырған асынды тастай салып жүгіретін әдетінді қашан қояр екенсің, – деп кейіді.

– Е, бәйбіше, бұл сүтпен бітіп, сүйекпен кетер әдет қой, құй шайыңнан, – деді өзін жеңіл сезінген Қозыбай. Қозыбай қойын өргізерде:

– Ана сарыбас марканы алып қалыңдар, кешке келетін

кісі бар. Келесі өзеннің жағасына сой, шыбын қаптап кетер, – деп бұйрығын қысқа қайырды.

Күн бата қойын қоралап үйіне келгенде, өз әмірінің мүлтіксіз орындалғанын бұрқыраған жас еттің иісінен, жасулы дастарқаннан байқады.

– Қонағың қайда? – деп сұрады жұбайы.

– Ау, Келес.

– Не, көке.

– Бар, Ержан мен келінді шақырып кел, дәм татсын.

Мал сойып, бас-сирағын үйтіп, сыйлы қонақ, қызық әңгіме күтіп жүрген орақ мұрын, тышқан көз Келес мынандай тосын сөзден бұлқан-талқан ашуланып, сапақ сары жүзі нарттай қызарып кетті де:

– Шақырмаймын, – деп, қорс ете қалды.

– Ау, неге, не болды?

– Ол неге мені жазықсыз боқтайды? Кешірім сұрасын, басынғаны жетер.

– Е, балам, ірігеннің аузынан шіріген сөз шығар, әйтпесе мына кең сайға екеуін сыймадың ба. Боқтыққа келетін болсақ, сен одан асып кеттің, балам. Ол тіріге, сен болсаң әліге тіл тигіздің ғой. Тірі тірлігін жасар, кешірер. Ал, өлі қалай кешіре алар. Кешірімді сен сұра, бар, келін екеуін шақырып кел, – деді.



АРҚАУ

Көкжиектен қызыл шұғылаға малынып күн шығып келеді. Сай-саланың үстін жұқа, үлбіреген көгілдір мұнар жапқан. Шөп қаулап сәуір айының ортасы болса да, таңертеңгі ызғарлы салқыннан бұйыққан койлар керенау орнынан тұрып, керіліп-созылып, мекіреніп жатыр. Осы отарды бағушы шопан Елмырзаны жұбайы Гүлайым мен үйге қонып шыққан есепші жігіт екеуі екеулеп көтеріп атқа мінгізерде, майдангер, карт жауынгердің белінің қақсап ауырғаны сонша, әлде кімге ұқсап дыбыс шығаруды ар санайтын басы, айқайлап жіберуден өзін-өзі зорға тежеп, әзер шыдады, сонда да орақ қасы түйіліп, бет-аузы тыржиып, тістенген кейпін жасыра алмады.

Ат үстінде Елмырза есепші жігітке әңгімесін тағы да пысықтап айтты.

— Көріп тұрсың ғой, қалқам: Осыдан түске дейін мына шешен аттан түсіріп алмайса, өздігімнен түсе алмаймын. Түсе қалсам қайтып мінуге дәрмен жоқ. Жаяу жүре алмайтынымды өзін көрдің. Қарға адым жер маған мұн. Бастықтарға айта бар. Не дәрігер, не орныма кісі жіберсін. Тірлігіміз итқорлық болды. Ұмытпай жеткіз, қалқам. Әсіресе мына шешене ауыр тиіп, қатты қиналып жүр: Мал да, жан да осының мойнындамыз.

— Жарайды, Әлеке, сәлеміңізді сөзсіз жеткіземін. Өткен айда да айтып барғанмын, соғыс жаңа бітті ғой, адамға да, дәрігерге де зәруміз, дегенмен аз күн шыдаңыз. Бір лажы болар, — деп, есепші жүк машинасына отырып жүріп кетті.

— Шыдамның да шегі бар, сыйлағанды білгендерін жөн, ағайын, — деп қойын өргізген

Елмырза, үйінен жүз қадамдай ұзағанда атының жолдың шетіне кенет бұрылғанынан белі қақсады. Еңкейе караса, жайрап өліп жатқан кірпікшешенді жуас торысы баспау

үшін жолданшыққан екен. Жаңағы есепші жігіттің машинасы жартылай басқан кірпінің аппақ майы ақтарылып жатыр.

– Ойпырмай, мынау қыстан қалай күйлі шыққан, қойлар да осылай қонды шыққанда ғой, біреуін сойып терісіне түсіп көрер едім, – деп ойлады да, кірпіні баспаған атына іштей сүйсінді, шіркін жылқы малының сезімталдығына баға жетер ме? Көкпар тартып жүріп жығылған адамның үстінен мың ат өтсе де, біреуі тұяғын тигізбейтінін қайтерсіз. Жаксы ат иесін ешқашан да жолға тастамайды. Адамның ескі досы деп, көп халықтың жылқы етін жемеуі осындайдан болар. Қазақ халқының сойған жылқының бас сүйегін тұтас қалпымен асып, қаңқасын аяқ баспайтын жоғары жерге, ардақтап іліп қоятын салты да осыған саяды.

Белі қақсап ыңкылдаған ол қамшысына таянып, қой сонынан ілбіп келе жатып

– Соғыс жылдарында белуардан саз кешіп, қар жастанып, мұз төсеніп жүргенде, түшкіре де қоймаушы едік, – жылы төсекке жатқалы шыбық тимес шың етер болғаным қалай? – деп ойлады.

Аспан шайдай ашық: күн көтеріліп, мол шұғыласын төгіп, қыр төсінде сағым ойнайды. Бозторғайлар көкте ілініп тамылжыта ән шырқайды. Көктем табиғаттын қызуы мол, қызықты шағы, бұл – соғыстан соңғы бейбіт екінші көктем еді.

Жасыл алқапта қойларын жусатып, Елмырза түскі асын ішуге үйіне келгенде, алдынан Гүлайым жайрандап шығып, аттан түсіріп алды. Күндегі әдетімен жүкке сүйене отырып, жуа, қызыл келім дәрі, кара бұрыш қосылып дәмделген үлкен кеседегі сорпаны рахаттана ішіп, тауыса бергенде, саркынды ірімтік қоныр тұнбаның ішінен кірпінің көкшіл кара, сыртқы тікенін көрді де, тұла бойы түршігіп

– Әй, кемпір, мынауың не? – деп сұраған. Есмырзаның қызыл сары жүзі аппақ шүберектей қуара қалыпты. Дөнестеу қыр мұрнының етегіндегі жұқа сары мұрты едірейіп тұр.

– Не болды?

– Ей, мына сорпанда кірпінің сыртындағы тікені қайдан жүр?

– Көңіліңе алма, Елеке, ем болсын, ем болсын, – деп едім. Сескене таңырқаудан есін жия алмаған Елмырзаның қой көзі шатынап:

– Балгер-бақсы, емші болайын деген екенсің! Өлтірсең айтып өлтірсең болмай ма? – деді, доғал иегін жұдырығымен үйкеп, даусы қырылдап шықты.

– Ем болсын. Таңертең қойдан қайтарда тауып алып, жақсы ырымға жорыдым.

– Үй, бүйткен емің құрысын, қазаныма арам ас салған.

– Ештеме етпейді, шипа болар... Ебепке, себеп деген. Жұрт қолданып жүрген ем ғой, көңіліңе алма!

– Апыр-ау, қалай көңіліңе алмайсың? Ол жәндіктің ауру-сауын, арам-адалын қайдан білесің. Баяғыда құтырған қасқыр қапқан Құлыбектің не болғанын өзін көріп едің ғой. Менің де соның аяғын құшпауыма кім кепіл?

Бұл оқиға ертеде Елмырзаның бала кезінде, Қазан төңкерісінен бұрын болған болатын.

...Құлыбек кедейліктен келісімді қалыңмалын толық бере алмағандықтан, атастырған қалыңдығын ала алмай жүрген еді. Ол кезде малын толық төлемеген күйеудің ұрын келіп, қалыңдық ойнауы салтта жоқ. Бірақ бірін-бірі ұнатқан екі жас бұған қарамай, ел көзінен тасада, жасырын кездесіп жүрді: сондай уағдалы күннің бірінде, Құлыбек түн жамылып келіп, ауылдың сыртында, дөң қалқасында болашақ жарын тағатсыз күтіп жатқан-ды. Келісім бойынша, ел жатқан соң осы жерде табыспак. Көктемде елдің тез ұйықтамайтын әдеті, содан ұзақ күтіп қалған Құлыбектің көзі ілініп кеткен еді, канша уақыт өткені белгісіз, арс еткен дауыстан шошып оянып, атып тұра бергенде, ұмтыла шапшыған қасқыр бетінен қауып алды. Қайта қолымен қағып үлгермегенде, бет-аузын жұлып алады екен: Қатты ызаланған Құлыбек қолындағы дырау камшымен қаскүнемді бастан тартып-тартып жіберді. Қасқыр түн құшағына сүнгіп кетті. Алқынған жүрегін басып, бетінен аққан қанын сүртіп біраз отырып, ойға батты. Оның сезімтал жүрегі бір сұмдықты шошына сезіп, аңғарғыш санасы бөлекше, жат қорқынышты ұқтырды: сау

Асқар жатқан адамды қаппайды, өмір тәжірибесінен енді қырық күннен кейін өзінің де құтырып ауыратынын біліп, сәйкесін, тағдырдың тәлкегін, қара түн жамылып отырып, айтыра қарғап-сіледі: өксіп отырған болашақ жарын әлі келіп кимеген жас ару келіп қуандыра алған жоқ. Ол кезде бұл өмірде құтырған адамды жазатын ем жоқ болғандықтан асқар сөзсіз қаза табушы еді. Сондықтан екі жастың ауа-ла сағынысып бұл көрісуі жан жүректі елжіретер қауышу жас. арыздасып қолтасу болды. Қара түнекке, жауыздыққа келет. қарғыс айтылды. сарқылмас күш-қайрат беріп келген мұғтін оты өшті. Іштей өксіп, білдірмей күңіреніп жүрген Құлыбектен, айтса айтқандай, қырық күннен кейін аурудың белгісі білінді. Енді оның айналасындағы тісі, сілекейі тиген адамдар ауырмақ, көпті көрген көне көз қариялар ауа-ла үй тігіп, оның керегесіне Құлыбекті байлады да, қолма-ла үлкен қой сойылып, қан-жыны алынбаған ыстық қарны қашы тақырлап алынған Құлыбектің басына кигізілді. Есіл боздақ қиналмай-ақ сылқ ете түсті. Ізгілікке толы бір асқақ асман үзілді, жылап-сықтаған тірілер тірлігіне кірісті.

Міне, осы оқиғаны егіле еске алып отырған Елмырзаның теуіптенуін анық түсінген Гүлайым: – Құтырған түйенің етін жеген ауылдың ештеңесі кетпеп еді ғой. Әбден қайнаттым, сәніліңе алма, – деді қатты қысылып. Бұл да сол ертеде болған оқиға.

Аш ауыл, түйенің құтырып ауырғанына қарамай, сой-лап жеген-ді – жеуін жесе де қырық күн бойы жегендері кәлкесінен шығып, қашан құтырар екенбіз деген үреймен ма-засы кеткен. Бірақ етті көп қайнатқандықтан ба, ешқайсысы ауырып-сырқамаған еді. Гүлайым осы оқиғаны көлденең қартты.

Ерлі-зайыптылардың дауы біразға созылды. Кеш батып, төрт көз түгенделгенде де жартымды әңгіме болмады. Алты санат үйдің ішін үскірік аяз кеулегендей. Томирық мінезді қомсырайған Елмырза түгі сыртына теуіп, төрге бөлек төсек салғызып, ерте жатып қалды: ішқұса боп, өткен-кеткенді ой-тап көзі ілінбей ұзақ жатып еді, қатып ұйқтап қалған екен.

Ояна келсе сүмек боп терлеп жатқаны сонша, моншаға түскеннен әрмен, ағыл-тегіл тер төрт қабат көрпеден де өтіп кетіпті. Адамды қор ету де, зор ету де оңай-ау тағдырға. Таң ағарып атқан екен. Денесі, тұла бойы жеп-жеңіл. Аяқ-қолын еркін жинап, әрі-бері қозғалып көріп еді, белі қақсап ауырған жоқ. Барлық пәле термен кеткенін көріп Елмырза қуанып кетті.



АЙНА АЛДЫНДА

Әй, қарағым-ай! – деді толық денелі аспазәйел, шала жуылған қара майлы қолын орамал-шытына сүртіп жатқан Берікке карап. – Сірә, сен үшін су құрып қалған шығар. Қолынды таза жусаң қайтеді. Ырысын кете ме?

Ас құйылған ыдысын көтеріп бара жатқан Жақып :

– Е, «сұмырай келсе су құриды» деген, бұл келгенде су құрып қалған шығар, – деп күлді.

Берік шімірікпеді. Сыныптастары «зар жак» деп атайтын он жылдықты өткен жылы бірге бітірген құрдасының қылжағын елемеді.

– Жеңгей-ау, жуынсам қыз-қырқындар жабысып алар, одан да асыңызды тезірек беріңізші, ішегім шұрылдап тұр, – деп аспазшыға тіл қатты.

Беріктің ойламай айта салған «қыз-қырқын» деген сөзіндегі «қырқынға» өзін де қосып үлгерген аспаз әйелдің жылтыраған бозғылт өңіндегі тана көзі жайнап:

– Шіркіннің дәмесін қара, – деп асхананы басына көтере күлді де, тағам ұсынды. Берік отыра бере Жақыптың қызу әңгімесіне еріксіз құлақ тосты.

– Телеэкранның ұзындығы 2 метр, ені де сондай, еденнен бастап қабырғамен қабырға етіп жасадым. Онда барлық зат өз түсімен әрі дәл өлшемімен көрінетіндіктен телебейне емес, осы бөлмеде тап қасында деп сезінесің. Кеше қызық болды. Айжанмен телеэкран арқылы сөйлесіп отыр едім, атам бөлмеме келе қалды. Экрандағы Айжан орнынан атып тұрды да, сәлем берді. Мен де онымен қатарласып тұра қалып ем.

– Сен бокмұрын, тұра тұр, алдымен Айжанның маңдайынан иіскейін, – деп, экранға ентелеп кетіп барады. Күлкімді әзер тиып:Ата-ау, баяғыда айнадағы өз бейнесіне

сәлем берен атанызға ұқсадыңыз ғой, Айжан мен жасаған телеэкраннан көрініп тұр, –деп едім, атам сенерін де, сенбесін де білмей аң-таң. Айжан шыдай алмай күліп жіберді де, экраннан ғайып болды. Атам мені де экраннан көріп тұрған жоқпын ба деп ойласа керек, иығымнан ұстап сипалады да:

– Е, бұрынғылармұны көрсе сикыр дер еді. Өмір озған екен, – деді отырып жатып. Бір кезде шар айнадағы бейнесін бөтен адам екен деп қалып, сәлем берген атасына күлген атам күле қарап тұрмын.

Берік басын жұлып алып:

– Ондай үлкен экранды қайдан алдың, қалай бір – біріңмен сөйлестің? – деп сұрады асығыс.

– Өзім жасадым.

– Ей, қойшы.

– Сенбесең өз еркін.

– Мынау жаңалық кой, – деп, таң-тамаша қалды Берік.

– Атам екеуіңе жаңалық шығар. Әйтпесе телефонмен сөйлескенде бірін-бірі көріп тұру, ай бетінде жүрген арбаны бүкіл елдің көріп отыруы баяғыдан бар нәрсе емес пе? Осы сен ғылыми кітап, журнал, газет оқисың ба? Іс – оқығанда емес, тоқығанда.

– Қазіргі телебейнені көру бір басқа. Ал, сен екі жақты байланыс туралы айтып отырсың, сен Айжанды, Айжан сені көретін болған.

– Бәрінің принципі бір.

– Онда жасап берші маған, қалағаныңды берейін.

– Өзің жасап ал, қиын дәненесі жоқ. Сызбасын түсінсең болды.

– Я, бұған жасап беру керек, – деді тындаушының біреуі, – ана дәрігер қызды көріп отырсын.

– Онда бұл қоғамдық жұмысты қойып, күні-түні экранның алдынан шықпас. Қыран-топан күлкі. Ойнап айтса да ойындағысын айтады бұл жұрт. Дөп басып, дәл тауып тұр. Берік үйіне келді. Киімін ауыстырып киіп жатып, Жақыптың экраны туралы ойлады. Неге математиканы, физиканы жақсы оқымады екен... Қайран ұстаздар-ай, қадіріңе жетпеппін-ау!

«Жетпесе айтуын айттыңдар-ақ, соны ұқсам, құрбымның етеген ісіне ойым тұрмақ киялым жетпей маскара болмас едім» Жақыптың атасы өте дәл айтқан екен. Өмір озып барады. Ғылым-техника күн сайын дамып, жаңарып жатыр: құмысшыларда инженерлік яғни жоғары білім болуы қажет; «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба» деген әден жаңаша әсер, қуатпен ұғылатын кезеңде тұрмыз: Амал не? Көп айтылған осы қағидаға мән бермей, көңіл қоймай өміртіңіз; неткен өкініш. «Жалқаудың ертені таусылмас», күнде ертенмен жүріп мектеп қабырғасында алтын уақыттың көбін бекер өткізген. Оралмас есіл күндер-ай!

Ол айнаға қарап, шекесіндегі шықа жылтыраған тер тамшысын сұртті де, далаға шықты.

Дәрігер қыздың үйін бетке алып келеді. Күн еңкейсе де әлі ыстығы қайтпаған, оның үстіне жылдам жүргендіктен тысынап, ыстықтап кетті.

Мұнтаздай киінген орта бойлы, кара бұйра шашты, бүйрек бетті, кара көзді осы жігітті сырт көз ұқыпты «сері жігіт» дер еді. Ал, шынында сенбі, жексенбі күндері ғана осылай киініп қасанбаса, басқа күндері «шұлғауы сүйретілген» салақ еді. Дүйсенбіде киген көйлегін баттастырып әрең шешетін. Бұны танымастай түлетіп, жаңа түрге енгізіп жүрген бір түрлі жұмбақ күш бар...

Көктемде науқастанып емханада жатқанда, бар ықылас-пейілін салып күткен дәрігер қыздың шипалы қолы мұның жүрегіне сөнбес от жағып кеткен-ді. Күн өткен сайын әшудің орнына маздай түскен сол от ақыл-есін алып болды. Мейір шұғыласын шашып арбаған қыз жанары көз алдынан кетпейді-ақ. Өміріне ең аяулы, сүйікті жан боп енген дәрігер қызға бұл сырын ашуға батылы жетпей, сырттай аялап, бұйығы қалыппен жүрген жайы бар-ды.

Бүгін сол жан сырын жайып салуды ойлаған. Қыр мұрнының ұшы тершіп, еңтіге басуы да содан.

Дөннен құлай түскен көшеден ойпандағы көк жапыраққа көмілген үйлердің барлығы да алақандағыдай көрініп тұр. Күздің ызғарлы әлі білінбегендіктен, жасыл желек ажарына

кылау түсірмепті. Шағын кала әлі жасыл, ажарлы.

Әне, анау – дәрігер қыздың көзге шоктай басылар тұрағы. Бұл көшенің барлық үйі Берікке өзгеше ыстық, нұрлы. Бәріне де өзгеше жылы қарайтын болған.

Иә, тілегені алдынан – дегендей, дәрігер қыз үйінен шыға келді де, тұп-тура бұған қарай жүрді. Қап! Кішкене кешіге тұрмай, не айтарын, сөзді неден бастарын ойлантып үлгертпей саскалақтағаны-ай!..

Салаксынбай бағана ойды екшеп алу керек еді. «Олактан – салак жаман» – деп, Жакып талай айтты, амал не, ұқпаған соң. «Өзің білме, білгеннің тілін алма» деген ең жаман қарғыс деп отырушы еді үлкендер, сол рас екен. Бойына діріл жайылып, тәуекел мен қобалжу алма-кезек ауысып, мазасыз күйгелек күйге түсірді де, жан дүниесін орасан зор дауыл алай-түлей етіп жіберді. Ағыл-тегіл терлеп кеткенін сезіп дегбірі кеткені сонша, қара май сіңген орамалының кірін де байқамай сүртіне берді. Берік асханадағы қолын сүрткен орамалын асығып жүріп, байқамай қалтасына сала салған болатын.

Екі көзі қызда. Тал шыбықтай бұралған солқылдақ әсем тұлға естен тандырып барады. Міне, жакындап та қалды... Оның мейірімді, шуақты қара көзі күлім қағып, маржандай ақ тістері жұқа қызыл ерінге жасырынбай алақайлап анық көрінді. Ол бейне Берікке тіл қататын сияктанды да, қуаныштан талмаусыратып, «сәлеметсіз бе» – дегенге әрен шамасын келтірді.

– Сәлеметсіз! – деді қыз. Жарқын шыраймен, аққұба өңін жылы күлкі жайнатып. Бірақ кідірмей өте шықты. Ол тоқтап тіл қатар деген ойының бос алданыш болғанына қарамай, жылы шырайлы, көрікті қыз назары өзіне ауғанына шексіз бақытты еді.

– Кап! – деді ол, токтатуға бата алмай, артынан ілесе жүрудің қисынын таппай дал болып.

Әрі-бері өткендердің бәрі үніле қарап, мұның ойын білетін сынай танытқан соң, кері бұрылудан ыңғайсызданды.

«Бұл қыз мені теріс көрмес, әйтпесе жанағы ашық шырай

қайда, кешірек тағы бір соғармын», – деп өзін-өзі жұбатты.

Оның көңілі тәтті қиялға елтіді. «Мен автопаркке жандағанда, ол емханаға жол тартса, күнде орта жолға дейін шығарып салып, алдынан шығып қарсы алар едім. Бұл жалғанда армансыз жан болар едім-ау, шіркін!»

Өзінен-өзі күлімсіреді. Өне бойы жеңіл. Қанат бітсе ұшуға да дайын. Әлдекімді құшақтап, өз ойларын айтқысы, сөйлескісі келіп іздейді. Жас балаша атой сап жүгіргісі келеді.

Қилті алып, тот басқан гайкаларды құшырлана бұрағысы келгендей алаканы қышиды. Мүмкін, қуаныш лебі осы шығар.

Екі-үш қыздың сықылықтап күлісіп тұрғанын кенеттен көзі шалып, «той дегенде өлең таппас, әшейінде ауыз жаппастың» кері болса да кездейсоқ бір әзіл тапты Берік:

– Қыздар-ау, шат үндерің қандай әсем, таза еді, тағы да күліндерші, естуге ынтық боп қалдым. Естерінде болсын, бұл түлкінің ірімшігі бар қарғаға айтқаны емес, шын айтам, – деді ыржиып.

Қыздар теріс айналып кетіп қалды. Іштей қысыла сықылықтаған сиықтарына мәз болған Берік күліп жіберді. Қыздарды ықтырғанына көңілі өсіп, масайрап келеді. Шіркін-ай, қосыла күлсек қой, ішегім түйілгенше күлер едім, – деп армандады.

Бір жас әйел ыржындап тұрған мұны көріп үніле түсті де, көзі шарасынан шығып үрейлене қарады. Бұл қарастан секем алған Берік «мынау мені мас деп ойлап тұр ма өзі, көзі алайып шығып барады ғой, аяғымды түзу басайын» деп, парадта жүргендей қадап-қадап басып, кекірейіп өте шықты да, жолшыбай Жакыптың экранын көргісі келіп оның үйіне бұрылды. Жакып ауласында машинасын жөндеп жатыр екен. Бұған тесірейе қарады да:

– Бұл қандай мода? – деді назаланып, – Киімін не? Түрің не? Дәрігер қыздың сорысың ғой.

Маубас, салақ, ұялмай қалай жүрсін?

– Ей, Жакып, киімімде нең бар, сен менің Тарас Буль-

бам ба едін? Егер Тарасым болсаң, шық былай, Андрейдін жұдырығын иіскетейін. Әйтпесе, үйіме келді деп ауырсынып тұрсын ба, сен тақырсыз да таң атады, ат ізін салмай-ақ қойдым.

– Тарас Бульба оқудан келген екі баласының киімін келемеждегенін айтасын ғой. Әңгіме киімде емес, түрде. Сен массын ба, саусын ба? Үйіне жөнел, ел көзіне түспей. Түрінді көрші өзін.

– Арақ ішетін мен нақұрыс емеспін. Ақыл-есі дұрыс адам оны ішуші ме еді...

Ызаға булығып бөлмесіне келді ол. Асып-тасыған көңілге аямай су сеуіп сендірген Жакыпка қалай ашуланбасын! Орындыкка ызадан отыра бергенде-ақ қарсы тұрған айнадан өз бейнесін көріп ан-тан қалды. Шынында нақ өзі. Мұрынының ұшы. кеңсіріктің айналасы. қалыңеріннің үсті бағтасқан кара бояу – май. Кере қарысақ мандай да сау қалмаған, мойнын сүртемін деп мұнанбір сағат бұрын киген ақ көйлектің жағасын қап-қараластіпті. Қолына қарап еді, кара май екен. Жұмыста кірлегенбет орамалымен сүртінгені есіне түсті. Қалтасынанмасқаралаушы «қылмыскерді» алып шығып, лақтырып жіберді.

...Жұмбақ енді шешілді.

Дәрігер қыздың күлімдегені осы екен. Асып-сасып сүртінгені есіне оралды. Мына кейіпке қандай адам күлмес. Бойжеткендер де осыны көріп сықылықтаған, мас деп ойлап үндемеген ғой, екі беті дуылдап, құлағы шулады, ызадан еңтіге демікті.

Айтылған сөздерді ұқпайтын, ұкса да ескермейтін өзінің ақпа құлақтығын өшіге сөкті.

Жакып айтқандай «тұрмыста нас салақ, ақыл ойда олақ, салақ» екен.

Қара көзінде ой толқындары өркештеніп, орнынан ашулы тұрып, қолын қатты сілікті, салақтықты да, жалқаулықты да бірге сіліккендей болды ол.



ӨМІР ЖАЛҒАС

Түс ауа біздің ауылға Әділхан келді де:

– Кешке бір жакка барамыз. атынды алып кал,
– деді оңашалап.

Онын кайда ертіп баратынын айтпай-ак түсіндім.

– Қыс бойы қыспағы көп окуда болып, алдағы уақытта тағы да қайта барар, – жасыл жайлаудағы шексіз еркін сайтан күндеріммен қоштасып, кимас достарымнан ажырасар мезгілім таяп. көңілім құлазып жүрген маған, бұл қапысын жатбермес елеулі оқиға. Шыдамсыз сарыла күткен кеш те бұлды-ау ақыры.

Айлы түн. Аспанда дөңгеленген күміс айдың сүттей ак сәулесі. шұғылалы күнді ауыстыра алмағанмен, манайды ине жерге түсіп, жоғалса тауып аларлықтай жап-жарык етіп тұр. Шөбі сарғыш тартқан бұйра жондар ұйықтаған нар сияқты. Міне, Әділханның қызыл шырайлы. аксары жүзі бозғылттанып, қыр мұрыны көтеріңкілеу тартып, томпақ біткен шаралы қой көзі мойыл кара болып көрініп келеді. Сай табанында ирелендеген өзен әр тұстан бейне алып айна тәріздес ай нұрын шашыратады.

Бұйра белдер бұлдырланып, шексіз, шетсіз көкжиекпен астасып кеткен. Кілемдей жұмсақ қалпынан айрыла бастаған сарғыш тартқан қалың бетегедегі көлеңкеміз тіпті анық. Көлеңке Әділханның жак сүйегін сорайтып, батыр тұлғасын ірілендіре түсіпті.

Әділхан аңғал да ак көңіл жігіт. Содан болар жас арамыздың бес-алты жыл алшақтығына карамай, «бес жас бел құрдас» дегендей. сырлас доспыз. Ол менін қалада оқығанымды ес санап, үнемі ақылдасып жүреді. Қасынан қалдырған емес.

Жылқы біткеннің түнгі жүрісте түлеп шыға келетін әдетіне бағып. аттарымыз қос құлағын алға қадап. қамшы салдырмай

жүрдек болып кеткен, жортып келеміз. Ашық аспан астында, табиғат аясында сапар шегу бір тамаша ғанибет-ау!

«Жібек жалда келеді сағым ойнап,

Елегізер Әдекен жарын ойлап, -»

деп өлендетіп те жібердім. Ат маңдайы – Бұғылы. Бұйымтайымыз – Әділханның айттырған қалыңдығы Сағиланы ыңғайы келсе алып кашу, не болмаса сол күнді белгілеу. Менің қылжак өленімді елемей:

-- Қабыжан, оқуға қашан жүресің? – деді іштей шиыршык атып келе жатқан ол, жеңіл әңгімеден кашкалақтап.

-- Ел жайлаудан түскен соң, – менің даусым мұнды шықты.

-- Өттең, оқыған жаксы ғой. «Білімді мыңды жығады» деген рас. Қолдын қыскалығынан оқи алмай қалдым ғой. амал бар ма, – деп ауыр күрсінді. Көптеген кедейдің балаларына тән оның мұңын түсініп, менің жүрегім сыздады. Адам ізгі ниетіне бөгетсіз жететін болса ғой, шіркін!

Біз әңгімелесе отырып барар жерімізге таяп та қалған екенбіз. Алғашқы шықканда батырсынған көңіл ауылға таянған сайын қобалжи бастады.

-- Осы, Әдеке, қалың берген соң несін алып кашамыз? -- деп сұрадым.

-- Үлкендер анада барып, «құда, құдағиларың бірінін артынан бірі дүниелік болып, шаңырақ иесіз қалғанын көріп отырсыздар, кісімізді алғалы келдік», – деген екен.

-- Қарсылығым жоқ, қалыңмалды толықтандар да, адамдарынды алындар, – деді қайын атам.

Біздің жак:

-- Азын-аулак мал жұмсалып кетіп, қол қыскарып тұр. «ер мойнында қыл арқан шірімес» десе, аналар:

-- Ел-жұрты қайда, ағайын-туысы қайда, «итпен құда болып, бөкпен той жасамақпын ба?

-- Қалың бере алмайтын жігітке қатын не керек?» деп бұлқан-талқан болыпты. Ал, мен жалғыз атымды оған беріп, жүген ұстап қалар жайым жоқ. Өзің білесің. Атсыз жігіт қанатсыз құспен тең. Шарасыздыктан кетіп барамыз.

Катынмалын толық бере алмадым. Атам «оны бермей, сен туралы ойламасын», – депті.

– Қанша кара жетпейді?

– Біреу.

– Пәлі! – дедім, Сағиланың әкесіне деген ызамды білдірмей. – Онда алып кашу керек.

Тастак қыраттан асқанымызда алдымыздан қаз ағмыртқасын елестетер қатар тізілген ақ үйлер көрінді. Атымызды қалмақша матадық та жаяулап келдік. Біздің қалтасымыздан алдын ала хабардар болса керек, Сағила ауыл шетінде Жамал құрбысы екеуі қарсы алды. Желбегей ағмылған жұқа кара мақпал шапаны, дірілдеген денесі, бозарған жүзі, жаутандап нұр шашқан бота көзі менің назарыма бірден ілікті. Қысқа амандықтан кейін Сағила мен Әділхан онаша кетті де, Жамал екеуміз әрнені сөз етіп жүрміз.

– Сақыш! – деп жүгіріп келе жатқан Сағиланың он жауары тентек інісін көрдік.

Жамал:

– Қозғалма, – деп менің қолымнан қысты да, шолпысы шықтырап оған қарсы жүрді.

Тентектің мені көрсе істі бүлдіретінін анық білген ол, оны қас-кестеп мен тұрған жакка жібермеймін деп өршелендіріп кетті. Олардың бірін-бірі қуалап алысып жұлысканы, Жамалдың қысыла шыққан күлкісі, Сағиттың жыларман күйдегі шарасыз бакырған айғайы бырт-бырт күйсеп кеткен қойлардың біразын жылы орнынан қозғап жіберді. Қойлардың керіле тұрып мекіренгені, әр тұстан маныраған сөзы даусы естіле бастады. Шарбы бұлттан шыққан ай маңайды жарқыратты. Онсыз да қобалжып тұрған көңілім одан бетер алып ұшып, жүрегім аузыма тығылды. Мен қозғалсам бар сыр ашылатындықтан өзімді өзім әрең ұстап тұрмын. Әділхан бұл халден бейхабар. Тегі, ауыл секемшіл, сәк болар, үлкен ақ үйден ақ жаулықты әйел шыға келді де Сағит пен Жамалға қарай жүрді. Іс қиындады. Әділхан кеткен сай жакка зыта жөнелдім, енді аялдаудың орны жоқ.

Жүгіре басып келе жатып:

– Жаланаңш қалай барамын. ең болмағанда киім-кешегімді алып шығайын. – деген

Сағиланың сөзін естідім. Мен келіп ауыл оянып кеткенін айтқанымда, олар мүлдем саскалақтап қалды. Іле-шала: – Сағила! – дауыс та естілді. Аттарды көлденең тартып Сағилаға мін десек, дір-дір етіп міне алсашы. Күйеуге ит-тер үрмейді деген бекер екен, ақылсыздар шулап қоя берді. Дабыр-дүбір ұлғайды. Енді бәрі де кеш. Қашқанымызбен құтылмасымыз айқын-ды.

– Ендігі келгенімде дайын тұр. – деді Әділхан сыбырлап.

Сағиланы қалдырып, жыра-сайды қуалай ауылдан алыстай жөнелдік.

Сол түннен бастап Сағиланың жүріп-тұруына тыйым салынып, Әділхан босқа барып-қайтып жүрді. Аз күннің ішінде тез жүдеп-жадай бастады. Осы жайдың бәрін әкем естіген болар. Әділханды шақырып алды да, мән-жайды білген соң:

– Бір қара жетпесе, менің көк атымды апарып бер, – деді.

Әділхан да, мен де сенерімізді, нә сенбесімізді білмей таңдана қарап едік, алқымы ісіп отыр екен. Бұл қатты ашудың белгісі. Бет қаратпайтын ашу үстінде отырғанын ұғып, бөгеліп қалдық.

Әкем өтірік айтуды кешірімсес күнә деп ұғатын. бір айтқанын қайталап жатпайтын. аз сөзді момын адам.

Қайталап сұрауға Әділханның батылы жетпей, нә сенерін. нә сенбесін білмей жаутаңдап қарай берді. Соны түсінген әкем:

– Қабыжанның атын мінермін, ол оқуға кетеді ғой, өзін тірі болсаң бір қайтарарсың. – деді.

Біз де үлкеннің айтқаны бұлжымас заң. Оны қайталап талқылап жатпаймыз. Әділханның ат алудан бас тартуға шамасы қайдан келсін. Ал, менің езуім еркіме көнбей екі құлағыма жете бастады. Әділхан алғысын айтып далаға шыққан соң:

– Ойпырмай, ә, Төкім ағаны жаяу қалдыратыным жаныма батады, – деді кипактап.

– Жок, – дедім мен, – бұдан бас тартсаң сөзсіз ренжиді. Өмірі екі сөйлеген емес. Ашуын білесің ғой, – деп жатырмын. Бас тартпаса екен, несіз қалған шаңырақтың түтінін Сағила келіп түтетсе деген шын жанашыр тілекпен. Әділхан Бәйге көкті жетектеп бара жатқанда, оның көзіндегі жасты көрмеу үшін теріс айналдым. О керемет, менің көзіме де жас сәлді. Ер жігіттің жігерін құм қылған жоқшылық-ай! Не кетек, сонымен Сағила келін болып түсті.

Жоғарыдағы ертеде жазылған Қабыжанның қолжазбасын сенге інісі Ержан оқып шықты да, жанарынан шуақ төгіп, асыз карап ұзақ отырды. Ол ауыр ойға шомған болатын.

Ержан жастай жетім қалып, ата-қонысынан шалғайда, жайын-туыстарын көрмей ер жеткен-ді. Ата-анам қандай кезде, қалай өмір сүрді екен, соны білер ме еді, – деген сәлтен бері көкейін тескен ынтызар арманын биыл кезекті темалысында іске асырып, жаны жай тапты. Автобуста келе кезіп, жол қысқарсын деп жолсерікке жөн-жосығын айтып еді. «ел құлағы елу» деген рас екен, ағайын, туыс алдынан шырап шықты. Тіпті бір ақсары өңді, шағын денелі апай келіп жылап:

– Маржан мен Қабыжан қайтыс болғанда отымыз өшті, – деп, зар жылап ек, сонда үлкендер:

– Қойындар, Тәкеннің амандығын тілеңдер, тірі болса, бір тұяқ қалар деп еді. Сондағы қалған тұяғым екенсің ғой, – деп, сай сүйегін сырқыратты.

Тегі, адамдарда бір-бірінің отының өшпеуін тілеуден аққан ізгі тілек бар ма? Кішкене құс екем құстың ұрпағына берген махаббаты қандай үлкен, әрі шексіз. Ендеше жан десінде ұрпақ амандығын тілемейтіндер, әй, кездесе қояр ма екен? Апайдың мейірі Ержанның көңілін шуаққа бөледі. Ол, сол кісіден Қабыжанның осы қағазы сарғыш тартқан, 20-жылдардың бас кезінде жазған қолжазбасын алып ақыды. Апайының сандығының түбінде сақталып жатыпты. Отыз екінші жылы қыршып кеткен ағасының бір түнгі

окиғаны баяндайтын жазбасынан Ержан көп нәрсе аңғарып отыр. Қыздарды малға сатар зат ретінде қарайтын мешеу қоғамның жабайы салт-санасын тани түскендей. Өспес ел ғана, ананы ардақтап, қыздарды сыйлай білмейді.

Ержан әкесі мен ағасының мейірімді, ер көңілді адам болғанын біліп, бойын мақтаныш кернеді. Осылай отырғанда қонаққа шақырушы келіп ойын бөлді. Кім дейсіз ғой, естеліктегі өзімізге таныс Әділхан қарияның немересі екен. Ержанды көрген Әділхан ақсақал көзінін жасын тия алмай, үнсіз жылап, құшағынан босатпай ұзақ ұстап тұрды.

Ержан іштей өзіне: Менін дос-жарандарым баламды осылай ардақтап, әлпештер ме екен. Оларға сіңірген еңбегім, қадір-қасиетім бар ма? Тамыр-таныстарым шын мәнінде сыйлап-құрметтеп жүрме мені? – деген сұрақ қойды. Ыстық сезімге бөленіп тебіренді.

Сағила апа карттығына қарамай, келіндеріне көнбей:

– Тәкім ағаның баласына өз қолымнан дәм татқызамын, – деп шайды өзі құйып отырды.

Ержан Әділхан ағадап көп әңгіме естіді, оның ішінде жоғарыдағы жазбада айтылған уақиға айна қатесіз қайталанды. Ендеше қолжазба шындықты баяндаған болды ғой. Қазір бізге ерсі көрінер, халқымыз айтса нанғысыз қандай тарихты бастап кешкен. Осынау сәулелі шаққа жету үшін аға ұрпақ не көрмеді. Сонау адамды қор еткен тұңғыш, түнек сана, әдет-ғұрыптан, жалпы ескіліктен арылу үшін жұмсалған қажыр-қайраттың есебі бар ма екен деген ой шырмауындағы Ержанды Әділхан бөгеп:

– Е, баяғыда Тәкім аға атын түсіп беріп еді. Оның қасында машина не тәйірі! Мен разы болсын десен, ана машинаны мініп кет. Мойнымда қарыз боп кетпесін, – деді.

– Бір кезде көрген жақсылықты ұмытпай жүректе аялап сақтаудың өзі де айта жүрер жақсылық-ау, осының өзі машина мінгізуден кем емес, -- деп қалды Ержанның қасындағы жолдасы тебіреніп.

Күн артынан күн өтер, жыл артынан жыл өтер, талай із

әшіп, талай нәрсе жанарар. Бірақ үлкен жүрекке ұялаған достық, туыстық, жақсылық мәңгілік екен-ау.

– О, адамдар, бір-біріңе жақсылық, ізгілік жасаңдар. Мейірімді болыңдар, адамға тек сол ғана лайық. Жақсылық мәңгілік деп айғайлағысы келді Ержанның. Ел қорғаны болар азамат тілеген ата-ана дүниеге жаңа келген нәрестесінің зтын Ұлболсын немесе Ұлжалғас деп қоюшы еді, уә, ізгі әмір жалғас! Бұл менің шын тілерім, – деді ол.

ЖОЛДА

Алматы – Қаракемер» автобусы ыңыранып, орнынан қозғала бастаған кезінде, жүгіре басып жетіп үлгірген Ахатқа:

– Кел, Ахат, мұнда кел, ұзын адамның арбандап жүгіргені де қызық екен-ау, – деп, ашық шырай танытып Ораз өкпе тұсындағы бос орынды нұсқады. Ахат Оразбен қатар отырған Зағипаға амандасып, ығысып орын берген бейтаныс бойжеткеннің қасына отырды.

Күн көтеріле қоймаса да жаңға сая таптырмас ыстық болайын деп тұрғандай айнала қапырық. Автобус жүрісінен ескен самалдың өзі де жып-жылы. Еңіс, өрі алмасып отыратын бөктер жолдың онтүстігі – Алатаудың шөбі шүйгін. сая бакты жап-жасыл белес-белес сілемдері еді де, солтүстігі – сарғая піскен егінжай. Осы бір жасыл жаз бен сары күздің қос көрінісі жолдың екі жағын қапталдай қуалап, бірге жарысып келеді. Ахат ойын жолаушылардың барлығы терезеге ентелей үніліп, бір сәт қызықтай қалған дабыры бұзды. Ахат та еңсіз қыртыс маңдайына лайықсыз, үлкен орақ қасын көтеріп, томпақтау біткен кара көзін жұрт назары ауған жакка салды.

Қызыл-жасыл лентамен нокталанған акшыл түсті жеңіл той машинасы қатарласа сырғып келеді екен.

Екі жастың ең аяулы, салтанатты, кіршіксіз шағын жалау еткен нокталы машина:

– Уа, ізгі парасатты адамдар! Біздің мынау бір шуағы мол, берері мол, күндей жарқын қуанышымызға ортақ болындар», – дегенді үнсіз айтқандай оза бастады.

Зор тұлғалы сарыала автобус та:

Бакытты болындар, бакытты заманның перзенттері! Бакыттарың баянды болсын, – дегендей, ак тілеулерін іштерінен айтқандай, кейін іркіліп қала берді.

– Бұлардың ата-анасында арман бар ма екен?! Осы ай тойын тойлап, ұлын – ұяға, қызын кияға қондырса қандай ғанибет! Бастарына не зор келетінін білмеймін, ел аман. Жұрт тынышта, ит басына іркіт төгіліп жатқан баршылықта елге күлкі боп, қашып кетіп жатқаны кейбіреулердің, – деді өз-өзіне.

– Қалыңмалы да болсын дейсің ғой, – деп, Ораз шап ете түсті.

– Қалыңмалды айтып отырғаным жоқ, өзінің болашақ шаңырағын қастерлеп, алтын босағасын парасатты аттауын айтам.

– Сонда қалай? Парасат таксиге мінуде ме? Өзін жаяу-ақ келмеп пе едің? Кімнен кем болдың?

– Ойпырмай, «бас десе құлак» деп, «бүйректен сирақ шығарып» отыратын әдетінді қашан қояр екенсің? «Сүтпен біткен мінез сүйекпен кетеді» деген бекер емес-ау. Сонда қыз-жігіт сиыр басты, адам аяқты болып, қол ұстасып кете беруге бола ма. Иба, перзенттік парыз болмауы керек пе екен?

Әрқайсысы өзін жөн деп ұққан және жеңбей тоқтамасқа бекінген, шал-кемпір таласына көңіл аудармай терең ойға шомып кетті Ахат.

Үйлену тойы бір қалыптан шыққандай болуы қайда! мүмкін бола қойсын. Өзінің үйлену тарихы күлкілі емес пе еді... Құтты күні:

– Аяқтанғаныңды көріп өлсек арманымыз жоқ. Үйге келін түсір, – деп, құлак етін жейтін әке-шешесі бұдан ешқандай талпыныс көрмеген соң, шабуыл бағытын өзгертіп, жолдастарына соқтығып барып, тапсырған еді. Бір күні екі досы келді де, мұны ала жөнелді.

– Ау, қайда барамыз?

– Демің ішінде болсын, – десті олар, – ақсақалға келін түсіру үшін қыз таңдаймыз.

– Естерін дұрыс па өздеріңнің? Топталып қыз таңдағанды сендерден көрдім.

– Біздің есіміз әзір дұрыс. Ал, сені білмейміз. Неге осы

уақытқа дейін кемпір-шалды зарықтырып үйленбей жүрсін?

– Аянайың деп жүр ме екем. Жұмыстан қол тимей жатқан жоқ па?

– Онда бүгін қолың бос. Аянба.

Ал, жөндерінді айтшы, қайда барамыз?

Саған қалыңдық алып қашамыз.

– Не дейсіңдер-ей, сотты болар жайым жоқ. Өздерің мектеп көрмеген сияқты қалай-қалай сөйлейсіңдер?

– Қыз разы болса, соттағаны, сол, қуанар.

– Ол кім өзі? Кімді алып кашпаксыңдар?

Шамшияны.

Жүрегі лүп ете қалды. Сырттай аялап, ұнатып, тіл қатушы ретін таба алмай жүруші еді, онда жөн болған екен деп, қуана ойлады.

Не керек, ақ сұр «Волга» кері зымырағанда алдаумен түсті ме, әлде зорлаумен түсті ме, артқы орындықта екі досының арасында Шамшия солқылдап жылап келе жатты. Қыздың туған үйінен шығарда сыңситын әдетіне жорып еді, – жоқ, олай болмады, ауылдан ұзаған соң қоюдың орнына өршеленіп барады. Өзі үшін ең аяулы жанның зар дауысы тобе құйқасын шымырлатып, сай сүйегін сырқыратты. Ет-жүрегін жауыз қол мылжалап жатқандай...

Ауылға кіре бергенде қыздың жылауынан секем алып, алдағы болмай қоймас соттан сескенді ме, әлде қыз-жігіт ауызша сөйлесіп ұғыссын деді ме, екі досы машинадан түсіп қалды. Олардың не деп қоштасқаны есінде жоқ. Құлағында жылаған дауыс. Ол Шамшияны жалғыз қалдырмай, оның қасына алдыңғы орындықтан тұрып баруы керек еді, қозғалуға дәрмені жоқ. Қыз жылағанын үдетпесе бәсеңдетпеген.

Өз үйінің қарасы да көрінді. Шамшияның жылағанына көңілі босап, елжіреді ме, жоқ біржола көрместей боп ажырасарына көзі жетіп күйінді ме, оған қосылып өзі де жылап келеді екен. Жастық-ай десеңші!

Осы күнге дейін құрдастары үнемі еске алап, ұялтып жүр. Кенет есін жиып, машинаны тоқтатты да:

– Кері бұр машинаны, – деді, жүргізуші досына қатқыл ауыспен бұртандап. Бәріне машинаны бір ауыз тіл қатпай, барлық бұйрықты мүлтіксіз орындап келе жатқан дәл осы Махан кінәлідей.

Қарадай қысылған Махан:

– Оу, бұларын не? «Ашу – алды, ақыл – соңы» деген, Шамшия ақылға келер, ел-жұрт тосып отыр ғой. Тебісіп өскен бір жылдың төлі емес пе едік, ізгі ниет, ақ тілеудің істінде сонша шала бүлінгендерің не?! – деді.

Бірақ Ахат көнбеді.

– Жалындырған дос болмас, – дей берді. Машина кері бұрылып, ауылдың шетінде қалған бағанағы екі досының асына келгенде, Ахат машинадан түсті.

Олар алыстан бакылап күтіп тұрыпты.

– Үй, ез.

– Шірік неме, – десіп, бірден қатты сөккен сөздер Шамшияның құлағына шалынды.

Сүмірейіп тұрған Ахатқа көзі түсіп, аяп кеткен еді сонда.

Денелі, тұлғалы жігіттің өзімен қосыла жылағаны көз алдына елестеп, іштей жымып, оның мейірімді жүрегіне, ершіксіз көңіліне сүйіне разы болған-ды... Сонымен, өлгену туралы ой мүлдем доғарылып, жұмыс қызығы осы бір көңілсіз оқиғаны ұмыттырып та жіберген болатын.

Бір күні түскі үзіліске келсе, үйіне ағайын-туыс, көршілері келіп, абыр-сабыр жұмыла жұмысқа кірісіп жатыр.

Қара қазаннан қызара қабырып шыққан ыстық бауырсақтар кең дастарқанға мол төгіліп, жаңа көрпелер төселіп үй салтанатты түрге еніпті. Ахат жұмыс киімімен ағары шығуға көрпелерді аяп, босағаға отыра қалды да ыстық бауырсақ алып жеді. Ойында ештеңе жоқ. Шірікін, ағайын-туыс өстіп ажарқын араласып, барды бөліп-жарып жеткенге не жетеді, мәз-мәйрам. Ыржалақтап, жеңгелерінің қолжындарына күле береді. Бұл қызу қарбаластың себебі – бұл екен. Жакында «Еңбектегі ерлігі үшін» орденімен марапатталып, газетке суреті шыққан болатын, соның қуанышын ағайын-туыстарымен бөлісу үшін әке-шешесі кіншігірім той

жасау қамына кірісіп, қонақтарды шақырып та қойыпты. Осы қуанышты күні жүрегін шексіз бакытқа бөлеп Шамшиядан хат келді. Ахат хатты жүрексіне ашып, оқып, бетінің ұшы дуылдады. Былай жазылыпты:

Ахат! Еңбектегі табысыңмен құттықтаймын. қуанышына ортақпын. Өткендегі бейбастақтықтарың үшін кешірім сұрап деп күтіп едім, бірақ үмітім ақталмағаны өкінішті. Қоғамның да, жеке адамның да мәдениет дәрежесін әйелдерге қатынасынан айқын көруге болады. Әйелдерді ардақтап қорғайтын және ілтифатпен қарайтын заңы бар мәдениетті бүгінгі қоғамымызда жабайы қылықтарына жол болсын. Шығыс әйелдерінің ішінен тұңғыш батыр атанған Әлия мен Мәншүктің сіңлісін қор санаған қас надандықтарына жаным күйгендіктен көз жасыма ие бола алмағанымды әлсіздік деп түсінбе, көздерінді ашуға болатын еді, бірақ сеніңмейірімділігің ашуымды тежеді. Мейірімділік –ізгілікпен жақсылықтың, адамгершіліктің бастауы. Мәдениетінді, сананды көтеретіндігіне сенемін...» деп жазыпты. Осы жазда ҚазГУ-дің заң факультетіне барып, емтиханнан өте алмаған Шамшия ауылда жұмыс істеп жүрген-ді. Ахат көп ұзатпай кешірім сұрап хат жазды. Өзінің ертеден шын сүйетіндігін айта келіп, осы жақсы көру алжастырғанын мойындады. Сөйтіп хат жазысу басталып, оның соңы ортақ шаңырақ көтерумен аяқталды.

Солан бері бакытта өмір сүруде. Тұңғыш балаларын кемпір-шал бауырларына басты. Баланы беруге Шамшия көніккіремеп еді, абысындары:

– Таудай ғып Ахатынды өсіріп берген ақсақалдар немересін баға алмай ма? деп тыйып тастады.

Шынында да, кемпір-шал бұлардан мығым шыққаны емес пе... Олар тәрбиелеген бала қазір астанада оқуда. Ахатым аяктанса о дүниеге кете береміз деген әке-шеше енді немересін аяқтандырудың үлкен жоспарын жасап жатыр.

Ал, өзіндегі баласы ондай емес: үлкендер сияқты тәжірибесі жоқтықтан, тұмшалап ұстап, әлжуаз етіп өсірді. Денсаулығының әлсіздігінен бе, әлде тамағын, киімін, оқуын

қадағалап отырмағандықтан ба, әйтеуір оқуға қырсыз, сөзді де жүре тыңдайтын шолжан, берекесіздеу болып ержетіп келеді. Оны жұмысқа баулып әктер, бақыты кем болмас, бірақ мына білімділердің мерейі үстем заманда оқуға қырсыздығы көңілді ортайтады-ақ. Қалған кішкенелері сайдың тасындай. «Бір биесден ала да, құла да туады» деп қояды білетіндер.

Міне, осылай үйленіп еді.

Әңгімені мүлде естімей, өзімен-өзі болып окшау халде отырған бойжеткеннің бар ықылас, ынтасы терезенің ар жағына ауған. Тәтті қиялға шомып, айықпас ойға батқан калпы бар. Қарақат көзі мөлдіреп, бір сәт торғын тамағы болар болмас дірілдеп, білінер-білінбес жұтынып қойды.

Ахат та осы шақта өзінің терең дем алғанына ыңғайсызданып, демін ішіне тартып қалған-ды.

Ахаттың ойының көкжиегінде бұлттар шыға келгенін қасы-көзі-ақ айтып тұр.

Ол той машинасы туралы қайталап ойлады ма? Әлде сол машинаға ынтызар қалыппен қараған мынау бейтаныс арудың көктемдей құлпырған, бұл күнде Ахат үшін қол жетпес арман, оралмас жастық шағын ойлады ма? Әлде мынау жолдың екі жағында қапталдай жарысып келе жатқан күз бен жаз суретін ұялатқан алқапқа қарап жазға өзін, күзге Оразды ұқсатып уақыт тұңғығына бойлады ма екен, кім білсін?! Әйтеуір, жүректің нәзік қылын шертер осындай кезге өмірдің көктемін басынан өткізіп, алдында күзі бар адам белеске көтерілген жолаушыдай артына қарап, артық-кем кеткендерді салмақтап өлшеуі даусыз.



БІР ТҰТАМ ҚУЛЫҚ

Ержан асығып жүр. Бүгін сенбі, қайтсе де Семейге жүруі керек. Бар жұмысы биыл институтқа түскен тұңғышы Мәдиді көріп қайту. Үйден ұзап шықпаған ұяң, бос белбеу бала еді. Қарны ашып қалмады ма, жаңа ортаға үйрене алды ма, жок па деген күмәншіл көңіл маза бермей қойды. Жұмысбастылықтан жай күндері онша білінбегенмен, сенбі, жексенбі күндері тіпті қиын. Баланың орны үнірейіп, көңілін құлазытады. Тықыршып, үйге сыймай не істеп, не қойғанын өзі де білмей, жүрегі сағыныштан сыздайды. «Бала деген бауыр ет» деген рас екен. Зайыбы Жамал:

– Не көрінді сонша, балаң соғысқа кеткендей болғанын не? Өз құрбыларымен бірге жүргені ғанибет емес пе. Елдің баласы да жүр ғой. Олардан несі артық. Қылышын сүйретіп қыс та келе жатыр. Арсы-гүрсі болғанша, есік-терезені бүтіндеп, қыстың қамына кіріссеңші, – деп, шапқылап баруына қарсылық білдіріп келеді.

Е, қыстың қамы қайда қашар дейсін. Жамалдың сөзін елемес еді, қырсық шалғанда жолға шығудың бірде-бір сәті түспей-ақ қойды. Шыдамның да шегі бар. Бүгін не қылса да жүретінін Жамалға ескерткен. Асығуы осыдан еді. Элеваторға бидайды күндегіден бір-екі рейс артығырақ тасып тастап, көлеңкеде машинасының қажалыңқырап ескірген бөлшегін шұқылап тұр еді. Көптен ойында жүрген, табылмаған сол зәру тетікті бірге істеп жүрген Есеннің қолынан көріп:

– Ау, Есен, андағыны қайдан алып жүрсің? – деп қуана сұрады.

– Тап қазір қоймадан алдым, – деген жауапты естігенде есі қалмай қуанған ол, машинасын тез от алдырып, үміт-сеніммен қоймашының ауласына асығып жетті.

Бірақ қоймашы аузын қу шөппен сүртіп, мұның көңілін басып тастады.

– Бізге жаңа деталь түскен жоқ. Азық-түлік магазинінен азық деп жүр ғой осында біреулер, барып көр, – деді.

Ержан бұл шығарып салма сөз емес пе деп, отқа пісірген картоп сияқты қоймашының бетіне қарады да, ештеңе емес армады. Сақалды басымен өтірік айтпас деген тоқтамға келді.

Ол магазинге келсе, сатушы жалғыз екен.

– Аға, сәләматсыз ба, үй ішіңіз аман ба? – деп Ержан сәлем берді.

– Аман-есен, өздерің амансыңдар ма? Иә, жол болсын.

– Сіздің магазинге машинаның бөлшегі түсті деген соң келдім.

Сатушы көзәйнегінің үстінен сүзіле біраз қарап тұрып:

– А... не дейсіз, кімнен естіп келдің? – деді таңырқап.

Қою кара шашын артына қайырған тобылғы өңдес жігіт қасының орақ қасының астындағы танакөзінен ешбір сыртқа, жалғандық таба алмады. Қыр мұрынының үсті тершіп, аңғал-саңғал қалпымен ықыластана өзіне қарап тұр. Сатушының «Кімінен естіп келдің» деген сұрағын қысылыққа жорыған Ержан қажетті бөлшекті Есеннің қолынан көргенін, қойма меңгерушісі осында сілтеп келгенін баяндап берді.

– Е... – деп, ұзақ ыңыранды жүзін күлкі жайнатқан сатушы тартпадағы ақшасын реттеп жатып. – Ол жаңылып, ана жеміс-жидек дүкенін шатастырған ғой. Бізге ондай зат түспейді.

Орта бойлы, қазандай басты, шойын кеудеге жапсыра салғандай бір мойын, қақпақжауырынды Ержанды сатушы қылы шыраймен шығарып салды.

Ержан дүкендерге сирек келгенмен, осы өңірде туып өскендіктен сатушыларды жетіатасынан бері білетін. Ержанның шапқылап жүрген жайын естіген жеміс-жидек магазинінің сатушысы:

– Қалқам-ау, ол заманда 69-жыл заман азық-түлік, жеміс-

жидек дүкеніне машинаның ұсақ бөлшегі түсуші ме еді? Ана койма менгерушісі жездесініп қалжындаған ғой, не болмаса азық-түліктен бірдеме ала кел деген ишарасы шығар, – деп ұғындырды.

Көк каска зор машинаның кабинасынан түтеп түскен. Ержан койма менгерушісіне келіп:

– Бұл қай еріккенің, адам бір қолын екеу ете алмай жүрген қарбалас шақта осынша

сандайтқанын не? Бағанадан бері бір рейс жасайтын едім. Дәметкенің болса, жұмбақтамай ашып айтпадың ба? – деді.

– Ау, не болды сонша даңғырлап, жұрттан естігенімді айтқаныма жазықтымын ба? Елдің сөзіне сендім. Малтүгел атаңнан басқа адам сөзге алданбайды деп пе едің? Баяғыда сол атаң сөзге еріп, түз еккен. Неғыл дейсің, мен де сендім.

– Осы Малтүгел атамда нелерің бар, ағайын. Бос сөзді қоймайсыңдар ма? Тірімен тіріні шағыстырып жүргендерің жетпегендей, өлі мен тіріні шағыстырғандарың ұят емес пе? Адам азғанда осылай азады екен ғой.

– Жә, болды, тулама. Қайта атанның аты өшпегенін мақтаныш ет. Сен кете салысымен мына бөлшектер келіп түсті, керегіңді ал, – деп, койма менгерушісі оның алдына сұраған машина бөлшегін тастады. Бірақ күлкісін тия алар түрі жоқ.

– Неменеге мээ боп тұрсын? – деді ашуы тарқамаған Ержан.

– Күлгіден айырмасын. Жаңа Малтүгелдікке күлмей кайтсін, азық-түлік магазиніне машинаның бөлшегін іздеп барған бұрынды-соңды тек қана өзіңсің, – деді қойманың жүкшісі мұртынан күліп.

Ержан:

– Түу, өнкей қырт, сендерге дауа жоқ, – деп жерге түкірді. Сендей қырттарға өз заманында ұлы Абай да ем таба алмаған.

Ержан үйіне сөйлей кірді.

-- Жамал шайың әзір ме? Мен поездан кешігіп қалмайын. Тездет. Баланың да екі көзі төрт болып мені тосып, жолға

Ақтандап қарап жүрген шығар. Қой, әлде шай ішпей-ақ кетсең бе екен. Шай деп тағы жүрс алмай қалармын.

Уақыт бар ғой әлі, болмағанда таңдайынды жібітіп ет. Жол бойы шөлдеп басың ауырар.

Қапырық вагон ішінде бес сағат оңай болмас, батыр. Төртеп шыққандай түрінді көріп ұлын шошыр. Жуынып-шайынып, шөлінді басып адамша жолға шық.

— Қашанда айтар сөзің осы. Сені тыңдаймын деп, поездан кешігемін де жүремін. Мен жуынуға кеттім.

Жамал Ержанның стол үстіне қалдырып кеткен қол сабатын алды да, дереу алға жылжытып қойды. Әр сенбі шайын осылай қулық істеп жүр. Ержан шайын ішіп болып, сабатына қарайды. Өз көзіне өзі сенбей, қабырға сағатымен тексеріп, уақыттың зымырап өте шыққанына таңырқап, қинайды. Поезга үлгірмейтіні анық. Жолға шығу келесі сенбіге келеді. Сөйтіп жүріп қыркүйек айы өте шықты. Қазан айы таусылуға шак. Ержанды Семейге жібермеудің құпия тәсілін таппақ Жамалдың қулығын, оның адамға құлай сенетін әдетін аңартпай жүр. Ержан жуынып, киімін ауыстырып ас үйге көтергенде, қуырдақтың табетті ашар бұрқыраған жағымды иісі мұрынға келді. Қарны ашқан екен. Шай келгенше қолын саяға жер таппай, домбыраны гүл қойған терезенің қасына отырып күмбірлете шертті. Күй ырғағына соншалық беріліп, көмең түсірген басын көтергенде, гүлдің бұрылып қалғанын байқап, қайран қалды. Күйді бар екпінімен қызулана тартып анықтап қарап еді, гүл одан әрі бұрыла түскен. Аңғарып тағайып құбылыс. Апыр-ау, музыка тыңдаған сиыр әдеттегіден көп сүт беретінін, ультра дыбысқа ұсталған бидайдың шығымдылығы артатынын таяуда оқып, сөз етіп еді-ау. Мына гүлдің де күй тыңдай алғаны ма? Күнбағыстың күнге қарап бұрылғанындай, маған қарап бұрылғанын қарашы деп таңырқаудан есі шықты. Ол өсіп тұрған гүлді ылысымен теріс қаратып қойып, домбырасын Қайта шертті. Күйдің шырқау шегіне жетіп, басын көтергенде, гүл өзіне қарай бұрылып тұрғанын көрді.

— Жамал! — деп дауыстады.

- Не? – деді дастарқан жасап жатқан Жамал.
- Сенесің бе, сенбейсің бе, кереметті кара, мен күй

Шертсем мына гүл маған бұрылып, қызық болды.

- Ей, қойшы әрі, жоқты айтпай.
- Шын, нанбасаң өзің келіп қор.
- Ал, кәне қарап тұрайыншы.
- Тұра тұр, гүлді алдымен теріс қаратып қояйын.

Ержан бар ынтасын салып боздатып күй тартып отыр. О, керемет, гүл шынымен бұрылды. Екеуінің таң-тамаша қалғаны сонша тіл қатпай бастарын шайқап, ой үстінде біраз отырып қалды.

Бұл үнсіздікті амалсыздан Ержан бұзды. Ол бір орында отыра алмай:

– Шайынды әкеле бер, мен қазір келемін, – деп далаға шығып кетті де, іле-шала көрші тұратын, жеміс-жидек дүкенінде сатушы ағасын қолды-аякқа тұрғызбай ертін әкелді. Болған уақиғаны қайта-қайта айтып аузының суы құрып тұр. Қайнаға келінге қарап еді, сыры кетсе де, сыны кетпеген келінінің жымнып қана теріс айналуы көңілге күдік ұялатты. Күй қайта тартылды. Босағада сөз тыңдап тұрған алты жасар Қабыл жетіп кеп:

– Көке, көке, мамамды кара, гүлді бұрып жатыр, – деп айғайлап жіберді. Сонымен жұмбақтың сыры ашылып, өзінің оңбай алданғанын ұққан Ержан ашумен атып тұрып, домбыраны шоқпар қып тұра ұмтылғанда, Жамал далаға ата жөнелген-ді. Ержан үйді айналдырып қуалай берер ме еді, қайтер еді ағасы келіп тоқтатпаса.

Шала бүлінген ол шайын ішпестен вокзалға келе жатып сағатына қарап еді, поезд кетіп қалыпты. Товарныймен болса да барармын деп ойлап келсе, кассаның алдында билет алушылар кезекте тұр. Поездың жүру кестесі өзгерген бе, бұл қалай деп кезекке барып тұрғанда кестенің өзгермегенін, ал өзінің сағатының алға жылжып кеткенін білді. Бұны істеген Жамал екені анық. Осылай жолдап қалдырып келген екен-ау. Апыр- ау, адамдар не боп кеткен? Өтірік айтпаса, біреуге күлмесе іштері кебе ме екен? Ертеде ғой, радио,

теледидар жоқ кезде ермек-күлкі үшін Малтүгел атамзды алдаған шығар. Қазіргілері не?! Ауыр оймен жүрдек поездға отырып, Семейге асығып келеді. Жұмсақ төсекте баласымен киялында сөйлесіп отыр.

– Жан балам-ау, мені алдамаған кісі қалмады. Сеннен басқаның бәрі алдады. Тек сен алдай көрме мені. Сенін алдауың менің ажалым боларын біл. Кішкентай ғана, сұлыным менің, болашағым, күнім, жарығым! Басқалар алдай берсін. Күле берсін, мейлі ғой, сен алдама! – деп сүбірлеп бара жатты.



ТАҒЫЛЫМ

Сағит атайдың үйіне Ахмет аға екеуміздің келе жатқанымыз –мен қиратқан терезені қыршаңқы кожасы келгенше, бүтіндеп үлгеру.

Ал, Сағит атайды жақтырмауымның өзіндік себебі бар.

Осы таяуда Сағит ата құлынды құла биесін жорғалатып, біздің ауланың қасынан өте бере кілт тоқтады да, салқын, көлеңкелі, көгалы мол саяда кешкі асты ішіп отырған бізге жалт қарап,насыбайын шырт түкірді. Ағайымның сәлемін де алмастан, көкшіл сирек сақалы шошаңдап, сөйлеіі жөнелді:

– Ау, Ахмет, әкеңе тартып саятшы болайын дегенбісің? Қыраның қайырлы болсын! – деп есіктің алдында жүрген күрке-тауыққа қарады. Майы жылтыраған қызғылт жүзі, шуағы мол күнінің сәулесіне шағылып, жасара жайнап, айқын мысқыл күлкіні таптытты.

– Тіріні қойып, өлімен алысайын деген екенсің, Сағит. Ахмет әкесіндей саятшы болса, несі бар, болар. Соған жеткізсін! Бірақ қымызға су қосып сатпас, – деді әжем зілді.

– Келіңіз, келіңіз дастарқанға, -- деп, оршынап түрегелді Ахмет аға. Сіздің жасыңызға жетіп, сіз сияқты 120 сом зейнетақы алсам, сөзсіз саятшылық құрамып. Сағит атапын шүңірек, қысық көзіне түсіре кінген қалпағының астынан болымсыз екі от жылт ете қалды да:

– Е, е, саятшылық етсең естерің, әкеңе үксап мұрның сәңрейіп, аузың опырайып тұр екен, – деді асықпай әр сөзін салмақтап.

Денем ызғардан тоңғандай, болар жайсыз қақтығысты алдын ала сезіп, шошына дірыдей бастадым. Өйткені, Сағит біздің шаңырақ үшін ең ардақты атамды қасиеттемей, құрдастығын бұлдап, орынсыз сөзге қыстырып жатыр. Атам туралы әжемнің әңгімелерінен көп білегінім сонша, маған ол кісі соғыста құрбан болмаған, көпхаз егіетігінде

жүрген сияқты елестейтін де, әжемдей мен де сағына күтіп жүретінімін. Өзімнің атама тартқаныма іштей мақтанамын, балырақ үлкен, шаралы көзім, тәмпіштеу мұрным, шығынқы шықшытым айнымапты, тек қуандығым ғана әжеме келеді екен. Мен әжеме қарап едім, өні қашып сұрланып отыр.

Ақ патшаның саркытын ішкен қу, Ахметтің әкесінен садаға кет. Өмір бойы жеңілдің асты, ауырдың үстімен жүргеніңе кісіліктенемісің. Әдірем қал! – деп әжем ұзақ тарихқа бет бұрып бара жатыр еді. Сағит ата кимелей жөнелді:

– Е. мен көрген Микалайды сен көрмеп ең, қу құзғын? – деді шімірікпей.

Сағит әр түрлі амалмен соғысқа бармай қалады. Соғыс комиссариатына бірде көзіне насыбай құйып, бірде темекі әзіп ішіп барыпты. Ол кезде майданға ер- әйел өздері тіленіп кетіп жатқанда, Сағит тақыстық жасап жүр деп кім ойласын. Дәрігер емдеп, әлек боп әскерге жарамсыз деп құрлық берген. Бірақ бұл жуса кетпес, өмірлік таңба болып қалды. Соғыс біткелі отыз жылдан асып кетсе де, замандастары осы бір ел басына ауыр күн туғандағы пасық, опасыздығын кез келген жерде бетіне салық қып басып келеді. Әжем де көпке мәлім сол жайды қозғап, бетіне түкіргендей болып отыр. Ал, Сағиттың қу құзғын деуі – құзғындай ұзақ жасап, қайтыс болған Ахат ағайымнан бұрын өлмедің, күйеуіңді, баланды жұтқан жалмауызсын дегені. Жарыса сөйлеген сөзге күрке тауықтардың қанатымен жер сызып, айбат көрсете айғайлағаны қосылып еді, семіз құла бие шекесінен қарап, шошына асырды. У-шу.

Үлкендердің әзіл-шыны аралас ауыр сөздері жүрегімді жаралап, тынысымды тарылтты, әжемді аяп көзіме жас толды. Әкем Ахметтің ағасы Ахат көкем қайтыс болғанда:

– Ауысқан құдай, сорлаттын ғой, менің жолым емес пе еді. – деп, бөлекше қайғырып, көп жылап, құдайға да тіл тигізуден қаймықпай, егіле зар еңіреген ол, қазір үнемі:

– Е. жаратқан, Ахметімнің алдында ал, – деп тілек тілеп жүр.

Біздің көңіліміздің терезесін сындырған Сағит кәрия кеткен соң, апам ағайыма қарап:

– Әкеннің атын шығарар жақсы ұлсын ғой. Әкен бүгін көрінде бір аунаған шығар, – деді мұнайып. Содан бері Сағит атадан көңілім қалып, жек көріп кеткендіктен, оның үйіне барғаннан гөрі, әп жыланға қарсы бару жеңіл болып келеді.

Шарасыз күйде келе жатып, сол бір қақтығыстан кейінгі ойларымды есіме алдым.

Ең ақыры жәй ойын-әзілдеріне дейін қасындағы жолдастың көңіліне шуақ төгіп, күш-жігер беретіндей болса, өзіңнен бұрын өзгені ойлайтын болсаң, мәдениетке кадам бастым деп есептеңдер, – деген сынып жетекшіміздің сөзі есіме түсіп, Сағит ата осы күнге дейін қалай мәдениетсіз, жазықсыздан-жазықсыз кісінің көңіліне неге қаяу салады? Жақсы мен жаманды аз көрмеген осынау ғұмырында мәдениетті үйренбеуі неліктен, әлде ұстаз алдын, мектеп тәрбиесін көрмегендіктен бе? – деген сұрақтар мазалап, жолдастарыммен бөліскен едім. Дегенмен өзгеден бұрын өзін ойлайтын адамдардың, оқысын-оқымасын мәдениетсіз болатындығы мәлім еді. Ендеше адам өзімшіл болмағаны жөн. Міне, ағайым екеумізге әйнек көтергізіп келе жатқан да, сол ізгі сезім.

«Даудың басы Дайрабайдың көк сиырынан басталды» демекші, көңілге кірбін ұялатқан қақтығыстың басталуында тілге тиек болған күркетауықты, Сағит атаның өзі сияқты тілінен зәр тамған келіні Биғайшаның сөзі үшін алып едік. Сол іркілдек денелі Биғайша осы көктемде, біздің үйдің қасына келіп «жеңгеме»:

– Әй, катын, байың кашаннан құстың тілін білуші еді. Ана жакта күркетауықпен мұндасып, сенін жүріс- тұрыс, амандығынды сұрап тұр, тауық құрлы қадірі, қасиеті жок бұл катынға айтты не, айтпады не, – деді, әдейілеп келіп. Бұрынғы замандағы дауды сатып алып дауласатын, содан ракат табатын даукестер сияқты, соқтығар адам іздейді де жүреді.

Ағайым көктемгі егіс жұмысына байланысты үй бетін

көрмей кеткендіктен. сағынып жүруші ем. Биғайша көрсеткен жакка жүгіре жөнелдім. Міне, шарбакка асыла карап, ыскырып тұр. Күнкакты өні онан бетер күренітіп кеткен. Мені көріп, қысыла күліп, егісті мерзімінен бұрын аяқтап, қайтып келе жатқанын айтты. Шарбактың ар жағында, басы қызылды-жасыл, үлкен құйрығын желпуіш тәріздендіріп тік көтеріп, дүрдиген канатымен жер сызған айбарлы күрке-тауық селкілдеп, қалшылдайды да, ауық-ауық айбаттанып, ашуға булыға айғайлайды.

– Ашулануын көрдің бе, Марат, ызакорлық та күлкілі-ау, – деп күлді ағайым.

Біз күрке-тауықтың ызакорлығын қызыға тамашаладық.

Ертеңінде тәтем үш күрке-тауық сатып әкелді. Бұл – қырық жылдан соң біздің аулаға енген құс баласы. Оның сәбебі, әжем асыраған тауығының саңғырығы атамның бәйге атының жеміне араласып кетіп, өлтіреді де, іші удай ашып қамыққан атам тауық атаулыны жек көріп, қайтып ұстатпаған.

Күрке-тауықтарды көріп қуанғаным сонша, ешкімнің еңсқауынсыз оларды күтуді өз міндетіме құлшына қабылдадым. Екі күрке тауық ұя басып, екі-екіден балапан шығарғанын естігенде, ағайым қайран қала тындап, ұяларды барып көрді. Мен жылы болсын деп, ұяның біреуінің астына бұні қалың қойдың терісін, екіншісіне тактай салып едім.

Өте ыстық болғандықтан жұмыртқалар шіріп кеткен екен. Бұл жерде табиғи заңдылық бұзылған. Ұясын өздері қасағанда, жиырма-отыздан балапан шығарар еді. Биология-ны нашар оқыған екенсін, Марат, – деп, ағайым балапандарға сарады.

Бұның балапандары қаз, үйрек, тауықтың балапандарынан мүлде бөлек, ерекше әдемі болады екен. Оның үстіндегі нәзік те айқын ою-өрнегіне караудан көз тоймайды, бейне түлге карағандай көздің жауын алар күдіретке қарай берумен жалықпайсыз. Сол балапанның біреуі анасының бәйек бұлып шақырғанына құлақ аспай, басқалардан бөлініп, өз бетінше қанғып, лағып кетіп жүрді. Токтының тентек бо-

лып ауырғанын көргенмін, бұ да сондай ауруға шалдыққан шығар деп топшылап, ағайыма айтып едім:

– Тауықтың балапаны жұмырткадан шыға салысымен енесінен бөлінсе – ол өз шешесін танымайды, стер үш күннен кейін бөлінсе, миллион тауықтың ішінен өз енесін ажыратып танитын көрінеді. Балаға да бір жыл ішінде дыбыс естіртпесе, оның тілі шыкпайды екен. «Ұяда не көрсе, ұшканда соны алады» деген мақал да осынедай құбылыстан шыкса керек. Білместіктен балапанды ерте алып кеткенсің, ол өз шешесін танымай тұр, өмір бойы тани да алмас. Анасыз өсу, әрине қиын, – деді ағайым. Рас, ол балапанды шешесінің тарбиған аяғы, ебедейсіз түріне қарап, басып, мыжып тастар деген оймен жұмырткадан шыға салысымен, үйге алып кетіп едім, айтқандай-ақ, көп ұзамай лағып жүріп өлді. Күркетауыққа енді тамашалаушы ретінде емес, зерттеуші ретінде ықыласым ауды. Күркетауық та балапанын шақырып, аялап, кейде ұрсып-ұрады екен. Мұның бәрі мен үшін белгісіз жайлар еді. Бірде арықтағы суға балапаны түсіп кетті. Сонда анасының шырылдағанын көрсеніз. қайран қаласыз, судан шыққан балапанын қуып жүріп ұстап, бір сағаттай бауырына басып, жүні құрғағаннан кейін босатты. Қыл аяғы құста да мейір бар.

– Допты қай жерден теуіп едің? – деп сұрады ағайым. қолындағы әйнекті көгалға қойып жатып. Үш-төрт жыл қатар келген құрғақшылықтың есесіне биыл жауын-шашын тіпті мол болып, өмірі шөп шықпаған жерлер де көгеріп көктеп, құлпырып кеткен еді. Мен доп тепкен жерімді көрсеттім.

– Үшеуі бір өзіме жабылып аттатпады, бізден ешкім жоқ. сыртқа тептім, әттен жылдамдығымды арттырсам, – деп шынымды айттым.

– «Ашу дұшпан, ақыл дос» деген осы, – деді ағайым ойла-нып, – оқыстың көбі ашудан шығады. Сол үшін күркетауықтың ызакорлығын күлкі еттік. Жылдамдығынның жоқтығы жасында көп ауырғанынан ғой. Өзіңді шынықтыра бер!

Шынында, мен жасымда әртүрлі аурумен көп ауырған екенмін. Ең алдымен өкпеке суық тиеді. Онда емшекте бол-

сам керек, сақылдаған сары аязда машина бұзылып, далада калыппыз. Онан кейін ағайым ойнама десе де бір мысықпен ойнаймын деп сары аурумен ауырдым. Кейінгілері де толып жатыр. Өте әлжуаз болып өскен мені дене тәрбиесі шымырландырып жіберді. Қазір бұрын дымкес болған бала деп ешкім ойламағанмен, сол аурулардың әсерінен ұзаққа жүгіре алмаймын.

Сағит ақсақалдың биік, жасыл қақпасын Рүстем ашты. Үйде Рүстемнен өзге ешқайсысы болмағаны мені қуандырды. Олар біз терезені әйнектеп болғанша бөгеле тұрса екен деп іштей тілей бастадым. Рүстемнің бет ажары әкесінен айнымаған.

– Маскүнемнен каскүнем туған екен, – деді ол маған карап.

– Кел, Марат, өзің шактың өзің бүтінде, – деп ағайым кескішті маған ұсынды.

– Кесе алмаймын, кесіп көргем жоқ, – дедім булығып.

– Сындыру онай, бүтіндеу киын деген осы. Тәуекел, кесіп көр.

Бірақ мен кесе алмадым. Шеберлердің койдың бауырындай тілгілейтін әйнегі олак колдан быт-шыты шықты. Тегі, ағайым бүтіндеудің колдан келе бермейтінін ұқтырғысы келген-ау. Біздің көңіліміздің терезесін шағып кеткен Сағит таға да неге осылай түсіндірмейді екен?..



ӨМІР СҮРУ ҮШІН

Мамыр айы. Тау кен институтының кен өндіру факультетінің студенттері практикадан өту үшін ашық машинаға отырып жолға шықты. Желпінген көңіл жеңіл ән тілейді. Әр машинадағылар өздерінше ән жарысына түскендей екпіндеп еді, аяғы кожырай бастады. Өйткені жол жаман, жүріс жайсыз. Кейде машина донғалағы дөңестен шұңқырға секіргенде, үстінде отырғандар да ауға түскен шортандай шоршып түседі. Шу етіп, күлкімен жуып-шайып келе жатқандардың үнсіз кейпінде шаршау мен көнбістік пайда болған. Жол-жөнекей кезіккен қызба балалар аттарының ұшқырлығын сынап бұлармен біраз жерге жарысып, қажып келе жатқан жұртты бір серпілтіп тастайды. Түс ауа жол торабындағы бекетке жеткен практиканттар түскі астарын ішу үшін асхананың дәл алдына келіп тоқтады да машинадан секіріп түсіп жатқан жастар тез жадырап, шаңдарын қағып, сөзбен де қағысуда.

- Ау, Хұсайын, жол бер, не отырсың, түспейсің бе?
- Не ол, тамақ ішпей ме?
- Жүр, Хұсайын, қорықпа, сені мен-ақ қонақ етемін.

Шықбермес шығайбай, тиын санап отырған шығарсың, -- деп, шулаған қыздарды көзімен ұзатып салған соң:

– Әйі, Ержан, бері келші, -- деген Хұсайынның даусын естіді. Ол машина дөңгелегіне шығып карап еді, Хұсайын сопынып жалғыз отыр екен.

- Не болды, бұл отырысың не?
- Бері келсеңші!
- Бір жерің ауырып қалды ма?
- Жок. Шалбарым жыртылып кеткені. Тұра алмай отырмын.

-- Онда не тұр.

– Ішкіімім де сау емес еді, екі жыртық дәл келмесі бар ма. абырой төгілейін десе оңай екен ғой.

Ержан сақылдап күліп жіберді.

– Салаксынбай ішкіімінді тігіп алсаң болмас па еді. Енді маған неғыл дейсің?

– Ішкіімдерімді тастап кетіп едім. Бір киімінді бер, ине-жібін бар ма, жок болса, шалбарыңның бірін әкел.

– Е... ей... сұрамшақ қу, тақыс өзіндікін тығып қойып, сұранасың да жүресің, осы ұят әдетінді қашан қоясың?!

– Тарылма, Ереке, жаксылық жерде қалмас, – Хұсайын Ержанның ішкіімін және біркіер шалбарын киіп барып машинадан түсті.

Практиканттар қараңғы түсе бір жотаның бауырына келіп тоқтады. Жол сілтеуші анадай жерде бір төбе өртеніп жатқанын хабарлап, оған баруға болмайтынын ескертіп жатыр. Өйткені одан улы газ шығады екен де, оған барушылар ыс тиіп қайғылы қазаға душар болуы мүмкін деп сендірді. Жаздың тымық түнінде далада ұйқтау қандай рахат, шіркін! Ержан оянғанда шығыс жақ қызыл арайға малынып, қарауытқан қырқалар төсінде үлбіреп ақ мұнар тұрды. Жан жадырар осынау тыныш, тымық шақ Ержан үшін аса қадірлі көрініп кетті. Қой өргізген талай тандар есіне оралып тұр. Ол айналасындағы қырат тауларға, қоныр тастарға сүйіне қарап, тамашалап тұрғанда, қасына Хұсайынның келгенін аңғарған жоқ.

– Ержан, тез киін. Көзге түспей барып, өртеніп жатқан төбені көріп қайтайық, – деді ол.

Ержан қарсы болған жоқ. Екеуі жылыстап шығып, жүгіре жөнелді де, тұтас жотаның төбесін әр жерден кеулей тесіп шыққан сансыз сирек көгілдір түгін көтеріле барып тұтасып кететінін көрді. Шет жағындағы шығып жатқан түгінді самал әрі әкетіп жатқандықтан Ержан таяудан көргісі келіп жақындай беріп еді.

– Токта. Қайда барасың? – деп Хұсайын шошына айғайлап жіберді. Оның үрейлене шыққан даусынан Ержанның басына аяқ астынан оқыс, қызық ой келді. Бұл

кезде самал түтінді бері жакка ұйтқытты. Ержан тәлтіректеп барып құлап түсіп еді. Хұсайын сасқалақтап есі шығып, анықтап бір карауға шамасы да жетпей, кейін қарай тұра қашты. Ол осы бір талдырмаш, сұңғактау, үнемі қиял құшағында жүретін аңғал досынан қылжак ойын күткен жоқ. Шашы жалбыраған аксары Ержанның ыс тиіп өлуіне өз басы себепкер болғанын ғана ойлап, тұла бойы түршігіп, не істеп не қоярын өзі де білмей, әйтеуір далбақтап қашып келеді.

Ал, Ержан мәз болып күліп жатыр: достығына болайын. Хұсайын, өлсек бір шұңқырда болайық деген сөзін қайда? Аяғымнан тартып құтқарудың орнына қаша жөнелгеніне жол болсын, – дейді өзіне өзі.

Түтін Ержанның үстінен өтіп жатқандықтан оған зиянды әсері жоқ еді.

– Ал, Хұсайын су жүрек, өртенген төбені көрейік деп болмап едің, не істер екенсің енді, ойынды аяғына дейін жалғастырайын, – деп Ержан күлкісін зорға тиды. Бір кезде тарпылдаған аяқ дыбысы, айкай-шу естілді. Үш машинадағы жетпістей адам тегіс копарылып, бірінен бірі озып, жүгіріп келеді екен. Алды таяу келіп іркіліп тұрып қалды. Ойынды әрі созуға шамасы келмей әрі ыңғайсыз санап Ержан күліп орнынан тұрды. Улап, шулаған жұрт мәз-мәйрам болып кейін қайтып барады, бірақ басшылардың қабағы түсіп кеткен-ді.

– Тәртіпсіздерге шара қолдану керек, – деді бірі.

– Шара қолдану қашпас, бірақ сіздерден өтінерім: өз досын тастай қашқан қорқакты бірінші жазаласаныздар екен, – деді Ержан Хұсайынға естіртіп. Хұсайын қып-қызыл болып, булығып, теріс бұрылып кетті.

Арада бірнеше күн өткенде үсті-бастары шан-шан студенттер Ертіс өзенінің жағасына келіп тоқтады. Күн еңкейіп, батар алдында тұрған шақ. Жаздың алғашқы айы туғанымен өзен жағасы салқын, ызғарлы екен. Орта бойлы, тығыршық денелі Хұсайын Ержанға келіп:

– Өзеннің осы тармағын малтып өтіп, ана аралға барып келейік, – деді. Ержанның есіне өткендегі қалжын оралып,

оның бидай өңдес жүзіне, кертпе танауына, ала көзіне күле қарады да:

– Жарайды, – деді. Екеуі жүзе жөнелді, мұны басқалар байқаған жоқ. Ержан біраздан соң артына қараса, Хұсайын кері қайтып кетіпті де, өзі жағадан алыстап, аралға таяп қалған екен. Арғы жағаға шығып, Хұсайынның қорқақтығына тағы да күліп алды. Судан шыққан соң ентігін басып отырмақ еді, тісі-тісіне тимей дірілдеп тоңып кетті. Ақсары жүзі көкшіл тартып, қоңқақ мұрнының ұшы мүлде көгеріп кетіпті. Ол екі алаканын тыртіған қабырғаларына жапсырғанымен септігі тиген жоқ. Ақ маңдайына, қой көзіне түсіп тұрған батар күннің қызғылт нұры тіпті жылусыз. Ұзарған көлеңкеден қорғасын түс алған өзенге аяғын малған Ержан судың жағадан жылы екенін аңғарып өзенге қайта түсті де, кері жүзе бастады.

Ол қалыпты жүзе отырып өзеннің ортасынан аса бере, асының тереңдігін білейінші деген ойға келді де, суға шөге бастады. Өзен терең-ақ екен, кетіп барады, кетіп барады, түбіне жете алар емес. Сескене шошып, судың бетіне шықты. Бірақ, тек саусақтары ғана кимылдап, екі қолы қабырғасына жабысып, қарысып қалды. Еріксіз су түбіне қайта шөге бастады. Шошына бұлқынып қайта су бетіне шықты. Қас қағым сәтте өлім қаупін сезіп, аңғарған Ержан айғай салды, бірақ айғайын аяқтамай суға қайта батты, жанталасып қайта көтерілді. Не керек, өмір мен өлім арпаласып жатыр. Оны әлімге жібермей тұрған мықты аяғының қозғалыс қимылы. Ес білгелі алты ай жаз бойы мал бағып, жүгіріп өскендіктен бұлшық еттері шымыр еді. Суға тұншыға жаздап, бір батып, бір шығып жүріп жағаға көзі түскенде, бір адам екеу болып көрінді де, апыр-ау, мыналар неге маған көмекке келмейді, көрнеу суға ағызып қоя бере ме деген үрейді ой оны одан бетер әлсіретті. Ал, жағадағылар бұл бізді тағы да өтірік қорқытып жүр, – деп мән бермеген болатын. «Өтірікшінің шын сөзі зая кетеді» деген осы. Қанша уақыт өткенін кім білсін, Ержанның бақайының ұшы бір тасқа тиді, ол жалма-жан шегіп барып тасты теуіп жіберді, мөлшері үш метрдей

алға жылжыған екен, аяғы жерге тиді, су иегінен асып тұр. Ол тағы да алға ұмтылды. Жағаға шыққанда басы мең-зең болып айналып, айнала күңгірт тартып тұрды... Ол қатты еңтігіп, басқалардың сөзін естімеді және тыңдауға шамасы да жоқ еді. Ол өкіне:

– Адам өміріне басқалар қамқор болу үшін, өмір сүру үшін, ол адамның шын сөзі зая кетпейтіндей болу керек екен-ау деп, – ойлады.



АЛТЫН БАЛДАҚТЫ ЖЫЛАН

(Әңгіме)

Жылан! –деп, кенеттен шар еткен үрейлі дауыстан селк ете түстім. Кішкене інім Бол бакырып келіп мойнымнан тас қып құшақтай алды. Ішкелі отырған шайым қолымнан ұшып кетіп, төгілді. Оған карауға мұрша жоқ. Денем мұздап барады. Қой-ешкі тұрмақ, жылқыны тұяқ серпуге шамасын келтірмей шағып өлтіретін камшыдай улы жылан тістеп алды ма, әлде оқ жылан келіп калды ма екен деген ойдан қалшылдап кеттім.

Өйткені өткенде ғана ұзындығы бес метр келетін зоопарктен қашқан алып жыланды қуғыншылар тікұшақпен іздеп жүріп, осы біздің таудан ұстап алып кеткен еді.

Болатты құшақтай көтеріп төрге ығыстым. Сол кезде менен жоғары отырған Самат ағайым:

- Ой, қорқақтар! – деп, сақылдап күлді.
- Сарыбас жыланнан да кісі қорқа ма, ол шақпайды, – деген шешемнің жайбарақат дауысы аттай тулап, дүрсілдеп тұрған жүрегімді орнына түсірді.
- Қазір оны ұстап алып, мына сужүректерге фокус көрсетейін, – деп, Самат орнынан көтерілді.
- Тиме, сарбас жыланға тиісуге болмайды, – деп көкем оны қайта отырғызды.
- Ой, жарықтық-ай, жаңа үй салғалы көрінбей кетіп ең, бар екенсің ғой, – деп, әжем ескі танысын көргендей, ыдысқа сүт құйып алып барды. Әлі жабысып тұрған Болатты кейін сырып, қарап едім, атамның сарыала қамшысының өріміндей жұмыр жылан табалдырықтан бір қадам жерде созыла түсіп, басын қақшитып, біздің қимылымызды бағып, катып қалыпты.

Оның желкесіндегі бір елі сары жолақты жақыннан көрдім. О, ғажап! Сап-сары түс, біртіндеп қызылға ауысып,

дәл желкеге барғанда қызыл бояу қоюлап, қызыл сары түске айналады екен. Әжем жайпақ тәрелкедегі сүтті оның алдына тосқанда, сол бояу еті қашқан салалы ортан қолындағы алтын балдақтың өңімен бірдей болып көрінді.

Түстің мұндай жіксіз біртіндеп өзгеруі – күн шығар кезде ғана болады. Мен мұны көкеммен шөп шабуға барғанда көргенмін. Көзім талғанша қарап, бір рахатқа батып едім, шіркін!

– Сорлы пақыр-ай, кенезесі кеуіп, шөлдеп қалыпты ғой, – деді әжем, сүт ішіп жатқан жыланға қарап.

– Жүгері суару үшін суды басқа жаққа бұрғалы талай күн болды. Арна қаңсып жатыр, сусамай қайтсін, – деді көкем.

– Сүт ішкен жыланды көргенім осы, – деді Самат танданып.

Оның таң қалатын да жөні бар. Өткенде зоология сабағы үшін бір қарасұр улы жылан ұстап, оны құмыраға ендіре алмай әуре болғанда көкем:

– Құмыраның түбіне тұз салыңдар! – деп еді. Айтса айтқандай, қызық – тұзы бар құмыраға өзі-ақкіріп кеткен болатын.

– Енді мұны шығарар болсаңдар құмыраға сүт құйыңдар, – деп кеңес берген көкем.

Сол жылан құмырадан өздігінен шықпаған соң, сүт құйып едік, сумаң етіп шығып қаша жөнелген. Сөйтсек, улы жылан сүттен өлердей қорқады екен. Үйге кірген жыланның басына тамызу үшін жұрттың сүт ала жүгіретін себебін біз содан білдік.

Саматты ойға қалдырған да осы оқиға. Мұны білген көкем: – Бұл усыз жылан ғой, сол себепті сүттен қорықпайды, – деп түсіндірді.

Сол жылан еденнің қуысынан шыға келеді де, сүтін ішіп, сыбдырсыз, сырғып сусып кетіп қалатынды әдетке айналдырып алды.

Бір күні ұршық иіріп отырған әжем қолын қатты сілкіп қалғанда, саусағындағы алтын балдағы ұшып кетіп, еден

тақтайының жарығына дөңгелеп барып түсті. Біз ұстап үлгере алмай қалдық. Ал, оны алу көкемнен басқа ешкімнің қолынан келмейді. Өйткені, еден тақтайларын қопару керек.

Әжем көңілсізденіп, ренжіп жүрді.

– Аталарыңның көзі еді, – дей береді.

Ұлы Отан соғысында қаза болған атам туралы, осы балдақты қалай сыйлағаны жөнінде көп әңгіме айтып тастады.

Болат ештеңеге түсінбей:

– Атамның көзі еденнің астына қалай түсіп кетті? – деп сұрайды менен. – Ол көзін қалай әжеме сыйлаған?

Самат оның басынан түртіп:

– Балақай, кәмпит жей бергенше, базардан түйтік, ақыл сатып алсаң, түсінерсің, – дейді күліп.

Сөйтіп жүргенде сарбас жылан шыға келді. Бәріміздің назарымыз соған ауды. Міне, керемет! Оның дәл белінде әжемнің алтын балдағы. Біз баста өз көзімізге өзіміз сенбей, бір-бірімізге қарадық.

Сүтін іше салып, тез кететін әдетінен айнып, бұл жолы үйді аралап, әрі-бері ұзақ жүрді. Қазандыққа өрмеледі. Әжем жаққа басын бұрып қояды. Кетуге асығар емес.

– Алтын жүзік тақтым деп, мақтанып жүр, – деді Самат тыныштықты бұзып. – Манат, сен есік жаққа бар. Ұстап алып, әжемнің балдағын алып береміз.

– Тоқтай тұрындар, – деді көкем Самат екеуімізге қарап. Ол мақтанып жүрген жоқ, балдақты сүйкеніп қалай қалдырамын білмей кедергі іздеп жүр. Сүт ішкені бекер-ақ болды. Күте тұрайық.

– Немене, әжемнің балдағынан ардақты ма, – деді Самат қасарысып.

– Шошытпандар, – деді әжем Самат пен көкеме қарап, – ал деп айта алмайды, – тілі жоқ, алып берейін десе, – қолы жоқ. Тілсіз, қолсыз пақыр-ай! Шошытпандар! Аты жылан демесең, сезген ғой менің қиналғанымды. Қасиетіңнен айналдым, жарықтық.

– Жер бетіндегі жан-жануардың бәрінде мейір, ақыл бар. Көрдiңдер ме, мына балдақты жыланның алып шыққанын.

- Дүниеде ең жаман нәрсе ақылсыздық, – деді шешем.
- Мүмкін, ол шығып келе жатқанда киіліп қалған шығар,
- деді көкем. Самат екеуміз жыланнан алтын балдақты алып жатқанда, ол тілін жалаңдатқаны болмаса, қарсылық білдірмеді. Әжемнің қуанышын сезгендей жай, салтанатты сырғып қуысына еніп кетті.

Жүгері суарып болса керек, суды біз жаққа бұрыпты, өзеннің сарылы естілді. Майда қоңыр жел есті. Әжемнің алтын балдағын жылан қалай алып келіп берді деген ой менің көкейімнен кетпейді. Жан-жануарларда да мейірім, ақыл болғаны ма?! Жыланда да мейір бар.



АЙТЫЛМАЙ ЖҮРГЕН ҚҰПИЯ

(Деректі повесть)

Мао Цзе дун кабинетінің оң қабырғасында, өз суретімен қатар тұрған барыс көзді, ызғарлы, бас бітімі кесек, құндыз бөрікті, қазақ бітімді көне суреттің тұсына сәл кідірген кеңестік «Правда» газетінің тілшісі Владимир Николаевич: – Бұл кім? – деп сұрағанда, жайдары күлімсіреген Мао қоңыр дауысын әндете созып, аса бір мақтаныш сезімін жасырмай-ақ:

– Бұл – орыстарға да император болған Қытай императоры Шыңғысхан, – деп таныстырды – Шыңғысхан тоз-тоз болған орыс княздіктерін қалай біріктіріп ұлы орыс империясын құрса, жеті хандыққа бөлінген Қытайды да дәл солай біріктіріп бір мемлекет жасады, қытайлар мен орыстар Шыңғысханға борыштар.

Қытай мен Россия Моңғол мемлекетінің бір бөліктері ретінде оның құрамында 300 жылдай болғаны рас. Жарты әлемге әмірін жүргізіп, билеп-төстеген Шыңғысханның сұсты аты жұртқа әйгілі болғанымен, екіншісі оның суретін көрген емес. Босқынбек те бұрын естіп, көрмегендіктен және дәл бұл кабинетте ілінуіне сенер-сенбесін білмегендіктен таңырқай қадала қарап, әкесі қазақтың Дулат руымен туыс кият руы, шешесі қазақтың қоңырат руы Шыңғысханды Маоның оп-оңай қытай ете салғанына одан бетер таң-тамаша қалған-ды.

Өйткені, қазақтар Шыңғысханды өздерінен қанша алыстатқысы келіп жамандағанына қарамай атадан балаға ауыз екі мұра етіп қалдырған жүректеріне сақтаған сүйіспеншілігін өшірмей отаршылдарға жақпайтынын біле тұра Шыңғысханның аты да, заты да – қазақ – деп, сендіреді және күні бүгінге дейін атын өшірмеу ниетімен балаларына “Шыңғыс” деп ат қойып ардақтап келеді.

Темуршынды хан сайлағанда:

– Бұдан биік, бұдан терең хан болған емес, болмайды да, сондықтан ендігі атын Шыңқұзхан – деп атайық деп келіскен, – десе, енді бірі:

– Шыңғыз болсын – деген. Шың – биік, Шыңғыз биіктің биігі яғни ең биік деген сөз. Нақ – анық, нағыз – анықтың анығы, нық – берік, нағыз – мығым беріктің берігі. Оғыз. Игіз – сөздердегі ғыз ең деген ұғымды білдіреді – деп атын кастерлеп, ұрпақтарын аялап келуін Мао білмейтін шығар.

Біздің эрамыздан бұрынғы 221-жылдары алты қытай хандығын қанды қырғынмен күштеп, бір тұтас феодалдық империяға біріктірген және сол империяның бірінші императоры деп өзін жариялаушы, «Мәңгілік империяны» көксеген Цинь Шихуанды, жұлдызға қарап, бал ашушының: «Циньнің ажалы ғұндардан бодады» деген сәуегейлігіне құлай иланып, ғұндардың ұрпағын жер бетінен мәңгі құртып жіберу үшін Мэн Тяннің 300 мыңдай армиясын ғұндарға қарсы үздіксіз соғыс жүргізуге әмір етіп қана қоймай, қорғаныс үшін аса қатыгездікпен барша халыққа ұлы қорған салдырған болатын.

Ауыр жұмыстан науқастанып, жұмысқа жарамсыз болған миллиондаған құрылысшылар тірідей көмілген, биіктігі 10 метр, көлденеңінен бес салт атты адам еркін жүретін, есепсіз қан мен терді жалмаған құрылысты аяқтау мың жылға созылды да, оның ұзындығы 6000 шақырымға барып жетсе де, 1211 жыл сол ирелендеген алып, сары лентаны ғұндардй ұрпағы Шыңғысханның тасыған селдей қалың, жойқын қолы басакөктеп өтіп, 300 жыл бойы қытай халқына билік жүргізгенін кім білмейді. Әлемдегі ең көне, дамыған, мәдениетті елдердің бірі болып саналатын «Аспан асты» империясы, яғни қытай елі ол кезде солтүстігі – Мұзды мұхит, батысы – сонау шалғай Шығыс Еуропа, Венгрия, оңтүстігі – Үнді қытай, Тайланд, Индия, Сирия, Ирак, Иран, Түркия, Жерорта теңізіне дейін ұшы қиырсыз, ұланбайтақ Моңғолстанның бір бөлігі ғана болатын. Елдің мол өнім беріп келген құнарлы егістік алқаптары мен бау-бақшалары ет пен

сүтті басты қорек деп білетін моңғол-түріктердің қарақұрым малдарының тұяғының астында шаңы шығып тапталып, жайылымға айналып жатқан-ды. Сол бір қытай халқының басынан кешкен қаралы заман туралы аңыз-әңгіме, өлең-жыр ұрпақтан ұрпаққа ауысып, мәңгілік ұмытылмақ емес.

Ашынып қаһарланған халықтың, жабайы жат ел жаулап алушыларын Ұлы қорғаннан әрі асыра қуып тастаған күнгі – осы уақытқа дейін, жыл сайынғы ұлттық мереке – «Қарбыз мейрамы» аталып, он үй сайын, бір-бірден қожалық еткен, олардан басқа пышақ ұстауға қақысы жоқ, моңғол-түріктерді қапысын тауып, қарбызша бауыздап едік, – деген салтанатты мақтаныш, есепсіз тілінген қарбызға, үлкен-кішінің қарны сыздағанша күні-түнімен жеуіне тәбетін ашатын сарқылмас күш болып келе жатыр. Қытайға ата жау болған Мыңқол-түріктің жауынгерлік даңқын тарихқа өшпестей етіп қалдырған Шыңғысхан суретін ардақтап, ол туралы тебіріне таныстыруының сыры неде? Мао бірде шалқып отырып:

«Сырттай Конфуцишіл, ал іштей Досашыл саясатшымын», – деп, айтып қалғаны бар. Бұл «ізгілік пен адамгершілік жөнінде айтудан шаршамайтын, бірақ тек бүлік пен жанжалдар туралы ойлайтын саясатшылмын», – дегені еді. Іс пен сөзінің арасы соншама керағар, аумалы-төкпелі, мейлінше тұрақсыз мінезді мәнсап иесінің қай қыры екені түсініксіз. Мүмкін, азияттықтарды адам мен маймылдың аралығында деп білетін менмен еуропалықтарды сабасына түсіріп, олардың мемлекет болып қалыптасуына, өркендеп өсуіне Шыңғысханның ерлік жорақтары мен өнегесінің сәулесі түскенін азияттықтарды адам санап, жауынгерлік ерлігін ілтипатқа алдырғысы келген шығар дейік. Онда Цинь Ши-хандиды не дейміз, не үшін дәріптемек?

Айтпақшы, сонау 1935 жылдың өзінде, қытай тарихындағы асқан қаныпезер Цинь Ши-хуанға деген ерекше құрмет, ілтипатын «Синь Юан Чушь» атты өлендерінде аса жылы лебізбен тебірене келіп, Шыңғысханды да зор сүйіспеншілікпен дәріптеген еді-ау. Сонда Цинь Ши-хуанның өзінің тірі кезінде мавзолей салдырып, оның құпия

сырын басқа адамдар білмеу үшін құрылыс салуға қатысқан 700 мың адамды тірідей жерге көмгізгенін қалай кешіре алды екен?

Біздің жыл санауымыздан 551-472 жыл бұрын өмір сүрген асқан ғұлама Конфуций жазған кітаптарды өртеп, оның жолын қуған 522 ғалымды бір мезгілде тірідей жерге көміп, кейбірін суға тастатқанын қалай кешіре алды екен? Қалың халық бұқарасының сол ғалымдарды суға тастаған күнін ұмытпай, осы уақытқа дейін 2000 жыл бойы жыл сайын бір ай арнайы дайындалып, қамыстың жапырақтарына орап, дәмдеп пісірген күріштерін сол әйгілі күні суға тастау арқылы, жалбарынып ғалымдарды балықтар жеп кетпесін деген сеніммен, жүректерінде өшірмей сақтап келе жатқан құрмет сезімінен қалай аттап өтті екен? Заман кінәлі Конфуций ілімінің монархты құрметтеу, шетжерлікті қуу сияқты кертартпа мәніне бола емес, керісінше халыққа молшылық болсын, білім беру керек, халықты титықтатуға болмайды деген ізгі мәні үшін өртеп еді ғой.

Қытайда ғылымды дамыту үшін 1266 жылы Рим папасынан 100 оқымысты сұратып, Никола мен Морко Полоға өз елшісі Қоғаталды ертіп жіберген Шыңғысханның немересі, Шығыстың ұлы ханы Құбылай құрлы болмаған, Цинь Ши-хуанның қаныпезерлігін, Конфуций ой-ниетінің өзегі – «Адамды сүю», «Адам жанын жетілдіру» деген адамгершілікті уағыздайтын «Жэнь» ілімі, катал қарғыс айтып айыптайтынын ұғынбау мүмкін бе?

Ендеше, Цинь Ши-хуанды ардақ тұтқан бұл адамзат ақыл ойы мен рухани дамыуының жетістігі болған кітаптарды өртеп, ғалымдарды атып жатқан бүгінгі Цинь Ши-хуан, жарты әлемді өртке орап, халықтың көз жасын судай ағызып, қанды қырғын зобалаң әкелген, бүкіл әлемді жаулап алмақшы болған Гитлерге, Жапон басқыншыларына қалай қарар екен? Суретке ұзақ қарауға және ол туралы ойлауға Босқынбектің мұршасы болмай әңгімеге араласты. Фашистер Москва түбіне келгенде: «24 жасар жігіт 8 жасар баладан таяқ жеп жатыр», – деп, кезінде білім алып, дәмін татқан

тұңғыш социалистік елді келемеждеп табалауға дәті барған Мао Цэдун өзі су ішкен құдыққа түкірген қалпын танытып, қас қағым сәтте жанағы жайдары қалпынан лезде құбылып, Владимир Николаевичтің:

– Егер жапондықтар Кеңес одағына шабуыл жасай қалған шақта, Қытай қызыл Армиясы оларға қарсы ұрыс кимылдарын өрістетуге мүмкіндігі қандай? – деп, сұраған сұрағына, Мао:

– Диалектикалық ойлау жүйесі жоқ адаммен сөйлеспеймін, – деп тіл қатты да, әңгімені шорт үзіп тастады. Бөлме ішін үскірік аяз кернеп кеткендей, соншалықты суық, көңілсіз, зілдей ауыр әңгіме болды бұл. Анау бір жылдары кенестік бас кеңесші А.И.Черепановқа гоминьдандықтар ұйымдастырған қастандық туралы Чан Кай-шимен болған айтыста да Босқынбек мұндай халге түспеп еді. Екі адамның түсініспей, көңілсіз ұрыс-керісін аудару тілмаштық қызметінің ең бір жанға тиер жайсыз тұсы болғандығынан емес. Босқынбектің салы суға кетіп, кабинеттен ренжіп шығуының сыры басқа. Қытай халқының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін орасан зор материалдық, моральдық көмек берген елдің жүздеген ерікті аяулы ұлдары көршілік-туыстық борышын өтеу жолында, Қытай халқының қас дұшпанына қарсы ерлік күресте батырлықтың өнегесін көрсетіп қыршын кеткен-ді. Сол елдің қас дұшпаны Москва түбіне жетіп, бүкіл ел Отан соғысының ең ауыр күндерін басынан өткізіп жатқан шақта, дос деп құлай сенген Мао бастаған билік иелерінің жалт етіп, лезде өзгеріп Кеңес адамына салқын қабақ танытуы жанға шаншудай қадалмай қайтсін, аяздай қаруы да түсінікті, ізгі тілек пен өлшеусіз еңбектің еш болғанын көріп, сезінуден артық күйініш бар ма екен. Көңілдері құлазып, сыртқа шыққан соң Владимир Николаевич Босқынбектен:

– Ван Мин жолдас қайда екен, жолығуым керек, – деп сұрады. Қорланып, намыстанған оның өңі қуарып, дауысы дірілдеп шықты.

– Науқас. Емханада.

Ван Мин – Қытай компартиясының басшыларының бірі. 20 жылдардың аяғы мен 30 жылдардың басында Шанхайда астыртын жұмыс жүргізіп, 1931 жылдан 1937 жылға дейін Коминтеридегі Қытай компартиясының өкілі болып, Москвада жұмыс істеді. Г. Дмитревтің жақын досы еді. Владимир Николаевич содан таныс, достас болатын. Боскынбек сөзін аяқтап үлгерген жоқ, салынып жатқан құрылыстың арғы жағынан, күшейтілген күзет-қарауыл айдап келе жатқан, сап түзеген бір топ адам шыға келді. Ауыр ойдағы Владимир Николаевич селт етіп:

– Бұлар кімдер? – деп сұрады.

Бұл күндері сарғыш топырақты жатаған бел-белестері көп қыраттағы Яньань – үлкен канцлагерьге ұқсайтын. Айнала-сы коршалған суық, сұсты қарулы сакшылар қатаң ережеге сай кірпік қақпай, қыбыр еткенді қалт жібермей тексеріп күзететіндіктен, тіпті ерлі-зайыптылар да тек рұқсат қағазбен ғана сирек кездесе алатын-ды. Адамдардың ауаша сыбырласып сөйлесуіне де тиым салынған болатын. Әр адамның артында анду бар. Тергеу-тексеру, қамау қауіпі, ажал елесі – өз көлеңкесі тәрізді еді. Айдаудағы топ жакындағанда барып киімдеріне қарап қытай қызыл Армиясының жауынгерлері екенін айырған Боскынбек:

– «Шпиондар!» – деді теріс айналып. Өз халқының азаттығы, тәуелсіздігі, жаркын болашағы үшін әділеттілікті армандап, қанын төккен, Отанын шексіз сүйгендерге ешбір шімірікпей, тағдырын тәлкекке айналдырып, «Шпион» – деп ат қойып айдар тағып, шетінен қапаса қамап жатқан шак, олардың көзіне қарау – Боскынбекке аса ауыр еді.

Бұдан бұрын да бірді - екілі тұтқындаулары болып тұрғандықтан тұтқындау тосын оқиға болып көрінбес те еді, бірақ қазіргі топ-тобымен қамауға алулар кез-келген адамды Қытай Қызыл Армиясын неғып осыншама көп «Шпиондар» жайлап алған деген күмән ойға қалдыраы сөзсіз. Тұтқындар сары өңді, биік тұлғалы Владимир Николаевичтің кеңес адамы екенін жыға таныған болар, олардың біреуі дәл тұсынан өте бере, жүрісін баяулатпай сондай бір тебірениспен:

– «Кеңес Одағы жасасын!» – деп, бар даусымен айқай салды. Барлық тұтқын бұл ұранды бір кісідей іліп әкетіп, костай жөнелді де, дәл парадтағыдай:

– Вэн Суй! Вэн Суй! (Жасасын! Жасасын!) – деп ұрандап, төңіректі күңіrentіп-жіберді.

Айдаушы ақырып, қолындағы қаруын алғашқы ұран тастаған кісендеулі бейбаққа сілтеп қалып еді, мұрнынан кан бүрк етті, бірақ ол елең етпей:

– Москваны қорғап өлсем, армансыз болар едім, – деді дауыстап.

Екінші сокқыны басқалар дарытпай, қорғаштап алға жылжи берді, сірә, айдаушы шетелдіктен қаймыққан болар, кайталап ұруға ұмтылмай, жарыса зекірумен тынды.

Осынау ұйымшыл топтың оқыс, өжет кимылы, достас, көрші елдің басына күн туып, ауыртпалық түскен қиын кезеңде қанға бөккен қытай халқының айнымас, туыскандық сезімін білдірді. Мао кабинетінен ескен суық ызғарды қалың халық бұқарасының жүрегінен шыққан шынайы тілектестік леп ығыстырып тастады.

Шынында, Кеңес Одағының беделі қытай халқының алдында орасан зор еді. Ол бедел – Кеңес Одағы құрылған сонау алғашқы күндерінде патшалық Россияның отарлық мұрасынан бас тартқан кезден басталды да, әлемнің шамшырағына деген сенім, үгіт-насихат үдеген сайын арта берді. Өтірікті ар санайтын біртоға, сәби көңіл еңбекқор халық басқаларды өздеріндей деп ұйғарғандықтан тәтті сөзге, берілген жалған сертке, бұлдыр болашаққа құлай сеніп, алдау-арбауға секем алмай иланғаны сонша, «Еуропаны кезіп азып-тозып болдырған елесте» көзсіз ілесіп, қырғынға ұшырап, сандалып қаларын болжай алмады. «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын заманға жеткенше желкеміз үзілер, – деп, күдіктенгендердің жаназасы оқылып, бұлдыр елес Россия, Азия елдерін біріктірді. 1918-1919 жылдары Қызыл Армияның акгвардияшылары мен шетел бүлікшілеріне қарсы күрес майдандарында, Қытай ерікті батальондары жанқиярлықпен көмектесіп, көршілік – адамдық борышын адал өтегені тарихқа мәлім.

1937 жылы 7 шілдеде темір құрсанған милитаристік Жапония, әр өлкесі өз алдына дербес, алтыбақан алауыз, артта қалған Қытайды бірден басып алу ниетімен тұтқиыл соғыс ашты. Сол қысылтаяң күнде компартияның сындарлы ұсынысына тізе бұғу ниетіндегі Чан Кай-ши құлақ асқан жоқ.

Орталық үкіметтің Армиясы, әр өлкедегі жергілікті билеушілердің әскері және Қытай Компартиясының қарулы күші – Қызыл Армия дара басшының қол астына бірікпегендіктен, тегеуірінді қарсылық көрсете алмай, соғыс құмарлардың мындаған шақырым алға жылжып, елдің өмірлік маңызы бар орталықтарын басып алуға мүмкіндік берді. Адам айтқысыз қатыгездіктен миллиондаған бейбіт адам қырылып, бомбалаудан бүкіл Қытай өртке оранып, жанып жатты.

Қытай 1937 жылы 13 қыркүйекте Ұлттар лигасына Жапон жаулаушысының бауқеспелігі жөнінде шағым жасады. Өздері үшін, Қытай мен Тынық мұхитта үстемдік алуға қолайлы жағдай туады деп есептегендіктен, Жапония СССР-ға айдап салу ниетіндегі империалистік елдер бұл шағымға немқұрайды қарағаны соншалық, басқыншылық соғысты тоқтату жөнінде ешкім де ештеңе міндеттемейтін үндеу ғана қабылдады. Бұған қарсы Кеңес Одағы агрессияны айыптап, артта қалған мешеу, кедей, әлсіз Қытайға моральдық жағынан ғана еме, материалдық жағынан да көмек көрсетуге шақырды.

Жазықсыз қанға боялып жатқан қытай халқына, Кеңес халқының шынайы ықылас-пейілін, туыскандық, көршілік сезімін білдіретін, сол арқылы басқыншы соғысты қатал айыптайтын акты – өзара тиіспеу туралы Кеңес – Қытай шартына 1937 жылы 1-тамызда Москва қаласында қол қойылды.

Англия, Американың қойған шарттарының ауырлығынан олардан кредит ала алмаған, валюта қоры жоқ Қытайға Кеңес Одағы 250 миллион доллар жеңіл кредит берді. Бұл және 1935 жылы коминтериннің VII конгресі ұсынған, өсіп отырған империалистік бағындыру ниетіне байланысты, отардағы

тәуелді елдер үшін ерекше маңызы бар антиимпериалистік бірыңғай майдан ашу тұжырымдамасы басшылыққа келген соң, отарлық езгіге көнгісі келмеген халықтың қысымын күшейтті, ұзақ уақыт тізе бүту бағытын жүргізген гоминьдан үкіметінің топтаспауға қарсылығын жойды. Сөйтіп, 1924 жылы қаңтарда гоминьданның бірінші бүкіл Қытайлық конгресінде, Гуанчжауда қабылданған: «Кеңестік Россиямен одақтасу, Қытай Компартиясымен одақтасу, шаруалар мен жұмысшыларды қолдау» – деген Сунь Ят-Сеннің үш саяси қағидасы басқыншы соғысқа ымырағы келмейтін күрес туралы келісіммен толықтырылды.

1938 жылы 8 мамырда Одақтар үйінде сөйлеген сөзінде М.И. Калинин: «Кеңес Халқы Қытай халқының әділетті күресін қолдайды», – деп мәлімдеді.

Қытай халқына көмектесуге тілек білдірген Кеңес еріктілері, Қытай Отан сүйгіштерімен қоян-қолтық басқыншыларға қарсы жанқиярлықпен шайқасып, жапондықтардың аршындап алға жылжуын тоқтатты да, олардың тұтқиыл соғыс ашып, ес жиғызбай басып алу жоспарын іске асыртпай тастады. Олар басып алған жердің байлық қорын пайдалануды басты мақсат етіп, талқандаудан, құрылыс салу, майданнан тыл, шабуылдан тылды тазарту маңызды дейтін болды.

Сонымен бірге біртұтас майдан ой-пікірі, Қытай Компартиясы мен халқы сирек алыс шалғайдағы таулы, шөлейт аймаққа тықсырылған, мүлде селдіреген оның Қызыл Армиясын ішкі жаудың жойып жіберуінен сақтап қалғанды. Осындай ізгі қатынас Кеңес Одағының беделін Қытай халқының алдында арттыра түскен.

Тұтқындарға қарап бөгелген Владимир Николаевич Боскынбекке еңкейе сыбырлады:

– Ғажап! Москваны қорғаймыз, – дейді. Сол үшін тұтқындалған ба? – деп сұрады. Ат жақты жүзіне жарасымды қыр мұрынның үстіндегі қабақтың қос сызығы тереңдей түскен. Оның аспан түстес көгілдір көзіндегі ой толқыны Боскынбектің қой көзіне ауысты.

Мығым орта бойлы Босқынбектің сіріңке қара өңі түтеп кетті.

– Әрине, солай деуге негіз бар. Гитлер армиясының жеңістері опасыздардың бет-бейнелерін сыпырды. Кеңес Одағы жеңіле қалса, ертеңгі күніміз не болады? – деп үрейленіп толқып тұр. Барлау бөлімінің бастығы Кан Шань: «Шпион», «Догматик» деген желеумен Москва тобының көздерін құрту үшін оларға адау сенгісіз азап шектіріп, соның салдарынан 20 мың адам қысымға шыдамай өзіне-өзі қол жұмсап шейіт болды. Арам өлгенше, қан майданда адамзатты апаттан құтқару жолында құрбан болуды көксеп армандайды. Майдандағы Рокоссовскийден бастап тұтас Армия түрмедегілер екен, олар сұранып соғысқа қатысыпты. Ендеше, бұл тұтқындарды түсінуге болады.

– Мұның мән-жайын жақсырақ түсіну үшін Ван Мин жолдаспен кездесуім қажет.

– Сіз ол үшін алдымен рұқсат қағаз аласыз. Онсыз жүрісіміз бос әуре болады. Мұнда

Кеңестік тілшіден гөрі, Чан Кайшылықтар әлде қайда еркін екенін сезген шығарсыз.

Ал, Ван Мин жолдастың науқастануы былай еді.

1941 жылы 4 қазанда Г. Димитровтан жеделхат келді. Онда Қытай Компартиясы фашистік Германияның Кеңестер одағына опасыздық шабуылы созылып отырған жағдайда Қытай-Жапон майданында Германияның шығыстағы Одақтасы – Жапонияны екінші майдан ашып, Кеңестер одағына шабуыл жасау мүмкіндігінен айыру мақсатын көздейтін. Жапонияға қарсы әскери қимылдарды күшейту жөнінде, қандай шаралар қолданғалы отырғандығын білгісі келген сұрақ болатын. Дау осы сұрақтан басталды.

Мао Цзе-Дун:

– Қытай жағдайында антижапондық ұлттық біртұтас майдан емес, жапондар және Ван Цзин-Ваймен (Қытайдағы жапондық қуыршақ өкіметінің бастығы, әйгілі сатқын) одақтасып Чан Кай-шиға қарсы біртұтас майдан құратындай етіп істі жүргізген дұрыс. Ең бастысы өз күшімізді сақтаймыз, Гомиңданды талқандаймыз, Қытайда

билікті қолға аламыз. Сол кезде барып СССР-дан, Англия және Америкадан көмек ала отырып, Қытайды Жапон басқыншыларынан азат стеміз. Өз күшіміздің он пайызын Жапониямен күресуге, 20 пайызын Гоминьданмен күреске, 70 пайызын өзіміздің күшімізді өсіруге жұмсайық. Өйткені, бұл соғыста бәрібір жапондықтарды жеңе алмаймыз, олай болса олармен соғысқанда не пайда, онан да Чан Кай- шиді ұрған артық. Оның иеленіп отырған жер көлемі қаншама! Егер оны талқандасақ, бір бөлек жерге ие болсақ та олжа емес пе? Тоса тұрыңыз, мен біліп тұрмын. Сіз мені жапондар жағындағы ұлтшыл сат- қындық бағытта дейсіз. Мен үшін өз ұлтымның жер бетінде аман-сау қалуынан басқа ештеңе де қымбат емес.

Ван Мин:

– Сіз жете ойланып айтып тұрған жоқсыз. Москваға қатер төнген осы бір қысылтаяң кезде мұндай сатқындық ой сізге қайдан келгеніне таңырқап тұрмын.

Антижапондық ұлттық біртұтас майдан туралы бастама көтеріп, зерделеген. Компартия басшыларының арасынан Сун династиясы заманындағы ұлттық сатқын Цинь Гуай мен қазіргі Ван Цзин Вай сияқтылар шығады дегенге ешкім де сенбес еді. Қытайды сақтау ел тағдыры Кеңес елінің жеңісіне тікелей байланысты.

Жапонияның Кеңес одағына қарсы екінші майдан ашу мүмкіндігінен айыру үшін, барлық күшімізбен олардың қозғалыс ырғағын бұзуымыз қажет.

Мао:

– Оның керегі не? Бұл соғыстан орыстар бәрібір жеңіледі. Өйткені, олар стратегиялық қателіктер жіберіп отыр. Қызыл Армияны шығынсыз Оралдан бері әкету керек еді де, жау тылында партизандық соғысты өрістетіп, Америка мен Англияның екінші майдан ашуын күту керек еді. Ендеше біздің жеңімпаздар жағында болғанымыз, яғни Жапониямен одақтасқанымыз жөн емес пе? Сталин мен Димитров Германия мен Италия, Жапонияға қарсы антифашистік біртұтас майдан ретінде Англия, Америка және Кеңестер

одағын құруды ұсынып қатты кателесті. Керісінше, істі Германия, Италия, Кеңес одағын құру бағытында жүргізу керек болатын. Ал, бұл бағыт туралы 1940 жылы мақала жазғанымда сіздер қалай маған қарсы өре түрегелдіңіздер. Енді жарты жылдан соң Сталин, Димитров және сіз «Мао Цзедун жолдас сіздің айтқаныңыз дұрыс болды, барлығымыз қателесіппіз», – дейтін боласыздар. Қазіргі античанкайшилық бағытымның дұрыстығына көзіңіз сонда жетеді.

Ван Мин:

– Сол жарты жылдан соң сіз қателесіппін дейтініізге кәміл сенемін. Сіз мақалаңызда Англияның көптеген отарларына қызықтыра жазғансыз. Сол кезде Молотов басқарып барған Кеңес делегациясына Гитлер де «Британ мүлкін» бөлісуді ұсынған-ды. Бұл көрінеу Англияны Кеңес одағымен араздастыру болғандығы өз алдына, Кеңес мемлекетінің бейбітшіл Лениндік сыртқы саясатының негізгі қағидасына қайшы пікір еді. Сондықтан қарсы болмау тіпті мүмкін емес-ті. Ал античанкайшилық бағытыңыз дүние жүзі халқының алдында тек маскара ғана емес, нағыз зұлымдық қылмыс.

Мао құлағына дейін қып-қызыл болып кетті де, көзін алартып:

– Москваның аяққа оралғы догматик тобы, – деп айғайлай жөнелді, – жок, мен сендерсіз Маоизм жасаймын.

Ван Мин (сабырлы):

– Топ дегенді қайдан шығарып жүрсіз? Ал, айтыңызшы, маоизмді қалай жасамақсыз?

Мао:

– Сіздің Ли Лисаньға қарсы күресті басқарған еңбегіңізді танымаймыз. Тіпті Ли Лисань да солақай болды дейміз.

Ван Мин:

– Лениншілдер Троицкийді бұл саяси формасы жағынан солшыл, бірақ мазмұны жағынан оңшыл болды деп сынағанда бұдан олар Троицкийден солшыл деген қорытынды шығармаған еді ғой.

Мао:

– Бәрібір мен шығарамын. Ол, ол ма, антижапондық ұлттық біртұтас майдан саясатын ұсынған сіз емес, мен боламын. Сіз бұл идеяны ұсына отырып барынша оңшыл болды дейміз. Оны түзеткен мен. 1935 жылы Воябаода байырғы қызметкерлерге жасаған баяндамадан антижапондық ұлттық біртұтас майдан саясаты басталды дейміз.

Ван Мин кейіннен Маоның бір ісін еске түсірді.

Мао 1941 жылы қыркүйектің соңғы күндерінің бірінде саяси бюроның ұзаққа созылған мәжілісі аяқтала бергенде Ло Фуға қарап, барлық жолдастардың айтуына қарағанда, сізге жұмыс істеу қолайсыз болып жүрген көрінеді. Егер юлай болса, бас секретарьлықты маған тапсырыңыз. Көпшілік жолдастардың шешімі солай, – деді шімірікпей.

Мансапқорлықты мін деп білетін, кішіпейіл Ло Фу мұны күтпегендіктен не дерін білмей сасқалақтап, абдырап бөгеліп қалды. **Сол кезде Жан Би-ши сөзге араласып:**

– Бұл мүлде байсалдылық емес қой. Тіпті Ло Фу жолдас бас тартқан күннің өзінде, мәселені шешуді жетінші съезге дейін қалдыра тұру керек. Съезде ресми шешім қабылдауға болады, – деді.

Бұл сөзді біреуі кесімді пікір деп ұққандықтан, ал кейбірі Маоның қалжыңы деп түсінгендіктен ешкім қайтып үндеген жоқ. Бірақ бұдан кейінгі жиналыстарда Мао өз бетімен Ло Фудың орнына төрағалық ете бастады да, Ло Фуды Шаньси өлкесіне жергілікті жерді тексеру үшін жіберді.

Бас хатшылықты басып алған Мао, компартияның және олардың қызметкерлерінің теориялық, практикалық еңбектерін арсыздықпен иемденуді жоспарлаған арамзальғын аңғарған Ван Мин мүлде сабырлы;

– Өз сөзіңізді еске түсірейін, «...антижапондық ұлттық біртұтас майданның жаңа саясаты ұлы жаңалық болып табылады. Біздің партия мен Қызыл Армия осы саясатсыз қалыптасқан ауыр жағдайдан шығуы өте қиын болар еді. Бұл саясатсыз қытай халқы антижапондық соғысты бүкіл

ел көлемінде өрістете алмаған болар еді. Бұл істе Ван Мин жолдастың сіңірген еңбегі зор», – демеп пе едіңіз. Сонда-ақ мен бұл менің жеке басымның еңбегі емес, бүкіл партияның, коминтерннің және Марксизм-Ленинизм еңбегі деп жауап беріп едім ғой. Ендеше менен аттап өткеніңізбен, коминтерн мен Марксизм-Ленинизмнен қалай санаспай өтпексіз? – деді.

Ашудан түкірігі шашыраған Мао:

– Ленинизм Қытай жағдайына жарамайды. Лениннің, Сталиннің Қытай революциясы туралы айтқанының бәрі кате. Коминтерн нұсқаулары кате болды. Кеңес одағы көмек көрсеткен жоқ. Көрсеткен көмегі пайда-сыз, зиянды болды дейміз. Сонымен Қытай компартиясы идеологиялық жағынан барлық уақытта маоизмді басшылыққа алды. Соңғы жиырма жылдан артық уақыт ішінде барлық жетістіктер Мао басшылығының нәтижесі болды. Бұрынғы басшылардың сансыз қателерін түзетті. Ендігі античанкай-шылық біртұтас майдан Мао көрегендігі болмақ, – деп еңтігін басты.

Шыдамның шегі бар. Түсіндіремін деген ізгі ниет іске асар түрі көрінбейді. Тарихи жағдайды пайдаланып Ленинизмді Маоизммен ауыстыруды ойлаған Мао батыл тойтарыс бермесе – кеш. Іскер, шиыршық атқан, шағын денелі Ван Мин түтеп кетті:

– Кімде кім Ленинизмді, коминтернді, Кеңес Одағының Қытай революциясындағы рөлін жоққа шығаратын болса, ол коммунист бола алмайды, – деп, Маоға қарсы қарады.

Оның шарасы үлкен, әдемі қара көзі ашудан жалт- жалт етті. Бұл ешбір ымырағы келмейтін, мәңгі маздайтын от еді. Кейін анықталғандай осы ұзақ айтыстан соң, қастандықпен тамаққа у қосып берілгендіктен Ван Мин жолдас Владимир Николаевич іздегенде ес-түссіз, хал үстінде емханада жатыпты.

Оның алдында Мао Цзе-дунмен жаңа 4-ші армияның саяси жетекшісі Жао Шу-ши арасында мынандай әңгіме болған-ды:

Мао:

– Менің Қытай компартиясы Орталық комитетінің алтыншы пленумында жаңа кезең туралы баяндамамды тыңдап па едіңіз?

Жао:

– Тыңдағам.

– Онда не айтылған?

– Шегінуді аяқтадық – бірінші кезең. Күштер теңесті – екінші кезең. Алда үшінші кезең – шабуыл жасау. Ол үшін Жапонияның Кеңес одағына шабуылын күту дегенсіз.

Мао:

– Жапондықтар неге Кеңес одағына шабуыл жасамай отыр? Оларға ең қолайлы сәт туды емес пе? Немістер болса, Москва түбіне келіп те қалды.

Жао:

– Бірінші кезеңде адамдар шығыны 3:1 қатынасындай жапондар пайдасына, екінші кезеңде

1:1 тең болды, партизан аудандарында 3:1 қатынасындай Қытай пайдасына өзгерді, мұндай жағдайда олар қайдан соғыс бастасын.

Мао:

– Егер біз соғысты тоқтатсақ, олар Кеңес одағына қарсы соғыс ашар ма еді?

Жао:

– Білмеймін.

Мао:

– Әрине, көсемнен басқаның көп білуге ұмтылмағаны да жөн. Барлық жерде соғыс тоқтатылсын. Жапондықтар мен бітім туралы келіссөз жүргізуді сізге тапсырамын. Бірақ, өте құпия ұстаңыз. Бүгінгі әңгіме туралы аузыңызды ашпауға, ата-бабаңыздың пұтханасындағы тас мүсіннен өнеге алуыңызға кеңес беремін. Әйтпесе ғой, менің ештеңеден тайынбайтынымды білесіз. Қайталап айтамын, бізге античанкайшилық біртұтас майдан керек. Ал, егер Жапония Кеңес одағына шабуыл жасап титықтаса, өте жақсы. Түсінікті ме?

(Осы ұлттық сатқындық бағыттың тірі куәларын Мао 1955 жылы көзін жойды.)

Вашингтон!

Маоның жастық шағында Маркс пен Энгельстен бұрын Вашингтон, Наполеонды білдім деп айтқандағы Вашингтон атындағы биік сұрғылт үйлерді сап түзеген Америка құрлығындағы қала. Сол қаладағы ауыр есігі бар, іші сейфке толған, ала көлеңкелі бөлмеде біреуі арық, біреуі семіз екі адам сөйлесіп отыр.

Арық:

– Гонконгтан алынған хабар. Маоның төртінші әйелі Цзян Циннің сеніміне кірген, 1936 жылдан дәрігер атын жамылған барлаушымыз Джордж Хэйтэм (қытайша аты ма Хайда) хабарлайды:

«Мао Қытай үшін Россияның достығы мен қолдауынан гөрі, Американың достығы мен қолдауы маңыздырақ» депті.

Семіз:

– Олар Кеңес одағы мен коминтерннен қол үзгенде және партия атын өзгертсе ғана көмек алатынын еске түсіріп қойыңыз.

Арық:

– Біз оны үнемі қайталаудамыз; Мао да бізге жақындасуға емеурін білдіруде. Маоның мына сөзіне назарыңызды аударғым келеді: «... Түптеп келгенде біздер – қытайлар сіздерді – американдықтарды демократияның идеялы деп санаймыз... Біз орыстардан көмек күтпейміз..., Қытай және Америка мүдделері ұқсас, әрі олар бірін-бірі толықтыра түседі.. Келісе аламыз.»

Семіз:

– Мао осы коммунист пе?

Арық:

– Қытай коммунизмі орыс коммунизмінен өзгеше. Жапондар Қытай коммунизмінен текке қауіптенуде.

Семіз:

– Әскери бақылаушы жіберу жағын ойластырдыңыз ба?

Арық:

– Ойластырудамыз. Бірақ Чан Кайши барлауына

алынған мәліметке қарағанда, Мао жапондармен астыртын келісім жасап жатқан көрінеді. Соғысты тоқтатыпты. Егер олар келісе қалса, біздің жоспарымыздың іске асуы қиын.

Семіз:

– Несі бар, бүкіл халқы шетел жаулап алушыларына қарсы көтеріліп отырған кезде, сатқындыққа баратын болса, сірә, Маоны кез келген уақытта сатып алуға болатын болды ғой. Ха-ха-ха! Ең болмағанда қытайларды орыстардан дербес саясат жүргізуге көндіру керек.

Дегенмен, жапондықтар мен олардың келіссөзіне орыстар қалай қарар екен?

Арық:

– Әрине, бұл орыстарға ұнай қоймас. Себебі, егер жапондықтар Маомен келісімге келсе, орыстарға қарсы 2-ші майдан ашуы ықтимал. Жапондықтардың құрлықтағы 33 дивизиясының жартысынан артығы партизандар мен Қытай Қызыл Армиясына қарсы бөлініп қимыл жасауда.

Семіз:

– Біздің тілегіміз сол. Жапондар мен орыстар шекіссе, бірі өліп, бірі қалсын. Түпкі жеңіс біздікі болады.

Арық:

– Шамамен Мао да осылай ойлауда. Бір адамды бір адамға айдап салып, билікке жеткен айлакер өз үстемдігін бір мемлекетті бір мемлекетпен қырқыстыру есебінен күшейткісі келеді.

Семіз:

– Орыстарға ұнамайтын іс істеуге не мәжбүр етті екен?

Арық:

– Мао барынша ұлтшыл, әрі фаназиятшыл адам. 30-жылдарда-ақ біздің тілші Сноу мен 1905 жылғы соғыста Жапонияның Россияны жеңгені туралы шығарылған ән төңірегінде әңгімелескенде, орыстарға қырын қарайтынын былай білдірген:

«Бұл әннің ғажап сөздерінің бірқатарын әлі күнге дейін білемін... Мен бейне бір Жапонияның сұлулығын сезгендей болдым. Әрі Россияны жеңгеніне арналған осы бір әнде

айтылған Жапонияның тәкаппарлығы мен қуаттылығына сүйіндім». Фаназиятшыл Маоның Шыңғысхан болу арманына орыстар жол бере қойматыны үшін де, оларды жек көреді. Бізден көмек алуға ынталылығы содан.

Семіз:

– Кімге көмек беретінімізді білгеніміз дұрыс. Мао болса, уәдеге тұрақсыз адам дейді. Оның үстіне сүйікті Чан Кай-шиді өкпелетуге әзір ертерек. Біздің адамдар қалай орналасып жатыр?

Арық:

– Тілегенімізден артығырақ Деуге болар. Қытай лидерімен достық қатынас жасап та үлгереді.

Семіз:

– Жөн, өте жақсы.

Яньань

Ұзап кеткен тұтқындардың соңынан қарап тұрған Владимир Николаевич:

– Ван Миннің көңілін сұрау үшін рұқсат қағаз қажеттігі түсініксіз, – деді.

Босқынбек:

– Түсініксіз уақиғалар көп. Мао жапондықтармен келіссөз жүргізуді бастауды, соғысты тоқтатуды бұйырды.

– Қой, мүмкін емес. Сенбейтін өсек бұл.

– Мен сол келіссөзге тікелей қатысудамын. Жаңа 4-ші Армияның саяси комиссары Жао Шу-шиге құпия келіссөз бастауға бұйырған болатын. Армияның барлау бөлімінің бастығы Тань Хан-нянь бұл келіссөзді жүргізуде. Ал, Жапон армиясы мен Ван Цзин-Вай қуыршақ өкіметі атынан бір кездегі опасыз Ху Цзюнь-хэ қатысуда.

– Ол кім еді?

– Бұрын Компартия қатарында болып, Гоминьдандықтарға сатылған. Нағыз сатқын. Чан

Кай-шидің де, жапондықтардың да, Ван Цзин-вэйдің барлауында да қызмет атқаратын сілімтік. Дәл осы үш жерде қызмет ететін айлакер шпионды босап кетпестей етіп мықтап қолға түсірдік. Әрине, бұл ұзақ хикая! Айтылмаған құпия, кейінірек уақыт болғанда айтармын.

Сонымен не керек, сенімді адамымыз Чан Кай-ши, Жапон және Куыршақ өкіметінің барлауында жұмыс істей бастады.

– Олар келісімге келсе не болмақ? – деп сұрады Владимир Николаевич үдірейіп.

– Онда Германияның қысымымен жапондықтар СССР-ге қарсы 2-ші майдан ашып қалулары да ықтимал.

– Келісімге келу мүмкін бе?

– Жоқ. Біз келіссөзді сәтсіздікке ұшыратпақпыз, жапондықтар үшін құрылып отырған қақпан етіп көрсетіп отырмыз.

– Дұрыс. Қалай ойлайсыз, дегенмен жапон соғыс құмарлары таяу уақытта 2-ші майдан аша ала ма? Москваға катер төнген осы кезде мұны білудің маңызы зор болып тұр.

– Жоқ. Аша алмайды. Хасан көлі мен Халхин-Гол өзені ауданында жүректері шайлыққан олардың соғыс ашу жоспары тиянақты емес. Қытай Қызыл Армиясының белсенді кимылы тоқтаған соң, әскерлерінің бір бөлігін Үнді-Қытайға ауыстырды. Оның үстіне экономикалық қуаты да, қытай халқының өсіп отырған қарсылығы да мүмкіндік бермейді. Мен мұны жете зерттеп айтып отырмын.

1644 жылдан 1911 жылғы Сунь Ят-сен бастаған Синьхай революциясына дейін, жарты миллиард қытай халқын ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған үш миллион маньчжурдан шыққан билеушілер тұңғыст-маньчжур тобына жататын маньчжур тілін моңғол әріпімен таңбалап, мемлекет тілінде санатып келсе де, көптеген билеушіні қытай мәдениеті байқатпай-ақ қытай етіп жібергеніндей, шексіз-шетсіз мұхиттағы болымсыз аралшықтың мүжіле-мүжіле құрдымға айналғаны сияқты, уақыт өтуімен әлсіреп ғасырдың басына жеткен шағында, көп сөзі бір буыннан құралатын қалың қытай тілі мүлде ығыстырып тастады да, тек Хэйлуңцзян өлкесінде ғана сақталып қалғанды. Осы тілдің лексикалық құрамында түрік-моңғол сөздерінің көп болуы әрі қазақ тілімен грамматикалық жағынан туыстығы және қытай тілімен күшті араласуы түрік-моңғол, қытай тілдерін жетік білетін Босқынбектің, жапондықтар алдында

маньчжур болып көрініп, Маньчжурияның дәл өзінде барлау ісін жүргізуде білгір маман дәрежесіне көтеріліп еді.

Осынау өрімдей, бар-жоғы 21 жасар алғыр, саналы, ержүрек жігітке Владимир Николаевич шын жүректен алғыс айтты.

Осы Босқынбектің жапондықтардың 1938 жылы маусымда Хасан көл ауданында Кеңес одағына, 1939 жылы мамырда Халкин-Голь өзені маңында Монғол халық республикасына соғыс ашатынын күні бұрын хабарлағаны есінде. Ендеше, бұл хабардың да сенімді екені сөзсіз. Дәл осы хабарды тажалдардың ордасы Жапониядан төніп тұрған қатерге карамай, кара басын қасиетті өлімге байлап, «Рамзай» тобының жетекшісі Рихард Зорге де хабарлап жатыр еді шет елге қарабасымен ұрпағын сақтау мұратымен жан сауғалап қашып барған әр елдегі бейбақ отандастар, ел басына кара түнек күн туарын білгенсоң өкпе, кектерінен уаз кешіп, отанның амандығын бір Алладан жалбарына тілегенді. Олар соғыс өртінің 1941 жыл 22 маусым күні тұтанатынын күні бұрын сол елдегі кеңес елшіліктеріне хабарлап, сақтанындар – деп есіктерін тоздырса да, Сталин оған түсінбей:

– Арандату – деп, карады тілмен айтып жеткізу мүмкін емес Отанға деген ұлы сезімге, жанашырлыққа, өкпеге қисада өлімге қимайтын қандас туыстыққа сенбей қателескенді. Осы қателіктен Қызыл Армия орасан зор шығынға ұшырап, ел қасіретке тап болды. Миллиондаған жастар мерт болғаны мәлім. Сталин:

– Соғыс шығынсыз болмайды – деп, қанша жұбатса да, оның өкініш-ызасы тарих бетінен өшпек емес. Бұл, жолғы Босқынбектердің хабарын есепке алмауға Сталиннің лажы да жоқ еді.

Осы хабардан соң, монғолиядағы және Қиыр Шығыстың кар басқан орманының қалкасында тып-тыныш елеңдеп тұрған мыңдаған қызыл эшелондар батысқа бағыт алып, Москваны қорғауға қозғалып кетті. Гитлер армиясы тегеурінді шабуылдап, қайсар қарсылықты елең қылмай, күштерінің сарқыла бастағанын ұмытып, елдің зәре-құтын

кашырып Москваға отыз шақырым жерге келсе де Сталин мен Бас штабтың абыржып, үрейленбей Москвадан қоныс аудармаған себебі, қайтпас қайсарлық, көзсіз батырлық, шексіз махаббаттың үлгісі деп насихаттың өзегіне айналған мадақтаудан емес, шығыстан келе жатқан тың күшке сенгендіктен еді. Бұл сыр халық бұқарасына беймәлім болғандықтан қысылтаян, қауіп-кәтері көп шақтың өзінде Москвадан кетпеген Сталиннің ғажап ерлігі дәріптеліп, оның беделін аспандатып жіберді, ауыздан ауызға тараған әңгіме таңқалдырып, жүректерде сүйіспеншілік сезім оятып, жігерге жігер қосты. Қызыл армияның ең кіші командирінен қолбасшысына дейін барлық буындағы білімді де білгір, зерделі де тәжірибелі басшыларын және халықтың сорпа бетіне шығар ақыл-парасат иелерін «халық жауы» деп, аттырып, айдатып жіберу арқылы гитлердің Кенес одағына соғыс ашатындай бірден бір жағдай жасаған Сталиннің Москвадан кетпеуі оның барлық кінәсін ұмыттырып есімін қасиетті отанға қосарлап айтуға жеткізді.

– Отан үшін! Сталин үшін! алға! – деп ұрандау жауынгерлерге дем беріп, ерлікке шақыратын. Кейіннен шет елдердегі Отандастардың адал ниетіне көзі жетіп риза болған сауысқаннан сақ, күдікшіл Сталин, шет елдегі отандастар отанға оралам десе азаматтық берілетінін, барлық кінәсі кешірілетіні туралы 1946 жылы жарлық шығарды. Жауды ілестіріп, ертіп, тылынан ұзатып алған соң, қалжырай бастаған сәтте тың күшпен тарпа бас салып, жойып жіберу айла-тәсілі Шыңғысханнан қалған соғыс өнері. Бұл тәсілді Россия 1812 жылы Наполеонға қарсы қолданғаны мәлім. Абылайхан да, Кенесары - Наурызбай да, Сталинград шайқасында да осы тәсілді қолданды. Ол, ол ма, Қытай–Вьетнам соғысында Қытай армиясы елдің астанасы Ханойға дейін басакөктеп, тайрандап келген шақта шамалы күшпен-ақ вьетнамдықтар қоршап алыпты да, Қытайдың 5 миллион әскерінен тірі пенде қалдырмаған. Москва түбіндегі шайқас Гитлердің жоспарын іске асырмай тастады да бетін қайтарды. Бұл жеңіс Қытай басшыларының сәтқындығын

кідіртіп, Жапонияның 2-майдан ашуына тиым салды.

Босқынбектің Жапония 2-ші майдан аша алмайды деген дәлелді хабарларының нәтижесі осындай баға жетпес зор, келтірген пайдасы миллиардтаған соммен де өлшеуге болмайтындай құнды болғанын ол кезде Босқынбектің өзі білген жоқ-ты.

Босқынбектің барлаушылық жұмысы сәт сайын ажал төніп тұрған қауіп-қатері көп, ерекше сақтық пен шеберлікті қажет ететін күрделі жағдайда жүріп жатты. Гоминьдандық Қытайда ішкі тыңшылық ісі мен шет елдердегі барлау қызметіне үлкен маңыз берілетін және жұмсалатын қаражатқа мейлінше жомарт, толып жатқан барлау мекемелері болатын.

Бірақ, олардың қызметін үйлестіретін бірыңғай орталық жоқ-ты.

Әр партияның, әр саяси басшының, әр өлке губернаторының, әр министрдің, генерал-милитаристің өз жансызы бар еді де, олар бірінің адамдарын бірі ұрлауға, қолға түсіруге құштар-ақ еді. Бірлігі жоқ елдің бейнесі, берекесіз барлауынан да көруге болатын.

Арнаулы хабарламалық орталық деген атпен көлегейленген Қытай барлау орындарының біріккен бюросы кейіннен пайда болды да, өрмекшінің торындай, әр түрлі әлеуметтік топтардың өкілдерін біріктірді. Құрамында ірі сауда және өндіріс топтарының іскерлері, көрнекті мемлекет қайраткерлерінен баскесерге дейін, тіпті Жапон қарсы барлауының да адамдары тартылған қатал заңы бар, көл-көсір ақша, сұлу сайқал әйел, тәтті уәде, өлім елесі бар бобса, сол сияқты алуан түрлі айла-шарғы қолдана алатын барлау мекемесі өзінің бүргіш жүйелерімен әзірейілдей төніп, тажалдай өлім сеуіп, сенімді, беделді жазықсыз адамдардың да зәре-құтын алатын болған.

Біртұтас майдан туралы келісімге қарамай, коммунистерді нысанға алумен болған барлау мекемесінің қапастарында азап шеккен өз халқының қанына «опасызды» (Хунхуздарды), «Бандиттерді» өлтірдік, – деп сендіруге тырысатын Чан Кай-шидің қолы боялған-ды.

Қытай заңы қарапайым халықты қорғамайтын және ондай заңның бар-жоғын бұқара білмейтін. Жазалаудан қорықпай-ақ жәбірлеуге, ұрып-соғуға, машинамен қағып кетуге, ал әйелдерді қымсынбай-ақ зорлай беруге болады, – деп санайтын. Осындай заң атаулы жок елде, аяқ астынан сап ете түсер ажал торына Босқынбектің түспеуі үшін өте қағылез сактық қажет еді.

Зұлымдықты майда тілмен бүркемелеуге аскан шебер генералиссумус Чан Кай-ши 1927 жылы сәуірде антикоммунистік төңкеріс жасағанда, «Ұлттық революцияны қорғау және реакцияшыл элементтерді тазарту», – деп атады. Ол – әрбір жиналыстарда көкірегін соға айқайлап: «Мен, Чан Кай-ши, қандай жағдай болсын революционер болып қаламын. Егер сіздер менің контрреволюциялық істерімді әшекелейтін болсаңыздар, онда қайсысың болсаң да, мені атып тастауларыңа болады, еріктісің» дейтін. Сол Чан Кай-шиді ұстазым деп атаған Мао (оның үш ұстазының қалған екеуі – «қайыршы», «импереализм») 1941 жылдың бас кезінде Яньаньға келген Чан Кай-шиды жақтайтын Кан Шэнді айрықша ауданның барлау және қарсы барлау орындарының бастығы етіп қойды. Коминтерн бағытын ұстаған және Кеңес Одағымен достықты жақтайтын Маоның идеялық дұшпандарын құртуға ол құлшына кірісті.

Өртүрлі айла-тәсіл, қанды-қырғынмен аяқталатын қудалау арқылы адам жаны жиіркенер не бір жасырын жазалауды қолданып, ішкі-сыртқы тарихи жағдайды пайдаланып қалған ол, Отан қорғаушылардың басына зобалаң тудырып, қара түнек орнатты. Әдетте, жиналыс ашылатын да, араларында отырған шпиондар өз қылмыстарын мойындап алға шықсын, онда берілетін жаза жеңіл болады деп жарияланатын. Зал тым-тырыс. Адамдар демдерін іштеріне тартып отырғандықтан, шыбынның ызыңы естілерліктей мүлгіген тыныштық орнаушы еді. Әлгі сөз бірнеше рет зекіре ұрсумен қайталанатын. Соңынан «күдікті-ау» деген адам тұтқындалады. Міне, бұл кезде залдағылардың бет-ажарындағы құбылысты қадағалайтын

арнаулы бақылаушылар кім қызарып-қуарды немесе көзін жыпылықтатып, қозғалақтап мазасызданды, осыларды қалт жібермеуге тырысатын. Сонда көзге түскендер ілешала тексеруге алынып, жоғарыдағыдай, я болмаса жасырын тұтқындалушы еді. Жазықсыз адамдардың жалған желеумен тұтқындалғанын көргенде, сыр бермей қалатын ұстамдылық табу үшін Босқынбекке орасан көп қажыр-қайрат керек болды. Отан соғысының ауыр күндерін басынан өткеріп жатқан Кеңес елінің Қиыр Шығыстағы шекарасына милитаристік Жапония армиясын шоғырландырып, 2-ші майдан ашу қаупін төндірген шақта, империалистік топпен Чан Кай-шидің көптен бері сол Жапонияны кеңестер одағына айдап салу арам пиғылымен Маоның идеясы сәйкес келіп, аса қолайсыз, күрделі жағдай қалыптасқан кезде Отан тапсырмасының орасан зор маңыздылығын түсіну, бұл қысыл-таяннан құтқарып жүрді.

Босқынбек 5-ші сыныпта оқитын. Сабақ басталған еді, бір оқушы мұғалімге жыламсырап, ақшасының үзілісте жоғалғанын хабарлады.

— Алдыңғы сабақта ғана бар еді, — деді ол булығып, — қазір қарасам жоқ, үй-ішім ұрсатын болды.

Мұғалім түтеп кетті де:

— Кәне, өздерің беріндер, әйтпесе тінту жүргізем, — деді.

Балаларда үн жоқ, одан соң сынып белсенділерін алға шақырып, оларды біріне-бірін тінттірді де, артынан оқушыларды тінтуге бұйырды. Осы азапты минуттарда Босқынбек өз-өзінен ұялып, қып-қызыл болып кетті. Мұның қысылғанына көзі түскен жан досы Қалиахметтің өңі қашып, сұрланып, жаутандап бұған қарай берген. Басқалар да бұдан секем алғандай. Осыны сезген сайын іштей арпаласып, сүмек боп терледі. Абырой болғанда тінту бұларға жетпей, жоғалған ақша алда отырған сабаққа ұғымсыз әйгілі сотқардан шықты да, бүкіл сынып оқушылары кең тыныстап еді.

— Неге қызардың? — деп сұрады Калиахмет оңаша шыққан соң.

- Білмеймін. Ұят істі естісем, өз-өзімнен қысыламын.
- Ал, мен сен алған екен деп қорықтым. Кешір!

Біреудің жамандығын естісе, ыңғайсыз күй кешетінәдетінен арылмаса, барсакелмес сапарға аттанатынын түсінді Босқынбек. Ол көз жасты, өлім-жітімді көп көрді. Бірде-бір рет өзі де, өзгелер де ән айтқан емес. Бүкіл Қытай қара жамылған қайғыда, барлық жерді өлім мен қасірет, қауып-қатер, ауыру-сырқау жайлап алғандай сезіліп, жүрегі қатайса да, туа біткен әдеттен арылуға көп күш-жігер жұмсауына тура келді.

Кан Шэнь – шын мәнінде күдікті адам. 30-шы жылдардың бас кезінде сатқындықтың салдарынан Шанхай отаншылдары бірнеше рет қанды қырғынға тап болды да, ұйым талқандалды. Оған тікелей кінәлі ұйымның қауіпсіздігі тапсырылған осы Кан Шэнь екенін былайға жұрт ескермей-ақ келеді.

Сол қырғында халық мейлінше тәжірибелі, білімді, талай сыннан сүрінбей өткен басшы кадрларынан айырылып, орны толмас зиянға ұшырады. Құрбан болғандардың ішінде Маоға пікір айтып, оның 1923-1924 жылдары Шанхай қалалық Гомиьндан партия ұйымының хатшысы болған. 1925-1926 жылдары Гомиьндан Орталық атқару комитетінің мүшелігіне кандидат болып, үгіт бөлімін басқарған кезде гомиьнданшылармен тым жақындасып кеткендігін, ол үшін Орталық комитет құрамынан шығарылғанын, ғылымды терең зерттеп үйренбегендігін, шексіз мансапқорлықпен Қытай императорларынан мирас етіп алған ұлтшылдығын сынағандар бар еді. Мүмкін олар аман қалғанда Мао билікті тартып ала алмас па еді, қайтер еді. 1945 жылы Чжоу Энлайдың өзі «жендет» деп атаған Кан Шэнь Отан сүйгендерді, бейкүнә жандарды қанды қырғынға қиліктіріп жатты. Босқынбек бұл торға да түспеуге тиіс еді.

Қытайда бағзы замманан-ақ барлаудың небір айла-әдісін үйрететін оқулығы жазылып, тыңшылық жұмысы көне дәуірден жолға қойылғанына қарамай, қазіргі еуропалық әдіспен толықтырыла түссе де, жапон барлау жүйесінің

алдында жеңілістің дәмін бірнеше рет татуына тура келді. Бұған бір жағынан Ван Цзин-вэй бастаған гоминьдандық ықпалды топтың сатқындық тізбегі себепкер болды да, жапон барлауы белсенді әрекет жасай алды.

Өз жансыздары арқылы талантты кеңес бас әскери кеңесші А.И.Черепановтың өте білімдарлықпен мұқият жасаған әдемі жоспарын жапондықтар қолма-қол біліп отырғандықтан және Қытай армиясының маневрлік шеберлігі, қозғалыс жылдамдығы жетіспегендіктен, тұтқиылдық артықшылық ғайып болып, мінсіз жоспар көбінде іске аспай, жапондықтар жеңісті жұлып әкететін.

Бұдан кейін соғыс жоспары алдыңғы шепте қолма-қол жасалатын болды да, тасадан қарсы соққы беру тактикасы арқылы жапон армиясының алға жылжуын кідірте алды.

Жапон жансыздары елді біріктірмей, іштен ірітіп, біртұтас ұлттық майдан құрғызбау, дара қолбасшылықты болғызбау, әскери басшыларды өлтіру, қаруландыруды бір ізге салдырмау, жалпыға бірдей әскери заңды іске асыртпау, ал өздері құпиялықты барынша сақтау т.с.с. алдарына міндет етіп қойды.

Жапон армиясының жауынгерлік рухына кесел келтіретін, істің бәрін батыл тиып тастап, әскерлердің мінез-құлқын жөндеуге ерекше көңіл бөлді де, сол арқылы антижапондық үгіт-насихаттын қуатты ықпалын жойғысы келді.

Дәл ойластырылып жасалған әрекеттен қарсы барлауда Қытай жансыздары жиі сәтсіздікке ұшырады. Жапондықтар баста жеке тыңшыларды іздестіруге күшін бөліп-жармай, барлық назарын жасырын бас қосатын пәтерлерге аударды да, оларды жойып жіберді.

Осы жағдайды ескеріп Қытай жағы жасырын мекенде бас қосуға тиым салып, қоғамдық орындарда, күдік тудырмайтын адамдар тобы арасында кездесуді тапсырды. Жапондықтар оны біле қойды. Күн өткен сайын барлық кездесу жіпке тізіліп, кездесу күні, сағаты анықталды да, тағы да жеңіске жетті. Астыртын аяқас әрі қарай жалғаса берді.

Ұзақ тарихы бар Қытай барлауын сәтсіздікке ұшыратқан, ең айлалы жапон барлауымен үнемі бетпе-бет келген Босқынбек, оның тұзағына ілікпей, қайта оларды жер соқтыруға міндетті болды. Сонда барып Отан тапсырмасы орындалып, ессіз соғыстың қанды қырғыннан 100 мыңдаған адамды сақтап қалмақ. Қытай отаншылдары да не бір күрделі, күтпеген қиын шырмаудан жол таба алатын. Бірде базалық аэродромды күзетшілер қоршап алғаны сонша, сыртқы дүниемен қандай болсын байланыс жасау мүмкіндігі болмай қалды. Не істеу керек? Міне, сол кезде тасты, кірпішті, құрылыс материалдарын ерекше қалау жолымен далаға шықпай-ақ мәлімет беру әдісін қоршаудағылар таба алды.

Құрылыс материалдардың орналасуы түр-түсі қалаған орны, самолеттердің саны қанша, жанармай қорының орналасуы, тағы басқалар туралы алыстан оқуға болатын шифрлы мағлұмат беретін. Жүк машинаға бормен шартты белгілер салу арқылы да дәл сондай хабар келіп жатты. Сүйекке қарап малдың тегін, тұқымын, жынысын, жасын ажырата алатын қазақтар, ізден, иістен, шөптің жапырылуынан, құстардың ұшуынан көптеген мәліметтер ала алғаны өз алдына, қара танымайтын кезде әр түрлі заттардың қасиетін хат-хабар ретінде пайдаланатынын Босқынбек білетін. Абақ керейлері акболаттардан Көгедайдың өліміне байланысты құн даулап, шауып алу үшін соғысқа дайындалып жатқанда, сол керейге ұзатылған Босқынбектің апалары үкінің қанаты түйілген жіп және көмір үшеуін суыт жүргіншіден беріп жіберген екен.

Сол затқа қараған акболаттар:

– Үкідей ұшып, тас-түйін бірікпесендер өртеніп көмір болып қаласындар, керейлер соғысқа дайындалып жатыр деген хабарды ұғыпты.

Бұл аңыз емес. Болған оқиға. Зайсан қаласының қасында Көгедай ауылы бар. Ол ат Көгедай зиратына байланысты қойылған.

Ал, Көгедай болса – Алтай өлкесінің алғашқы

оқымыстыларының бірі және сол өлкенің әскери қолбасшысы. (Дутыңы). Ағылшын, Америка және Жапон отаршыларының көптен қызыға карап келген Цинь Цзянь (Шынжан) өлкесінің байлығын бөлісер аралық мемлекет құру кара ниетін іске асыртпай тастауда, үлкен роль атқарған, өзінің кара басын касиетті өлімге байлап, мыңдаған жазықсыз адамдарды ажал тырнағынан арашалап құтқарған, екі мың кісі жиналғанда кеудесі асып тұратын, зор тұлғасына ерлігі сай, 1942 жылы Шэн Ши-цай түрмесінде айуандықпен өлтірілген, Кеңес одағының досы Шарыпханның атасы. Он екі абақ керейдің ханы еді.

Босқынбек өткен жылы Мао кабинетіне Владимир Николаевичке тілмаш болып келген-ді. Ал, қазір не жұмыспен келгенін ойлап та үлгіре алмады. Маньчжурдан шыққан император, өздерін күн нұрынан жаралдық деп санағандықтан, сары түстен ғана киінетін салтын еске оралтар, төрдегі керілген сарғыш, жібек шымылдықтан жасыл киімді, каска сопақ маңдай, қайратты кара шашын қайқайта қайырған, ісік томпақ көзін үйдің төбесіне қадап, сұнғак бойлы, керемет паң, батыстың жазғыштары «романтик революционер» деп жел берген Мао Цзе-дун шыға келді.

Қытай компартиясындағы шексіз билік пен ықпалды жұмысшылардың ортасында өмірі болып көрмей-ақ, олармен етене жакындығы мүлде жоқ болса да, тартып алған, қулығына құрық бойламайтын, аскан айлакер, халықтың таптық және ғасырлар бойы шетел жаулап алушыларына карсы жинакталған ұлттық сезімін, өзінің жеке басы үшін сүліктей сорып, шеберлікпен пайдалана білген, ауқатты шаруаның баласы, адамзаттың қайғы-қасіреті мен көз жасының негізгі теңсіздік пен мұқтаждықтан құтқарамыз деп көл-көсір уәдемен қалың жұртты улаған ол, ілімнен шала сауаттылығын, осы әркөкірек менмен паңдығымен көлегейлеуші еді. Кара басы сондай болған сон басқалардың сауаттылығын қалай қаласын. Сондықтан газет, журналдарды жауып тастады және көптеген оқу орындарын, университет пен курстарды, мәдениет мекемелерді таратты.

Орнынан атып тұрған Босқынбектің аман-сәлемін алар алмастан Маоның дүрдиген қалың ерні қозғалып, ыңырана шықылдап сөйлей жөнелді.

Егер басшының ізмі болмаса, өлмей тұрып-ақ шабуылға ұшырауы хак. Ал, изм барда жеңістің жалауы мәңгі желбіремек. Маркстың ізмі болғандықтан Интернационал сансыз топтарға бөлініп, жіктеліп кетсе де, ешкім де Марксизмге қарсы шыға алған жоқ. Лениннің ізмі болғандықтан Интернационал мен ВКП(б)-да болған ағымдар мен топтардан ешкім де қарсы шығуға батылы бармады.

Сунь Ят-сеннің суньятсенизмі болғандықтан Голминьдан ішіндегі сансыз топтар мен былықтарға қарамастан Сунь Ят-сен мен суньятсенизмге қарсы шығуға батылы бармады. Ендеше мен де маоизмді жасап орнықтырамын. Әрине, ол үшін халыққа жақын ілімді пайдаланбай істің сәтті болуы екіталай. Демек, менің ілімім қытайланған марксизм болмақ. Бұлайша айтқанда марксизм-маоизм.

Ленин: «Оқы, оқы және оқы» десе, мен оқытпандар және оқытпандар деймін. Сауатты адамнан сауатсыз адам көбірек көнбіс, иланғыш, тіл алғыш келеді де, қарсылықсыз бағынып, құдай деп табынады. Маған міне, осындай адам керек болса, не үшін Цин Ши хуандиден үйреніп кітаптарды өртемеймін. Кейде мейлінше оншыл, кейде солшылдан да солшыл болуым терістеуді терістеуім болмақ. Маған ештеңені ұқпайтын, айтқанымды бұлжытпай орындаушылар ғана керек.

Несі бар, бұл измді қабылдатуы пайғамбарлардан үйренсем. Олардың бір қолында қанжары, бір қолында измі болған. Маонын шыбын тайғанар қасқалана бастаған сопақ басында мұсылман діндерінің ақ сәлдесі орала калыпты. Апыр-ау, бұл не?! Босқынбектің қайран қалғаны сонша, демалуға шамасы келмей, алғашқы Шыңғысхан суретін көрген халге түсті.

– Артистік – қытай халқының ұлттық ерекшелігі, біз оны сөзсіз менгеруіміз керек, – деп еді-ау бірде осы Мао. Ақындық өнерде өз қабілетін сынаған көсем, артистік өнерде

де өзін-өзі сынағысы келгені ме? Боскынбек тандана караса. әлі сөйлеп тұр.

– Измім орныкса мен мына Шыңғысханнан асарым хак. Оның атының тұяғы Шығыс

Еуропаға ғана жеткен болса, Цин Ши-хуанидің ұрпағы мен Африка, Америкаға дейін, тіпті бүкіл әлемге жетем. Былайша шығыстан шыққан күн жер жүзін нұрландырмак.

Санкылдай сөйлеп қолын жоғары сермегенде түсі сұрғылт суық семсер жарқ ете қалды. Адамзат даналығының аскаp шыны кітаптардың түпнұсқасы мен шет тілді білмегендіктен таныс еместігі былай тұрсын, ішінара аудармаларын да құлықсыз, атүсті караған, оның есесіне ілімнің бүкіл дүние жүзі халқының алдындағы орасан зор беделін, ұлттык бояу мен боялған кара ниетін іске асыруда асқан арсыз, екіжүзділікпен пайдаланып келген Маоның қолынан түспейтін Қытайдың ескі энциклопедиялық сөздігі мен классикалық әдеби кітабын, қай уақытта мына қанды семсер ауыстырып үлгергенін Боскынбек байқамай да қалыпты. Семсер Боскынбекке кезенгенде, кереметі сол, лезде зорая ұзарып, өнменіне кадалардай баяу жылжып келеді. Бала кезінде алғашқы кино көргені есінде. Экраннан күжілдеген машина көрермендерге қарай ұмтылып, мұны да басып жаншырдай тұп-тура үстіне төне түскенде, көзін тарс жұмып, бұға қалса шыбын жаны калардай, орындыктын астына енкейіп, шынғырып жіберген болатын. Бұл жолы шынғырмаса да, қорқыныштан қорғалап, бір қырына қарай қисая беруте дәрмені жетті де оянып кетті. Өткен күнді есіне алды. Иә, 1939 жылы мамыр айында аттан дәл осылай қисайып барып, құлап түскені бар.

Я, ол оқиға былай болған еді. Маужыраған мамыр айы, көгілдір, тұп-тұнык аспаннан төгілген мол шуак, жап-жасыл аймакты құлпырта түскен. Құстардың тамылжытып қуанышты сайрауы осы өлкенің бір шетінде екі аякты пенделер жыртқыш айуаннан бетер, ақыл-ойдың жетістігін, бірін-бірі қынадай қырып-жоюға, гүлжазиралы аймакты қызыл канға бояп, жұпар ауаны түтінмен және дәрі иісімен сасытуға

жұмсап жатыр дегенге көңілді иландыру қиын. Көптеген жасыл желекті Қытай қалаларында, әшекей өрнегі мол, иір төбелі, қырық буын ескі үйлермен қатар, сидан да, еңселі Еуропа үлгісіндегі жаңа үйлер бой түзей бастаған. Негізгі көшелерінен басқа көшелері соншалықты тар. Ыс басқан үйлері ығы-жығы, лас. Сумен жабдықтау атымен жок. Қоқыс тасталған арықтағы су таңдайларын жібіткен аш-арық, ауру-сырқау, дәрігерлік көмекке зәру, құмырскадай құжынаған халық. Әр бір қысқа көше сайын, назары ауғандарды күшпен дерлік жалынып-жалпайып зорға кіргізетін, сірке суынын және қуырылған сарымсақ, бұрыш иісі, мұрынды жарған асхана, кабакхана, жезөкше үйі және үлкенді-кішілі жекеменшік дүкендер.

Билеуші топтар, шетелдіктер мұнда жүгенсіз сән-салтанат, ойын-сауыққа беріліп, зинакорлыққа салынумен болады. Қалалардағы сәнді мейманханадан бастап, ауылдағы керуен сарайына дейін сұлулардың суреті мен бағасы жазылған әдемі безендірілген альбомдар дастархан мәзірімен коса ұсынылады.

Әлеуметтік азғындық – үш әйелі бар өкімет бастығы Чан Кай-шидің өзінен басталған соң, қалған қайраткерлер одан аспаса, қалысқан емес.

Ерекше еңбек сүйгіштігіне карамай, шаруалар алба-жұлба. Аш-арық. Мұқтаждық қуған олар қос себетке лық толтырылған өз өнімдерін иінағашпен ондаған шақырым жаяу көтеріп тар көшені жаңғыртып, жағы сембей, өз заттарын мадақтап тезірек өткізуге зар. Боскынбек бүгін асхана алдында қажетті мәлімет алу үшін бір кісімен кездеспек. Қос себетті теңселе басып көтеріп келе жатқан ол күткен адамы – сатып алушыларға әкеле жатқан заттарының не екенін айғайлап айтып, сол арқылы өзінің ізіне әлдекімнің түскенін алыстан-ақ сездірді де, тоқтамай зулап өте шықты.

Боскынбектің жүре бергені сол еді, адам жегілген арба екпіндей келіп қасына тоқтай қалды. Қалаларда мұндай арбалар – басты қатынас құралы. Күнкөріс үшін ауыр жүкті адаммен коса сүйреп, өкпесі күйіп, дедек қакан сорлыларға

болар-болмас тиісті ақысын төлеп, шетелдіктермен олардың үрім бұтағы қаланы аралап серуендеу, көзге қанық, оғаштығы жоқ күнделікті жай.

Қытайда соғыс кезінде жаяу жүкшілер басты қатынас құралы ретінде есептеледі. Оларға оқ-дәрі көтеріп, күніне 50-60 шақырым жүру түк емес.

Шатырлы арба үстіндегі қызулау жапон офицері Боскынбекке қарап: – Ау, көпес, отыр қасыма, серуендейміз, – деді. Әскери бас киімге үйлеспейтін қалың көзілдіріктің ар жағындағы сығыр көзі күлімдеп тұрғандай әсер еткенмен, сұрланып сазарған өңі, таңқы танауының астындағы қап-қара сиректеу, қысқа бастырылған мұрты пәле іздеп тұр. Адамды мал орнына жұмсау имандылыққа жатпайды деген ұғымдағы ізгі ниеттегілер адам жеккен арбаға отырудан өлімді артық санайтынын жапон барлаушылары жақсы білгендіктен, арбаларға отырып, көше-көшені кезіп, күдіктенген адамын бірге отыруға шақыратын. Оларды талай табысқа жеткізген жымысқы әдісті қайталап, қаскөй сұмырай сыздана қарап, көзін тайдырар емес. Ол Боскынбек жүзінен әлде бір қорқыныш, үрей белгісін іздеуде. Сәл кідірсе, оның белгісімен тасада тұрған жендеттер бас салып тұтқындауы сөзсіз.

Анау бір жылы Шянь тауы қаласында (қытайша тауды – шань дейді, сонда қаланың аты қытайша мен түрікше аударманың қосарлануынан жасалған болуы мүмкін. Мысалы, абысын-әбіжін сөзінің жасалғаны сияқты) гоминьдан офицерінің формасында келе жатқан Боскынбек еңгезердей екі әскери американдықтың, жылдам жүре қоймадын деп, мойны ырғайдай, шағын денелі қытайлық арба сүйреушіні сойылға жығып, тепкілеп жатқынын көрді. Көзіне қан толған ол, ана екеуін екі жаққа ұшырып, бар сыры ашылып қала жаздаған шырғалаңнан зорға құтылып еді. Әттең, мына жапондықты да дәл солай сұлатар еді, бірақ оған рұқсат жоқ. Отан әмірі – қалайда өзін сақтауы керек.

– Ұлы империяның жеңімпаз армиясының данқты офицері, сіз түсінер деп сенем. Мұнда ғажайып бір сұлуға

құмартып қалдым. Егер бірге болсаңыз, өзімді бақытты санар едім, -- деді, екі алақанын біріктіріп маңдайына апарып.

Таяқ тастам жердегі қызыл, жасыл шар ілінген асханаға көзі түскен ол, араны ашылды ма, әлде түбіне жете тексергісі келді ме:

— О, онда маған сол аруды көрсет, — деді арбадан түсіп жатып.

Сілесі ката болдырған, ұзын денесі сидиып, кара күренденіп, күнге қақталған арба сүйреушінің Боскынбекке ризалығын тілмен айтып жеткізу киын. Ол ұсынған тиын-тебенді басы жерге тигенше иіліп, шексіз алқау сөздермен алды да, асығыс шегініп жүгіре жөнелді.

Аласа, шағын, күнгірт бөлме. Биік сәкідегі төртбұрышты ықшам столға отырар-отырмастан Боскынбек небір сұлулардың суреті мен бағасы бар комақты альбомды ойланбай алды да, міне мынау еді деп, үш ұйықтаса ойында жок, бейтаныс бикештің қылымси түскен суретін көрсетті. Жапондық сәл көз қиығын тастап, альбомды жаба салды. Біраздан соң:

— Әлгі сұлуың қайсы, көрсетші! — деді.

Боскынбектің арқасы мұздап бара жатыр. Ойланбаған орға жығылады деген осы. Мына алдында отырған анау-мынау емес, нағыз әккі сұмның өзі болды. Ол бар күшін сабырмен жинап альбомды актарды да, тап жаңағы суретті нақ көрсете алды. Бір көргенінде жазбай танитын қасиеті сәл қателіктен тартылған қыл көпірден өткізіп жіберіп еді. Мал бағып, оны түстеп санаудан қалыптасқан дағдының пайдасы тиді.

Оның үстіне қыздың көріктілігі шағын аралдың шаһар елінен келген жендеттің күмәнін сейілте бастады.

Осы кезде тіл үйірер буы бұрқырап тамақ та, мөлдірей қарап арак та қос бойжеткенмен қатар келді.

Сыпайы ілтипат, жылы қошемет сөздер бұрала қылымсыған арулардың сызылта салған мұңлы әндері жапондықты әкесінің үйінде отырғандай еркінсітті.

— Ой, ұлы жорық алдында айта жүрерліктей демалыс болды, — деді, ол қызара бөрітіп:

– Ей, көпес, менің біраз дүниелерім бар. Соны акшаға айналдырып бер.

– Хұп. Ұлы жорыққа қашан аттанасыз, мен үлгере алам ба? – деді Боскынбек.

Жапондықтың иығына асылып отырған сайқалдың буына акша әңгімесі түсіп кеткен болуы керек, оның жалын атқан талғамсыз демі жапондықтың бетін шарпып: – Сізбен таныса сала коштасамыз ба? Кетпеңізші! – деп жалынды.

Сыртынан қарағанда, қысқа күнде қырық төсекке жататын жөзекше емес, сүттен ақ, судан таза, тұнық адал махаббатын ұсынған кіршіксіз періште деп қаларлықтай бейне... Көп ретте еркек біткенге емінгіштердің жолы болғыш келеді.

– Бір аптадан кейін, бір апта боламын осында. – деді, жапондық қыздың ыстық демі мен араққа балкып, – қайтып тез ораламыз. Біздің жеңімпаз армиямызға Моңғол не тәйір. Олардың Құбылай ханы 1270 жылы Үнді Қытайды жаулап алған соң, бізді солардай қауқарсыз деп ойласа керек, әліне қарамай 1274 және 1281 жылы Жапонияны басып алмақ болып, жорыққа аттанғанын білесіндер ме, соңғы жолы 100 мың әскерін мың кемеге отырғызып дәмеленіп-ақ келген екен. Біздің батыр бабаларымыз тас-талқанын шығарыпты. Сол Моңғолдардың әкесін танытпақпыз. Кімді-кім жаулап алар екен, – деп, ұзақ сөйледі. Құбылайдың армиясын ата-бабасы емес, теңіз апаты, қатты дауыл талқандаған-ды.

Сонымен суыртпақтап, сыр тартқан барлаушының қолына, Жапонияның Моңғол халық республикасының Халхин-Гол тұсында бір аптадан соң шабуыл жасайтын жоспары түсті. Енді оны қалайда тез жеткізу керек. Жана өмір құрып жатқан, бейбіт тіршіліктегі туысқан ел қапы қалмасын. Ал мұның өзі Қытай армиясының ұрыс қимылдарын өрістету үшін де, бағасы орасан зор.

Ертеңінде салт атпен суыт жүріп келе жатқан Боскынбекті көрген екі мылтықты адам қол бұлғап, айғайлап, тоқтауды бұйырды.

Бұлар кімдер? Жапондық па? Әлде армиядан босатылған гоминьдандық па, белгісіз. Соғыс жағдайында гоминьдандық

армияда жаралыларға көмек өте төмен дәрежеде болатын. Одан мүмкіндігінше тезірек құтылығысы келіп, тиісті қағаздарын асығып қолына беріп, беті ауған жағына жіберу кенінен таралған іс.

Осылай айдалада қаңғып қалған, азап шеккен, денесі де, жаны да жаралы, ашулы жандар қаншама. Мұндайларға қараған адамның жүрегі қанжылайды. Ешкім де осынау адам Отанының тәуелсіздігі мен азаттығы үшін қанын төккен есіл ер еді-ау деп ескермейді де. Енбегі еш сорлылардың кейбіреуі еріксіз тонаушы болып кетуші еді.

Гоминьдандық Қытайда адам өліміне мүлде мән беріле бермейтін.

Чунцы каласын ағынды Янцзы өзені қақ бөліп ағатындықтан, қатынас тек жекеменшік паром арқылы еді. Ық толған жолаушысы бар паромда арқан серпілген кезде шеткерек тұрған бес-алты адамды өзенге құлатып түсірді. Суға кетушілердің көмек сұрап жан ұшырған ащы дауыстары, ағынды өзенде арпалысып тырбаңдауы Босқынбектің төбе-құяқасын шымырлатты. Көмек беруге аласұрған Кеңестік ерікті ілгек қармақ, сырық, арқан, суға батырмайтын үрме дөңгелек сияқты сақтық құралдарын таба алмай дал болды да, қатты ашуланды.

— Сақтық құралын жоқ екен, неге басы артық жолаушы аласың, адамның өмірі билеттің құны құрлы болмағаны ма? Сонда белді бір әкім келіп:

— Несіне абыржисыз, мұндай жағдай әр жолы болып тұрады, бізде халық деген көп, бұл табиғи сұрыпталу болмақ, — деді жайбарақат.

Ерікті сонда барып байқады. Осынша көп жолаушыдан шырылдап жүрген өзінен басқа бір жан жоқ, ештеңе көрмегендей. Соғыс кезінде де осы. Бір бөлімше жан беріп, жан алып, арпалысып жатса, көршілес бөлімше қарап тұруға бар, ал қолұшын беруге жоқ.

Мына қол бұлап келе жатқан екі адам қаймықпай- ақ атып тастауы мүмкін, ойткені аты, киімі, ақшасы паром билетінен қымбат қой.

Кім болса да, олардан қашып құтылып кетпекші болып, шаба жөнелді. Қайран Алтай мен Тарбағатайдың қас жүйріктері болса ғой. Атқан октай зымырар еді-ау. Олардың екпінінен көзіңнен жас бұршақтап, құлағыңның түбінен гулеп ескен жел, жаныңды рахатқа батырып, айызыңды қандырар еді. Тұяқтарынан от ұшқан жануарлар нағыз ерлердің қанаты еді-ау, шіркін. Мынау бір қашарға ұқсас я сиыр, я ат емес бірдене. Шапқанын не желгенін айыру қиын. Ұзағанда бес-алты адым борт-борт желеді де, қайтадан өгіз аяққа түседі. Қамшыласаң, сипактап бір мөңкіп қояды, жігерінді құм етеді. Таң атқалы қамшылай-қамшылай Босқынбектің қолының қары талды. «Өтпес пышақ, шабан ат, шайпау қатын, жігітті осы үлсеуі қартайтатын» деген сөз рас айтылған екен-ау.

Босқынбектің тоқтамасын білген ана екеуі көздеді ме, әлде ескертті ме, атып-атып жіберді. Оқ құлағының түбінен зулап өтті. Амал не, «дүлдүлдің» арқасында, анау қол созым қыраттан аса алмады -ау. Аса алар емес те. Босқынбек аттан бір қырындап құлап бара жатты.

Жүгіре басқан екеудің біреуі мылтығын кезеніп сұлк түсіп жатқан Босқынбекке қарай келе жатты да, екіншісі онсыз да жүруге құлқы жоқ мәстекті ұстауға беттеді.

Өлген адам болып көрінген Босқынбек сығалай қарап жапондықтар екенін жыға таңыды. Ол қас қағым сәтте, көз ілеспес жылдамдықпен алты атардан оқ жаудырып, екі жендетті сұлатып салды. Е, дүние-ай, жапондықтардан қашып, суырдың ініне тығылып, бірде сарқыраманың астына жасырынып алып жеткізген бағалы мәліметін қытай басшылығы қажет те еткен жоқ. Халхин-Гол соғысында жапондықтар 55 мың адамнан айрылып, 129 күн шырма-лып жатқанда, олардың тылынан соққы беріп, тұра қуатын мүмкіндікті берекесіз, снжар, сылбыр әскер басшылары қолдан жіберіп алғанына іштей құса болғанымен, басқа не істей аласын. Оның өкінішін айтып жеткізу қиын.

Бұларда біреудің көсеуі арқылы от көсегесі келетін сәлт бар. Әр генерал өз билігін, дәрежесін сақтап қалу үшін ортақ

мақсатты құрбан етіп, армиясын соғысқа қатыстырғысы келмейтін. Жымысқы, керенау сыныққа сылтау іздеген олар, көршісіне көмек беретін қажетті тұста, сөз бұйдаға салатын. Сөз көп, іс жоқ.

Еренқабырға тауының адырлы етегінде Цэнь Цзян өлкесінің орталығы – Үрімші (Үрімжі) қаласы орналасқан. Қала үстінде қара қошқыл түтін тұтасып, ұйып тұрғаны алыстан-ақ көзге түседі. Ал, қыс айларында мұнардың түсі тіпті кою. Соңғы он жыл ішінде қаланың аумағы екі есе ұлғайып, тез өсіп бара жатқаны сонша, бір кездегі қанішер Шэнши-Цэй түрмесінің қапастарында бейкүнә қаза тапқан әр ұлт өкілдерінің сансыз көгі сүйектері көмілген қаладан, алыс жыпырлаған қабірлер тапталып, құрылыс алаңына айналды да, осы кезде қаланың ортасы болып қалды.

Өкелерінің бейіт-зирааттарын іздеп келіп, – таба алмаған жетімдердің көз жасы тамған осы өңірде Еуропа үлгісіндегі сидан да, енселі құрылыстар бой көтеріп, көне заманның кербез, әшекейлі үйлерін ығыстырғанымен әлі де көп, ала-са тоқал тамдардың жүдеу түрі қала сиқына үйлеспей сәнін бұзып-ақ тұр. Қауырт құрылыс та салу көбінде адам күшімен іске асырылуда. Көп қабатты зәулім үйлердің сонау бас айналар биігіне тақтай баспалдақ арқылы ағылып шығып бара жатқандардың иінағаштары қос себетке сықап толтырылған кірпіштердің салмағынан майысады.

Құмырсқа илеуін еске түсірер, толассыз қозғалыстағы құрылысшылардың көпшілігі қолға түскен Чан Кай-шилық Гөминьдан үкіметінің қызметкерлері мен әскерлері және соңғы жылдары әр түрлі қылмысы үшін жазаға тартылғандар еді. Ықшам қара киім киген бұлардан өзгеше, әлі киімдерін ауыстырып үлгірмеген саптама етікті, бастарына ақ орамал, шыт байлаған қыр қазақтары жүр. Жекеменшік малдарын өз қолдарымен бергісі келмеген, бүлікшіл мінез құлқы үшін жазықты болған тілді мылқаулар, шыжыған ыстық күнде ауыр киімдерімен қорбаңдап, терлеп-тепшіп, жан-жағына тінткілей көз салады. Алтын Алтайдың бір жұтым салқын самалы мен қас жүйріктері көздерінен бұл-бұл ұшқан

бейбақтар, қай жакка караса да, көрері – өздеріне кезенген сұсты мылтықтың үңірейген аузы ғана.

Бұлардың қатарын осыдан төрт-бес жыл бұрын көп жеңілдікпен оқуға алынған кедейдің балалары мен әкелерінің қабырын балалық анқаулықпен іздеген жетімдер толықтыруда. Ғылым жолынан бакыт таппак болған, көбі жиырма жасар жас өрімдерді 1957 жылы күзде басталған стильді тәртіпке келтіру науқаны тексеріп ұлтшыл, оншыл оппортунист деп тапқан-ды, мұндай кісі шошырлық, дос-жарандарды үркіткен саяси айыптаудан өліп құтылғандардан өзгесі, сотсыз-ақ белгісіз мерзімге кара жұмысқа жіберіле беретін. Әке-шешелерін өлтірген гоминьдандықтермен қатар, кара киім киген олар, маскара, мүшкіл халдеріне сен-бей, түсіне алмай әуре болушы еді.

Стильді тәртіпке келтіру науқапы 1957 жылы күзде басталып, 1959 жылдың наурызына дейін созылып келсе де, қашан аяқталарын ешкім білмейді. Таңертеңгі сегізде басталатын күн сайынғы жиналыс кейде кешкі он бірден аса аяқталып, жүйкені жұкарта түсуде. Төзімі таусылғандардың дәм-тұзы да таусылған. Оңшыл пиғылдағы адамдарды іздеу бейне құмнан алтын іздеген сияқты, табылғаны аласталып кеткен соң, тағы іздеу басталып, ұшы-қиыры жоқ тексеруден кейін жауыннан соңғы саңырауқұлак сияқты қаптай бастайды. Бұл оншылдардың соншалық таусылмайтын көптігіне қайран калудан басқа шараныз жоқ. Осынша жаулардың орын тепкеніне қарамай, революция жеңіске қалай жетті екен деген ойға еріксіз қаласыз.

Құлағында Шыңғыс хан – деген дауыс ызындап, Босқынбек таңырқай қой көзін жан-жағына алақ-жұлақ етіп тез жүгірткенде барып, өзінің Яньянда емес, Үрімші (Үрімжі) қаласында, қос қабат төсектің үстінде жатқанын, уақыттың 1941 жыл емес, 1959 жыл екенін ұқты.

Караса, қарсы төсектің астыңғы қабатында жатқан Ба-дынжап:

– Міне, мынау – Шыңғыс хан ұрпағы, – деп Босқынбекті нұсқапты.

Ауыр түстен мен-зең болып оянған Боскынбек сөз төркінін біраздан кейін барып түсінді. Үстінгі төсекте жатқан Хега Бандыжап Маньчжур деп қылжақтап болмаған.

Маньчжур билеушілері 1757 жылы құрлық арқылы сауда жасайтын Россиядан өзге барлық шетелдіктердің Қытайға келуіне тиым салды да, 1755 жылы Жоңғарияны қанды қырғынмен басып алып, Цинь Цзянь (Жаңа өлке) деп ат қойды. Ол кезде Қашқария Жоңғарияның бір бөлігі болатын.

Жаңа өлкенің шекарасын қорғау және әкімшілік жағынан бекемдеу үшін Шығыс Солтүстік Қытайдан Маньчжур тектес сібе, солаң ұлттарын көшіріп әкеліп қоныстандырған-ды.

Маньчжур Қытай жаулап алушылары Жоңғар халқын қоршап алып, бесіктегі баласына дейін найзаға шаншып өлтіргендіктен бір кездегі Азиядағы саны ең көп қаһарлы халықтың болымсыз ғана селдіреген жұрнағы қалды. Осыны көлденең тартқан Бадынжапка еруліге қарулы етіп Хе да оны:

– Шыңғыс хан, – деп атапты.

– Шыңғысхан түріктің Қият тайпасынан шыққан. Ендеше шатыспай, түпкі атасы түрік боп саналатын анау қасындағы Боскынбекті солай атағаның орынды, – деген Бадынжап. Боскынбек Бадынжаптың осы даурыққан даусынан ояныпты. Шыңғысхан деген сөзден. Оны шошып оянды деп ұққан Хе ішек-сілесі қатып күліп жатыр. Көптен ұмытылған күлкі... Осы өрімдей екі жас басқа түскен ауыр халді түсініп, ұға қойған жоқ. Қоңіл баяғыдай. Жастық бар жерде сынғыр күлкі де бар. Қазақтың тұңғыш ғалымы Шокан Уәлиханов, кешегі Алтай халқының аяулы перзенті

Шәріпхан Көгедасев Шыңғысханның Жошы деген баласынан тарағаны ақиқат, онда тұрған не бар. Ұлы ақын Абайша айтсақ, атасының баласын емес, адамның баласын бір туысқан, –деп білеміз, – деді Боскынбек.

Сәл томпақтау мойыл кара, танакөз, қызыл шырайлы, бүйрек бет, ақша мандай, жарасымды қыр мұрынды Бадынжап:

– Жиен ел емес, желке ас емес, -- деді күліп.

Бұған елең ете түскен Босқынбек:

– Ей, жиенің не? – деп қызыға сұрады да, жоғары төсектен қарсы төсектің астында Хенің белінен теуіп жатқан Бадынжапқа ұмсына қарады.

– Оны өзіңіз табыңыз.

– Бәлсінбей айтсаңшы.

– Ал, тыңдаңыз. Бұқар жыраудың Абылайдың көңілін сұрай барғанда айтқаны есіңізде ме, жоқ болса айтып берейік:

Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан ханым-ай,

Қайырусыз жылқы бактырған ханым-ай!

Қалыңсыз қатын құштырған ханым-ай,

Үш жүзден үш кісі құрбан етсем,

Қалар ма, шіркін, жаның-ай! –

деп өлеңдете жөнелді де, сөзін жалғады.

Сонда немене? Қалыңсыз бар қазаққа қатын алып бергендей Абылайхан социализм орнатып па еді? Қалмақтың не бір ару қыздарын таргып алып, қазаққа үлестіре берген. Осы әлде өтірік пе? Адал сөзіңізді айтыңызшы, жиен емей кімсіз?

Босқынбек төсегіне қайта жата кетті. Рас-ау , қазақтың көп әзиз аналары қалмақ қызы екені, қалмақтың да көп әзиз аналары қазақ екені ақиқат. Тірлігі ұқсас болғанмен, бірлігі болмаған түбі бір қазақ, қалмақ бірін-бірі қынадай қырғанын, бірінің қызынан бірі өрбігенін жұрт біледі. Түп тамыры қоғамның жаратылысында жатқан, осы алтыбақан алауыздықтан халықтар ғасырлар бойы – күні кешеге дейін зардап шеккенін кім білмейді. Тіпті тек қазақтардың ғана басы қосыла қалса, руларға жіктеліп, бір әкеден тарағандар бәйбіше, тоқалдың балалары болып қырқысарын қайтерсін.

Озар елдің баласы бірін-бірі батыр дейді,

Тозар елдің баласы бірін-бірі қатын дейді, – дегендей , бірін-бірі қатын деп жүріп құрып, тозып бітпесе жарар еді.

Осы ойын жинақтап үлгермеген Босқынбек Бандыжаптың әуенімен:

– Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламада қырып- жойып, 10 миллион қазақтан бір жарым миллион қалдырған

жонғардың Абылай айдарынан сипамақ па? Дұрыс жасаған.

– Мен де сол дұрысты айтып жатырмын. Жиенсіз дегенім сол.

– Шынын айтқанда, туыстыққа не жетсін, жер бетінің барлық адамдары туысқан болуға тиіс,– деді Боскынбек.

– Туыскандар, табыскандарыңызды құттықтаймын. Бірақ мені де ұмытпасаңыздар екен,– деді Хе күліп.

– Сонау Америка құрлығындағы индеецтер моңғолдың бір бұтағы екендігі дәлелденген шындық болғанда, көрші отырған сен айдалада қалмассың, – деді Айтахун жазып отырған жазуынан басын алмай.

– Шығыстың бірінші дәрежелі жағымпазы Маньчжурмен үш кайнатсаң да сорпам бірікпес, – деді Бадынжап.

Терезе жақта жазу жазып отырған ұйғыр жігіті Айтахун басын жұлып алды да, таңырқай бажырайып қалды. Оның қарғаның қанатындай көптен қырылмаған қалың қара сақал-мұрты мен қоңырқай өңіндегі шаралы көздерінің аласы мүлде ұлғайып, айқындалып, жапалақ көзденіп кеткен.

– Ол не дегеніңіз... – дей берді.

Қазақтың бәрі коммунист. Қонған қонақтың ішкен тамағы, жатар орны үшін ақша алмайды. Үйге қонақтар келсе, ол – қазақтар үшін нағыз салтанатты мереке.

Ауылдың алты ауызы деп, өздері ән салып, кейін қонақ кәдесі деп, өлең-ертек айттырмай жібермейтін, өздері аш отырса да, дәмді тағамдарын қонақ келгенде жейміз, – деп, кейінге сақтап отырған бауырмал да, дархан ел, – деген сөзі ұлтшылдық боп табылып, тергеу-тексеруге ілігіп, күреске алынған-ды.

– Бір халықтың жаныма сая болған жақсы қасиетін мадақтасам, оның өзге халықты қорлау болуы қалай? Мен жазықсызбын, ақталуға тиіспін, – деп, тағылған кінәні мойындамай, керісінше тоңмойын атанып, «күнәсін» мүлдем ауырлатып, шетке сырылған жексұрын атанған.

Қырғынға ұшыраған ата-бабасы үшін қоғам кінәлі болса да, Маньчжурге деген жүрек қыжылын баса алмаған Бандыжапқа Боскынбек ойлана қарап:

– Жерді жамандама, көрсіз қаласың, елді жамандама, көмусіз қаласың, – деп тегін айтылмаған, туысқан болғандарың жөн, ескі жараның аузын ашып неғыласың, – деді.

Босқынбектің көз алдына Мао келе қалды, «әрбір ауыл алынған соң, қысқа мерзімді террор жүргізу қажет. Түп-түзу ету үшін, бүктеу керек» деген нұсқаумен жүз мыңдаған жазықсыз адамның қаза тапқанын карттар ұмыта қойған жоқ. Сөйте тұра халық қамын ойланғанып, тіпті Азия, Америка, Африка елдеріне қамқор болғансығанын қайтерсін. Босқынбек ақ-көңіл, әлі бала, ойына не келсе ірікпей айта салатын, саяси сауаты шала, оның есесіне табиғи дарынды, акын Бандыжапқа жанашырлықпен қарады. Өнерді өз өмірінің айнымас мақсаты етіп, сол арқылы туған халқының алдындағы парызын өтемек болған мыңдаған аяулы ұл-қыздардың тағдырына қасіретті трагедия әкелген Маоның нұсқауы, олардың болашағын бұлыңғыр еткенін Босқынбек білетін. Мао нұсқауының мазмұны мынадай:

«Жалпы зиялы қауымның машақаты көп, әдебиет, өнермен айналысатын интеллигенцияның машақаты одан да көп. Олардың басы нағыз сезімтал бас. Арман-қиялға, даттау мен сан-саққа жүгіртуге, әркілы ұшқалақтыққа анағұрлым бейім тұрады.

Оларды жібектей жұмсақ қылуға, не айтса соны ғана істеуге көндіру үшін қатаң тәртіпке салу керек».

Осы нұсқаумен тағдыры тәлкекке түскен ақын Бандынжап өз халін жеке адамның қызғанышына сайып, түсінбей келеді.

– Босеке, айғайлап кеттіңіз ғой, уақыт өткізу үшін айтылған әңгіме, жарайды, осымен бітсін, – деп Хе араға түсті.

Жалындаған жиырма жасы себелеген оқ пен лаулаған өрттің арасында өткен Босқынбек жиырмаға келсе де, өздерін бала деп сезінетін, босбелбеу бұларға төбесінен қарап, мырс етіп күліп:

– Сендердің жастарыңда бұл қоқайды бастан өткергенбіз. «Өгізге туған күн бұзауға да тумак». Бірақ біз

өзімізді ересек ұстадық. Саналы болыңдар десе – бұл аға ұрпақтың ақыл айту парызы, – деп барып тоқтады.

– Бұрын да стильді тәртіпке келтіру болып па еді? – деп Бадынжап, Хе, Айтахун жарыса сұрады.

– Оны мына Ли жолдастан сұрандар, – деп, Боскынбек бойын оңашалағысы келді, карт тарлан көп жайды айтып бере алады.

Бәрі өтіне сұраған соң Ли:

– Болғанда қандай, 1941 жылдың күзінен 1945 жылдың жазына дейін Жапон жаулап алушыларына қарсы бірде-бір ок шығаруға мұршамыз болмай, Янь-янда «Ұлы отыруды» өткергенбіз. Миллитаристерді жоюдың орнына Кань Шань бір миллион жауынгердің көзін құртқан болатын. Кеңес Қызыл Армиясының екінші дүниежүзілік соғыстағы тарихи жеңісі жерімізді жапон басқыншыларынан, өзімізді «Ұлы отрудан» азат етіп еді. 1945 жылы барлық халық қарсы болып, қуылған, тіпті Чжоу Эн-Лэйдің өзі «жендет» деп атаған Кан Шэнь орталық комитетке қайта келді. Ішкі-сыртқы жағдайларды пайдаланып стильді тәртіпке келтіруді қайта жүргізіп жатыр, – деді. Қарт жауынгер Лидің бозғылт түсі ала-көленкеде оңған шүберектей қуарған. Шағын денесіне лайықсыз құлжаның асығындай жұтқыншағы, байыптап сөйлеген сайын жоғары-төмен қозғалып, қасқайта тарауға көнбей маңдайынан қақ айырылған қайратты қалың кара шашы, қалың көз әйнегінің шықшыт тұсын жауып тұр. Әжімсіз аққұба өңіндегі қалың кара қасы мен көтеріңкі мұрны қытайға ұқсатпайды.

Иә, Кеңес армиясының отан соғысындағы ұлы жеңісі адал адамдардың мұқалмас қажыр-қайраты Маоның сатқындық бағытын – Жапониямен одақтасу, Қытай коммунистік партиясының атын өзгерту сияқты кара ниетін іске асырмай тастағанын еске алды Боскынбек.

– Ойпырай-ә, осы стильді тәртіпке келтіру неге керек болды? – деп сұрады Бандыжап карт Лиға қарап.

– Қанды қырғын, қудалау, жазалаумен 1940 жылы стильді тәртіпке келтіруде зорлап таңғап,

VII съезінде қабылдатқан, жеке бастың тілегінен туған маоизмді 1956 жылы VIII съезде коммунистер аулақ серпіп тастады. Жаңа қырғын, жаңа зобалаң арқылы маоизмді қайтадан орнықтыру көзделуде. Оған басты кедергі – саналы, еті тірі адамдар. Міне, соларды жою үшін керек болды, – деді ашудан дірілдеп, партия тарихын өз тарихы еткісі келді. Қалай олай ету мүмкін? Ол II, IV, VI съезге қатыспады. V съезде Мао әрекеті милитаристік психология көрінісі деп, әділ сыналғанын кейінгі іс- әрекеті дәлелдеді де. Менін төрімнен көрім жақын адаммын, шындықты айту – парызым.

– Менің не үшін күреске алынғаным түсінікті, – деді Хе. Ол төмен түсіп Бандыжаптың қатарына келіп отыра беріп, – «Барлық шетелдік кітап өртенсін» деген нұсқау алған соң, жиналыс өткіздім де, қол астымдағы қызметкерлерге оқып бердім. Сонда біреуі тұрып:

– Маркс, Энгельс және Ленин шығармаларын қайтеміз? – демесі бар ма?

– Кеңес Одағынан келген кітаптарға тимендер деп едім, ертеңінде күреске алындым. Бұл не үшін, себебі не екенін біле алмадым. Себебі айқындалды.

– Өте дұрыс түсіндің, Хе жолдас, – деді Ли.

– 1940 жылдары «Шетелдік үлгіге қарсы» деп, дәл Кеңес одағын өнеге ететіндерді жойды.

Қазір де сол науқан қайталанып отыр. Осылай ұзақ әңгімелесіп жұмбақ мәселелердің шешуін аңғарысқан олар, енді өмірбаяндарын, балалық шақтарын айтуға келісті.

– Кімнен бастаймыз? Әдетте, әңгіме үлкеннен басталады, – деді Бандыжап.

– Мен жаңағы әңгімеден шаршап қалдым, балалар, денсаулық жоқ, жүрек біткен, көп ұзамаспын, келесі жолы айтармын. Әзірше қолқаламаңдар, – деді Ли кеудесі сырылдап булығы жөтеліп.

– Ендеше, кезек Босекенде, – деді Хе жоғары қарап.

Боскынбек басын көтеріп отырды, оның орта бойлы, бұлшық еттері білеу-білеу сом денесінің өзі бір керім. Көрер көзге жарасымды екен. Қарасұр өңі балбырап, қалың қастың

астындағы шарасы үлкен қой көзі өткен өмір әсерімен жайнаған. Ол ай таңбасы бар тақыр басын қасып, тақиясын қайта киді. Қыр мұрынының астындағы қою қара мұрт жасырған аппақ тістері көрінді де, әңгіме айтуға кірісті.

– Менің атым Босқынбек, әкем аты Қашаған, туған жерім Қазақстанның Зайсан ауданы.

Маңырақ деген тауда дүниеге келіппін. Қазақта тұңғыш баланың атын қою қызық. Сәби дүниеге келген кезде ата-анасының немесе олар жолын берген үлкен адамның көзіне не түссе, соның атын қоя салады.

Шұлғау түссе – Шұлғаубай, ұлтарак түссе – Ұлтарак, далада туса – Далабай, Үшкемпір, Біршал т.с.с. Екінші – туған күннің аты: Жұмабек, Дүйсенғали, Таңатар, Таңжарық. Үшіншісі – тарихи оқиғаға байланысты Қашқын, Босқынбай, Ауғанбай, төртіншісі – ол ата-ананың арман-тілегіне байланысты, тоқсанға келсін деп – Тоқсанбай, батыр болсын деп – Батырбек, ажалды алдау үшін – Елеусіз, Елемес т.с.с. Онан кейін сол атқа жалғанатын жалғау әр жерде әр түрлі. Шығысымызда, керейлерде – хан, наймандарда – бек, бай. Солтүстікте – ғазы, (Арғынғазы, Серіғазы, Болатғазы), ал, батыста – ғали (Қайырғали, Молдағали), оңтүстікте – қожа (Сарықожа, Қарақожа), ал, менің атым тарихи оқиғаға байланыстырып қойылған. Шығыс Қазақстан облысында Қараша деп аталатын қазақтың руы бар, 20- жылы ақтар кетіп, қызылдар келген шақ. Бір топ шекарашылар қарашалардың аулына соғады. Әр түрлі өсек-аңға еріп, Қытай еліне қаша жөнелмей туған жерінде отырған бейбіт, бейғам олардың күнделікті тірлігіне риза болған бөлімше командирі:

– «Это хорошо», – депті. (бұл жақсы).

Сусын ішкенде де, кетерде де осы сөз көп қайталанса керек.

– Ойпырмай, ә, біздің Қараша екенімізді бұлар қайдан біледі? – деп Қарашаның біреуі таңғалыпты.

– Соны айтсаңшы, қарашалап кетті ғой, – дейді екіншісі шошына.

Қазақтың әрбір руының өз ұраны бар. Ол ұран жөн

сұрасып-біліскенде айтылып, соғыс кезінде, ұрыс-төбелесте, балуан күресінде, ат бәйгесінде ата-баба әруағы колдап, қуаттайды деген сеніммен, айғайлап шақырылады, – жай уақытта айтуға киесі тиеді деп тиым салынған. Өз ұрандарын түр-түсі, тілі бөлек, қару-жарак асынған адамдардың аузынан естігенде үрпиісіп қалған жұрт, мұның мәнін түсіне алмай басы қатқандықтан көрші ауылға кісі жіберген. Олар да дәл өздері сияктанып отыр екен.

Не керек, бар қарашаның үлкендері бас қосады.

– Қараша, Қараша деп неге айтты екен? – деген сұрақ 1916 жылы патша үкіметінің қырғынынан, актердың қатігездігінен үркек болған үлкен-кішінің үрейін ұшыра түседі.

– Қарашалап бізге құда түскелі жүрген жоқ шығар. Ана Керей-Уақтар көздеп жіберген ғой, – дейді бір «білгіш».

– Жаңа үкімет халыққа жайлы демеп пе еді.

– Жайлы болса Қарашалай ма? Бар Қарашаны қырайық дегені шығар. Қапы қалып жүрмейік, ағайын.

«Қорыққанға қос көрінер» деген рас-ау, бір-бірінің тасырынан үріккен таудың тағы арқарындай, улап-шулаған ел бір түнде боса жөнеліп, Тарбағатайдан әрі асып барып, тоқтайды. Бұлардың ата-мекенін тастап қашқан сыры жұртқа мәлім болған соң, күллі найман, керейге күлкі болған еді.

Сол босқында дүниеге келген маған Босқынбек есімі қойлыпты. Босқын жылымды көрсетсе, бек елімді көрсетіп тұр.

Бұрынғы Семей округі, Қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Зайсан қаласында мектеп-интернатта оқыдым, үй-ішім қырда еді. Оқу аяқталған соң жайрандап ауылға келсем, үйім жоқ. Жұртта қалыппын. Дүние құлазып кетті.

– Балам, – деді немере ағамыз, – әкең өзінді бізге табыстап, арғы бетке ауып кетті – Бірге тұрам десен, міне үй. Жок, әке-шешемді көрем десен, жайлауға бірге шық. Одан әрі өзін-ақ тауып аласың. Мына таудың арғы бетінде ғана.

Баяғыда бір өзбек досын іздеп шығады да, жолда кезіккен казактан:

– «Пәленшенің ауылы қайда екен?», – деп сұрайды. Қазак:

– «Анау белдің астында,» – деп иегімен нұсқаған екен.

Қазақтар бір жерде көп аялдап отырмай, көшіп-қонып жүретін кез. Өзбек алты айдан кейін зорға досын іздеп тауып:

– «Аузыңды ұрайын қазақтың иегінің астында алты ай жүрдім ғой», – депті. Қайдан білейін, қазақтың ана жері көш жер болатынын. Кері қайтқанда барар жерім жоқ. Қыс бойы жүрегімді сыздатқан сағыныш қосылып, ағайдың тіліне көндім. Оқу басталғанша барып қайтпақшы болып жолға шықтым. Үйдене өзенін өрлеп көшіп келеміз. Аспанмен тілдескен заңғар таудың табанында көбігін шашқан түбінен әр түсті малта тастары мөлдіреп көрінген түп-тұнық бұл өзен, маған соншама ыстық. Жыл сайын осы өзеннің суына шомылып, жағасында өскен қарақат, таңқурай сияқты жемістерін теріп, асыр сап өткен ата-ана құшағындағы қайғысыз, камсыз күндерім көзіме жас болып оралып, қой айдап келемін. Міне, өткел қасында – «Дәдә аға» деп бүкіл бала біткен атап кеткен уақ құдамыздың қарағайдан қиып салған шағын қыстауы. Ана бір жылы салт атты әкесінің артынан қуып жетпек боп жүгірген бес жасар баласы адасып кетіп, оны үш күн ел болып сабылып іздегенде, қозы көш жерден қасқыр жеп кеткен сүйегін тауып алып еді. Балағын ну қалың шілік, тал көмкерген, қалың қарағайлы, шалғынды ұшар биігіндегі аңпақ қар әлі кетпеген құзар шындардың суық, жұмбақ түсіне қараған сайын осы уақиға есіме оралып, үрейлене түсемін.

Шындардың үстімен өтетін шекара сызығын өткен дәуірде, 1881 жылы белгілеуге қатысып, еңбек көрсеткендігі үшін патша үкіметінен алған Тайтүгел атамның «алтын тоны» ұрпақтары кедей болса да, кесел болып жабысып «алтын тон» тұқымы атандырып, сөзге ілік, көзге түрткі еттірді де, олардың Тұрысбектен өзгесі сол сызықтан әрі асып кеткенін Тайтүгелдің інісі Байтүгелдің балалары өз орындарында отырғанын естіп, білдім. Жотаға шығып қарағанымда арғы шеті мұнартқан көгілдір сағымды тау-

мен көмкерілген, дәл ортасынан қак тіліп айнадай жарқырап күнге шағылысып, шұбатылып жатқан өзені бар Құлыстай атты жұмбақ жасыл өлке көзіме тосылды. Ертс-ертс ертеде Асан қайғы атамыз дәл осы мен тұрған жотадан осы көгілдір алқапқа қарап тұрып:

«Үш жылда байып, бір жылда кедей болатын жер екен», – депті.

Сол өлкенің Алакөлге құятын өзенінің аты – Еміл, қарсы беттегі бұлыңғыр тау Орқашар аталатынын кейін білдім. Қотанашы-Қожыр, Табақсайда отырған Қожандарда болдым, Мәметек-Қошқарбайға жататын Қазақбай деген елі бар. Қырықошақтан өткен соң, кіл қалмақ ауылдары кездесті. Қалмақ ауылдарын анадайдан танысыз, олардың киіз үйлерінің уықтары иілмеген, түп- түзу. Әйтпесе, былай қазақ ауылдарынанайырмасы жоқ. Бір кезде қалың кара ағаштың аясында әшекейі көп үйлер, исн дала мен үнемі киіз үйлерді көріп келе жатқан маған, таңғажайып күштің кереметімен көктен түскендей әсер етті.

Кешелері, бактары бар, кішігірім қала дерлік. Шыжыған ыстыққа қарамай, әртүрлі қызыл -сары, жасыл жібек шапан киген қолдарында бір-бір кітап ұстаған, тақырбас адамдарды көргенде одан бетер таң-тамаша қалдым.

Бұл будда дінінің сопылық қағидаларын үйрететін, қалмақтардың «моңғолкуре» деп атайтын жері болды. Дін қағидалары жазылған кітаптарды кезінде 50түйсеге әрең сыйдырып артып жүретін, әлемдік ірі кітапханасы бар, оқу орнында дін ережелерімен бірге түрлі ауруларды алуан шөппен емдеу жолдары да, соғыс өнері де үйрестілетінін бастауыш білімдері - «кешіл», орта білімдері – «келең», жоғары білімділері - «лама» деп аталатын, олар өмір бойы үйленбеуге, соғыс бола қалған күнде қолына қару ұстап шығуға тиіс екенін және әр уйдегі екі баланың осында оқу міндеттілігін кейін білдім. Олар өздері ештеме өндірмейді. Өлген адамның құдайға атаған мал-мүлкімен, алым-салық есебінен күнелтеді. Мен бір көздегі көшпелі алып Жоңғар мемлекетінің Хан ордасына келіп тұрғанымды білмедім.

1754 жылы Қатын суды кешіп өткен қазақ армиясы Жонғар әскерінің тас-талқанын шығарып, 200 жылға созылған соғысты жеңіспен аяқтаған жер екен. Сол соғыста жонғар ханы Қандыжап қаза тауып, оның Шаған есімді аса сұлу қызына Кокжал Барак батыр үйленіпті. Барак батыр қайтыс болған соң Шаған ханымды әменгерлік жолмен Әбілпейіз хан қолына алған. 1755 жылы Аягөзде Жонғар-Қазақ бітімі жасалып, жонғарлар Абылай ханды Ежен хан деп мойындап (жонғардың да ханы деген сөз.) біріккен тұста қалың қолмен, келген манжұрлер жеңістің жемісін тартып әкетті. Әрине, ол кезде мұны білмедім.

Үйің Аксуда болу керек деген болжам, нұсқаумен одан әрі жүре түстім де, биіктігінен түйелі адам көінбейтін қалың шиге тап болдым. Бейне қалың тоғайда келе жатқандайсыз. Ши мен кияктан өзге ештеме көрінбейді. Тек төбеңнен тоқымдай көгілдір аспан сәуле төгіп тұр. Солай қанша жүргенімді білмеймін, көлеңке қоюланып, айнала күнгірт тарта бастады. Қауіптеніп, жанұшырып келе жатыр едім, ашық алаңқай алдымнан шыға келді. Жарқабақтың табаны, жағасы жасыл сазды, ирелеңдеген өзен. Анадая жерде бұтағын кең жайған екі терек өсіп тұр. Желінің қазығынан көктеп шыққан осы теректерге қарап, Желіғаш деп аталады екен. Теректің қасында, жетектеген аты бар, басына ақ шыт орамал тартқан қазақ бейнелес, қара мұртты, сіріңке қара адамға жүгіре басып келдім де, таңырқап тұрып қалдым. Мені таңырқатқан оның кең шалбары, қайқы тұмсық етігі емес, өрген шашы еді.

Былдыр сөзін түсінбей, анырып тұрған менің қазақ екенімді білген ол қазақша мүдірмей сөйлеп кетті. Бірақ «ю»-ны «х» етіп көмсейінен айтады. Қалмақтардың үйленгендерінің діндарлардан өзгешелігі — басында айдары бар. Айдар дегеніміз самайы мен желке шашын ұстарамен алып, қақ төбеден дөңгелентіп қалдырған шаш, жастарының айдары қысқа, үлкендері бұрым етіп өріп қояды екен. Қазақ ертегілерінде айдарлы батырлар туралы көп айтылушы еді. Сірә, исләм діні келмей тұрып, олар да осылай шаш қойған болар.

Кішкене кезінде екі шекесіне және маңдайына шаш қойған балаларды көретінмін. Шекеге қойылған шаш тұлым деп, маңдайдағысы кекіл деп аталатын. Бұл сән бе, әлде бас киім жетіспейтін елдің күннің көзі өтпеу үшін істейтін амалы ма, оны білмедім. Бұл жақтың қазағы да, қалмағы да басына шыт тартуы бас киімнің жоқтығынан екен.

Жөн сұрасып тұрып, анадай жерде жыртылған киім мен жидіген шаш, ит-құс жеген адам қаңқасына көзім түсіп, шошып кеттім. Қасымдағы адамның жайбарақаттығы мен жадыраңқы шырайы жүрегімді орнына түсірді. Оның түсіндіруінен ұққаным: анау қаңқа – жақында қайтыс болған мұның туысы. Ал, өлікті өртеу мүмкін болмағанда, ит-құс жесін деп айдалаға тастау – салт. Иманды адамды ит-құс тез жейді де, ал күнәлі адам болса жемейтін көрінеді. Туғанының жаны жәннатта болатынына қуанып тұрған шағында кез болған ақжолтай мені артына мінгестеріп, ауылына ала жүрді

– Баяғыда үш ай ауырып, төсек тартып жаттым. Алланың кәрімен шошытып, ауылдың барлық үлкен- кішісін далаға қуып жіберген екі келең маған келіп:

– Неге құдайдың жіберген ажалына қарсылық етіп, өлмей жатырсың? – деп сұрады.

– Егер жаным тәңірге керек болса, қарсылығым жоқ.

– Онда тез өлмейсің бе, күнәнді ауыратпай ...

– Қалай өлмекпін?

– Біз көмектесеміз, бірақ қарсылық жасама.

– Жарайды.

Олар мені екі бүктеп, жұлынымды үзбек болды. Белімнің ауырғаны соншалық, құлын дауысым шықты. Құдай кенет бойыма сұрапыл күш берді де, әлгі екі келеңді екі жаққа ұшырдым. О, жаратқан, өзің кешірс гөр, жан тапсыру оңай емес екен. Олар орындарынан атып тұрып, қайта жармасты. Бойымнан әл кетті. Жарық дүние, қош бол енді деп өлімге бойұсына бергенімде, көңілімді сұрай келген қазақ тамырым ақырып айқайлап, келеңдерді үйден қуып шықты. Бәрі Алланың әмірі ғой. Оған да он жылдай болып қалыпты- ау!

Қазақтарды осыдан жақсы көретінін әңгімелеп келе жатқанда, ауыл шетіне іліктік. Тайыншадай төрткөз, жылтыр кара, сары жағал иттер алдымыздан абалап жүтіре шықты. Иен далада мына иттердің өзі-ақ анау-мынау адамынды жарып тастары анық. Ат үстіндегі ұрыларды жұлып түсіретін иттер, осылар шығар. Ауылға келген соң, қалмақ әйелдерін көріп, таңырқауым арта түсті. Шаштарын қақ жарып, екі бұрым етіп жалтыратып майлап, алдына тастаған. Әр бұрым жеңді білектей. Тізесіне жетеді. Оған моншақ шолпы таққанын қайтерсің. Бұл шаш өздерінікі екен десем, қарағайдың желімімен қатырып желімдеп тастаған, өрілген аттын құйрығы екен ғой, кейін білдім.

Қара матадан тігілген, иығы қатырылған камзолға әртүрлі түсті жібектен тігілген кесте, ою-өрнектің әдемілігінен көзінді айыра алмайсыз.

Қазір Америка индеестерінің киім киюіне, шаш қоюына, тіліне, әдет-ғұрпына қарап отырып, бұл моңғолдар қай заманда ол құрлыққа өтіп кетті екен? – деп ойға батамын. Әй, онша да алыс емес, сол біздің жыл санауымыздың ол жақ, бұл жағы шығар.

Үйге кірдік. Үй несі әйелдің ғажайып шашына таңырқай қарап отырып, құжынаған битке көзім түскенде есім ауып қала жаздадым. Зайсанда мектеп-интернатқа тексеруші келіп, бір қыздың басынан осы қансорғыш жәндіктің сіркесін тауып алғандығы үшін ұлар-шу, айғай шығарып, меңгерушіні қаңғытып жіберген болатын. Ал, мына бір ғана әйелдің басындағы емін-еркін шығып жүрген құжынаған мақұлық, бүкіл Семей аймағының интернат меңгерушілерін орындарынан жұлдырып тастауға молынан жетіп жатыр. Құтымыз кетеді деп, оларға тимейді екен. Қонаққа қол көтеруге болмайды деген қазақ заңы бұларда да бар. Бұлар да жатарда қазақтар сияқты ет жейді.

Ортаға буы бұрқырап, иісі мұрынды жарып, бір табак ет келді. Тамсана қарап отырмын. Біздің жақтағыдай картоп немесе шелпек салынбаған. Тұздығында жуа сарымсақ, у сарымсақ, келім дәрі жоқ. Олардың рөлін қойдын ашы шегі

аткарып, тұз езілген сорпа құйылды.

Бұл елге орыс мәдениеті де, қуырған шөпті басты корек ететін қытай салты да жетпеген, бұдан бес-алты, тіпті одан да көп ғасыр ғұмыр кешкен ата-бабаларындай тіршілік етіп отырған аралық аймақ екенін осы дастархан мәзірінен аңғаруға болар еді.

Өткір пышак ұстаған үй иесі Қаршыға бітеу асылған майы аппак қардай жамбасты турамай төрдегі шағын столдың үстіндегі әлсіз шырақданның күнгірт сәулесі түскен момакан пішінді құдай Бұрханның мыс мүсінінің алдына, құлшылық етіп барып, апарып қойды. Бұл – оның сыбағасы екен.

Маған асықты жілік тиген еді. Өзімді каншама салауатты, ұстамды ұстамақ болсам да, шала піскеніне карамай, етті қомағайлана жедім. Жұғыныма жүк болған жоқ, қайта өзегім талып, қарным аша түсті. Барлығы қорылдап, тәтті ұйқының құшағына енгенде, аяғымды санап басып, Бұрханның сыбағасы – жамбастың етін сыдырып алдым да, басымды тас бүркеп, құлағымды күзетке қаллырып күйсей бастадым. Ойым – кедейдің бір тойғаны шала байығаны. Ел тұрмай бұл үйден кету. Тамақ аш өзегіме түсіп, ұйықтанқырап қалған екенмін, дабыр-дұбырдан шошып оянсам, үй маңы мез-мейрам, құдай сыбағасын қабыл алған екен. Мен құтты қонақ болдым да, кішігірім той болды. Осылай дәнігіп, қой сойылған күні бір үйдің құдайымен табактас, дәмдес болып жүрдім. Ал, олар пенде баласы осылай етеді дегенге қылыштаса да сенбес еді.

– Бала, – дейді үй иесі Қаршыға. – Үй-ішін туралы сұрау салайық. Ілгідай (елу басы), зәңгі (жүз басы), үкіртай (мың басы) хабарлансын, сонымен дәл қайда екенін білген соң, өзім апарып салайын. Әйтпесе, мына шиде адасып, жазым боласын. Оған дейін біздің ауылдың қойын жая тұр. Жөн сөз.

Сонымен қойшының таяғын ұстадым. Көп ұзамай алмасы жүректей, қарағайсыз болғанымен үстін арша жауып жатқан орқашар тауына жайылуға шықтық. Біртіндеп көлбеген тастақ, жусанды алаңнан өткен соң, тік шаншылған қия жартасты тауға ірі сирақты жүрдек қара бас қойларды ай-

лап келемін. Тар шатқалдарды қуалай, тастан тасқа секіріп, сарқырап аққан өзендерден Алакөлге құятын Еміл дариясы бастау алады. Сай- сала қалың тал, шілік, долана, алма, бүлдірген, ұшқат, мойыл. Таудың жоғарғы жағы мәңгі жасыл арша. Олардың арасында ат сауырын жасырар балауса шалғын. Алуан түсті, хош иісті гүлдерден көз тұнады. Тастарды қашап салған бұралаң кия да тайғак киын жолдарды басып, тау басына көтерілгенде, артыма қарасам алыстан мұнартып Тарбағатай тауы көзіме оттай басылды. Қайран туған жер, өскен ел! Көрісер күн қашан болар екен? Осыдан әке-шешемді тапсам, қыркүйекке үлгеріп барармын-ау!

Оркашар үсті. Жазығы мен бел-белесі алмасқан биіктеу жотадан әрі асып едік, табанымыздың астында айналасы ат шаптырым тактайдай жазық – Мыңбұлақ жайлауы жатты. Аппақ үйлер шашылған жұмыртқа тәрізді. Таудың үстінде де сондай қазық болады екен- ау! Батысымыз – Бүргенді текше. Акнайман жайлауы. Мыңбұлақтың ар жағы – Қорымсудын басы. Одан әрі қырғыз жайлауы. Шығысында найманның бір бұтағы – Шотай, оған жалғасып – Қобықсары. Онда торғауыттар, ар жағы Алтай – сақуыр, керейлер.

Қалмактардың кеші де қазақтың көшіне ұқсас. Бірақ көште: әлем-жәлем әшекейленген ер-тұрманы бар, құйрықжалы сүзіліп, қызылды-жасылды шашақ моншақ тағылған құдайдың аты «сетер» бос жетектеліп жүреді. Құдайға (Бұрханға) арналған әр түліктің ішінде ерекше құрмет пен мәпелеуге бөлеген, дене бітіміне қарап, айрықша тандалған бір-бір мал бар. Оған ешкімнің қол көтеруге қақысы жоқ. Бір кезде қалмақтың сетер атын ұрлап сойған қазақты қалмактар аңдып жүріп, үзеңгісіне у жағып өлтірді деген ел ішінде аңыз бар.

Ал, қазақта тұлданған қайтыс болған иесінің жылына союға арналған ат қана көште бос жетектеледі. Бұлар да қазақтар сияқты төрт түлік малдың емшегін емген. Өзгешелігі – іркітті қайнатып, оның буынан «көкір» деп аталатын арақ алады. Көкір десе дегендей- ақ. Ішкен адам көкімей қоймайды. Шынында, арақты көкір деп атау

лайықты сияқты. Қазақ, қалмақтың тілдері ұқсас. Мысалы құнан, құнажын, дөнен, дөненжін т.с.с. Моңғолша Қорбын үш, дербін төрт деген сөзден шығыпты. Дорбулжын деген жер аты, төрт там деген сөз екен.

Қалмақ тілін тез үйрендім. Бұл моңғол тілі мен қазақ тілінің лексикалақ, морфологиялық, синтаксистік ұқсастығынан ғана емес, тіл үйренуге өзімнің ерекше қабілеттілігімнен болды. Жайлауда ұлан-асыр күнде той, күнде жиын. Бұл да қазақтардікіндей. Бірақ бұлар той үстінде атадан балаға ауысып келе жатқан ала алмай жүрген кектерін қайтарысып жатады. Міне, көкірге қастандықпен, қосылған. Оны ішуші де, басқалар да біледі. Біле тұра ішеді. Ішпеу өлімнен күшті маскара. У ішіп түнімен дөңбекшіп, қап-қара болып өлген адамның ұрпағы у ұсынушыны немесе оның бір тұқым-тұяғын алдағы бір уақытта дәл осылай өлтіруге міндетті. Битті өлтіруге қимайтын мейірімділік пен қайырымдылықты уағыздайтын қағидалар бұл жерде ұмытылып қалатын көрінеді.

Бірін-бірі у беріп өлтіру, дін жолын қуалап әр екі баланын бірі, үштің екісі үйленбеуге тиістілік, ластықтан ауыру-сырқаудың көптігі және оны емдеудің жоктығынан өлім-жітімнің жиілігі маньчжур-қытай жаулап алушыларының қырып-жою саясаты бір кездегі қазақты «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деп күніренткен, сан жағынан ең көп, қара ормандай жонғар қалмағын құрып-бітуге айналдырып, суы тартылған айдын көл орнында қалған көлшік тәрізді: бір бөлігі құлыстайда, бір бөлігі бұратолада, бір бөлігі қарашаһарда ойдым-ойдым ғана.

Қазақтың шалдарына ұқсап кешке қарай дөң басына жиналып, әңгіме-дүкен құратын карттар мұны басқаша түсіндіреді.

«Көріңде өкіргір Абылай жер жәннаты Жетісудан қуды ғой, содан бастап қалмақтан бак тайды». «Қазаққа мұнан былай қол көтермеуге бабамыздан ант алды емес пе, әйтпесе біздің құлыстайға қазақтар келе алушы ма еді» десетін. (1755 жылы Аякөз маңында қазақ-қалмақтың анттасқан Қантжап келісімі болған. Онда ескі кекті

куыспау, мұнан былай бір-біріне қол көтермеу, сыртқы жауға бірге қарсы тұру. Абылайханды Ежен-хан деп тану туралы келіскен болатын).

Батар күннің қызғылт нұрына малынған өмірлерінің де күндері батар шағында тұрған мұнды жүздерді көріп іштей аяп, жабырқау көңілім құлазып кететін. Кешкі тымық аспанды тіліп, шырқалып ән басталады.

Ән казак әндеріндей емес, созылыңқы, әр буын сөзді өте ұзақ созып, мың құбылтып әшекейлеп, мүсіндеп айтады. Ди-апазоны кен. Түсінбеген адамға ешқандай сөз жоқ, құр айғай сияқты болып көрінеді.. Маған баста солай көрінді.

Түсінген адамға үлкен мән-мағына бар. Оттай жанған ынтық нәзік жүрек лүпілі естіліп, айнымас асыл жардың кимас дидарынан жұқалтаң нұр болып көрінген өмірге деген құштарлық елестеп, ең аяғы «ку жалған» деп күрсінтер толғауы бар мұң самалы есетін.

Осы ұрт-дулудың арасында ойнақы әзіл-қалжыңға, мазактауға құрылған күлдіргі, карапайым Богоино-дулу (күлдіргі әндер) де айтылады. Олар:

Түнлік жаба шығайын домбыр жай,

Сонда ебін табайын домбыр жай, - деген сияқты болып келеді.

Казактарда әнді бұрын дулу деп те атаған. Дулаты – Дулат деген ру аты – «әнші» деген мағынаны береді. Әзірде сақталған «Дулатшы, құрбым, дулатшы», «Ду қол шапалақтау», «ыр-ду» т.т.

Мұнда би өнері де дамыған. Көбінде биші бір орында қозғалмай тұрып, дене мүшесін күй ырғағына қарай былқылдатып, мың бұралтады.

Ер де, әйел де билей береді: Олардың бір орында қозғалмауы кең сахнаның болмауынан, көбіне үй ішінде билегендігінен болса керек.

Казактар сияқты бұларда ат бәйгесі өтіп тұрады. Казактар көбінде ас-тойда өткізсе, бұлар тұрақты жыл сайын белгілі бір мерзімде өткізеді. Оны «Тәкілген» деп атайды.

Әдет-ғұрпы, тіліне қарап, Ислам дінін қабылдамай

өз діндерінде Қалмақ болғандықтан, Қалмақ атанған түріктectes халықтың бір бұтағы екеніне казакпен туыс, тарихы, тағдыры бір болғанына көзім жетті.

Ойын-сауықтар, жасыл жайлаудан тошала, қарақат, таңқурай т.с.с. жемістерін теріп жегеннен кейінгі, бір сәтке қайғыны ұмыттырар сәні еді. Жайлаудан түстік.

Үкіртай, ілгідайлар осы уақытқа дейін не бітіріп жатыр, білмеймін, әйтеуір үй-ішімнен хабар жоқ. Ел Майлы жайырға қыстауға көшеді екен. Жайырымыз Орқашардың оңтүстігінде шығыстан батысқа созылған жатаған, біздің Маңырақ сияқты қоңыр таулар. Оның батысы – Майлы, Токта-Барлық атақты Жоңғар Алатауымен ұласып кететін қатпар-қатпар тау.

Талдықорғандық балалар үйінің түлегі Тәңірбергеннің тәжірибесімен киімдерімді құмырсқаның илеуіне тастап, қышытып маза бермеген қансорғыш биттерді еңбекқор құмырсқалардың илеулеріне бір-бірлеп тасып әкетіп жатқанына сүйсіне қарап, кегім қайтқанына айызым қанып, ұзақ отырып қалған екенмін, жүрдек, желдегіш қойларым сібе-солаң байдың егініне ілініп қалыпты. Ішкіімді құмырсқа илеуінен жұлып алып, олардың жабыла шаққанына қарамай, жүгіре киініп, алды егіннің шетіне іліне бергенде қуып жетіп, айдап шыққаныммен кеш қалдым. Қарағасқа атқа мінген дәу біреу маған қарай құйғытып келеді. Зәрем ұшқан байғұс басым, жан ұшырып қойды қуалап жүрмін. Желдеп алған дүлейлер ыққа жүргісі келмей, бір жағын айдасам, бір жағы кері бұрылып қара терге малшындырды. Тасырлата шапқан жүйрік аттың дүбірі таяған сайын жүрегім аузыма тығылып, әлім құрып дір- дір етем.

Алысып жүріп, атымен бастырмалата жеткен сұмның өңіне қарай алғам жоқ. Қоян немесе түлкі, қасқырды қуып жеткендегі аңшыдай-ақ, безілдеп жүрген мені дәл басымнан өгізді ұратын өрме шашақты дырау бишігімен тартып-тартып жіберді. Көзімнен жас айғаймен қатар шыққан шығар, жанарымнан сансыз от өріп, ұшып түстім. Арқамды от қарығандай қызып, ашып ауырып жатқаны жанымға батып.

есімді жисам киіз үстінде Қаршығаның үйінде жатырмын. Олар өлді деп ойлап, айдалаға тастамақ болған кезде кірпігім кимылдапты.

Омыртқа опырғыш келендердің келмегеніне қуанып:

«Алдымызда алты ай қыс бар. Қыстың малын қинап кайтесің, жаяу баға тұр», – деген Қаршығаға өкпем қазандай кайнап, он шақты күннен кейін қой соңына қайта ілескеніммен, ұнжырғам түсіп, басым айнала беретін болды.

Тамаққа да тәбетім жоқ. Сондықтан Бұрханмен дәмдес, табактас болуды қойдым. Бұл бір жағынан жақсы болды.

– Бұрхан шамданды ма, қойған сыбағасын жемейтін болды.

– Айттым ғой, бұл тегін бала болмады, қой, өзім мұның әке-шешесін іздейін деп, – атқа мінді Қаршыға.

Шіркін, туған елім-ай деп ойға батам, біздің елде ғой, айқыш-ұйқыш қайысы бар милиционер сібенің байына жетіп келер еді. Үкімет кімдікі? Еңбекшінікі. Ал, еңбекші баланы қай бетіңмен ұрдың, кулак?! Кәне, алдыма түс! – дер еді. Олан оны ит жеккенге қуар еді. Біздің елде болса, айтпақшы, мені ұрмақ түгілі, маңыма жолай алмайды екен ғой. Одан да мұнда біздің заңымыз болса, онда омыртқа опырылмайды. Өлген адам итке тасталмайды. Адамдарды бит шақпайды. Шіркін, біздің заңымыз болса деп қиялдаймын. Бірақ осы бір тәтті қиял өмірлік мақсатым боп кететінін ол кезде білгем жоқ.

Ен далада қысқа күнде қырық жылап, екі көзімді жолға қадаумен талдырып жүргенімде, машина гүрілі естілді де Маралсудың тұмсығынан шаң көрінді. Бір жүк машинасы көктен түскендей зулап келеді. Бұға қалдым. Міне, суға келіп тоқтап, жүргізуші көңкесіне (көңке – жүк машинаның атауы) су құйып жатыр.

Қалада кісі етін жейтін қытайлардың көңкесі бар – деп естігем. Олар қандай болады екен деген таңсықтық қорқынышымды жеңіп, бұқпантайлап жақын келтірді. Тобылғының бүрінің арасынан Зайсан қаласында жүретін көп көнкенің бірін көргенде, туған жердің машинасын жыға таныған жүрегім тулай жөнелді.

Басымды көтеріп карасам, орыс жігіті екен, жеті атамды көргендей көзімнен жасым бұршақтап, жүгіріп барып бас салып, белінен қапсыра құшақтай алғанымда, ол сескеніп шошып қалды да, менің ағыл-тегіл жылап тұрғанымды көріп, тап-таза қазақ тілінде:

– Ой, жігіт, не болды саған, неге жылайсың, жігіт те жылай ма екен? – деді қатуланып. Бірақ оның дауысындағы әлде бір толқыған дірілді жанжүрегім езіле сезіп, өкси түстім.

– Ал, балақай, не сөзің бар, айтшы жылдам? Біз асығыспыз. Кетеміз, – деді ол мені бауырына қысып.

– Ағатай, сіз Зайсанға барасыз ба? Өтінем, ала кетіңізші, – деймін орысша.

– Сен, жылағаныңды қойсаң ала кетейін, – деді ол қазақша. Осы кезде анадай жерде жуынып отырған орта бойлы, қызыл шырайлы, шаралы, нұрлы көзді, селдірлеу сары сақал-мұртты, толықша, әдемі киінген орта жастағы адам сүргініп келе жатып:

– Павел, бұл кім? Не дейді? – деп сұрады орысша.

– Зайсанға апар деп тұр.

– Қалкам, кімсің? Қайдан жүрсің мұнда? Жөніңді айтшы, – деді ол кісі маған жақындап.

«Қалкам» деген сөз жүйкемді босатып, жүрегімді езгенмен, көз жасыма ие болуға тырыстым.

– Акболатпын. Зайсаннан келдім. Үйімнен адасып қалдым, Қаршыға деген қалмақтың қойын бағып жүрмін.

– Орыс елімін деші, – деді әлгі адам – онда туысқан болдық. Бері жақында. Атың кім?

Кімнің баласысың?

– Біз елімізде жүргенде қай елсің деп сұраса, руымызды айтатынбыз. Бұл жақта қазақтар рудан бұрын орыс елі, қытай елі деп бөлінетінін кейін білдім. Орыс елі деп 20-шы жылдардан кейін қытай жеріне қоныс аударған қазақтарды айтады екен.

– Атым Боскынбек. Қашаған баласымын.

– Жөн, зайсандық Қалиакпар, Файзолла, Нүрке, Ахметнабилерді танимысың?

– Танимын.

– Онда жақсы болды. Олар Жеменейде. Болмағанда, соларға жеткізіп тастайық. Басың іріндеп, шашың өсіп кетіпті ғой, бейбақ бала. Павел, сумкамды әкел. Ал, Боскынбек, мына күйінде алып жүре алмаймын. Басыңды дәрілемесек таз боп қаласың. Кәні, шашыңды суға жібітіп жібер. Мына сабыңды ал, – деп, өзі алдына ақ орамалын жайып, қолында ұстарасы, қойтастың үстіне барып отырды.

Сонымен іріңмен баттасып, ұйысып қалған шашымды алып, басымның іріңін шығарғанда, іріңнің сасығанынан өзім бірнеше рет лоқсып жібердім. Шашымды алып жатқанда, жарақатым ауырып жаныма батса да, тастап кетіп жүрер деген қорқыныштан, тісімді тісіме басып, үнсіз шыдап отырдым.

– Батыр жігіт болайын деп тұр екенсің, – деп мақтап, бірде, бейбақ қазағым-ай, – деп ах ұрған, іріңнің сасығынан жиіркенбей мені таңқалдырған осы бір мейірімді адам – таз көрсе басын тазалап жазбай қасынан босатпайтын. Омбының мал дәрігерлік оқуын бітірген соң, Петербургте білім алған. Алтай өлкесі мен Кеңес Одағының сауда қатынасын жолға қойған, халық бұқарасына қадірлі, кейіннен өтірік жаламен Шэн Ши- цай түрмесінде азапты сұрақ үстінде өлімді қасқайып қарсы алған төре Төлеуғазы екен. Мына ай таңба содан қалған.

Әңгімені қысқарта айтайын, Қаршығаға қойын өткізіп, сол күні кешке қарай Дөрбұлжын қаласындағы Павелдің үйіне келдік. Олар менің үй-ішімді танитын болып шықты. 10-15 шақырым жердегі Көксуда екен. Кешкі астан кейін мені үйіме апарып табыстады.

Павелмен Дорбулжынды азат еткен 1945 жылғы жаздағы соғыста бірге болдым.

Біз қаланы гоминдандықтардан босатқан күні оның әкесі мерт болды. Өзі 1955 жылы отанына қайтып кетті. Қазір Қазақстанның Семей облысының Мақаншы ауданында тұрады. Бұл туралы кейінірек айтармын. Сөйтіп, айналасы 40-50 шақырым төңіректе төрт ай адасып жүріппін. Қырғыз

жайлауында жездеміз жаңа Уақ Ерболат, Сақари (Жаңа Туақ – Қазақстанға кейін өткен уақ рулар) Шотайлардың ішінде ағамыз батыр Рүстем, жолды бар екенін сорлы басым білсемші. Солардың дәл іргесінде жүріппін ғой.

– Жаңа оқу жылынан кеш қалдым. Зайсанға қайтып баруға бет жоқ. Бірер жыл оқы деген әке бұйрығымен Дербұлжын қаласындағы қытай мектебіне зордың күшімен қабылдандым. Ал, біздің елде зорлап оқытады.

Қытай – 5000 жылдық тарихы бар көне ел. Жазуы да атам заманнан бар. Бір сөзіне бейнелі бір таңба (иероглиф) сәйкес қойылған.

Тілдегі сөз қанша болса, иероглифтің саны сонша болғандықтан жалпы әрпінің (таңбаның) саны 50000- нан асып жығылады. Таңба әр түрлі белгіге қарап жасалған. Мысалы, адамды білдіретін таңбаны екі қол, аяғы бар (), жақсы деген сөзді жазу үшін ұл мен қызды бейнелейтін таңба қатар қойылады. Ұл мен қыздың махаббаты, бұл жақсы (), ұғымы болса, таңбаны есте сақтау арқылы тілді тез үйренеді екенсің. Қытай сөзінің көбі бір буынды болып келеді. Бірақ бұл таңбамен шет тілден келген атаулардың дыбысын сақтап жаза алмайсың. Мысалы, қазақ деп жаза алмайды. Я қаса, я қазу болып шығады. Ұйғыр – үйзу, М.Горький – Гау әржи; Пушкин – Пу шы-жиң болып кетеді. Сондықтан шет ел атауларын көбінде аударып, аудармасын алады. Ертеде жазылған қытай тарихындағы атауларды, ғалымдар оның дыбыстық өзгеріске түсіп, таңбаға еріксіз бағынған күйінде алып қателескенін көріп қынжыласын. Тегі, Қытай тарихын оқып, пайдалану үшін қытайтілін жетік білу аз. Жазба тіл мен сөйлеу тілі екі басқа, сөйлеу тілі оңай. Шыңғысханның (Шың құзханның) әуелгі Темір шың атын Темужин деп атап қателесіп келеді.

Бүкіл Қытайды алып қарасақ, бірін-бірін тілмәшсіз түсінбейтін жеті диалекті бар.

Сонда да олар өздерін қытаймыз деп есептейді. Бұл – мақтарлық. Ал, бізде тілмәшсіз түсінетін қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр, башқұрт, татар, тағы с.с ұлттар бірін-

бірі кемсітіп, бірінен-бірі үрікпесе, түбіміз бір халықпыз деп шындықты айтқысы келмейді, әрқайсысы өздерін дербес, дара санайды. Халықтар достығының туын жоғары көтерген ұлы Қазан төңкерісе де бұларды шын мәнінде бауырлассындар, бірігіндер деудің орнына терезесі тең одақтас елге бөліп тастады.

Дербулжын –Манчжур-қытай жаулап алушыларының салған шекаралық қорғаны. Жасыл майсалы Еміл өзенінің бойына орналасқан. Бұрынғы айналасын, ұзындығы 1,5 шақырым ені де соншалық, биіктігі 10 метр, көлденеңі 4-5 метр сары топырақтан түйіп жасалған қорған-дуалмен қоршалған аймақтан қоныстанушылары сыртқа шығып кеткен. Тал, терегі, қара ағашы мен жасыл желек жамылған Қанжол үстіндегі қала. Мұнда ұйғыр, қазақ, қытай, дүнген, орыс, татар сияқты әр ұлт өкілдері тұрады. Мектепте қытай балаларының сотқарлары жабайы қазақ – қаса деп, көшеде ұйғыр балалары «Қонқабай» деп мазақтап жүргізбейді. «Қорқақты қуа берсе батыр болады» деген рас-ау. Төбелестің не түріне қатысып, уақыт өткен сайын күшейе бердім. Ол кезде күшті төбелесетіндердің аты – «Гаң-гүң». Екі жылдан соң сол атақты жеңіп алдым.

Бір қаланың бас «Гаң-гүңі» (атаманы) екінші қаланың «Гаң-гүңін» іздеп жүріп жекпе-жекке шығатын салт бар. Қолғабы жоқ дегеніңіз болмаса, осы күнгі бокстың нағыз өзі. Бірақ онда уақытқа шек жоқ, қашан бірін-бірі ұрып жыққанға дейін жекпе-жек созылады да, қыза келе бас та, аяқ та қатысады. Соңынан бұл жекпе-жекке шыққандар, жеңілгені жеңгеніне бағынып, достасып кетуге міндетті. Былайғы жұртқа ермек керек.Екі әтешті соғыстырып тамашалаған сияқты. Ондай кезде адамгершілік, ар-ұят, адамды адам қадірлеп, құрметтеу сияқты адам бойындағы асыл сезімдер ұмытылады екен.

Әкем Алтайдағы Жеменей қаласында тұратын немере ағайым Қалиакпар Мұқышұлы Тайтүгеловке барып келуге жұмсады. Жол азабын тартып, Жеменейге келдім, қала дәл шекарада. Екі араны өзен ғана бөліп тұр. Қол созым

жерде көзімнен бұлбұл ұшқан ата-мекен, елім, мектебім, құрбыларым тұр. Жүрегімді сағыныш биледі. Қалиакпар аға мені көріп мәз болды. Ел-жұрты көшіп келгендей қуанғанын тілмен айтып жеткізе алмаймын. Ағайым көп қиыншылық көре жүріп, Семей қаласындағы педагогикалық оқу орнын бітірген соң, баста мұғалім, соңынан мектеп директоры болып істеп жүрген кезінде «Алтын тонның» тұқымы деп, қудалағандықтан, ата-мекенін лажсыз тастап қашуға мәжбүр болған. Жеменейге келген соң әрі жокшылық, әрі науқас ауырудың тауқыметін тартып Төлеуғазыны келіп паналапты. Он екі Абақ Керейдің ханы Әлен Уаң, Шарыпхан, олармен аталас Төлеуғазы Қазақстаннан аштық қуып, шұбырып келгендердің бәрін естерін жиғанша тегін тамақтандырып, алдарына мал, бастарына үй беріп, ажалдан құтқарған соң, он екі Абақ Керейдің оларға пана болуын ұйымдастырған екен.

Төлеуғазы Әлен Уаңның отыз мыңнан асатын қойының көшкен жұртта құрт қайнатқанда отқа жағудан артылып қалған тау-тау жүнін СССР-ға саудалап, одан түскен қаржыны аш-арыққа үлестіріп отырған. Мектеп, мешіт салдырып, көмір кенін ашыпты. Екі елдің арасында сауда ісін жолға қойып, Шыңжаңға тұңғыш кино аппаратын алдырып, Үрімжідегі Қазақ-маңғұл мәдениет орталығына сыйға тартқан. Жомарттығы аңыз болған адам. Әлен Уаңның үлкен ұлы Дәлелхан бастаған бір топ жастарды Қазақстанға, бір тобын Үрімжіге оқуға аттандырып, оларды қаржыландырып отырды. Үрімжіге Төлеуғазы келді десе, оқудағы қазақ студенттері тез құлақтанып, сәлем береміз деп барушы едік. Оқу жағдайымызды баяндаған соң, қайтарымызда босағада жәшікте тұрған, белі буылған ақшадан қалауымызша алатынбыз. Студенттер тарықпасын деп, екінші ақша үлестіретін адам – Өлкелік үкіметтің орынбасары болған Шарыпхан дутын еді, жарықтық. Мені осы Үрімжіге оқуға жіберген де Төлеуғазы марқұм.

Жеменейге келген соң күндегі әдетіммен ерте тұрып, сыртқа шығып едім, қолында құманы бар, көгілдір көк шапа-

нын ақ жейденің сыртынан желбегей жамылған, орта бойлы, ақ жүзіндегі жұқа қызғылт шығып келе жатқан күн нұрымен нұрланып, кең аппақ маңдайына жасыл тақиясы жарасқан, қыр мұрынды, селдір сары сақал мұртын бастырған аса келбетті Төлеуғазыны көрдім де сәлем бердім. Ол кермедегі қансорпасы шығып терлеп тұрған жорға күрең төбел атқа қарап, кепііп тұр. Төкеңнің ашуланған себебін тез аңғардым. Түнгі салқын ай жарығында жорға жарыстырған Қалиакпар аға аттың айылын босатпапты, шаптай тартылған айыл аттың денесіне батып кеткен. Жүгіріп барып аттың айылын босаттым. Кең тыныстап, көзінен мейірім шуағы төгілген Төкең маған аса риза бола қарады. Көп ұзатпай Үрімжіге оқуға жіберді. Төлеуғазы шыншыл, адалдықты ардақтайтын, өтірікті ар санайтын, жақсылықты көре көтермелейтін кісілікті кісі еді. Күнін көре алмай тентіреп келген Қалиакпар ағаның адамгершілік қасиетін тез танып, бірден өзіне жұмысқа қабылдап, жақсы қасиетіне, жұмысты адал істегеніне риза болғаны сонша, Ханымның жалғыз сіңлісіне үйлендіріп өзіне бажа етті де, барлық байлықтың тізгінін ұстатқан. Қалиакпар аға 1905 жылы отызда, ал Төлеуғазы мүшел жас үлкен 1892 жылғы болса да, шын табысқан, бір-бірінің қадіріне жетіп, сыйласып өткен нағыз адал достар еді.

Сол Төлеуғазы аштарды өлімнен құтқарып, халыққа сіңірген еңбегінің есесіне 1938 жылы «Халық жауы» аталып Шэн Ши-цай қамауға алған. Жалған сөйлеу, болмысына жат Төлеуғазы өтірікке қол қоймай, мойындамаған күйі үш күн қинап, сұрақ алу үстінде шейіт болыпты. Шэн Ши-цай 1931 жылдары саяси майданда пайда болып, 1933 жылы Синь-цзяньда (Шыңжаңда) үкіметті басып алған соң өзін-өзі дубань (Губернатор) етіп тағайындаған соң, анау-мынау емес, Сталиннің өз қолынан Большевиктер партиясының мүшелік билетін жасырын барып алады да, Кеңес Одағының, Қытай коммунистерінің досы болғансып бастапқы кезде өлкеде біраз мәдени іс-шаралар жүргізген сыңай көрсетіп, «халық» жауларын жойып жатырмын – деп, ауқатты адамдарды

қамап, сотсыз қапаста өлтіріп, мал- мүлкін, алтын-күмісін сыпырып алғанның сыртында, Москва арқылы көмекке шақырып алған коммунистерді де, бұлар Троцкишілдер екен – деп көзін жойып, Москваға мәлімдеп отырған. Гитлер армиясы Москва түбіне келгенде Совет үкіметі құлайды деп сенген ол, бет пердесін сыпырып тастап, Кеңес елінде туысы бар жан біткенді жаппай қырғынға ұшыратты. Үрімжі өлікке толды, Жапон басқыншылары елдің маңызы бар аймақтарын басып алып, қарқынды шабуылмен мыңдаған шақырым жылжып келе жатқан кезде бұл соғыста өзін бейтарап ұстайтынын зұлымдықпен жариялағанды, мұның өзі шын мәніде Жапонияның СССР-ға қарсы екінші майдан ашуына итермелеу еді.

Совет Армиясының қарсы шабуылының жеңістері Шэнь Ши-цайдың 1943 жылы қашып кетуіне себеп болды. 100 мыңдаған бейкүнә адамдарды қазақ баласы естіп көрмеген қинап-азаптаумен өлтірген жендет, Сталиннің өзін тақырға отырғызған алаяқ-ку, тонаудан түскен алтын, күмісін 200 машинаға тиеп алып, Чан Кай-шиды барып паналады. Қан сасыған Үрімші, ондағы Гитлерден де асып түскен бейкүнә адамдарды азаптап өлтіру туралы сол қапаста кездейсоқ тірі қалған Таңжарық ақынның өлеңі бар. Онда: «Айтып кет балаңның баласына» – делінген.

Теңіз жолдары жабылып, қоршауға алынған Қытай сыртқы дүниемен өмір жолы аталған Сары Өзек, Құлжа-Үрімжі-Құмыл-Ланжу тас жолы арқылы байланысатын. Бұл Кеңес Одағының туысқандық көмегімен салынып, осы жол арқылы қансырап жатқан Қытайға жүздеген миллион сомдық Кеңес елінің көмегі – дәрі-дәрмегі, азық-түлігі, оқ-дәрісі, еріктілері күн-түн демей жүздеген машинамен асыға ағылып жатты.

Қытайды Жапонияның құлдығынан сақтап қалды, және Жапонияның екінші майдан ашуына жол бермеді. Өкінішке орай «Өмір жолын» салған Кеңестік жол жасаушыларының ерлік еңбегі, Кеңес елінің ар-намысын жоғары ұстап жапондықтардың тас-талқанын шығарған, зәре-құтын

қашырып, сол арқылы Қытай халқына сарқылмас күш-жігер беріп, олардың алғысы мен сүйіспеншілігіне бөленген, Қытай аспанында еркін үстемдік орнатып, самғаған Кеңес ұшқыштарының және басқа еріктілердің жанқиярлық ерлігі жазылмай келеді.

Жанұя бақытын, жастық шақтың оралмас, аяулы шағын, бейбіт еңбек қуанышын, туысқандық борышын өтеу үшін өлім мен өмір белдескен сұрапылға айырбастаған, жоғары саналы, абзал жандарды көп көрдім. Олардың бірталайы сүйікті Отанына оралмай, Қытай топырағынан мәңгі мекен тапты. Сол есіл ерлердің рухы алдында қашанда бас ием. Қытай еңбекшілері олардың қасиетті қабіріне гүл шоқтарын қойып жатқанын көріп, іштей тебіренгендіктен талай рет көзіме жас та алдым. Шын мәнінде қытай халқы сол бір ерлерді мәңгі ұмытпайды және ұмытпақ емес. Ешкім де ұмыта алмайды.

Осы Яньхан көшесінде Совет елшілік үйі бар. Сол үйдің қасынан өте беріп орыс жігітін көрдім де, Павел екен деп:

– Сәлеметсіз бе? – дедім орыс тілінде.

Ол жалт қарады. Павел емес. Сәлемімді алды да, орысша таза сөйлеп тұрғаныма танданғанын жасырмай:

– Сіз орыс тілін қайдан білесіз? – деп сұрады. Өзінің елшілікте істейтінін айтты. Онда мен

Үрімшідегі «Дарыл мұғалім» (педучилищеге) оқуға түскен едім. Бұл сол кездегі өлкедегі ең жоғарғы оқу орны болатын. Мен барлық өмірбаянымды айтып бердім.

– Сіз Қытай тілін білесіз бе? – деп сұрады.

– Білгенде қандай. Олар менің қазақ екеніме сенбейді.

– Тағы қандай тіл білесіз?

– Көріп тұрсыз ғой. Орысша қалай білсем, моңғолша осылай еркін сөйлей алам.

– Тамаша, – деді танысым қатты риза болып, – көп тіл білгеннің пайдасы болмаса зияны жоқ.

Екінші рет кездескенімде, ескі танысымнан қалай өз Отаныма қайтуға болатынын, онда отандастарым маған теріс қарамас па екен? – деп сұрадым.

– Әкесінің кінәсі үшін баласын кінәләйтін біз қаныпезерлер емеспіз. Жаксылықты да,

жамандықты да адам қанынан, нәсілінен, түсінен іздемейміз. Еңбекші халыққа көрсеткен еңбегінен, адал ниетінен іздейтін дәрежеге отандастарының санасы көтерілген. Сауатсыздыққа қарсы күрес өз жемісін берді, елімізден хат танымайтын бірде-бір адам таба алмайсың. Ендеше, ол жағына алаңдама. Біздің еріктілерге тілмаш өте қажет. Егер екі жылға тілмаш болуға келіссеніз, бұл Отан тапсырмасын орындағаныңыз болмақ. Үй-ішіңіздің де туған жерлеріңізге қайтуына жол ашылар еді. Сізге қиын, ұзақ та болса, қысқа жол көрсетіп тұрмын, – деді. Ай сайын алатын жалақым да қомақты екен. Оны, қаласам ата-анама апарып беріп тұратыны да ішімді жылытты, келістім. Ол кезде Қытай біріккен Армиясында бір топ Кеңестік әскери кеңесшілер жұмыс істейтін. Оперативтік мәселелер жөнінде Чижекков, Ильяшев, әскер түрлері бойынша - Г. И.Тхор, артиллерия жөнінде – А. Я. Кслягин. Әуе шабуылынан қорғану жөнінде – Руских, барлауда – О. П. Константинов, Михаил Шмелев, танкі істері жөнінде – П. Д. Белов, байланыс жөнінде – Бруков.

Кеңесшілер Р. А. Панин, А. Б. Васильев т.б.

Олар таңдаулы, өте білімді, мәдениетті адамдар еді, шіркін. Жақсыдан шарапат, олардан көп білім үйрендім. Кеңес еріктісі ретінде 17 жасар балғын кезімнен бастап Қытай халқының тәуелсіздігі мен бостандығы үшін Жапонияға қарсы соғысқа қатыстым. Мұның өзі ұзақ әңгіме, Отан соғысында Кеңес Армиясының жеңістері бізге жеңілдік әкелді. 1943 жылы алғыс алдым. Отанға қайтуға рұқсат берілді де, Яньнаннан осы Циньцзянға қайттым. Өйткені, әкешем Дербулжин қаласында, оларды 1936 жылдан көргем жоқ. Өлі-тірісін де білмеймін, бар болса ала кетпекпін. Сол кезде Шэн Ши-цай Шыңжаңда қанды қырған жасап жатыр екен. Чан Кай-Ши, Жапон барлауына шалдырмаған басым, осы Үрімжіде тұтқындалдым. Бұл бір ұзақ әңгіме. Ертең айтайын. Түрмеден қашып шығып, Алтай, Тарба-ғатай, Іле аймағында бүрқ еткен ұлт-азаттық соғысына қатыстым.

Сілтідей тынған тыңдаушылар тыныштығын бұзған Ба-

дынжап болды:

– Ау, Басеке! Айтқаныңыздың бәрі шындық. Өзім маңғол болғандығымнан халқымның мешеу тірлігінің шет жағасын бала кезімде көрдім. Ал, сіз ата-ананың мекенін тастап, бұл жаққа келу себебін толығырақ айтып кетіңізші, - деп сұрады.

– Е, ол бір тарихи оқиға ғой. 30-шы жылдың ортасында дейін екі елдің шекарасы ашық болды. Қазақтар әрі-бері көшіп-қонуды оғаш санамайтын, себебі екі жақта туыстары бар. Қарға тамырлы оларды ешкім де айыптап, жауапқа тартып көрген жоқ, бұл бір. Әкем кедей болса да атқұмар кісі еді. «Кержайдақ» деп аталатын бәйге аты бар болатын. Шіркін, жылқы баласында ондай сұлу мүсіндісін қайтып көргем жоқ. Қарап тұрып-ақ рахаттанасың, дәл суреттегідей еді-ау!

Ал, жүйріктігіне тең келер жылқы жоқ еді. Бәйгеге не бір даңқы шыққан жүйріктер қосылса да, жалғыз кара болып, озып келетін. Алған бәйгесі бүкіл ауылды қарық етуші еді. Колхоз құрылғанда көп тілегінен шет қалмайын деген әкем, басқа малдың бәрін қалдырмай, бәрін берді де, маңдайына басып жүрген сол жалғыз жүйрігін алып қалды. Бірақ белсенділер дүние тек сол атқа тіреліп тұрғандай, қоярдақоймай тартып алды. Бір күні түтеп, ашуланып келген әкем:

– Бұл не деген сұмдық! Ол заманда бұл заман, бәйгені арбаға жегуші ме еді? Кержайдақты арбаға жегіп жүр. «Бұларың не?» десем, «Жекеменшіктік байшылдығыңызды қойыңыз», – деп өзімді шәжілі қылады. Қыран мен жүйріктің қадірі кеткен соң не дауа! Кержайдақ қамшы салдырмайды, – деп мақтанғанын қайтерсің, жыларман болдым. Жоқ, көзге күйік еткенше атымды алып кетемін, колхоздан шығамын, – деп тас-талқан болды. Шешем басу айтып:

– Әй, сорлы-ау, кеткенде қайда барасың? Арғы бетке барып биттеп-құрттап қайтып едік қой.

Ұмыттың ба соны? Қой, сабыр ет, батыр. Көп тілеуінен шет қалмайық, – деді.

– Е, бәйбіше, «жібекті түте алмаған жүн етеді» деген

сияқты бұлардың бассыздығы ренжітті көрнеу ашаршылыққа әкеліп ұрындырғаны мынау. Бейбіт күнде текке-тек қырылып жатырмыз. Арам өл дейсің бе? Жан сақтау, ұрпақты сақтау парыз. Үй ішімен аштан өлгендер кімге пайда келтірді? – дегені есімде.

1930-1932 жылдары Кеңес Одағы сыртқа бидай сатып жатқанына қарамай, қазақ халқының 60 пайызы аштықтан қаза тапты. Өз басым екі үйлі жанның 12 баласының тек біреуі ғана тірі қалғанының куәсімін.

– Сонымен, ата-анам 1916 жылғы соғыста Қытай жеріне өтіп, орнығып қалған туыстарына қара тартып келген-ді. Әке-шешем 1955 жылы елге көшіп кетті, кадрларды жібермей алып қалды. Кейін жібереміз деген уәде әзірге орындалар емес. Керісінше, әскерден босаңғандарды оқуға жібергендіктен, қартайғанда оқып жатырмын, керек тастың ауырлығы жоқ. Ендігі арман- тілегім үй-ішіммен, туған-туысқандарыммен аман-есен қауышу, ата-бабаның басына дұға оқып, перзенттік борышымды өтесем, жар сүйіп, көгеріп көктесем, бейбіт еңбектің бақытын көрсем деймін.

Түйін

Босқынбектің қолында шақыру қағазы болса да, Отанына жіберілмеді. Ата-ана мен бала, ер мен әйел бөлініп, көрісуге зар болған кезеңнің соңы мәдени төңкеріске ұласты. Сол төңкерістің көп құрбанының бірі болып, Босқынбек аға да шейіт болғанын естідік. Топырағы торқа болсын. Ол ата-мекенге деген зар көңілін, шексіз сағынышын өзімен бірге ала кетті. Сіңірген еңбегі де атаусыз қалды. Сызықтың бер жағында әке-шешесі күңіреніп жоқтау айтып отыр.

Е, жаратушы ием, қайғы-қасіретіңнен сақтай гөр. Адамзатты Отанынан айыра көрме!



ЖАДЫМДА ЖҮРГЕН ЖАҢҒЫРЫП (Естелік)

Тыныштықтың шырқы, сөздің парқы кеткен лажсыз
шақта шаршап, қажыған Уәсила тәтем:
Әй, Мүнира! – дейтін дауыстап, сонан соң құлақ
түріп, елең ете қалған бізге қарап:

– Өне, келе жатыр, – деуші еді.

Айбынды ызғармен зәремізді ұшырып, қырсықсақ –
көндіретін, жыласақ – уататын осы қаһарлы адам қысқа
күнде қырық рет шақырылса да, соның бірде-бірінде тым
құрыса қарасы көрінбегеніне қарамай, аяусыз жазалайты-
нына соншалық көзсіз сенгендіктен, үрейіміз ұшқан бала-
лар тымпиып отыра қалушы едік. Уәсила тәтемнің қалап-
күткеніндей тым-тырыс тыныштық орнайтын. Түр-тұлғасы
есімде сақталмағанымен, есімі жадымда жатталған Мүнира
апай қорқынышты құбыжық бейне ретінде ұзақ уақыт са-
намнан өшпей жүрді. Ес кіре келе Мүнира – ұлы Абайдың
шөбере келіні екенін естігенде, сене алмадым:

– Е, қойшы, – дей беріппін таңырқап.

Данышпан Абайға келіндікке қимадым ба, әлде құс
қанаты талар алыс қиырда жүргеніне ақылым жетпеді ме,
білмеймін.

– Ол – Шәкәрім қажының Зият деген ұлының жұбайы,
қалай келіні болмайды, – деп

дәлелдей түсті әңгіме айтушы. Балауса санада Абай
да, Шәкәрім де бірнеше ғасыр бұрын, тіпті алыс жылдар
қойнауында ғұмыр кешкен адамдар сияқты көрінгендіктен,
самарқау тыңдаған менің Мүнира апай туралы қалыптасқан
сезімімде өзгеріс бола қоймады. Уақыт өте, ер жете келіп ой-
лап көрсем, әзиз анаға балалықпен өкпелеп, тіпті жазықсыз
жазғырып жек көріппін. Өзегімді от қарып, бойымды өкініс-
биледі. Қайта ол анаға өмір бойы қарыздар екенмін-а.

«Әкенің қадірін балалы болғанда білесін» – дегендей. қара басына келмегенше түсіне бермейтін көп наданның бірі болыппын.

Әкемнің аты Төлеуғазы (1892-1938), анамның аты Әлима (1909-1940). Екеуі де Семей облысының Абай ауданында туған. Әкем Омбының малдәрігерлік оқуын бітірген, кейіннен Сан-Петербургте білім алған білікті, кісілікті, мейірімді, халыққа қамқор адам болғандығы туралы арғы-бергі бетте жұрт аузында әңгімелер көп. Мен бұл әңгімелерді аса ықыласпен ынта қойып, қайта- қайта естуден жалықпай тыңдаушы едім. Ата-анасы туралы жақсы сөз, жылы лебіз естігенде көкірегің мақтаныш кернейтін барлық жетімдерге ортақ сезім менің де басымнан өткені шын. Жанымды жадыратқан жағымды әңгімелер маған аса қымбат. Оны есту бақытты сәттерім еді. «Әкең өлсе, өлсін, – әкенді көрген өлмесін» деген сөздің ақиқаттығында күмән жоқ. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз бар, солай да шығар. Адам өз қатарымен жасайды екен. Әкемнің қатарын уақыт қалдырмағанда көңілім құлазып шын жетімсіредім. Енді олар жоқ. Сағыныш қана қалды. Кезінде қызыға ести тыңдаған әңгіменің бірнешеуін келтіре кетейін. Әкемнің бір мінезі – басында жара, қотыры бар яғни таз үлкен-кіші жандарды көрсе оларды ұстап алып, жазылғанша жібермей тегін емдеп, бағып-қағып сауыққан соң қоя беріп отырған. Емшілігі өлімнен де құтқарғаны бар. Маңдайына басып жүрген бәйге керісін тартып алмақ болған белсенділерге бермегендіктен бе, немесе 1922 жылы тұтқындалып Мәскеуге әкетілген Әлихан Нұрмұхаммедұлы Бөкейхановтың артынан туыстық (Әлихан Бөкейхановтың қарындасы Гүлнар Бөкейханова (1903-1991) Төлеуғазының інісі Болатғазының жұбайы) борышын өтеу ниетімен іздеп барғандығы кесел болды ма, кім білсін, әйтеуір ұрлық-өтірігі болмаса да, әкем 1929 жылдары сотталып Қарағандыға айдалған. Ол жақта жүрген кезінде жылқыларда жұқпалы әрі дауасыз «Маңқа» дерті ~~се~~ болады да, әкем оларды шөппен емдеп, жазып, атып-~~ж~~ еуден аман сақтап қалады. Оның ішінде бастықтың жа-

нына балаған бәйге арғымағы да бар екен. Осы еңбегіне шын көңілімен разы болған тұтқындар лагерінің бастығы әкемді ауаша шақырыпты да:

– Төлеуғазы Серғазыұлы, аттарды емдеп сауықтырдың, оларды өлімнен құтқарғаныңа рахмет. Енді сені ажалдан мен құтқарайын. Бұл жерде тірі қалуың екі талай, сондықтан қаш. Қайда кетсең, сонда кет. Жаныңды бақ. Бірақ ұсталып қалып, қайта айналып келсең аяушылық күтпе, – деп, босатып қоя береді. Әкем елге жасырынып келіп, Әбілпейіс ағасының үйінде тығылып бір айдай жатып, ел-жұртпен қоштасады да, бір түні ағасы Арғынғазының аттарын ұстап мініп, мотыш Шернияздан мен туған жер, ата-мекенінің сайынан сайғақ құрлы пана таба алмасына көзі әбден жеткен соң арғы бетке асып кетеді. Содан Алтай аймағы Жеменей қаласына барып тұрақтаған. Әкемнің бажасы, кейіннен мен әке деп атаған Қалиақбар Мұқышұлы Тайтүгелов (1905-1959) мынадай әңгіме айтқаны есімде:

– Дүнген соғысы жүріп жатқан аласапыран кез (1933), төсек тартып ауырып жатқанмын, өгей шешем Күләнді бір дүнген әскері тартып алып кетті.

«Жығылғанға жұдырық» дегендей әйелім төркініне кетіп қалды. Науқастан айығып, қалқиып бас көтердім. Бірақ әл-қуат жоқ. Оның үстіне аштық қысып, қатты тарықтым. Халымды көріп, жаны ашыған таныстар:

– Төкеңе бар, бір шапағат қылар, – десті.

Сүлдемді сүйретіп зорға жетіп:

– Төке, тарығып қалдым. Көмек көрсетсеңіз, көмегіңіз сол болсын – қарызға мал я болмаса ақша, пұл бере тұрсаңыз, – дедім зорға сөйлеп. Көп сөйлеуге шамамның жетпесін аңғарды ма, одан әрі сөйлетіп әуре етпей он дөнен қой бергізді. Алдыма тайыншадай семіз қойлар түскен соң қуаныштан бойыма қайрат бітіп, айдап кеттім. Сойып, сатып, жиырма қойдың ақшасын шығардым. Әрі сорпа-су ішіп әлденіп, есімді де жинап алдым. Аты-жөнімді, қайда тұратынымды, қашан қайтаратынымды сұрамай, мүлде танымайтын маған қойын айдатып жіберген Төлеуғазыға таң

қалсам да шексіз разы едім. Тиісті акшасын апарып бердім, тегі, маған берген қойларын есептен шығарып қойған болар, енді Төкең маған таңырқай қарады. Қызыл шырайлы жүзі нұрланып, отты жанары мейір төге:

– Апыр-ау, қазақ алғанын уағында қайтармаушы еді. Ұятың бар жігіт екенсің, аты-жөнің кім, қалқам? – деп, менің жөнімді сонда барып сұрады. Зайсан қаласынан дәм айдап келген өмір жолымды, тартқан тауқыметімді айтып, таныстым. Төкең өтірік, ұрлыққа жаны қас, адал, шыншыл адамды туыс санап, жақын тартатын салауатты кісі екен. Мені жұмысқа қабылдады. Тура жүріп, түзу тұрғаным, адал еңбегім Төкеңнің көңілінен шығып, қадір-қасиетімді бағалай білді. Туған інісіндей болып кеттім. Ағалық қамқорлық көрсетті, өзімен бажа етіп – Уәсилаға үйлендірді, – деп, әңгімелейтін достарына Қалиакбар аға. 1931-1932 жылы қазақ баласының басына қара түнек күн орнады. Қазақ тарихында бұрынды-соңды мұндай қырғын болмаған. Мысалы, қазір Семей қаласында тұратын жездем Тайланның Қалиының баласы Нұрғазы он екі баладан қалған жалғыз. Ағалы-інілі екі шаңырақта 12 бала бар екен. Үлкендер аштан өліп, тек балалар қалған. Қалған-құтқан азық-түлікті 11 балаға қалдырып, еріп жүре алатын Нұрғазыны жетектеген жеңгесі қайта оралып келемін деген үмітпен қалаға азық іздеп кетеді де, ол арманына жете алмайды. Он бір бала аштықтың құрбаны болады. Міне, осылай халқы қырғын тауып жатқанда, әкем он екі Абақ Керейдің ханы Ален Уаң (Уаң-Кназ), Шарыпхан т.б (Бұлар Әбілмәмбет ханның ұрпақтары) мен тізе қосып, аштықтан шұбырып барғандарға он екі Абақ керейдің пана болуын ұйымдастырды, ал Қытай үкіметінің қудалауынан бір кезде Абылайханға Манжүр үкіметінің берген серт қағазындағы «Халқынның басына алмағайып күн туса, қырық жыл асырап сақтаймын» деген сертін көлденең тартып қорғап, талай адамды тергеуден арашалады. Мен қырқымнан шығар 1938 жылдың қаңтар айында әкем жолаушылап Сарсүмбе (қазіргі Алтай) қаласына барған сапарында Шың-Шы-Цэй үкіметі бейкүнә тұтқынға

алады. Бұл туралы Қалиақбар ағаның айтқаны:

– Түннің бір уағы болар. Шырт ұйқыға кеткен екенмін. Есіктің тарсылдап қатты қағылған және ақырған дауыстан ояндым, зекірген өктем үн естілді. Үй иесі есік ашты, сау етіп шеріктер (әскерлер) кіріп келді де:

– Төлеуғазы қайда? – деп сұрады, мен басымды көтермек болып тұра беріп едім. Әскердің

бірі менің бас жағыма таяу келіп:

– Қозғалма! – деп, мылтығын кезенді. Қалғандары Төкең жатқан түпкі бөлмеге топырлап беттеді. Бір уақытта Төкенді киіндіріп алып шықты. Ол кісі қасымнан өтіп бара жатып:

– Қалиақбар, екі баламды саған тапсырдым. Құдай алдында қолыңнан аламын, – деді. Есіміз шыққан біз аз кідіріп далаға шықтық. Дуал-қорған үстінде, үй төбесінде қоршап тұрған қолдың саласындай қаз-қатар тізілген, самсаған көп әскерді көрдік.

Таяу тұрған біреуі:

– Кіріндер үйге! –деп ақырды да мылтығының шаппасын сарт-сұрт еткізіп, боқтап қайта қуып тықты. Содан Төкенді Үрімжі қаласына апарып айуандықпен өлтіріпті. (кейіннен естуімше ең бірінші тұтқындалған адам, ұйғырда – Қожамнияз, қазақта - Төлеуғазы екен. Төлеуғазы сұрақ үстінде тілін тартпай, өтірікке қол қоймай, қасарысып қайтыс болған). Халықтың тілегін қабылдап, өз қаржысымен Жемей қаласында Мешіт салдырса, 1934-1935 жылдары Үрімжі қаласындағы қазақ мәдениет орталығына кино аппаратын сыйға тартқан. Бұл Шынжан өлкесінің орталығы Үрімжі қаласындағы тұңғыш кино аппараты екен.

Төлеуғазының Үрімжіге келгенін естіген сол кездегі оқудағы жастар: «сәлем береміз», – деп топ-топ болып баратынбыз. Бәріміздің хал-ақуалымызды, оқу барысын сұрап, қайтарымызда қолымызға ақша ұстататын, – дейді сол кездегі көз көрген студенттер.

Не керек, ғасырлар бойы жиналған ата-бабадан қалған байлықты елдің мұң-мұқтажына жұмсағандығы,

қайырымдылығы, жомарттығы ешкімнің көңіліне қалы түсірмейтін әділ, турашылдығы туралы әңгімелерді айта берсе таусылмайды. Халықтың қалаулы, елдің сүйіктісі болған әкемнің ұсталуы талайдың қабырғасын қайыстырып, ашындырған көрінеді. Еру ел екіге жарылып, жақ-жақ болып ұрысқан екен. Наймандар:

– Адам тұрмақ, жәндікке де зияны жоқ адамда үкіметтің несі бар? Төкенді көре алмай керейлер ұстап берді, – десе, керейлер:

– Төкеннің ұсталуы Советтің жансызы наймандардан келді, – дескен. Тосыннан келген пәлені қандас туыстар бірінен бірі көріп жүргенде, Шын-Шы-Цзйдің қанды шеңгеліне өздері де ілініп, оның айлалы зұлым саясатының құйтырқы сырын, қанға малшынғанда барып түсінген көрінеді. Нағашы атам Омарбек Оспанов (1867-1911) туралы дерек ұлы Абай мен кемеңгер Ә. Н. Бөкейхановтың өмірбаянына қатысты жазбаларда бар. Сырлас, сыйлас дос ретінде баяндалады. Зертеңнен 44 жасында қайтыс болғанда артында Әлима мен Уәсила атты екі қызы жетім қалады да, оларды бағып, өсіру парызы Омарбектің інісі Рақыш (Рақымбек) Оспановқа тапсырылады. Біздің үйдің тұңғышы Нұрзия сол нағашымыз Рақышты әке деп біліп, ержетті. Нұрзия бір жасқа толар шамасында Рақыш нағашым біздің ауылға келіп, қайтарында жиенін алдына алып, ауылды айналып келетіндей сыңай танытады. Бірақ баланы алған күйі қайта оралмай кетіп қалған. Шешем жарықтық сыбаға алып, бірнеше рет іздеп барған екен, амал не, сыбаға да нағашымды иліктіре алмапты.

– Баламды бер, – деп айтуға ізеттіліктен аттап көрмеген қызының батылы жетпеген.

Сонымен тұңғышы нағашымыздың қолында қалып, кейінгі сәбилері бірінің артынан бірі шетінеп, басқа зар болып жүргенде Нұрсауле, оған тете мен дүниеге келіп, ата-анамызды шексіз қуанышқа бөлеппіз. Не шара, ұзағынан сүйіндірмеген. Әкем тұтқындалып кеткен соң мал-мүлкімізді үкімет үптеп, тартып алады да, біздерді Құлжадағы түрмеге апарып қамайды.

Біз сияқты талайларды қан қақсатқан үкіметтің басшысы Шың-Шы-Цэй Шығыс солтүстік Қытайда туып, жастық шағын Жапонияда өткізген, 1931 жылы саяси майданда көрініп, 1933 жылы Шыңжанда үкіметті басып алған соң өзін-өзі дұбан (Губернатор) етіп тағайындаған екі жүзді, алаяқ, қу еді. Ол баста Совет одағының Қытай коммунистерінің досы, халықтың қамқоры, отаншыл болып жүргеніне қарамай, Жапон басқыншылары 1937 жылы бүкіл Қытайды қанға бояп жатқан кезде, елдің өмірлік маңызы бар аймақтарын басып алып, қарқынды шабуылмен алға жылжып келе жатқанда, өзін бұл соғыста бейтарап ұстайтынын зұлымдықпен жариялаған-ды. 1938 жылдан бастап кінәсіз, жазықсыз, беделі бар ықпалды және ауқатты жандарға алуан түрлі өтірік жала жауып қапастарға қамап, жасырын айуандықпен қынадай қырған ол, келе-келе жаппай қырып-жоюға ашық, құлшына кіріскен болатын. Бүкіл өлкенің байлығы қолында болса да місе тұтпай, өзі өлтірген бейкүнә жандардың мал-мүлкін, алтын, күмісін сыпырып алып отырды. Оның тергеуішлерінің тұтқынға алынғандарға қоятын сұрағы:

– Жапонмен қандай байланысың бар? – деп басталады екен. Тау-тастың арасында мал бағып жүрген қазақ түсінбей:

– Жапаның кім? Қарағым, керей ме, найман ба? – деп сұрайтын көрінеді. Оны түсіндіруге мүмкіндігі жетпейтін асығыс тергеуші:

– Көп монтансымай қол қой, – деп күнібұрын жазылып, дайындалған қағазды ұсынады.

– Е , ұлық айтса, қол қоймай қайда барамыз, бұған бола сүйремесендер де болатын еді ғой, қол қою керек болса әкел, – деп сауатсыз сорлылар бас бармағын басып құтылғаны сол, түсін көрмек түгіл, атын естімеген Жапонның шпионы (жансызы) болып шыға келеді екен.

Шыңжанда өріп жүрген шет ел тыңшыларын ұстаған соң «Мылтық жасырғандар», «қара ниеттілерді» топырлатып қамап, адам баласы естіп кермеген сұмдық азап тартқызып, қинап өлтіріп отырған. Төгілген көз жас пен аққан қанда шек жоқ еді. Мұны Таңжарық ақын өлеңмен әйгілегені мәлім.

Жүз мындаған адамдардың денесі жерленген ұшы-қиырсыз қабырлардың арасында кырық бес жасында бейкүнә мерт болған менің есіл, әзиз әкем де жатыр. 1957 жылы сол сансыз зираттың арасынан әкемнің қабырын тауып алатындай болып, аралап көрдім. Әрине, бұл мүмкін емес-ті.

Әке-шешенің мәпелеуінсіз өткізген жиырма жыл жетімдік өмірімдегі көрген қиыншылықтарым, ауыру-сырқаумен өткен ауыр күндерім, аш-жалаңаштығым, жалғыздығым көз алдымнан сырғып өтіп жатты. Іштей егілдім.

Құлжа түрмесінде анам безгектен қайтыс болғанда, білмей, тірі екен деп, омырау еміп жатыппын. Нұрсәуле екеуіміз тұлдыр жетім қалдық.

Мешеу қоғам, адам өліміне онша мән берілмейтін, қарапайым адамдардың мүддесін қорғайтын заң атаулы жоқ елде жетімдер үйі болғаны былай тұрсын, оның не екенін білмейтін-ді. Сондықтан біздің түрмеден басқа паналар қоғамдық орнымыз болмады. Жакын маңда туыстуған болмаған. Мүнира апайдың орнатқан заны бойынша, түрмедегі балалардың жылауға қақысы жоқты. Алғы күні бұлдыр, қайғы-қасіреті көп жандар сәбилердің өмірін сақтап қалуға барлық қажыр-қайратын жұмсап, соңғы түйірнанын қиғанмен еркелете қоймаған. Солай, Мүнира аты түрмедегі бала біткенге құбыжық болды. Аяқтарым шидиіп, көзім адырайып, қабырғамды алыстан-ақ санарлық ап-арық қалпыммен сол қапаста беске толар кезімде сонау құс қанаты талар қиырдағы Алтайдан шешемнің жалғыз сіндісі Уәсила тәтем зар еңіреп, іздеп келіпті ғой. Мүнира апай Уәсила тәтеме де жылауға рұқсат етпеген көрінеді:

— Сұмдар көз жасымды көріп масайрамасын, өлсек алдындағылардан артық жеріміз жоқ, көз жасынды көрсетпе, — деген.

— Жылама, — деп бізді ұрып-ұрсып алып, оңашада құшақтай сүйіп, ағыл-тегіл жылайтынын қайдан түсінеміз.

— Бес жасар мені және тетелес әпкем Нұрсәулені түрмеден босатып алу үшін Уәсила тәтемнің жылға жуық сандалып, көрмеген азабы қалмады. Өйткені мен де

кылмыскерлер тізімінде екенмін.

– Төлеуғазының ұл, қызын қолыңа ал, – деп елдің жиып берген қаржысын аямай беріп жүріп, бізді қолына алуға үкімет орнынан зорға рұқсат алады. Ал, қолы бос кезінде кірпіш құйып, әпкесінің басына зират тұрғызған. Біз түрмеден босап шыққан соң Алтайға кетер алдында, қоштасу үшін шешемнің зиратына барғанымыз өмір бойы көз алдымнан кеткен емес.

1943-дың күзгі жылусыз күн сәулесі сабан араластырып сары топырақпен сыланған аласа ғана, қоян- жон бейітке түсіп тұрды. Үлкендер отырып құран оқып, дұға жасады. Нұрсәуле екеуіміз де бүріскен кішкентай саусақтарымызды жайдық.

– Тәтем неге тұрмайды? – деп сұрадым, дұғадан кейін.
– Ұйықтап жатыр.
– Оятайықшы, көргім келеді?!
– Жок. Болмайды. Ұйқысы қанған соң өзі де тұрады.
– Тоңып қалмай ма?
– Тоңбайды.
– Жок. Тоңады. Мен шапанымды жауып қоямын, – деп үстімдегі тиын тағылған жасыл желеткемді апарып жаптым. Мұны көрген үлкендердің бірі: – қайтып ал– десе, басқалары: – алмасын, – деді. Алдық па, жоқ па, есімде жоқ. Шапаным анамның зиратына жабылып тұрған қалпы мәңгі көз алдымда тұрады. Кіршіксіз сәби жүректің, зар көңілдің өшпес белгісі тәрізді. Осы бір қоштасудың сайсүйекті сырқыратар сәтінде де Уәсила тәтем көзіне жас алғаны, білдірмей булығып, іштей егілгені анық, мүмкін, бізді аяған шығар, болмаса бұл да Мүнира апайдың кереметі ме екен? Жорықта кетіп бара жатқан жауынгердей едік. Сол қайсарлыққа баулыған апай түрмеден босанып шықты ма, тағдыры не болды, оны бертінге дейін біле алмадым. Өмір бізге ес жиғызған жоқ. Алып толқын қуалаған жаңқа сияқты анда бір, мұнда бір кеттік. Мүмкін, елде бір жерде жүрген шығар, немесе азапты қапаста құсаланып дәм-тұзы таусылды ма екен деп ойлап қоямын ауық-ауық.

Жақын, туыс болмаса да Ұлы Абайдын :

«Атаңның баласы болма, адамның баласы бол» деген өсиетін орындап, түрмедегі адам төзгісіз ауыр жағдайда, жетімдерді жебеп, бағып-қағып, өмірімізді сақтап қалған, біз мәңгі қарыздар Мүнира апайдың таңғажайып, атаусыз ерлікке пара-пар еңбегіне есейе келіп көзім жетті деп, қадірін білмей келгеніме қатты өкіндім. Тамағыма өксік тығылды. Кірпігіме еріксіз ып-ыстық жас оралды, ізгілікке берілмеген жауап қандай күйініш еді.

Көріп өстім ойыншық емес, шын мылтық.

Балғын етім тікенді сымнан жыртылып,

Өліктердің арасынан еңбектеп,

Талпыныппын тіршілікке ұмтылып.

Оққаушқан сан аналар балалы.

Күндер сол бір қайғылы әрі қаралы.

Еске оралса көкіректі кек кернер,

Зұлымдықтан жаным әлі жаралы.

1962 жылы ата-мекенге оралудың сәті түсті. Бұл жакта қалған туыстарым да тағдырдың тауқыметін аз тартпаған екен. Ағайым Қабыжан мен әпкем Маржан 1932 жылы аштықтың құрбаны болыпты. Немере ағайым Сұлтанғазы Арғынғазыұлы Абылайханов фамилиясы үшін 20 жыл жастық ғұмырын Сібірдің тоң басқан ызғарлы меңіреу түкпірінде айдауда жүріп өткізіп, зорға оралса, он үй нағашым Оспановтар жұрағатынан жалғыз түтін жұрнақ қалыпты-ау. Жансақтауға «Шетелге барып, тұтқында жастай қайтыс болған, үлкендердің алдын кесе өтіп көрмеген сорлы қыздарының кесірі тиіп «Жау» аталып 1938 жылы атылып кеткеннен (кейіннен ақталды) өзгесін, сұм соғыс жалмапты. Қайғы- қасіреттен қалжыраған нағашы анамыз Қадиша Сексенбайқызы тірі қалған немере жиені мені көріп:

– Өшкенім жанып, өлгенім тірілді! – деп қуанғаны сонша, оны жеткізе айтып беру киын.

– Қабыжан мен Маржан қайтыс болғанда үлкен аксақалдар: «жыламаңдар, Төкеннің амандығын тілеңдер», тірі жүрсе бір тұяқ қалар, деген еді, – деп көз жасына булықты. Шы-

нында, Төлеуғазы мен Әлиманың ғана емес, Қалиақбар мен Уәсиланың да жалғыз едім. Қос шаңырақтың оты өшпеуіне себеп болған Мүнира апайдың өлшеусіз еңбегі, қажырлы қайраты яғни ана болмысына тән ерлігі еді.

Одан бері де зымырап көп жыл өте шығыпты. 1992 жылы ақпан айында Мүнира апайдың жалғыз ұлы Мереке Зиятұлы Шәкерім немересін (Құдайбердиевті) іздеп тауып кездестім. Бұл біздің елу жылдан соң жүздесуіміз еді. Шашымызды қырау шалған біздерді сырт көз бұдан түп-тура жарты ғасыр бұрын жау түрмесінде құшақтасып жататын, сәбилер жарық дүниеге келгендігінен басқа кінәсі жоқтығына қарамай, тағдыры тәлкекке ұшыраған қос жетім еді дегенге сенер қояр ма екен.

Менің бірінші сұрағым:

– Мүнира апайымыз қайда, бар ма? – болды.

Мереке анасы екеуінің бұғаудан 1943 жылы босап Алтайға оралғанын, анасының бар-жоғы отыз жасқа толар 1944 жылы қайтыс болғанын немере туысы Бердештің (Бердеш Тәкежанұлы Құнанбаев, Шәкерім Құдайбердиевтің нақақтығын дәлелдеуде барлық кінәні өз мойнына алып, көп күш шығарған адам) қолында жүріп ер жеткенін айттып берді. Мүнира көкшетаулық Атығай-қарауыл, әйгілі Сейтқазы мұғалімнің қызы екен. Сейтқазы мұғалімнен тәлім алған оқушылар көбі кейіннен (Шарыпхан, Бухат т.б.) Алтай өңіріне даңқы жайылған, халық қамы үшін еңбек еткен қайраткерлер болды. Біз өзімізге тағдыры ұқсас, жетімдіктің тақсиретін тартып, өксіп жүріп ел қатарына қосылған Шериязданның Мұратын, Темірғалидың Адасханын, Қабыш Рақмаштың Тауپیғын және басқаларды әңгімеге арқау еттік. Бірнеше шаңырақтың орнында қалған бұл жалғыздар да Мереке екеуіміз сияқты шексіз қайғы-қасіретті, зұлымдықты жеңген ізгіліктің тірі куәлері еді.

МАЗМҰНЫ

Қашқария сапары.....	3
Күй сазы.....	20
Қош бол, Қашқария.....	30
Соқтықпалы соқпақсыз жерде.....	39
Жалғыз желкен қылаңдап.....	85
Мәңгілік жыр.....	97
Телғұмыр.....	106
Шарапат.....	119
Төлебидің өсиеті.....	129
Сылтық жорға.....	134
Тұғыр.....	145
Талғар.....	152
Көгедай.....	157
Кенесары – Наурызбай көші.....	172
Жас жүрек жайып саусағын.....	190
Құрық киген тұмақ.....	204
Тосын.....	213
Арқау.....	218
Айна алдында.....	223
Өмір жалғас.....	229
Жолда.....	236
Бір тұтам кулық.....	242
Тағылым.....	248
Өмір сүру үшін.....	254
Алтын балдақты жылан.....	259
Айтылмай жүрген құпия (Деректі повесть).....	263
Жадымда жүрген жаңғырып.....	332

Татухан Төлеуғазыұлы Абылайханов

АЙТЫЛМАЙ ЖҮРГЕН ҚҰПИЯ

Редакторы *М. Жұмағалиев*
Суретшісі *Е. Кабланбек*
Компьютерде беттеген *А. Ауанова*
Корректор *Ж.С. Жақсытаева*

Басуға 16.04.2016. қол қойлды
Пішімі 84x108 1/32 Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 18. Таралымы 2000 дана
asulsoz@mail.ru
Тапсырыс №

ISBN 978-601-80552-3-2

